

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем
тілдері университеті

Байынқол Қалиұлы

**ҚАЗАҚ ТЕРМИНТАНЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақстан Республикасы
Алматы
2008

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем
тілдері университеті

Байынқол Қалиұлы

**ҚАЗАҚ ТЕРМИНТАНЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақстан Республикасы
Алматы
2008

**ББК 81.2. Каз.99
Б-95**

**Байынқол Қалиұлы
Қазақ терминтанымның өзекті мәселелері. – Алматы, 2008, 160 бет**

ISBN 9965 – 735 – 08

Бұл жинаққа төлиенің терминтаным мәселелеріне арнап әр жылдары жазылған ғылыми-зерттеу мақалаларының бір тобы еніп отыр. Олар – бұрын әр түрлі басылымдарда жарық көріп, көпшілік қауымының жылы лебіздеріне ие болған туындылар.

Еңбек белгілі бір ғалым саласының мамандарына, қазақ терминтаныммен айналысып жүрген ғалымдар мен аспиранттарға, сондай-ақ, жоғары оқу орындарында оқитын магистрлер мен студенттерге, орта мектептер мен арнаулы мектептердің мұғалімдеріне арналады.

**A 4602020405
00(05) – 07**

**ББК 81.2. Каз.99
® Қалиұлы Б.**

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының «Түсіндірме сөздік» бөлімінде жетекші ғылыми қызметкер болып істеп жүріп, «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі» біткеннен кейін, мен 1991 жылы осы институтының Терминология бөліміне меңгеруші болып тағайындалдым. Бұрын терминология мәселесімен айналыспағандықтан бөлімге келе салысымен «термин дегеніміз не?», «оның теориялық қағидалары қандай?» деген сұрақтарға жауап іздеу мақсатында кітапханаларда бар терминологиялық әдебиеттердің басты-бастыларының бәрін оқып шығып, конспект жасадым (Сонда жазылған қалың дәптерлердің алты-жетеуіүзімде әлі бар). Термин мәселесінің ұнғыл-шұңғылына көңіл қойдым, іздендім, зерттедім. Әр түрлі қарапайым эксперименттер де жасап көрдім.

Сөйтіп, біртіндеп терминология мәселесіне байланысты мақала жазатын деңгейге де жеттім. Біраз уақыттан кейін басқа қызметке ауысып кетуіме байланысты терминологиялық ізденістерім аздап саябырсып қалды. Бірақ оны ешқашан тоқтатқан емеспін, қазірге дейін үздіксіз жалғастырып келемін.

Міне, содан бері 18 жылдай уақыт өтіпті. Осы 18 жылдың ішінде мен қазақ терминіне, терминтанымға байланысты 40-тан астам ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалалар жазып бастырыппын. Термин жайында жинақталған ғылым-білімімді, тәжірибелерімді қорытып, «Қазақ терминтанымының өзекті мәселелері» деген тақырыпта монографиялық еңбек жазу жоспарымда бар еді, уақыттың тапшылығына байланысты ол ойымды жүзеге асыра алмадым. Оның үстіне жас та таянып қалды. Денсаулық та сыр бере бастады. Сондықтан термин мәселесіне қатысты бұған дейінгі жазып бастрыған ғылыми мақалаларымның негізгілерін жинақ етіп, жоғарыдағы атпен оларды бір жерге топтастырғанды жөн көрдім.

Әрине, бір қана кітапқа терминтаным мәселелеріне арналған мақалаларымның бәрін сыйғызу мүмкін емес. Сол себепті жинаққа олардың ішіндегі негізгілерін ғана, онда да өзекті болып табылған 29-ын ғана ендіріп отырмын.

Шынтуайтқа келгенде, қазақ терминтанымы – қазақ тіл білімінің басты салаларының бірі және негізгісі.

Бұл мәселе Қазақстанда сонау 1933 жылдан бастау алғанмен, аталған сала бізде әлі күнге дейін кенжелеп келе жатыр. Оның бірден бірсебеі – терминтанымның о бастан-ақ саясаттанып кеткендігінен болар деп ойлаймын.

Кеңес үкіметі кезінде терминология ғылымтанымдық емес, идеологиялық, саяси, әлеуметтік қызмет атқарды. Терминология «теоретиктерінің» көкейінде қазақ ғылымын ұлттық негізде дамыту емес, керісінше, «қайтсек қазақ тілін жойып, қазақ халқын орыс тіліне көшіреміз, қайтсек қазақ халқын құртып, оны орыс халқына айналдырамыз» деген арам ой, жымысқы пиғыл жатты.

Сондықтан болар, қазақ ғалымдарының көпшілігі термин міселесіне сезіктене, сескене қарады. Сескенбегендер оған белсене араласып, Қазақстанда қазақша терминдерді емес, орысша терминдерді қалыптастыруға барынша күш салды. А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Е.Омаров, Т.Шонанов, Қ.Кемеңгеровтерден басқалардың ешқайсысы қазақша термин жасауға шын ниетпен кіріспеді.

Тек егемендік алғаннан кейін ғана біраз ғалымдар әр түрлі ғылым салалары бойынша қазақша термин жасауға шындап кірісіп жүр. Олардың қатарында Қ.Жарықбаев (психология терминдері), С.Ақаев (химия терминдері), Ш.Білалов (математика терминдер), А.Тұрым (ақпараттану және есептеу техникасы терминдері), М.Ахмат-Төре (медицина терминдері) сияқты біраз ұлтжанды азаматтар бар.

Қазіргі кезде қазақша термин жасау ісімен тұрақты түрде айналысып жүрген шынайы ғалымдардың саны тым аз. Ондайлардың көпшілігі қазақша термин жасағаннан гөрі, оның орнына бұрынғысынша шетел сөздерін (латын, грек, ағылшын, француз, неміс, орыс, т.б.) ала салуды қолайлы көреді. Егемендік алғанымызға 17 жыл өтсе де, қазақша термин жасау ісінің әлі күнге дейін мандымай жүргендігінің сыры, міне, осында жатса керек.

Ұлт тілінің дамуы, ұлттық терминологияның жасалуы – ұлт мәселесі. Ұлт мәселесі – сайып келгенде, ұлт үшін күрес деген сөз. Ұлт үшін күрес ешқашан тоқталмақ емес.

ҚАЗАҚТЫҢ ТӨЛ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ ҚАШАН ЖАСАЛАДЫ?

Соңғы уақытта терминология мәселесі жиі сөз болып жүр. Бұған дейін орысша алынып келген *совет, революция, октябрь, конфискация, председатель, программа, коллектив* деген сияқты көптеген терминдер қазір *кеңес, төңкеріс, қазан, тәркі, төраға, бағдарлама, ұжым* болып қазақша қолданыла бастады. Ғылым салаларына қатысты терминологиялық сөздіктерді жасау ісі жанданып, оларға деген қызығушылық үдей түсуде. Бір сөзбен айтқанда, қазір терминологияға байланысты біраз жұмыстар қызу қолға алынуда. Бұл – әрине, қолдауға, құптауға тұрарлық игілікті іс.

Бірақ бұл тым аз. Өйткені ана тіліміз мемлекеттік тіл дәрежесіне ие болды. Мемлекеттік болғаннан кейін ол қоғамымыздың барлық салаларында, атап айтқанда: мектепте, орта және жоғары оқу орындарында, өндірісте, шаруашылықта, тұрмыс қажетін өтеу мекемелерінде, қойшы, әрқабысымыздың күнделікті тіршілігімізде кеңінен қолданыла бастайды. Ол үшін ең алдымен, қазақ терминологиясына байланысты бұған дейінгі қалыптасып қалған қасаң көзқарасты түбегейлі өзгертіп, ана тіліміздің төл терминологиясын жасауымыз керек. Бұл бағытта істелінетін жұмыстар әлі ұшан-теңіз.

Терминге, терминологияға байланысты біздегі қалыптасқан көзқарас қандай еді? Ол көзқарас бойынша біз термин деп, негізінен, тек орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы үндіеуропа тілдерінен ауысқан сөздермен сөз тіркестерін ғана айтып келдік. Орыс тілінен енген сөздерге «советизмдер» деп, ал үндіеуропа тілдерінен ауысқан сөздерге «интернционализмдер» деп, ат қойып, айдар тағып алдық. Дәріптесек, соларды дәріптедік; мақтасақ, соларды мақтадық. Егер жастарымызды оқыта қалсақ, оларға сол советизмдер мен интернационализмдерді оқыттық; соларды үйретіп, соларды насихаттадық. Тіпті ол терминдерді орыс тілінде қалай айтылып, қалай жазылса, қазақ тілінде де солай айтып, солай жазуға үкім шығардық. Ақыр соңында «советтік» Отанымыз үшін жасалған осы жанқиярлық еңбегіміз нәтижелі «жеміс» беріп, қазақ тіліндегі терминдеріміздің 70-80 пайызға жуығы орыс тілінде қалай болса,

солай алынды және солай қалыптасты. Осылай болып шығуы заңды еді. Өйткені біздегі терминологиялық теория дегеннің астарында ұлы державалық шовинистік саясат жататын. Ол саясат «коммунизм» деп аталатын жалған теориясымақпен жақсылап тұрып бүркемеленген болатын.

Дүние жүзі пролетариатын біріктіріп, халықты «жарқын болашаққа» - коммунизмге апармақшы болған біздің «Ұлы Коммунистік партиямыз» бұған дейін не деп келіп еді? Оның айтуынша: Кеңес мемлекеті – бір мемлекет. Сондықтан оның халқы да бір халық-кеңес халқы болып керек. Бір-ақ халық болған соң, олардың бір тілде сөйлегені жөн. Ол тіл- орыс тілі. Орыс тілін тезірек үйренсең, коммунизмге де тезірек жетесің- міс.

Ендеше қазақ тілі терминдерінің 70-80 пайызы жат жұрттық терминдер болуына таңғалатын еш нәрсе жоқ екен. Ол жоғарыда айтылған бүркемешік саясаттың «қажырлы» еңбегінің нәтижесі. Аталған терминдік теория бойынша, коммунизмге апаратын сол аса қажетті жат жұрттық, дәлірек айтқанда, орыстық терминдермен тілімізді толтырсақ, ол терминдердің қатарына төл сөздерімізді жолатпасақ, ал «пантюркизм», «ұлтшылдық» деп танылып, оларды әлгі айтылған «аса қажетті» кеңестік немесе интернационалдық терминдермен жетпекпіз. Әйтпесе оған жету қайда! Себебі «білгіштердің» айтуына қарағанда – төл сөздеріміз «термин болуға жарамайды», «аясы тар», «ұғымы қораш» (Енді аз болғанда, құдай ұрып сол коммунизмге жетіп қойып, масқара бола жаздаған жоқпыз ба!)

Міне, біздегі бар «теория», бар шындық, бар ақиқат осы. Осы шындықты, осы ақиқатты, осы жалған теориясымақтың астарын әлі де көрмейтін, көре алмайтын қандастарымыздың көр соқырлығына таңданамыз, таңданамыз да басымызды шайқаймыз.

Бұл айтылғандарға қарап, осы жолдардың авторы орыс тілінен және орыс тілі арқылы үндіеуропа тілдерінен тілімізге енген барлық терминдерге мүлде қарсы екен деп ойлап қалуға болмайды. Ешбір тілдің ғылыми терминдері басқа тілдерден ауысқан сөздерсіз, солардың аралауынсыз дамыған да, қалыптасқан да емес. Сондықтан, қазақ тілі терминдерінің басқа тілдер есебінен толығып,

молығып отырғанына, байи түскеніне біз де қосыламыз және қолдаймыз. Біз тек жат жұрттық терминдердің тілімізде сандық қатынасы жағынан 70-80 процент болғанына ғана қарсымыз.

Мұны айтып отырғанын себебіміз: кез-келген тіл, егер оның сөздік құрамының 60-70 пайыздайы өзге тілдерден енген сөздер болса, онда ол өзінің тілдік қасиетінен айырылып, дербес тіл болудан қалады екен. Белгілі бір тілдің терминологиялық лексикасы да осы тәріздес. Егер қазақ тілі терминологиясының 60-70 пайызы таза қазақша терминдер болмаса, оны қазақ тілінің терминологиясы деп айтуға да болмайды.

Осы тұрғыдан айтарымыз: бұған дейін тек орысша қабылданып келген жат жұрттық терминдердің қазақша аударуға келетіндері болса, оларды аударған жөн. Ал аударуға келмейтіндерінің қазақша баламаларын мүмкіндігіне қарай қолдан жасап алуға да болады. Тек әйтеуір орысша немесе халықаралық терминдерді қазақшаға аударып, немесе оларды өздері жасап алуға талпынып жүрген адамдар болса, оларға «қалыптасқан терминдерді бұзды» деп қарсы шығуға, кінәлауға болмайды. Керісінше, әлгіндей азаматтарға қолдау көрсетіп, көмектескеніміз абзал.

Бұл жерде айтпай кетуге болмайтын тағы бір нәрсе бар. Ол-халықаралық терминдер деп аталынып жүрген сөздер жайында. Біраз адамдар бұлар туралы: «халықаралық терминдерді аударуға болмайды. Оларды аударсақ, ғылым дамымай қалады. Халықаралық сөздер болмаса, біз тарих көшінен қалып қоямыз», - деген сияқты пікірлер айтады. Шындығына жүгінсек, бұл- әншейін құр айқай, негізсіз долбар. Өйткені халықаралық терминдерсіз ғылым дамымай қалса, ең алдымен ағылшындардың ғылымы дамымай қалған болар еді. Егер халықаралық сөздерсіз бір халық тарих көшінен қалып қойса, тағы да сол ағылшын халқы қалып қойған болар еді. Құдайға шүкір, бәрі де керісінше: көштің алдында жүргендер де солар, ғылымы мен техникасы дамып, шарықтап кеткенде де солар.

Халықаралық терминдер дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтсақ, олар ең алдымен, грек, латын сөздері. Грек, латын сөздерінің термин ретінде ғылымға о баста қалай келгендігін оқырман қауым жақсы білетін болар. Егер алда-жалда оны білмейтін бірлі-жарым адамдар табыла қалса, оны А.А. Реформатскийдің «Терминология туралы ойлар»

(«Мысли о терминологии») деген еңбегінен оқып алуларына болады. Онда сонау орта ғасырда өмір сүрген үстем тап өкілдерінің төбе тобы бөлімге, ғылымға қара халықты жақындатпас, жолатпас үшін бұл салада тек өздері ғана үстемдік етіп. Өздері ғана билік жүргізу үшін өз туындыларына (жазған кітаптарына), негізінен, қара халық түсіне алмайтын, олардың тісі бата бермейтін, өлі тіл деп саналып келген – грек, латын сөздерінің пайдаланғандығы айтылған.

Кейіннен өндірісі, техникасы, мәдениеті дамыған ағылшын, француз, неміс, итальян сияқты ауқатты, әлді халықтар да ұлттық мүдде тұрғысынан термин ретінде өздерінің төл сөздерін басқаларға тықпаштауға тырысты. Біздер болсақ, оларды сол күйінде қабылдадық та. Сөйтіп, біз бірте-бірте, егер термин іздей қалсақ, оны қарапайым халық неғұрлым түсінбейтін жат жұрттық сөздердің ішінен іздейтін дертке шалдықтық. Ал ол «дерт» күндердің күнінде бодан халықтарды коммунизмге жеткізетін бірден-бір таптырмайтын құрал болып шыға келді. Жүрек жұтқан А.Байтұрсынұлы, Х.Досмухамедұлы, М.Дулатұлы сияқты бірлі-жарым зиялыларымыз бұл жымысқы саясатқа дау айтып, қарсы шығып еді, олар біздің «сүйікті» коммунистік партиямыздың «аялы алақанының» арқасында «халық жауы» деген атаққа ие болып, о дүниеге аттанды да кетті. Сондықтан болар, кейінгі оқығандарымыз бұл құйтқырқылыққа ешбір «мән бермей», мәңгүрттік кейіптен бір де танбай, бәріне де көз жұма қарап, бәріне де бас шұлғи отырып, «құп, тақсыр» деп жүре берді. Оның нәтижесі не болғанын жоғарыда айттық.

Бұдан шығатын қорытынды қандай? Термин, сөз жоқ, керек. Онсыз ғылым дамымайды. Бірақ термин болғанда, басқа тілдерден сол күйінде алына, қотарыла салынған, өзіміз де, өзгеміз де түсіне бермейтін жат жұрттық терминдер емес, өз тіліміздің негізінде жасалған, ұлттық тіліміздің табиғатына сай, ғылымдарымызға да, қарапайым халыққа да түсінікті терминдер керек. Терминдердің қажеттілігі де осы түсініліктігінде емес пе!

**Ана тілі,
17 қыркүйек, 1992 ж.**

ТЕРМИН ЖӘНЕ ТЕРМИНКОМ ЖАЙЫНДА БІРЕР ОЙ

Еліміздегі әлеуметтік жағдайларға, түрлі өзгерістерге байланысты өмірімізде күн сайын болмасас да, ай сайын жаңа ұғымдар пайда болып, тілімізде сол ұғымдарды белгілейтін жаңа терминдер туындап жатады. Солардың біразының қазақша баламалары бар. Мәселен, *достастық* (содружество), *кеден* (таможное), *рәміз* (символ), *ұшақ* (самолет), *мұражай* (музей), *жешелендіру* (приватизация), *ырықтандыру* (либерализация) тағы басқалар. Біраз терминдер, мәселен, *аукцион*, *валюта*, *инновация*, *концерн*, *корпорация*, *консорциум*, *маклер*, *маркетинг*, *менеджер*, *менеджмент* деген сияқтылар орыс тілінде қалай айтылса, қазақ тілінде де солай айтылып, жазылып жүр. Мұндайлардың енді бір тобы бірде орысша (ассоциация, брокер, президиум, министр, совет т.б.) бірде қазақша (қауымдастық, делдал, төралқа, уәзір, кеңес т.б.) қолданылады.

Терминге, терминологияға қатысты бұл сияқты мәселелердің бәрін реттеп, жүйелі бір ізге түсіріп, бекітіп, беріп отыратын орган- Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы (терминком) екеніне дау жоқ. Бізде ондай комиссия бар. Ол 1933 жылдан бері қарай жұмыс істеп келе жатыр. Дұрысын айту керек, бұл комиссия ғылыми терминдерді жасауда, оларды қалыптастыруда әжептеуір іс тындырды. Соның нәтижесінде тіліміз көптеген терминдермен толығып, олардың біразы қалыптасып үлгерді. Кейбіреулері әлі жүйелену үстінде. Неге екенін қайдам, соңғы кезде бұл комиссияның жұмысы сұйылып кеткен сияқты. Мүмкін ол аталған комиссия төрағасының жиі ауысуына байланысты болар.

Бұл айтылғандардың растығына тағы бір дәлел: алғаш термин жасаумен, оларды бекітуімен және бекітілген терминдердің тілімізде дұрыс қолданылуын қадағалаумен тікелей айналысқан бұл комиссия кейіннен тек термин бекітумен ғана шұғылданып кетті де, ал термин жасау сөздік жасаушы мамандарға ғана қалдырылды. Соның салдары болуы керек, кейінгі кездерде терминком бекіткен терминдердің кейбіреулерінде жүйелік, бірізділік байқалмай жүр. Тіпті олардың арасында кемшіліктер де, қарама-қайшылықтар да жоқ емес. Оған көз жеткізу үшін 1990 жылы «Қазақстан» баспасынан

шыққан «Терминдер мен атаулар сөздік» (неге «сөздігі» емес? – Б.Қ.) деп аталатын кітапша мен Мемлекеттік терминкомның 1990 жылғы мамыр айындағы міжілісінде бекітілген терминдердің тізіміне (ол тішім көпшілік газеттерде басылды) көз салсаңыз жеткілікті.

Аталған кітапшада 1972-1981 жылдары терминком бекіткен терминдер тізімі берілген. Олардың жалпы саны – 2829 (өздіктің кіріспесінде олард «үш мыңнан астам» делінген). Бұл санға кейіннен қосылған, яғни 1990 жылдың мамыр айында бекітілген 79 терминді қоссақ, барлығы 2908 термин болып шығады. Міне, осы термин сөздерді 100 пайыз деп есептесек, олардың таза қазақша баламалары барлары – 1740 екен. Бұл – терминком бекіткен барлық терминнің 60 пайыздайы қазақша деген сөз. Терминдерге қазақша балама іздеу тұрғысынан қарағанда бұл, әрине, жаман көрсеткіш емес.

Дегенмен осы көрсеткішті бұған дейін әр ғылым салалары бойынша баспадан шыққан барлық терминологиялық сөздіктер бойынша есептеп көрсек, өкінішке орай, мүлде басқаша нәтиже береді. Онда тілімізде қолданылып жүрген барлық терминдердің таза қазақша баламалары барлар тек 20-30 пайыз ғана екен. Қалғандардың барлығы, яғни олардың 70-80 пайызы не таза орысша, не орысша-қазақшасы аралас жүрген құрама терминдер.

Енді Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдердегі кейбір кемшіліктерге көңіл аударарлық.

Ондай кемшіліктердің ең үлкен деп – біз терминкомның бұрын бекіткен терминдерді келесі жолы мүлде басқаша түрде бекіткенін айтқан болар едік. Мәселен, ол «творчество» деген терминді бұрын «творчество» және «жасампаздық» деген екі сөзбен бекіткен еді. Кейіннен (1990 ж.) аталған қазақша баламалар «шығармашылық» деген сөзбен ауыстырылыпты. Терминком «алқа» сөзін бұрын «коллегия» терминнің баламасы ретінде алса, кейіннен ол сөзді «совет» терминнің бір мағынасы ретінде тағы бекітті. Сондай-ақ, «жиынтық» сөзі бұрын «совокупность» терминнің баламасы ретінде бекітілсе, кейіннен ол «комплекс» терминнің бір мағынасы ретінде ұсынылды (Қазір «комплекс» сөзі *кешен* деген баламамен беріліп жүр).

Орысша сыңары да, қазақша сыңары да бұрыннан дұрыс қолданылып жүрген кейбір терминдерге терминкомның басқаша

баламалар бекітіп берген кездері де болды. Мәселен, *апрель, хлопчатник, кабачок, каперцы* сөздерінің қазақша баламалары тілімізде бұрын *көкек, мақта, қауақша (қабақша), кеуел* сөздерімен берілетін еді. Терминком кейіннен осы орысша төрт сөзге балама ретінде *сәуір, қоза, кәді, киеуіл* деп бекітті. Бұл сөздердің тіліміздегі қолданысына, мағыналарына жүгінсек, «қоза» деп – мақта өсімдігінің өзін емес, сол өсімдіктің жаңа өсіп келе жатқан жас өркенін немесе оның сабағын айтады (Ол кейде «қозапая» деп те аталына береді). «Кәді» сөзі асқабақ өсімдігінің жергілікті атауы. «Сәуір» болса, ол көкек (апрель) айынның арабша аты. Ал «киеуіл» деген сөз тілімізде мүлде ұшыраспайтын жаңа қолданыс.

Бұл айтылғандарға керісінше, о баста «эквивалент» сөзінің аудармасы ретінде қолданылып жүрген «балама» сөзі терминком бекіткеннен кейін «альтернатива» сөзінің қазақшасы болып шықты. «Куәлік» сөзі де дәл осындай. Ол бұрын «свидетельство» сөзінің баламасы болатын. Терминкомның кезекті бекітуінен кейін «куәлік» сөзі «удостоверениенің» баламасы болды.

Терминкомның жұмысындағы тағы бір кемшілік – ол кейде термин емес сөздерді де термин ретінде бекітіп жіберді. Мәселен, терминком *анисон, берденец, ждире* деген үш атауы бар бір өсімдікке «балбырауын» деген қазақша балама ұсыныпты. Балама негізінен дұрыс. Бірақ жоғарғыдай үш сөздің ешқайсысы да орыс тілінде жоқ. Терминком бекіткен *зельц* (ауыл шар.), *подсед* (мамық шөп) терминдері де осы тәріздес. Бұл сөздерінің ешқайсысын біз сөздіктерден іздеп таба алмадық. Бұлар – орыс тілінде жоқ сөздер, ал егер бола қалса, онда олар өте сирек айтылатын болу керек. Мұндай термин емес сөздерді бекітудің қажеті шамалы деп ойлаймыз.

Орыс тіліндегі белгілі бір терминнің қазақша баламасы ретінде терминком кейде екі сөзді қатар береді. Оның бірі – орысша, екіншісі – қазақша. Мысалы, *аудитория – аудитория, дәрісхана; логика – логика, қисын; рынок – базар; статус – статус, мәртебе* т.б. Бұлай етуге әрине болмайды. Өйткені қазіргі заман адамдарының көзі де, қолы да (ауыз да) орысша атауларға әбден үйреніп кеткен. Бірі орысша, екіншісі қазақша екі сөз қатар тұрса, олар, сөз жоқ, оның орысша сыңарын ғана алып, көбіне тек соны ғана пайдаланады. Ал ол

терминнің қазақша сыңары жұртта қалыр қояды. Бүйтіп термин бекітілді деп марқайғанша оның бекітілмей-ақ қойғанының өзі артық.

Бұған мысал ретінде «семья» сөзін келтіруге болады. Ол сөзге терминком «семья» және «отбасы» деген (бірі – орысша, екіншісі – қазақша) екі сөзді бекіткен еді. Алғашында бұл екеуі жарыса қолданылып жүрді де, кейіннен олар жайына қалды, Қазір олардың орнына терминком бекітпеген *жанұя, үйелмен, үй-іші, түтін, шаңырақ, әулет, түндік* деген сияқты толып жатқан жарыспалы сөздерді қолдана бастады. Бұл, әрине, жақсылықтың нышаны емес.

Терминком бекіткен терминдердің тағы бір тобының да қазақша баламалары екі сөзден тұрады. Бірақ ол баламалардың жоғарыда айтылғандай бірі – орысша, екіншісі – қазақша емес, екі сыңары да қазақша. Мысалы: информация – *хабарлама, ақпар*, цитадель – *рабат, қамал*, эпоха – *дәуір, заман*, юбилей – *мерейтой, мүшелтой* т.б. Біздің ойымызша, бұлай етіп бекітуге де болмайтын сияқты. Өйткені бұл тәсілдің терминнің тұрақтануына тигізер зияны өте мол. Оның үстіне терминнің терминдік қасиеті де оның бір нұсқалығында емес пе еді?

Қысқасы, тізе берсек терминком бекіткен терминдерден бұл сияқты кемшіліктерді әлі де көптеп табуға болады. Біздің мақсатымыз – ондай кемшіліктерді іздеп табу емес, мақсатымыз – терминком сияқты мемлекеттік дәрежедегі беделді органның атағына нұқсан келмес үшін, оның жұмысында ешқандай кінәраттың болмауы. Жоғарыдағы кемшіліктерді біз тек осы тұрғыдан ғана айтып отырмыз.

Сонымен, тіліміздегі терминдердің 70-80 пайызы орысша екен. Қазақша делінгендерінің біразы әлі күнге дейін бірізге түспей, жарыса қолданылып жүрген сияқы бар.

Енді не істеуіміз керек?

Ол үшін, ең алдымен, мынадай алты түрлі істі қолға алғанымыз жөн сияқты.

1. Терминком терминологиялық комиссия емес, мүмкін терминологиялық комитет болып қайта құрылуы жөн болар. Бұл ойды айтып отырған бір біз ғана емес, оны бізге дейін проф. Т.Кәкішев пен жазушы С.Балғабаев та «Ана тілі» газетінің бетінде айтқан болатын. Аталған комитетке Республикалық «Қазақ тілі» қоғамын, Мемлекеттік ономастикалық комиссияны да біріктіруге болар еді. Мүмкін ол комитеттің аты жоғарғы әріптестер ұсынғандай «Тіл

жөніндегі мемлекеттік комитет» деп аталар, мүмкін басқа болар. Мәселе атында емес, затында. Қалай болған күнде де комитеттің өз мәртебесі, өз қаржысы, өзінің арнайы іріктеліп алынған тұрақты қызметкерлері, отырар белгілі орны болуы керек. Мүмкін қызметкерлерінің саны тым көп болмас, әйтеуір онда әр ғылым саласынан бір-бір білікті маман болуы шарт. Сонда ғана ол комитет қазақ терминологиясын тіліміздегі Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңына сәйкес дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын ойдағыдай жүзеге асыра алар еді.

2. Қазақ республикасы Ғылым академиясының барлық институттарында, барлық ғылыми мекемелерде тек қана ғылыми терминдерді зерттеумен шұғылданып бір-бір терминшінің мамандығы штаттық кестеде көрсетілуге тиіс. Аталған қызметтің 5-10 жыл ғана емес, үнемі, яғни әлгі ғылым саласы қанша жыл өмір сүрсе, оның да сонша жыл өмір сүруі міндетті және де ондай терминшінің терминнен басқа жұмысының болмағаны жөн. Біз әлгіндей тұрақты терминшінің міндеті деп – өз өмірін бағыштаған ғылымға қатысы бар барлық терминдерді жинау, реттеу, жүйелеу, олардың ескіргендері болса, күнделікті қолданыстан шығарып тастап, жаңаларын жасап, оларды терминкомға бекіттіріп отыру және терминологиялық сөздіктер түзіп, оларды бастырып отыру дегендерді айтқан болар едік. Сонда ғана біз белгілі бір ғылым саласына қатысты терминдерді жетілдіре аламыз, олардың дамуына, қалыптасуына, тұрақтануына игі әсер ете аламыз.

3. Терминкомның тек термин сөздерді ғана жаңа олардың тек қазақша баламалары барларын ғана бекітіп отырғаны жөн. Ал термин емес сөздер мен қазақша баламалары жоқ терминдері терминком бекітпесе де болады. Өйткені ондай орысша терминдер тілімізде онсыз да сол қалпында қолданылып жүрген жоқ па.

4. Мейлі бірі орысша, екіншісі қазақша болсын немесе екі сыңары да қазақша болсын, бәрібір, әйтеуір бір ұғымды білдіретін орысша бір терминге екі түрлі балама ұсынуға болмайды. Өйткені, мұның яғни екі түрлі балама ұсынудың терминдерді тұрақтандыруға зияны көп. Ондай жарыспалы терминдерді қолданушылар бірде ана түрпетін (вариантын), бірде мына түрпетін пайдалану арқылы әлгі терминдердің тұрақтануына кесірін тигізеді.

5. Қазақша жаңа терминдерді қолданғанда кім болмасын әлгі терминдер әбден қалыптасып, елдің бәріне түсінікті болып кеткенше, оның орысша мәнін жақша ішіне қатар беріп отырған абзал. Ол арқылы біз терминдердің орысша қай сөздің баламасы екенін айқындаймыз және оның дұрыс қалыптасуына жәрдемдесеміз.

6. Терминком өзі бекіткен терминдердің дұрыс қолданылуына әр уақыт бақылау жасап отыруы керек. Әйтпесе әркім өз еркімен, кетсе, бекіткен терминдермен де, терминкомнан да еш қадір-қасиет қалмайды.

**Жетісу,
17 наурыз, 1992 ж.**

ШЕТ ТІЛІ ТЕРМИНДЕРІН ҚАЛАЙ ҚАБЫЛДАП ЖҮРЕМІЗ?

Қойылған сұраққа қарап: «Сол да сөз болып па! Шет тілі терминдері әдеттегідей орыс тілінде қалай айтылып, жазылып жүрсе, бізде де солай айтылып, солай жазылуы керек», - деушілердің табылатындығына күмәніміз жоқ. Бұл жердегі әңгіме: «Осы қағида дұрыс па, бұрыс па? Егер дұрыс болмаса, оны ойлап тапқан кім? Аталған қағида қандай тілдік теорияға негізделген?» деген тәрізді мәселелердің төңірегінде болмақшы.

Ойымызды ашішекше шұбыртпай-ақ төтесінен айтар болсақ, бұл қағида ешқандай тілдік теорияға негізделмеген. Оны шығарып жүргендер – қарақан басының қамы үшін ұлы державалық шовинизмге, тоталитарлық жүйеге жағымпаздаған өзіміздің ғалымсымақтарымыз. Болмаса шет тілдерінен кірген сөздерді біздегі сияқты ешбір өзгеріссіз, сол күйінде алып жүрген дүние жүзіндебірде-бір ел жоқ екен. Мысалға өзіміз үлгі тұтып келген орыс тілін алалық. Олар латынның *auctio*, ағылшынның *autonomia* сөздерін *аукцион*, *автономия* деп, ал қазақтың *Медеу*, *тобылғы* сөздерін *Медео*, *таволга* деп алады. Ал біз болсақ, бұл сияқты сөздерге «интернационализмдер» немесе «советизмдер» деген «»киелі» ат өойып, оларды тілімізге «ешбір өзгеріссіз сол күйінде алуымыз керек» деген заң шығарып, оған жарғанатша жармасып, тастай қатып, сіресіп

отырып аламыз. «Неге? Не үшін? Оның өажеті қанша еді?» - деген мәселелердің төңірегінде ойлана да қоймаймыз.

Шындығына жүгінсек, оның «қажеттігі» - тағы да сол жалтақтық пен жағымпаздықта. Әйтпесе жоғарыдағы сөздерді неге орыс тіліндегідей *аукцион*, *автономия* деп айтуға, жазуға тиістіміз?! Оларды тіліміздің ішкі заңдылығына қайшы келмейтіндей етіп, *ауксион*, *автономия* деп қазақша айтуға және солай жазуға болмас па еді? Сөз жоқ, болатын еді. Бірақ болатынды болдырмағандығымыздың кесірінен тілдік қорымыз дыбысталуы бөтен, бөгде сөздерге толып кетті.

Бұл жөнінде халық қамы үшін жанын пид еткен арыстарымыздың бірі – Халел Досмұхамедұлы өзінің 1924 жылы Ташкент қаласында шыққан «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» деген кітабында былай деп жазыпты: «Осы күнгі қазақтың әдебиетінде шеттен кірген сөздер көбейіп кетті. Төңкерістен соңғы шыққан журнал-газеталардың іші толған жат сөз....Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертіге жол басшы болады. Оқығандар өзіне ылайық әдебиет тілі деген тіл түзейді. Түзеген жаңа тілін ел ішіне жая бастайды, көбіне зорлап кіргізеді» (Х.Досмұхамедұлы, «Аламан», 1991, 82, 91-беттер).

Бұл, әрине, 1924 жылдардағы жағдай. Ал қазір не? Қазір одан әрі болмаса, бері емес. Ғалымдарымыздың есептеуі бойынша, тілімізде қазірдің өзінде жүз мыңнан аса термин сөздер бар көрінеді. Сол жүз мың терминнің 70-80 пайызы орыс тілінде қалай айтылып, қалай жазылса, қазақ тілінде де солай айтылып, солай жазылып жүр екен. Соның салдары болуы керек, бұл күнде тіліміздің алтын қазығы – сингармонизм (сөз ішіндегі дауысты дыбыстардың үндесуі) заңы бұзылып, бір сөздің ішінде жуан, жіңішке дауыстылар қатар айтылатын болды. Ана тілімізде жоқ дыбыстар қолданылып, тіліміздің сөйлеу машығы өзгере бастады. Егер аталған құбылыс алдағы уақытта да осы бағытпен кете берсе, қазақ тілі көп ұзамай өзіндік ерекшелігінен айырылып қалары сөзсіз. Олай болса, осы теріс құбылысы одан әрі асқындырмас үшін, ендігі жерде не істеуіміз керек?

Ол үшін, ең алдымен, терминге, терминологияға деген бұған дейінгі қасаң көзқарасымызды өзгертуіміз керек. Жасыратын не бар, бұған дейін біз термин деп тек орыс тілінен жіне орыс тілі арқылы Еуропа тілдерінен енген сөздерді ғана атап, соларды ғана дәріптеп келдік. «Термин жасауда тілдің ішкі мүмкіндігі мейілінше пайдалануы керек» деген қағиданы тек сөз жүзінде ғана қайталағанымыз болмаса, іс жүзінде «советизмдер мен интернационализмдерді қазақшаға аударуға болмайды» деген теориясымақты, немесе «қазақ тілі – кедей тіл, ол орысша терминдердің мағынасын бере алмайды» деген өмір тәжірибесінен аулақ, көз бетперде етіп, мүмкіндігінше қазақша термин жасамауға тырыстық.

Егер ана тілімізді қадірлейміз, қастерлейміз десек, оның өзіндік ерекшелігін келер ұрпаққа бұзбай жаеткізгіміз келсе, бұдан былай қазақ тілінің терминдрін де қазақша жасағанымыз абзал. Осы жолда мүмкін болған жолдардың бәрін де пайдаланғанымыз жөн. Айталық, оның ең бірінші жолы деп біз орысша терминдердің қазақ тіліндегі баламаларын іздеп табуды айтқан болар едік. Тілімізден ондай баламалар табылмаса, онда қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне сүйене отырып, керекті терминдерді мамандардың өздері қолдан жасап алуларына болады. Бұл да болмаған жағдайда орысша терминдерді калькалау жолымен қазақша аудару қажет. Ал осылардың бірі де мүмкін болмаса ше? Онда әлгі шет тілі терминдерін тілімізге амал жоқ қабылдауға тура келеді.

Бұл жерде басын аша кететін бір жай: баз «шет тілі терминдерін тілімізге қабылдауға болады» дегенді айтқанда оларды бұған дейінгідей айтылуы да, жазылуы да орыс тілінде қалай болса, сол қалпында өзгеріссіз қабылдауды айтып отырғанымыз жөн. Біз мұнда әлгі шет тілі терминдерін дыбысталуы жағынан тіліміздің ішкі заңдылықтарына бағындырып барып, соған сай өзгертіп, содан кейін ғана қабылдауды айтып отырмыз.

Тілдің ішкі заңдылықтарына сай өзгерту деп біз мыналарды айтамыз: ол – біріншіден, терминдердің құрамындағы әрбір дыбыстың қазақша дыбысталуы, яғни жат дыбыстардың әліпби құрамынан шығарылып тасталуы, екіншіден, сөз ішінде екі не одан

көп дауыссыз дыбыстардың қатар тұрмауы (дауысты дыбыстар да солай), үшіншіден, қазақша айтылған әлгі орысша термин сөздердің ішіндегі дыбыстардың сингармонизм заңы бойынша бір-бірімен үндесіп, үйлесіп келуі, т.б.

Мысал келтірейін. Орыс тіліндегі *альбом, диффуз, объект, станция, сюжет* деген сияқты терминдердің қазақша баламалары жоқ болғандықтан оларды термин ретінде сол күйінде қабылдауға тура келді делік. Ол үшін аталған сөздерді ең алдымен тіліміздің дыбысталу заңдылығына сай өзгертіп алуымыз керек. Сонда жоғарыдағы сөздер: *әлбөм, дипұз, әбиекті, ыстанса, сүүжет* болып дыбысталады. Себебі қазақ тілінде **в, ё, ф, х, ч, ц, щ, ь, ъ, э, ю, я** дыбыстары (әріптері) жоқ. Сондықтан ол сөздердегі бұл дыбыстар айтылу кезінде не қазақша басқа дыбыстарға ауысып кетеді (әбиекті, ыстанса, сүүжет), не сөз құрамына мүлде түсіп қалады (әлбом, дипұз).

Болмаса *драма, жанр, метр, пункт, текст, форма* сөздерін алалық. Бұл сөздердің фонетикалық құрамындағы ерекшелік сол: оларда қазақ тілінде жоқ **ф** дыбысы кездеседі және ол сөздерді **др, нр, тр, нкт, кст, рм** тәрізді екі үш дауыссыз дыбыстар қатар тұр. Бұлардың екеуі де қазақ тіліне жат құбылыстар. Сондықтан бұл сөздерді қазақша айтсақ, олар былай болып дыбысталады: *дырама, жаныр, метір, пүнкіт, текіс (текісті), порым.*

Өздеріңіз де байқаған боларсыздар, жоғарыдағы термин сөздер қазақша дыбысталған кезде олардағы қазақ тіліндегі жоқ дыбыстар қазақ тілінде бар дыбыстарға ауысады немесе ол сөздердегі қатар тұрған дауыссыздардың бірі түсіп қалады, болмаса іргелес тұрған жіңішке) дауысты дыбыстар қосылып айтылады.

Тағы да бір топ сөздерді алып көрелік. Олар – *диктор, трактор* тәрізді терминдер. Қазақ тілінде [o] дыбысы сөздің тек басқы буынында ғана қолданылады. Сондықтан жоғарыдағы сөздер қазақша айтылғанда *диктір, тірәктір* болып, олардың соңғы буындарындағы [o] дыбысы [i] дыбысына ауысып ктеді. Ал *макет, машина, номер* тәрізді сөздердің құрамында тіліміздің фонетикалық заңдылығына қайшы келетіндей артық дыбыстар, дыбыстық тіркестер жоқ. Сол себептен де ол сөздер қазақ тілінде дәл осы жердегідей айтылады

және осылай жазылады да. Асып кетсе, олар сингармонизм заңына сай – *мәкет, мәшине, нөмір* болып жіңішке айтылуы мүмкін.

Қысқасы, тек осылай етіп, қазақша айтып, қазақша жазсақ қана біз нағыз қазақ тілінің терминологиясын жасай аламыз. Бұған дейінгі біздің қазақ терминологиясы деп жүргендеріміз, ол – қазақ тілінің терминологиясы емес, орыс тілінің терминологиясы.

Әңгімемізді Халел атамның сөзімен бастаған едік. Соның да сол кісінің сөзімен аяқтағанды жөн көріп отырмыз: «Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян кетіреді. Жат сөздерді өзгерпейінше жүргіземіз деп қазақтың тілін бұрғандар да, «мәдениетке үйретеміз, өнер шашамыз» деп арақ пен шылым, жұқпалы ауру таратқандар да бір есеп. Арақ, шылым, аурулар адамның денесін бұзса, зорлықпен кіргізген жат сөздер елдің түп қазығы болған тілді бұзады».

**Ана тілі,
21 мамыр, 1992 ж.**

«ЖАНҰЯ» ЕМЕС, «ОТБАСЫ»

Бұл мақаланы жазуға және оған бұлай деп ат қоюымызға «Алматы ақшамы» газетінің ақпанның 23-і күнгі (1991 жыл) нөмірінде жарияланған Ш.Дәрмағамбетұлының «Жанұяда- жылылық» деген мақаласы себеп болды. Дәлірек айтсақ, себепші мақаланың мазмұны емес, оның аты, яғни «жанұя» деген сөзі. Бұл сөз- бұрын бәріміз «семья» деп қолданып келген орыс сөзінің қазақша баламасы.

«Семья» сөзін мемлекеттік терминология комиссиясы 1990 жылғы мамырдың 3-інде «отбасы» деп бекіткен болатын. Қолданысқа: көп түсе қоймаған соң, оны 1992 жылғы наурыздың 12-сінде «отбасы» деп екінші рет бекітті (сол күндердегі «Егеменді Қазақстан» газетіне қараңыз). Содан бері де біраз уақыт өтті. Бірақ кей басылымдар бұл сөздерді әлі күнге дейін өз беттерімен қолданып келеді. Оны жалғыз «Алматы ақшамынан» ғана емес, «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан», «Халық кеңесі», «Қазақстан мұғалімі», т.б газеттерінен де кездестіруге болады. Сондықтан болу керек, жазушы Қастек Баянбаев «Егемен Қазақстанның» бетінде

(1992 жыл, желтоқсанның 5-і): «Семья сөзінің *шаңырақ, отбасы, үй іші* дейтін баламалары тұрғанда, *жанұя* деп бүйректен сирақ шығару халқымыздан ұят емес пе?» - деп те жазды. Өкінішке орай, «отбасының» орнына «жанұя» немесе «үйелмен» деп жазу әлі күнге дейін тоқталған жоқ. «Бұларыңыз қалай?» деп әлгі сөздің иелерінен сұрай қалсаңыз, «бізге осы сөз ұнайды», «отбасыға қарағанда жанұя дұрыс» деп жауап береді.

Егер «маған ұнайды», болмаса «біздіңше, осы дұрыс» деген ұстаным (принцип) тұрғысынан қарайтын болсақ, онда осы жолдардың иесіне жоғарғылардың екеуі де емес, үшінші бір сөз, атап айтсақ – «үй іші» сөзі ұнайды. Төртінші адамға «түтін» сөзі, бесінші-алтыншы адамдарға *шаңырақ, түндік, отау* сөздерінің бірі ұнауы мүмкін. Тіпті «Бұл қазақша баламалардың бәрінің де керегі жоқ, өзімізге үйреншікті болып кеткен *семья* өзі дұрыс», - деушілер де табылып қалады.

Сонда қалай болған? Бір ғана ұғымды әрқайсысымыз әртүрлі сөзбен айта береміз бе? Олай етсек, онсыз да шатқаяқтап тұрған байғұс қазақ тілінің күйі не болмақшы?

Мемлекеттік терминология комиссиясының мәртебесі бойынша, бекіткен терминдер «маған ұнайды», «ұнамайды» деген сияқты ары-бері бұра тартуға жатпауға тиісті. Терминком бекіткен соң, ол жеке адамдарға ұнасын-ұнамасын, біз оны сол бекіткен күйінде қолдануға, пайдалануға тиістіміз. Терминкомның терминкомдығы да сонда. Әйтпесе әркім әр жаққа тартып, белгілі бір тұрақты пікірге келе алмай, әрі-сәрі күй кешсек, тілімізді бейберекет күйге түсіретініміз анық.

Біз егер шын мәнінде демократиялы ел боамыз десек, онда ең алдымен заңға бағынып, оны құрметтей білуді үйренгеніміз жөн. Заң бойынша (терминкомның бекітуі бойынша) «семья» сөзі «отбасы» деп қолданылуы керек екен, ендеше бәріміз де оны солай қолдануға міндеттіміз. Өкінішке орай, бізде әр уақыт ондай тәртіптілік «заңды мойындаушылық» жетісе бермейді. Тәртіптілік, мәдениеттілік болса, жоғарыда айтылған «жанұя», «үйелмен» сөздері газет-журналдарымызды былай қойғанда, жаңадан шығып жатқан оқулықтарымыздың ішіне де еніп кетер ме еді?!

Мұндай жағдайға тап болуымызға кейде көпшіліктің заңды білмеуі немесе оны құрметтей алмауы ғана емес, сонымен бірге сол заңды шығарушылардың өздері де белгілі дәрежеде кінәлі сияқты. Неге десеңіз, әрбір шыққан заң өміршең болу үшін, ол ең алдымен халықтың талқысына түсіп, көпшіліктің сүзгісінен өтуге тиісті. Сөйтіп, әлгі заң қабылданғанға дейін, оның қайнауын әбден келістіріп, пісуін жетілдіріп алған дұрыс. Сонда ғана ол заң төрт аяғымен тең басып тұра алады, ешбір кедергісіз іске асып кете алады.

Осы жерде бір мысал келтіре кеткен артық болмас деп ойлаймын. 1992 жылы наурыздың 12-сі күні мемлекеттік терминология комиссиясы «гимн» сөзін «әнұран» деп бекітті. Халық тілімізге тағы бір жаңа сөз қосылды деп қуанып қалды. Бірақ бұл қуаныш онша ұзаққа созылған жоқ. Көп ұзамай «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде (1992 жыл, тамыздың 14-і) бір топ ақын-жазушылардың Қазақстан Республикасы Жоғарға Кеңесінің төрағасына арналған ашық хаты жарияланды. Онда: «Гимн сөзін *әнұран* деп емес, *елұран* деп түзетіп қабылдаған дұрыс болар еді», - делінген. Сол күнен бастап әлгі сөздің (әнұран, елұран) екеуі де қолданылудан қалды. Халық «елұран» сөзін қолданайын десе, терминком оны «әнұран» деп бекіткен, ал «елұран» деп қолданайын десе, ол сөз дұрыс емес деген пікір айтылады. Оның үстіне ол пікірді айтқандар – анау-мынау адамдар емес, халқымыздың белді де беделді ақын-жазушылары. Нәтижесінде көпшілік әлгі екі сөздің екеуінен де іргені аулақ салып, «көрген жерде ауыл бар» дегендей, баяғы «гимн» сөзіне қайта оралды. Оған дәлел – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні тексінің газет бетінде жариялануы (1992 жыл, желтоқсанның 11-і). Онда «әнұран» да жоқ, «елұран» да жоқ – «гимн» сөзі алынған.

Терминком бекітіп бергендей емес, өз қалаулары бойынша қолданылып жүрген сөздер бір бұлар ғана емес. Олардың саны бұл жерде көрсетілгендерден әлдеқайда көп. Мәселен терминком *баспабас, делдал, қауымдастық, қолдаушы, демеуші, көлік, іссапар, төрелік, тұжырымдама* деп бекіткеніне қарамастан оларды бұрынғысынша *бартер, брокер, ассоциация, фундатор, спонсор, транспорт, командировка, арбитраж, концепция* деп қолданушылық газет-журнал беттерінде әлі де көптеп кездеседі. Олардың бұлай кездесетіндігіне ешкім дау айта қоймас деп ойлаймыз. Сондықтан бұл

жердегі айтпағымыз: егер тіліміз бірізді, жүйелі, әрі көпшілікке түсінікті болсын десек, онда терминком бекіткен сөздерді бәріміз де сол терминком бекіткен күйінде қолданғанымыз абзал.

Бұл игілікті істе, әсіресе, баспасөздің атқарар рөлі өте зор. Жана сөздерді халыққа алғаш таныстыратын да, оларды дұрыс болса да, бұрыс болса да қалыптастыратын да солар. Егер журналист бауырларымыз ұқыпты, ықтиятты қарайтын болса, онда басталып кеткен бұл игілікті ісіміздің ілгері басары сөзсіз. Өйткені жай халық көбінесе сол газет-журналдардағы қолданыстарға қарайды, соларға сүйенеді.

Неге екенін қайдам, біздің зиялы азаматтарымыздың көбі белгілі бір жаңа ұғым жайында айтқысы келсе, оны халыққа түсінікті қарапайым сөзбен айтудың орнына, керісінше халық түсінбейтін, өзі ғана, өзі сияқты оқығандар ғана түсінетін шет тілі сөздерімен айтуға тырысады. Мүмкін олар әлгі сөздер өздеріне түсінікті болғаннан кейін өзгелер де түсінеді деп ойлар, мүмкін өздерінің оқығандықтарын, көп білетіндіктерін білдіргісі келер, қалайда әйтеуір жат жұрттың сөздеріне жандары құмар. Мысал керек пе? Мысал көп: *бакалавр, ваучер, дивидент, концерн, консорциум, корпорация, магистр, рейтинг т.б.*

Жуырда мен «Халық кеңесі» газетінің (1993 жыл, наурыздың 13-і) Э.Мұхамеджановтың «Төраға ма, әлде спикер ме?» деген мақаласын оқыдым. Автор айтпақ ойын «Өзімізге түсінікті төраға сөзі тұрғанда спикер сөзін қолданған жөн бола қоймас» деп аяқтапты. Біз де сол азаматтың пікіріне толық қосыламыз. «Жоғары Кеңестің төрағасы» деген өзіміздің төл сөзіміз тұрғанда «спикер» сөзінің (спикер – ағылшын тілінде «парламенттің төменгі палатасының төрағасы» деген мағына береді) ешбір қажеті жоқ.

«Төраға» демекші, еркек мұғалім болса – мұғалім, әйел мұғалім болса – мұғалима, еркек кассир болса – кассир, әйел кассир болса – кассирша деп жүргеніміз сияқты кейінгі кезде жиналыстарға басшылық (төрағалық) етуші адам әйел болса, оған төраға сөзін қолданбай, «төрапа», «төрайым» сөздерін қолдана бастадық. Егер қызметкерлердің еркек-әйел екендігіне қарасақ, онда «аға жылқышы» деген әйел үшін «апа жылқышы», «аға шопан» - «апа шопан», «аға ғылыми қызметкер» - «апа ғылыми қызметкер» болып шықпай ма?!

Бұл, әрине, көпе-көрнеу қазақ тілі грамматикасына орыс тіліндегідей род категорияын ендіру болып табылады. «Медсестра» дегенге бір түрлі балама (медбике, бике), «медбрат» дегенге екінші түрлі балама (аяжан, аякер, мейіркеш) іздеп, әуре болып жүргендігіміз, міне, осы жалған пайымдаудың кесірі. Егер бұл сияқты жат аяқ алысты қазірден бастап өзгертпесек, күндердің күнінде біреу болмаса біреу «Қазақ тіліндегі род категориясы» деген тақырыпта диссертация қорғап, «жаңалық ашуы» ғажап емес.

Соңғы кезде «қазақ тілінде шығатын газет-журналдарда, әсіресе «Ана тілі» газетінде жаңа сөздер өте көп қолданылатын болды» депсары уайымға салынушыларды, болмаса «оларды оқысақ, түсінбейтін болдық» деп алдын-ала байбалам салушыларды кездестіруге болады. Бажайлап қарасақ, бұлай деушілердің көбі қазақшадан гөрі орысшаны дақсы сөйлейтіндер немесе өз сөздерінің арасына орыс сөздерін тоғытып жіберуге бейім тұратындар екен. Әрине, ондай адамдар қазақша баламаларды білсе де білмеген болады, түсінсе де түсінбеген болады. Тілдеріне еніп, үйреншікті болып кеткен әлгі орыс сөздерінен ажыраса, атақ-абыройынан, байлығынан айрылатындай көрінеді. Бірақ мұндайларға қарап, тіл өз даму үрдісін тоқтата алмақ емес қой.

Мен жоғарыда «орыс сөздері» дегенді 2-3 рет айтып қалдым. Соған жармасқан кейбір жолдастар «оның бәрі орыс сөздері емес, халықаралық терминдер» деуі мүмкін. Ондайларға берер жауабым: халықаралық терминдер дегеніміз – ең алдымен баяғыда «өліп», сүйектері әлдеқашан «қурап» қалған грек, латын сөздері; қала берді Батыс Еуропа халықтарының тілдерінен ауысқан сөздер. Бұл сөздерді қай қазақ грек, латын елдеріне немесе Батыс Еуропа елдеріне барып алып келіпті?! Олардың бәрі бізге орыс тілі арқылы келген. Ол сөздер орыс тіліне қандай түр-тұрпатта енсе, біздің тілімізге де сол түр-тұрпатта енді. Мысалға паспорт сөзін алалық. Ол француздың «паспорт» деген сөзі. Бұл сөз орыс тіліне «се» - сі түсіп қалып, «паспорт» болып енді. Бізге ауысқаны да осы «паспорт» сөзі («паспорт» емес). Олай болса, бұл сияқты орыс тілі арқылы келген сөздерді қалайша «орыс сөзі» демессің.

Шындығына жүгінсек, тіліміз егемендік алғаннан кейін ол өзіне тән заңдылықпен, өзінің сөздік қоры есебінен баюы, дамуы – заңды құбылыс. Сондықтан жаңадан жасалып, енді ғана қаз тұра бастаған

жаңа сөздерге үрке қарағанымыз орынды бола қоймас. Қайта, керісінше, олардың жақсысын асырып, жаманын жасырып («түзетіп» деген мағынада) дегендейін ол жаңа сөздерге қолымыздан келгенше көптеп-көмектеп, қол ұшын бергініміз жөн. «Қазақша сөз қаптап кетті» деп қарсы тұрғанша, олардың ішіндегі олпы-солпы жасалған кейбіреулерін түзетіп, көпке ұнайтын жақсы сөз жасауға атсалысқанымыз абзал.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, алғашқы кезде бір ұғымдсы білдіретін бірнеше сөздің тілімізде қабаттасып, жарыса жүруі табиғи нәрсе. Түптің түбінде олардың біреуі ғана, яғни көпке ұнаған таңдаулысы ғана жеңіп шығатыны анық. Терминком сол жеңіп шыққандарын ғана мезгіл-мезгіл бекітіп отырса, нұр үстіне нұр. Егер бұлай еткен болсақ, біріншіден, осы жарыспалы сыңарлардың қайсысы дұрыс деген күдіктен сөйілеміз; екіншіден, ол сыңарлардың біреуіне ғана біржола тоқталып, ешбір ала-құлалықтарға жол бермейміз. Сонда ғана біздің тіліміз бірізділікке, тұрақтылыққа ие бола алады, сонда ғана тіліміз ұлттық негізде көгеріп-көктейді, өсіп өркендейді.

**Ана тілі,
29 көкек, 1993**

БІЗДІҢ ДЕ ҚОСАР ШІКІРІМІЗ БАР

Өткен жылдың қыркүйек айының үшінші жұлдызы күнгі «Халық кеңесі» газетінде «Қалай жазылғаны дұрыс немесе тағы да терминдер туралы» деген мақала жарық көрді. Авторлары: КазМу-дің аға оқытушысы Е.Қанатбаев және марксизм- ленинизм классиктері еңбектерін қазақ тілінде шығаратын Бас редакцияның жетекші мамандары С.Қыдыров пен М. Неталиев. Мұнда мақала авторлары «рыночная экономика» және «Октябрьская революция» деген терминдердің «нарықтық экономика», «Қазан революциясы» деп қазақшалағанына қарсы екендіктерін айтып, оны жан-жақты дәлелдеп беруге тырысады. Мақаланы оқи отырып, авторлардың біржақты, жансақ, тіпті, сынаржақ кеткендіктерін байқадық. Осы мақаланың артын ала тағы да екі автордың – Ә.Мейірбекұлы (19 қараша 1991ж.) мен Т. Тәжиннің (10 желтоқсан 1991ж.) пікірлері жарық көрді. Екеуі

де айтылмыш мақаладағы айтылған пікірлерді қолдап, бірі: «нарықтық экономика» деген шын мәнінде жеткізе алмайтынына, тіпті мағынасын бұрмалап, бұлдыратып жіберетініне көз жеткізу қиын емес. Біз мақала авторларының «рыноктық экономика» дегеніне толық қосыламыз (Ә.Мейірбекұлы), - деп жазса, екеншісі: «Ұғым беруде «нарықтық» сөзінен гөрі «рыноктың» аясы ауқымды, түсінігі терең. Ендеше, оны қазақ сөзі емес деп жатырқауымыздың жөні жоқ. Сондай-ақ, «Октябрь» сөзін символикалық ұғым ретінде осы қалпында жазып айтар болсақ, мәнді әрі мағыналы, естір құлаққа ұғынықты-ақ емес пе? Көпшілік оқырманның осы тоқтамды қолдайтынына менің еш шүбәм жоқ» (Т.Тажин), - деген тұжырым жасайды.

Бұл пікірдің жансақтығы, біржақтылығы сонда, біріншіден, «рынок» сөзі секілді «нарық» сөзі де қазір халық ұғымында қалыптасып, дәл сондай ұғым береді. Оның біріне – кең, екіншісіне – тар ұғым беріп отырған авторлардың өздері. Тілімізде бірнеше ұғымды білдіретін сөздер аз ба? Олар порымы (формасы) жағынан әртүрлі бола беруі мүмкін. Мән, мағына, түсінік дегендер сол сөздер беретін ұғымда жатады. Егер біз саналы түрде белгілі бір сөзге кең ұғым берсек, оның ұғымы кең болады, оған тар ұғым берсек, ұғымы тар болады. Бұл мәселеге байланысты авторлардың пікірі «жансақ, біржақты, сыңаржақ» деп отырған себебіміз сондықтан. Егер халықтың өзі «рынок» сөзінің бойында бар мән-мағына, қғым «нарық» сөзінің бойында да бар деп қабылдаған болса, онда жоғарыдағы сөздердің ұғымына қатысты дау-дамай айтып қажеті не.

Авторлардың одан әрі қарай оқылық: «Рыночная экономиканы» «нарықтық экономика» деп атаудың ғылымымызды қазақ топырағында, өзіміздің ана тілімізде зерттеп, дамыту да, экономика ғылымының терминдерін ана тілімізде бір жүйеге келтіріп, белгілі бір ізге салуда да көптеген қолайсыздықтары бар. Айталық, саяси экономикада «рыночная цена» деген ұғым кездеседі. Қазір алып отырған баламасының үлгісіне салсақ, біз мұны «нарықтық баға» деп алуға мәжбүрміз. Ал бұл- ғылыми ұғым емес».

Бұл айтылғандардың жаңсақ пікірлер емес, сонымен бірге, біріне-бірі мүлде жаңаспайтын қарама-қайшылықтары да бар. Айталық, қазақша терминдерсіз экономика ғылымы қазақ

топырағында қалай дамымақшы? Немесе, қазақша терминдер болмаса, ол ғылымды ана тілімізде қалай зерттемекпіз?

Мақала авторлары «Октябрьская революциясы» деген терминге байланысты да дәл осындай пікір айтады. Авторлар келтіріп отырған дәлел-ділел емес. Тіл білетін есі дұрыс қазақ «Слава Октябрю» дегенді ешқашан «үйдегі былқып ет пісіп жатқан қазанның даңқы арта берсін» деп ұқпайды. Тіпті болмаса, осы ұғымды «қазан айында болған революцияның даңқы арта берсін» деп те қабылдауға болады ғой.

Ал шындығына жүгінсек, осы ұранды айтып, қақсап келе жатқанымызға жетпіс жылдан асты емес пе?! Ендеше, сол жетпіс жылдан бері «Октябрьдің» даңқы артатын уақыт жеткен сияқты. Өкінішке орай, қазіргі күнде одан күдерімізді мүлде үзіп, ат құйрығын кескенімізді көпшілік қаумының іші сезіп отырған болар деп ойлаймын. Мүмкін, «Октябрьдің даңқы арта берсін» дегеннен гөрі, әр үйдегі «қазанның даңқы арта берсін» дегеніміз дұрыс болар.

**Халық кеңесі,
18 сәуір, 1992, 2-б.**

ЖАТ СӨЗДЕР ЖАҒАДАН АЛА БЕРМЕСІН

Маңайындағы елден: «Осы жұрт халықаралық терминдер дегеннің не екенін біле ме екен?» -деп сұрағың келеді де тұрады. Зиялы қауымның біразының оны анық білетіндіктеріне де күмәнім бар. Анық білсе...

Халықаралық терминдер дегеннің екінші аты-интернационализмдер, яғни интернационалдық терминдер(сөздер) немесе интернационалдық лексика. Бұлардың мағыналарын ертелі-кеш шыққан лингвистикалық сөздіктерден қарап көріп едік, 1996 жылы шыққан І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақовтың «Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігінде» былай депті: «Интернационалдық лексика- жер жүзі халықтарының бәрі білетін, бәріне ортақ сөздер» (73-б.) Дәл сол жылы шыққан О.С. Ахманованың «Словарь лингвистических терминов» деген еңбегінде: «Интернационализм- слово, принадлежащее к общеэтическому фонду ряда языков, близких по происхождению или сходных по

своему историческому развитию», - дейді (180-б.) Ал осылардан он жыл кейін шыққан Д.Э. Розенталь мен М.А. Теленкованың «Словарь – справочник лингвистических терминов» деген анықтамалағында: «Интернациональная лексика- словаобщего происхождения, существующие во многих языках с одним и тем же значением, но обычно оформляемые в соответствии с фонетическими, морфологическими нормами данного языка» (м.,1977. 132-б.), -дегенді айтады.

Сонда осы пікірлердің қайсысы дұрыс?

Меніңше, халықаралық терминдер дегенді «жер жүзі халықтарының бәрі білетін, бәріне ортақ» деу дұрыс болмайтын сияқты. Өйткені халықаралық терминдер бар болғаны бір топ тілдерге ғана тән, соларға ғана ортақ сөздер. Бұл жағынан жоғарыда келтірілген анықтамалардың ішіндегі дәлірегі соңғы Д.Э. Розенталь мен М.А. Теленкованың анықтамасы.

«Дәлірегі» деп отырған себебіміз олар «Интернационализмдер көптеген тілдерде қолданылады» (существующие во многих языках)депті. «Көптеген тілдерде» емес, «бір топ тілдерде» деген дәл келеді. Себебі әдетте лингвистикалық әдебиеттерді жиі кездесетін халықаралық терминдерді сөздіктерден індете іздестіріп көріп едік, олар тек біраз Еуропа тілдері мен түркі тілдеріне ғана ортақ болып шықты. Интернационалдық сөздердің Еуропа тілдеріне ортақтығы түсінікті. Өйткені олар бір-біріне жақын, туыс тілдер. Ал түркі тілдеріне не жорық?

Біздің ойымызша, түркі тілдерінің Еуропа тілдерімен ортақтығының сыры көпшілікке белгілі ғой деп есептейміз. Өйткені ол өз еркімізбен таңдап алған ортақтық емес, сырттан күштеп таңылған ортақтық, зорлықпен ендірілген ортақтық. Оның үстінде бұл ортақтық әлгі терминдердің шығу тегіне қатысты емес, олардың қолданылуына ғана қатысты. Шығу тегі жағынан халықаралық терминдер тек грек, латын тілдері мен Еуропа тілдерінің біразына, онда да негізінен ағылшын, орыс, неміс, француз, италия, испан сияқты дамыған елдердің тілдеріне ғана тән сөздер. Халықаралық терминдер, халықаралық сөздер десе болады, елдің еуропа тілдерінің сөздеріне жүгіретіні сондықтан. Болмаса халықаралық терминдер деп жүргендеріміздің бүкіл дүниежүзі халықтарына ортақтығы шамалы.

Бір сәт ойланып көрелікші. Егер халықаралық терминдер бүкіл дүние жүзі тілдеріне ғана емес, басқа да Азия, Африка, араб, қытай, жапон, үнді, индонезия тілдеріне де ортақ болулары керек еді ғой. Жоқ, олай емес. Халықаралық терминдер делініп жүрген газ, йод, цемент, цех деген сияқты көптеген сөздерді Шығыс Азия (қытай, жапон, корей, вьетнам) араб, үнді, индонезия халықтарының тілдерін кездестіре алмайсың. Бұл тұрғыдан алып қарағанда аймаққа ғана тән ортақ сөздер болып шығады.

Ортақ терминдерінің болуы жағынан Еуропа, Азия тілдерін шартты түрде 5 аймаққа бөлуге болады: 1) Еуропа аймағы (Бүкіл еуропа тілдерімен бірге ағылшын, орыс тілдері де осы аймаққа кіреді), 2) Орта Азия мен Қазақстан, Орта және Шығыс Сібір аймағы (түркі тілдері), 3) Таяу және Орта Шығыс Сібір аймағы (араб, парсы тілдері), 4) Шығыс Азия мен Қиыр Шығыс аймағы (қытай, жапон, кәріс, вьетнам тілдері), 5) Үнді аймағы (Үндістан, Пәкістан, Бангладеш, Непал, Индонезия тілдері).

Олардың бұлай бөлінуінде белгілі бір заңдылық бар. Ол заңдылықты жағырапиялық жағынан да, экономикалық жағынан да, саяси жағында да, тіпті сол топтардағы тілдердің туыстығы, жақындығы жағынан да іздестіруге болады. Басқа мәнбірлерді (факторларды) былай қойғанда, ол топтағылардың әліпбилерінің ортақ болуының өзі неге тұрады? Айталық, бүкіл Батыс Еуропа тілдерінің басын қосып тұрған латын әліпбиі болса, Шығыс Еуропа тілдерінің басын- славян (кириллица) әліпбиі, араб халықтарының басын- араб әліпбиі, ал Шығыс Азия мен Қиыр Шығыс халықтарының басын иероглиф, Үнді алабындағы халықтардың басын – санскрит (деванагари) қосып тұр. Өздері жағырапиялық жағынан қатар, көрші жатқаннан кейін, әліпбилерінің негізі бір болғаннан соң, олардың ортақ терминдерінің болуы заңды да.

Өзіндік төл әліпбилері де жоқ, ортақ терминдері де жоқ жалғыз-ақ аймақ, ол-түркі тілдері аймағы. Ата тегі жағынан олар бір-бірінен туыс бола тұрса да, сөздік құрамының дамуы мен қалыптасуы жағынан сол туыстығынан ажырап қалған тілдер тобы – тағы да осылар. Оның басты себебін жағырапиялық орналасуынан,

халықтардың өздерінен емес, тәуелділіктен, басыбайлылықтан, бодандықтан іздеген жөн.

Бұл айтылғандарға қарап, халықаралық терминдер дегеннің негізі – тілдері туыстығы мен жақындығы екен деп қалуға әбден болады. Бір қараған кісіге солай екендігі де рас. Оған интернационализм сөздердің басым көпшілігі тек еуропа тілдеріне ғана тән екендігін дәлел етіге болады. Бірақ теориялық әдебиеттерге қарасақ, «интернационализм болу үшін, әлгі ортақ сөздер туыс тілдердің сөздері емес, туыс емес тілдердің сөздері болуы керек» деген қағида баса айтылады. Бұл қағида тұрғысынан түркі тілдеріне тән ортақ сөздер (конгнаттар-шығу тегі жағынан ортақ сөздер) түркі тілдері үшін интернационализмдер болып табылмайды. Олай болса, еуропа тілдеріне ортақ сөздер де еуропа тілдері үшін халықаралық сөздер болып табылмауға тиісті ғой. (Шындығында да, туыс тілдердің сөздері онсыз да ортақ емес пе? Сондықтан да, олар туыс тілдер деп аталынбай ма?.)

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: егер әлгі еуропа сөздері еуропа тілі мен еуропа тіліне жайтпайтын (яғни туыстығы жоқ) басқа бір тілдерге, мәселен, түркі тілдеріне ортақ болса ғана олар интернационализмдер болып табылады екен. Көрсіңіздер ме, интернационализмдер кімнің сөзі болуы керек екендігін және олар кім үшін керек екендігін?

Халықаралық сөздер, біріншіден, еуропа тілдерінің сөздері болуы керек, екіншіден, олар еуропа тілдері үшін емес, түркі тілдері үшін ғана қажет.

Осы мәселеге екінші жағынан қарап көрелікші. Егер білгілі бір тілдің сөздері халықаралық термин болуы үшін, ол сөздердің туыс емес тілдерге ортақ болуы шарт болса, онда қазіргі еуропалық интернационализмдердің ішінде неге ең болмағанда он ақты түркі сөздері жоқ?

Мысалға «базар» сөзін келтірелік. Бұл сөз түп төркіні жағына- парсы сөзі. Ол бүкіл араб-парсы, тәжік, ауған, үнді, урду, бенгал, индонезия тілдерін, бүкіл түркі, монғол, кавказ тілдерін былай қойғанда, орыс, украин, белорус, молдаван, поляк, чех, словак, румын, болгар, серб, хорват тілдеріне де ортақ. «Шамадан» (немесе «шабадан») сөзі де дәл осы сияқты. Ол да парсы тілінен жоғарыда

аталған тілдердің бәріне және онда аталынбаған – эстон, литван тілдеріне де ауысқан. Солай бола тұрса да, бұл екі сөзді интернационалдық сөздерін қатарынан таппайсыз. Неге?

Егер халықаралық термин болуы үшін, белгілі бір тілдің сөздері бірнеше (кемінде -3-4 тілдерге, онда да туыс емес тілдерге ортақ болуы міндетті болса, онда ең алдымен жоғарыдағы «базар» мен «шамадан» сөздері интернационализм сөздер болуы керек еді ғой! Жоқ, кең тарай берсән, ортақ бола берсін, бәрібір, сіз ол екі сөздің күндіздің өзінде қолыңызға шамалып іздесеңіз де халықаралық сөздердің ішінен таба алмайсыз. Себебі не?

Себебі біреу ғана. Ол – жоғарыда аталған сөздер шовинизм уымен уланған, экономикалық жағынан мықты, күш-қуаты (қару-жарағы) жағынан үстем халықтардың сөзі емес. Егер ол сөздер «күшті» халықтардың (роман, герман, славян) біреуінің сөзі болса, олар баяғыда-ақ интернационалдық сөздер болып шыға келген болар еді.

Бұдан шығатын қорытынды қандай? Қорытынды: халықаралық сөз болу үшін, олар ең алдымен еуропа тілдерінің біреуінің сөзі болуы керек деген тұжырым. Басқаша айтсақ, кім мықты болса, кім экономикалық жағынан күшті болса, солардың сөздері халықаралық термин болып табылады.

Біз болсақ баяғы мәңгүрттігімізге басып, осы тұжырымды мойындаймыз, соған бас ұрамыз. Керек десең, оған табынамыз. Өзіміздің асылымыздан гөрі олардың жасықтары бізге асылдау, артықтау көрінеді. Әйтпесе өз тілімізде Жоғарғы Кеңес, кеңсе, басқарма, әмір, оралман деген сөздеріміз тұрғанда ағылшынның парламент,офис, француздың департамент, мэр, гректің диаспора деген сөздерін қолданып, оларға тіліміздің төрінен ойып тұрып орын беріп қояр ма едік?!

Біздің кейбір зиялыларымыз: « Бұлар – халықаралық терминдер. Халықаралық терминдерді өзгертпей, аудармай алу керек», -дейді. Неге басқа халықтар солай етпейді? Мәселен, гректің кинема (kinema – «движение») деген сөзін ағылшындар да, француздар да, италияндықтар да дәл осы жерде көрсетілгендей айтады және солай жазады? Ал орыс тілі болса бұл сөзді кинема деп емес, кино деп өзгертіп қабылдады. Жоғарыда айтылған белгілеріне қарағанда

кинема - интернационалдық сөз. Ендеше, оны неге орыс халқы өзгертпей алмады?

Себебі, кинема сөзі (мейлі ол халықаралық сөз болсын) дыбысталуы жағынан орыс тілінің заңдылығына сай келе ме, келмей ме, онда жұмысымыз жоқ, «коммунизмге тезірек жету үшін», «орыс тіліне жылдамырақ көшу үшін», әлгі сөз орыс тілінде қалай алынса, солай «кино» деп (ең болмаса «кинә» деп те емес) алғанды дұрыс деп табамыз. Осынымыз жөн бе?

Әрине, жөн емес. Бұл сияқты сөздерді «халықаралық терминдер», «интернационалдық терминдер» деп, қаншалықты әспеттесек те, жаттың аты – жат. Олар тіліміздегі сөздік қордың түрін бұзады, сынын кетіреді. Сөйлегенде болсын, жазғанда болсын төл сөздеріміздегі үйлесіп, үндесіп, бір сыдырғы айтылып келе жатқан дыбыстардың тіркесіне іріткі түсіріп, күйісінен жаңылған малдай мәңгіріп қалатын кездеріміз жиі байқалады. Оған кінәлі- тіліміздегі жат сөздер, жат сөздердегі жат дыбыстар. «Жат сөздерді тілімізге сол күйінде қаптата беріге болмайды» дегенді айтқанда, біз, міне, олардың осы сияқты ерекшеліктерін еске алып отырмыз.

Хош! Халықаралық терминдерді тілімізге осы қазіргі кезде алып жүргеніміздей алуға болмайды екен. Ендеше, оларды тілімізге қалай аламыз? Әлде олардың мүлде беземіз бе? – деп, менен сұрауларыңыз әбден мүмкін ғой. Жауап берейін: Жоқ, олардан безуге болмайды, безбейміз бе.

Осыдан біраз бұрынғы бір мақаламызда біз халықаралық терминдерді алудың 4 түрлі жолын көрсеткен едік («Ана тілі», мамырдың 21-і, 1992). Сол төрт түрлі жолды осы жерде де көрсете кеткеніміз артық болмас. Оның біріншісі – әлгі интернационалдық сөздердің қазақ тіліндегі баламасын көрсету. Мыс., ангина-баспа, кредит – несие, бартер – баспабас, брокер – делдал, спонсор – демеуші, таможня – кеден, финансы – қаржы, фонд – қор, т.б. екіншісі – халықаралық сөздерді калька жолымен тікелей аудару: пятилетка – бесжылдық, множитель – көбейткіш, производство – өндіріс, колхоз – ұжымшар, совхоз – кеңшар, т.б. Үшіншісі – халықаралық терминдердің орнына қолдан (жаңадан) сөз жасау: аэровокзал-әуэжай, самолет-ұшақ, вертолет – тікұшақ, герб – елтаңба,

концепция-тұжырымдама, программа-бағдарлама, цивилизация – өркениет, т.б. Төртінші – халықаралық терминдердің өзін алу.

Бірақ бұрынғыдай ешбір өзгеріске түспеген қалпында емес, дыбыстық жағынан тіліміздің заңдылығына сай өзгеріске түскен қалпында алу. Мұндай өзгерістің екі түрі бар. Біреуі – сөз сәл ғана өзгереді. Мыс., бензин- бензін, миллион- милион, театр- тиатыр, билет- белет, журнал- жұрнал, карта- қарта, трамвай – тырамбай, рельс- реліс, т.б. Екіншісі – олар дыбыстық жағынан кәдімгідей өзгеріске түседі. Мыс., автор- аптыр, слесарь- сілесір, режиссер – режисер, спектакль – іспектәкіл, циркуль – серкүл, т.б.

Бұл, әрине шет тілінен келген сөз болса болды, олардың бәрін өзгерте бері керек деген сөз емес. Дыбысталуы жағынан, әріптерінің тіркесуі жағынан қазақ тілінің заңдылығына қайшы келмейтін халықаралық терминдер болса, оларды сол күйінде ала беруге болады. Неге болмасын! Мыс., опера, балет, ария, кит, машина, депутат, ром, роман, радар, палата, партия, сорт, сода, т.б.

Сонымен, халықаралық терминдер дегеніміз не болды?

Халықаралық терминдер деп- бір топ тілдерге ортақ (қандай тілдерге ортақ екендігін жоғарыда айттық), мағынасы жағынан бірдей немесе бір-біріне өте жақын сөздерді айтамыз. Бұл тезиспен ешкімнің таласа қоймасы анық. Бірақ, ортақтықтың да ортақтығы бар ғой. Әңгіме сол ортақтықтың немен айшықталатындығында. Айталық, халықаралық термин деп айтылуы (орфоэпия) мен жазылуы (орфография) жағынан бір-біріне жақын немесе ұқсас сөздерді айтамыз ба, жоқ, әлде айтылуы мен дыбысталуы жағынан да бірдей сөздерді айтамыз ба?

Дүние жүзі халықтарының бәрі интернационализмдер деп бірінші көзқарасты жақтайды. Тек қазақ оқығандарды ғана халықаралық терминдер деп – айтылуы жағынан да, жазылуы жағынан да бірдей сөздерді түсінеді, солай деп қабылдайды. Сондықтан да олар: «Халықаралық сөздерге тиіспеу керек», «Оларды аударуға болмайды», «Халықаралық сөздер орыс тілінде қалай айтылса, солай айтылу керек, сол тілде қалай жазылса, солай жазылу керек», - деп біржақты байымдайды.

Бұл не? Елден ерекше болатындай, біздің басқаларын көп білетіндігімізден бе, жоқ, керісінше, білімсіздігімізден бе? Мүмкін

мұнымыз шаш ал десе, бас алатын немесе»асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» дейтін қазаққа тән ауруымыздан шығар. Әлде әсіре интернационалдығымыздан болар? Қалай да біздің халықаралық сөздер жөнінде жалған пайымдауға теріс жол, а түсіп кеткеніміз аян.

Академик В.В. Виноградовтың айтуына қарағанда екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі орыс тіліндегі интернационалдық сөздердің саны 100мыңнан асады екен (РЯВШ, 1940, №3-5). Қазіргі кезге дейін олардың саны қаншаға өсті десенізші? Кейіннен қосылғандарын былай қойғанда сол 100 мың интернационалдық сөздердің 7-8 мыңдайы ағылшын, орыс, неміс, француз тілдеріне ортақ сөздер екен.

Ал осы ортақ интернационализмдердің ішіндегі грек, латын сөздерінің саны қанша дейсіздер ғой. Олардың саны -1151 сөз (Қараңыз: В.Вү Акуленко, «Вопросы интернационализации словарного состава языка». Харьков, 1972, 65-б)

Егер біздің кейбір ғылымдарымыз айтып жүргендей: «тіліміздегі интернационалдық сөздерді орыс тілінде қалай айтып, қалай жазып жүрсе, біз де солай айтып, солай жазуымыз керек дейтін болсақ, онда жоғарыдағы В.В. Виноградов айтқан 100 мың интернационализмдердің бәрін біз солай жазуға тиістіміз. Өйткені олардың бәрі біздің тілімізге солайымен еніп, соламайымен қолданылып келе жатқаны баршамызға белгілі (Қараңыз: Ә.Қайдаров, «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас». Алматы. 1993, 27-б.).

Бір қараған кісі: «Онда тұрған не бар? Интернационалдық сөздерді орыстар қалай айтып, қалай жазса, біз де солай айтып, солай жазсақ, одан біздің ештеңеміз кетпейді», - деуі мүмкін. Солай болсын-ақ делік. Бірақ он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (1974-1986) небәрі 60-ақ мың тқл сөздеріміздің бар екендігін ескерсек, соның үстіне В.В.Виноградов айтқан 100 мың интернационалдық сөздерді қоссақ, сонда қазақ тілі не болып шығады?

Құдай оның бетін ары қылсын. Егер олай еткен болсақ, қазақ тілі қойыртпақтың қойыртпағы болып шығатыны анық.

Қысқасы, біз халықаралық терминдер жөнінде жақсылап адастық. Бізді шовинистік пиғыл шындап тұрып адастырды. Еліміз де, тіліміз де егемендік алғаннан кейінгі жерде бізге ары қарай адаса беруге

болмайды. Тіліміздегі жіберіп алған қателіктерімізді түзеп, оны өзінің негізгі арнасына түсіре алмасақ, кейінгі ұрпақ бізді кешірмейді.

Ана тілі,
29 қыркүйек, 1994 ж.

ТЕРМИН ЖӘНЕ ТІЛ МӘДЕНИЕТИ

Мақаламызды бұлай атауымызда мән жоқ емес. Егер тіліміздегі терминдер мәдениетті болса, тіліміз де мәдениетті. Керісінше, тіліміз мәдениетті болса, оның терминдері де мәдениетті. Бұл – ақиқат. Алайда осындай ақиқат нәрселердің өзі де кейде солай бола бермеуі мүмкін.

Айталық, біздің тіліміздегі терминдердің бәрі мәдениетті терминдер ме?

-Иә, мәдениетті терминдер, - деп айту қиын. Өйткені біздің қазақ тілінің терминдері деп жүргендеріміздің түгелге жуығы орыс тілінен және орыс тілі арқылы еуропа тілдерінен енген сөздер. Олар орыс тілінде қалай айтылса, бізде де солай айтылады, орыс тілінде қалай жазылса, бізде де солай жазылады. Сонда қазақ тілі мен орыс тілінің айырмашылығы қайсы?

Күнделікті шығып тұратын газет-журанал беттеріне қарап көріңіздерші. Орыс сөздері, орыс тілі арқылы енген еуропа тілдерінің сөздері араласпаған бірде-бір мәтінді (тексті) кездестіре ала ма екенсіздер? Жоқ, кездестіре алмайсыздар. Мектептегі балаларыңыз оқып жүрген «Қазақ тілі» оқулықтарының бетін ашып қараңыздаршы, ондағы ережелердің үштен екісі орыс тілінен және орыс тілі арқылы еуропа тілдерінен енген сөздердің жазылуы мен оларға қосымшалардың қалай қосылатындығы жайында. Мысалға бірдей екі дауыссызға біткен *грамм*, *класс* деген сияқты сөздерге немесе *клуб*, *завод* деген сияқты **б**, **в**, **г**, **д** әріптеріне аяқталған сөздерге, болмаса жіңішкелік белгісіне біткен *роль*, *медаль* деген сияқты сөздерге қосымшалардың қалай қосылатындығы туралы ережелерді естеріңізге түсіріп көрсеніздер де жетіп қалар деп ойлаймын.

Жарайды-ақ, сіздердің жұмыстарыңызды жеңілдету үшін мен олардың бәрін емес, тек екі-үш әліппе оқулығының ішінен бәйгеден озып келген, таңдаулы деген М. Жұбанованың бірінші класқа арналған

«Әліппесін» ғана қарауды ұсынған болар едім. Онда шамамен 350-400-дей ғана сөз қамтылған. Солардың 50 шақтысы орыс тілінен және орыс тілі арқылы еуропа тілдерінен ауысқан *артель, борщ, карта, концерт, лагерь, монтер, плащ, станция, съезд, телефон, электр, цемент, щетка, ферма* деген сияқты сөздер. Егер бұл сөздерді қазақ тілінің терминдері десек және анаі-мынау емес, мәдениетті терминдер десек, онда бұлар *әртел, борыш, қарта, кәнсерт, ләгір, мәнтөр, пылаш, ыстанса, сиез, телепон, електір, семент, шөтке, перме* деп айтылған және солай деп жазылған болар еді. Амал не, олай емес. Біздің қазақ тіліндегі терминдерді мәдениетті терминдер деп айта алмай отырған себебіміздің бір жағы осы.

Қазақша термин жасауды ұмытқанымызға, міне, 60-70 жылдай уақыт болыпты. Сонау А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Е.Омаров, Т.Шонанов сияқты асыл азаматтарымыз өмірден өткеннен кейінгі кезеңде қазақ тілінде бірде-бір қазақша термин жасалынып көрмепті. Жалғыз-ақ, жақсы журналисіміз, тамаша аудармашы, маркум І.Жарылғапов ағамыз ғана 15-20 сөз жасапты да, тілімізге солардың көпшілігін ендіріпті. Басқамыз тырп етпей жатыппыз. Тіпті «сөз жасаудың ұстаханасы» болуға тиісті біздің Ұлттық Ғылым академиясы Тіл білімі институты қызметкерлерінің өзі осынша уақыт уақыт аралығында бір ғана «сөзжасам» деген жалғыз терминнен басқа ешқандай термин жасауға талпынбапты да.

Қазірше сөз жасау, термин жасау ғылымымен шындап айналысып жүрген ешкім жоқ. Анда-санда біреу бұрын қазақ тілінде орысша қолданылып жүрген сөздің орнына бұған дейін ешкім естіп көрмеген қолдан жасалынған немесе ауызекі сөйлеу тілінен алынған жергілікті сөздердің біреуін балама етіп ұсына қалса (мысалы, *мәнбі* – факт, *мәнбір* – фактор, *дәргей* – баланс, *қапсал* – кассета, *риан* – косметика, *бигеш* – маятник, *жұқалтыр* – пленка, *дәрел* – рецепт деген сияқты), «жоқ бұлар жасанды сөздер, олар тиісті ұғымдарды дәл бере алмайды» - деп, әлгі сөздерге жұртшылықтың жағымсыз пікірін туғызуға тырысады. Сөйтіп, ол сөздерді тілімізге ендірмеуге барынша ат салысып бағады.

Ендеше әлгіндей орысша сөздердің орнына тілімізге бұрыннан бар, бірақ жиі қолданмағандықтан ұмытылып бара жатқан көне сөздердің біреуін ұсынып (*мәселен, уәзір* – министр, *әмір* – мэр,

сынып – класс, *керік* – жираф, *көйе* – халат, *әнжі* – тампон, *берне* – функция, *зымыран* – ракета деген сияқты), осы қалай болар екен десең, «жоқ, көне сөздер бүгінгі күнге лайық емес», - деп, екінші жағына жалт береді. Сөйтеді де: «Қазақ тілі кедей тіл. Термин жасауға оның лексикалық қоры жетпейді. Сондықтан, халықаралық терминдердің ішінде жоғарыдай ұғымдарды білдіретін мынадай-мынадай сөздер бар. Әлгі жасанды сөздердің орнына соларды алу керек», - деп ақыл айтқансып, өз жыртысымыздан гөрі өзгенің жыртысын жыртады. Оның ақыры жаңадан жасалған қазақша терминнің (сөздің) басына су құйылуымен аяқталады.

Ең болмаса әлгі «жарамсыз» қазақша терминнің орнына ұсынар басқа бір жарамды балама сөз болса бір сәрі ғой. Жоқ, балама сөз де жоқ, қуаттау да жоқ, әйтеуір халықаралық термин тұрғанда қазақша сөздің қажеті шамалы деген мәңгүрттік пиғылдан басқа еш нәрсе таппайсың.

Бұдан кім ұтты, кім ұтылды? Меңінше, ұтылған жалғыз ғана киелі нәрсе бар. Ол – қазақ тілі. Мысал керек пе? Мысал жетеді. Тілімізге тым ерте кезде еніп, ішкі заңдылымызға бейімделіп кеткен *жағыратия*, *жандарал*, *пәлсапа*, *атбекет*, *сиаз*, *кәңкі*, *тауар*, *кәләш*, *шенеуік*, *кірәсін*, *үрөл* деген сияқт бір топ сөздерді «коммунизмге бара жатырмыз», «орыс тіліне көшпекпіз» деген желеулермен қайтадан *география*, *генерал*, *философия*, *адвокат*, *съезд*, *коньки*, *товар*, *голош*, *чиновник*, *керосин*, *роль* деп орысшаға түзеп алдық.

Біздің ойымыз айтады: тіл мәдениеттілігін сөз ету үшін, алдымен тіліміздің ішкі тазалағын, ұлттық негізін түзеп алуымыз керек. Өйткені, біздің тіліміз еуропаланып кеткен тіл. Әліпбиіміздің құрамында орыстың қазақ тіліне қажеті шамалы 10-12 әрпі жүр. Халықаралық терминдер деп аталынып кеткен еуропа тілдерінің 100 мыңнан аса сөздерді тіліміздің лексикалық құрамынан ойып тұрып орын алған. Осылардың кесірінен тіліміздің алтын қазығы – үндестік заңы бұзылды.

«Қазақ тілін осылардан аздап болса да да арылтуымыз керек» десек, бізге дау айтушылар, тіпті жазғырушылар көптеп табылады. Сондағы олардың дәлелі: «Біздің тіл – дамыған, жетілген тіл. Ондағы сөздер айтылуы жағынан да, жазылуы жағынан да әбден қалыптасқан. Қалыптасқан сөздерге тиіспеу керек», - дейді.

Осындай қалыптасқан сөздердің біреуі – *чемодан*. Бұл түп-төркіні жағынан парсының сөзі. Ол түркі тілдері арқылы бүкіл Шығыс Еуропа тілдеріне ауысқан. Бір қызығы осы сөз 1978 жылға дейінгі қазақ тілінің барлық сөздіктерінде *шабадан*, *шамадан* деген екі нұсқада қолданылып келген еді. «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігін» 1978 жылғы екінші басылымнан бастап, бұл сөз *чемодан* болып өзгеріп шыға келді.

Бұл не? Орыстану ма, жоқ, тіл мәдениеттілігіне көшкендігіміз бе?

Меніңше, өз тіліміздің дыбысталу заңдылығынан бас тартып, орыс тілінде қалай айтылып, қалай жазылса, қазақ тілінде де солай айтып, солай жазуға көшкендігіміздің дәлелі. Нәтижесінде парсының «шамадан» сөзі түркі тілдері арқылы орыс тіліне емес, керісінше орыс тілі арқылы қазақ тіліне ауысқан сөз болып шығып отыр.

Егер әр тіл өзінің тілдік ерекшелігін, тазалығын өзі сақтауға тиісті болса, қазақ тілінің тілдік ерекшелігі мен оның тазалығын сақтауға кім міндетті болуға тиісті?

Сөздік құрамымызда жат жұрттық сөздер толып жатыр. Ол жат сөздер біздің тілдік ерекшелігімізге (үндестік заңына) бағынбай қолданылады. Сөз саптау үрдісіміз де қазақ тілінің қалыбынан шығып кетіп, оны түсіну, түсіндіре қою қиындаған. Орысша ойлап, сөйлемдерімізді орысша құрамыз. Бір сөйлемнің ішінде бірнеше шет сөздері жүрмесе, басымыз ауыратын дертке шалдыққанбыз.

Биология ғылымында «телу» деген әдіс бар. Алма ағашының діңіне алмұрт бүршігін телісең, әлгі бүршік өсіп, бұтаққа айналады. Бірер жылдан кейін ол бұтақ алмұрт жемісін береді. Сол алма ағашының екінші бір жеріне алхорының бүршігін телісең, ол бұтақ алхоры жемісін береді. Мұндай телінген бұтақтар біреу-екеу болмай, бірнешеу болса ше? Онда діңі және тағы бір-екі бұтағы ғана алма да қалған бұтақтарының бәрі әртүрлі жеміс беретін құранды ағаш болып шығады. Біздің қазақ тілі де, егер алдын алмасақ, дәл осындай телінді ағаш болғалы тұр.

Тілдері жоғарыдай бұдан тілге айналған қазақ азаматтарынан алда-жалда «бұларың қалай?» деп сұрай қалсаң, «қазақ тілінде ондай ұғымдарды білдіретін сөздер жоқ» деп жауап береді. Басқа тілдерде ондай ұғымдарды білдіретін сөздер қалай бар? Оларды сол халықтарға кімдер жасап беріп жүр екен? – деген ойға қаласың.

Біз әдетте «ана сөз дұрыс, мына сөз бұрыс», «ана сөз мәдениетті, мына сөз мәдениетсіз» дегенді жиі айтамыз. Гәп олардың дұрыс-бұрысына немесе мәдениетті-мәдениетсіздігін анықтауда емес (әрине, бұлардың да қажеттігі бар), гәп солардың дұрыс, мәдениетті дегендерін қалыптастыруда. Тілімізде қалыптасып кетсе, бұрыс деген сөздің өзі дұрыс болып шыға келеді. Мәселен, «*емгер*» (врач) деген сөздің орнына «дәрігер» сөзінің, «*туылды*» (родился) деген сөздің орнына «туды» сөзінің қалыптасып кетіп, оларды күні бүгінге дейін түзей алмай әуре болып жүрген жоқпыз ба?!

Алдын ала айта кетейін, бұл істе газет-журналдардың, теледидар мен радионың, баспа редакторларының, әсіресе орта мектеп пен жоғары оқу орнындарында арналған оқулықтардың рөлі өте зор.

Қысқасығ, тілдік норма, тілдік дәстүр дегендер қатып қалған нәрсе емес. Кешегі норма бүгінгі күн үшін норма бола бермеуі мүмкін. Олай болса, өзгермейтін, үзілмейтін жалғыз ғана тін бар. ОЛ – тіл заңдылығы. Біз тіл заңдылығы мен тілдік норма, тілдік дәстүр дегендерді шатастырып алып жүрміз. Тіл заңдылығы ешқашан өзгермейді. Ал тілдік норма мен тілдік дәстүр заманына қарай өзгере беруі мүмкін. Оларды саралай білгенге не жетсін.

**Жас алаш,
1 қараша, 1994 ж.**

ТЕРМИНДІ ТІЛГЕ ТИЕК ЕТСЕК

«Қазақ әдебиеті» газетінен филология ғылымының докторы М.Базарбаев ағамыздың «Дұрысы: тілге тиек пе? Әлде...» деген мақаласын оқыдық (7-қазан, 1994). Мақаланың бас жағында айтылған пікірлердің көпшілігіне риза болдық. Риза бола отырып, олардың кейбіреулерімен таласқымыз да келді.

Бірден айталық, мақала иесінің қазақ терминдеріне байланысты айтқан пікірлерінің біразымен біз келісе алмаймыз. Қане, бәріміз бірге ойланып көрелікші. Автор не деді? Алдымен соған көңіл аударарлық:

«Юстиция, протокол, телеграмма, программа, метод, транспорт, календарь, музей... сияқты терминсөздер аударылмай, өзгертілмей жазылу керек. Себебі олардың бәрі латын, грек сөздері. Юстициялық дегенді *әділет*, телеграмманы – *жеделхат*, транспортты – *көлік*,

кондукторды (?) – *жолсерік* деудің қанша қажеті бар. Бұл тіпті, тілдік қорымызды кедейлендіру, жүдету болып шығады. Демек шет елде келген әрі өзімізде бұрын болмаған зат, бұйымдарды таңбалайтын сөз-терминдер еш өзгеріссіз алынуы қажет».

«Гимн мен герб тұрғанда *әнұран, ел таңба* дегеніміз самаладай жарық кең сарайдан жер кепеге қайта кіргенмен бірдей. Финансы деген латын сөзін өзгертпей алу керек. Оның мағынасы тым үлкен. *Қаржы* – өте қораш. Осы сипаттас орыс тілінен енген поезд, съезд, товар, завод, пьеса, фабрика деген сияқты сөздер де өзгертілмей алынуы керек. Мәселен, поезды *пойыз* дегенмен ол қазақша дөңгелемейді ғой» (Сонда қалай? Самолетті самолет демей, *ұшақ* десек, вертолетті вертолет демей, *тікұшақ* десек, олар ұшпай ма? Б.Қ.).

«Құдай ондағанда, паспорт алынбай (?), оның орнына куәлік жүретін болды (?). Әйтпесе *төлқұжат* деген бір пәле тағы келе жатыр еді. Бәрібір, паспортты *паспорт* деу керек. Ол тілге әбден сіңісіп кеткен сөз. Өйткені ол оның мағынасын бере алмайды».

Міне осылай кете береді.

Мақаланың мазмұнынан біздің ұққанымыз: Егер термин сөздер орыс тілінде қалай айтылып, жазылып жүрсе, біз де солай айтып, жазсақ, бұл – жақсы. Ал орысша сөздерінің қазақша баламаларын іздеп тапсақ және оларды солай қолдансақ, бұл – жаман. Оны автордың сол «жақсылар» мен «жамандар» үшін келтірген бейнелі сөздерінен-ақ көруге болады. Мысал келтірейік:

Автордың жазуынша, термин-сөздердің «мағынасы кең», «халықаралық мәні бар», «дені сау», «таза», «ұғымды», «жатық», «түсінікті», «тілімізге әбден сіңісіп кеткен», Бізді олар «дүниежүзілік прогреске жеткізеді», «цивилизацияға бір табан жақындатады», «бүкіл дүниелік мәдениетке қабыстырады». Сондықтан да, ол термин-сөздер «аударылмай, өзгертілмей жазылу керек». Егер бұлай етсек, ол – «кемелдену», «самаладай жарық, кең сарайға кіру».

Ал әлгі термин-сөздердің қазақша баламаларына келсек, олар: «салпы етек, малма тұмақ», «бір пәле», «қате», «асығыс істелген», «нашар», «әлсіз», «дәмсіз», «жүдеу», «түсіну қиын», «өте қораш», «айтар ойды түгел жеткізе бермейді», «терминнің мағынасын бере

алмайды», «құлаққа жағымсыз», «көріксіз», «ұнамсыз», «жайсыз», «жекесұрын», «сорақы», «қиқы-жиқы», «қойыртпақ», «былық», «шылық», «жабайы».

Сондықтан бұл сияқты қазақшалаудан (*төлқұжат, тұғырнама* деген сияқтылардан) «тіпті аулақ қашу керек». Олай етпеген жағдайда, яғни термин-сөздердің қазақша баламаларын қолдансақ, мұнымыз «адасқандық», «жаңсақтық», «қараңғылық», «сауатсыздық», «тоғышарлық», «қаражаяулық», «зорлық», «тілді бұзу», «бүлдіру», «берекесін кетіру», «қор еткендік», «кері сүйрегендік», сөйтіп «жер кепеге қайта кіргендік...» (Бәрі де төлиенің сөздері – Б.Қ).

Өз сөздерімізді осыншалық кемітіп, өзге тілдің сөздерін (яғни халықаралық терминдерді) соншалықты әспеттейтіндей, олар аспаннан екі аяғын салбыратып түскен сөздер емес қой. Ол сөздер де өзіміздей қарапайым халықтардың бірінің сөзі. Мән берсек, мағына телісек, өз сөздеріміз де халықаралық терминдер сияқты кең ұғымға ие бола алады. Мәселе соған ұмтылуда.

Әрине, халықаралық терминдердің ішінен өзімізге қажеттісі болса, оларды тілімізге алуға болады. Неге болмасын... Бірақ күні бүгінге дейінгі тәжірибеміздей ол сөздерді орыс тілінде қалай айтылып, қалай жазылып жүрсе, солай алуға болмайды. Оларды тіліміздің ішкі заңдылығына бағындырып алу керек. Сонда ғана ол термин-сөздер латынның, гректің не орыстың сөзі емес, қазақтың сөзі болып шығады. Өйтпеген жағдайда кірме сөздердің жат жұрттық болып қалғаны қалған. Араб-парсы тілдерінен енген сөздердің басым көпшілігі тіліміздің ішкі заңдылығына сай өзгеріп, етене болып кірігіп, сіңісіп кеткен жоқ па?!

Әрі қарай автор: «Орыс тілінде көптеген түрік сөзі, оның ішінде қазақ сөзі жүргенде бірлі-жарым іргелес тұрмыс-тіршілікке байланысты енген орыс сөздерінен несіне қашамыз», - деп жазады.

Біріншіден, Мүсекеңнің «орыс тілінде көптеген түрік сөзі, оның ішінде қазақ сөзі жүр» дегені онша дәл айтылып тұрған жоқ. «Жүрсе» бірді-екілі мысал келтіруге болатын еді ғой. Егер автор бұл жерде *ауыл, қымыз* деген сияқтыларды айтып отырған болса, олар орыс тілінің сөздіктерінде *ауыл, қымыз* деп емес, *аул, кумыс* деп, өзгертіліп алынған. Ал біздің ағамыз болса, «Орыс тілінен енген сөздерді ешбір өзгертпей алу керек» дегенді айтады.

Екіншіден, автордың «бірлі-жарым орыс сөздерінен несіне қашамыз» деуі де шындықпен қабысып жатқан жоқ. Өйткені тілімізге орыс тілінен және орыс тілі арқылы еуропа тілдерінен ауысқан сөздердің саны «бірлі-жарым» емес. Ондайлар тілімізде мыңдап, миллиондап саналады. Соның бәрін, мақала авторы айтқандай, өзгеріссіз ала береміз бе?! Егер олай еткен болсақ, тіліміз қазақ тілі болмай, еуропа тілдерінің бірі болып шыға келері даусыз.

Автор тағы да: «Орыс тілінде 20 мыңнан астам шет тілдерден енген сөздер бар екен (Оның саны екінші дүниежүзілік соғысқа дейін-ақ жүз мыңнан асып кеткен болатын – Б.Қ.). Ол сонан байып та, толығып та отыр. Біз өз тілімізді жүдетпеуіміз керек», - дейді.

Дұрыс-ақ. Орыс тілінің шет тілдерінен енген сөздермен байып, толығып отырғаны рас. Мәселе сол шет тілі сөздерінің орыс тіліне қалай қабылданып отырғандығында. Олар орыс тілінің заңдылығына сай, түрлі фонетикалық өзгерістерге түсіріліп барып, қабылданып отыр.

Қазақ тілінің қамын жейтін бірегей азаматтарымыз деп жүрген жазушыларымыздың, журналистеріміздің, ғалымдарымыздың өздері: «халықаралық терминдерді өзгертпей алу керек. Бізді дүниежүзілік цивилизацияға жеткізетін солар», - деп, онсыз да тайқып кетуге сылтау іздеп тұрған елдің аузына сөз салып береді.

Төлие (автор) өз мақаласында: «Ең қауіптенетініміз – туған тіліміздің түбірінен, біржола қопарыла бұзылып бара жатқаны», - дегенді де жазыпты.

Біз айтар едік: Туған тіліміз бұзылып бара жатқан жоқ. Ол баяғыда-ақ қопарылып, бұзылып, орыстанып кеткен. Қазақ тілі қазір сол «бұзық» жолдан, «түзік» жолға түсу әрекетінде. Сондықтан да бұған дейін орысша жазылып, яғни орысша қолданылып жүрген сөздердің көпшілігінің қазақша баламаларын іздестіре бастасақ мемлекеттік терминология комиссиясы олардың біразын бекітіп берсе (мақала авторы сынап отырған жоғарыдағы қазақша терминдердің көпшілігін терминком баяғыда-ақ бекітіп берген), олардан ат-тонымызды мүлде ала қашқанымыз жөн болар ма екен? Қазақ тіліне жанымыздың ашитыны шын болса, қайта, керісінше, бұл сияқты жаңа үрдіске көпшілік болып көмектескеніміз,

жәрдемдескеніміз мақұл емес пе?! Ағалық ақылымызды айтып, қол ұшын бергеніміз жөн болмас па?!

«Соңғы 60-70 жыл ішінде тілімізден орын тепкен дүние жүзі тіл қазынасынан енген сөздерді емін-еркін пайдалануымыз қажет. Телеграмманы – *жеделхат*, календарды – *күнтізбе* десек, нағыз қойыртпаққа ұрынамыз», - деп аяқтапты төлие өзінің терминдерге қатысты пікірлерін. Ол кісінің аталған мәселеге байланысты айтпақ болған ойы да, жазған мақаласының тоқ етер түйіні де – осы. Жақында мен «Ана тілі» газетінен химия ғылымының кандидаты С.Ақаев деген азаматтың «Кірме сөздер келімсектерден де қауіпті» деген мақаласын оқыдым. Онда ол: «Орыстандыру саясатына қызмет етіп келген термин жасау ісіне ұлттық мүдде тұрғысынан қайта қараған жөн», - деген ой айтыпты (13 қазан, 1994). Бұл химия маманының пікірі.

Ақаевтың (Ахмет Байтұрсынұлының): «Сөзі жоғалған елдің өзі де жоғалады», - дегені әркімнің есінде болар. Ендеше, бүйтіп, көзі жақсы, өзі жақсы деп, тіліміздегі жат жұрттық сөздердің санын көбейте берсек, өз елімізде халқымыздың саны азшылыққа айналып, соның зардабын тартып жүрген қазіргі кезіміздегідей күндердің күнінде тіліміздегі төл сөздеріміздің өздері де азшылыққа ұшырап, кемдік көрмесімізге кім кепілдік бере алады?! Жоғарыдай пікір айтушылар тым болмаса осыны ойлады ма екен?!

«Қазақ әдебиеті»
28 қазан, 1994 ж.

ТЕРМИН ТАҒДЫРЫ ДА ОЙЫНШЫҚ ЕМЕС!

«Халық кеңесі» газетінің өткен 1994 жылғы шілденің 5-індегі 82-нөмірінде Қазақ мемлекеттік әлем тілдері университетінің бір топ философтары мен филологтары қол қойған «Тіл тағдыры ойыншық емес» атты мақала жарияланды. Мақалада қазақ тілінің бүгінгі мүшкіл халі жан-жақты айтыла, әртүрлі мысалдармен дәлелдене келіп: «Егер дәл осындай жағдайда орыс тіліне екінші мемлекеттік тіл дәрежесі беріле қалса, ол қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде өлуіне әкеліп соғады», - деген қорытынды жасаған. Обалы не керек, төлиелер көтерген мәселесін жақсы айтқан және жеріне жеткізе айтқан. Бірақ,

неге екенін қайдам, мақаланың соңына қарай олар алған тақырыптарынан жалт бұрылып, халықаралық сөздер мен терминдер туралы сөз етеді. Біздің көңіл аудармағымыз да осы соңғы мәселе жайында болмақшы.

Төлиелер жазады: «Қазіргі кезде кейбір қазақ тілі мамандары, қазақ газет-журналдарының қызметкерлері мен журналистер және басқалар қазақ тілін еуропалық тілдерден ауысқан интернационалдық сөздер мен терминдерден тазартуға талпынумен, олардың бәрін қазақ тіліне аударумен әуестеніп жүр. Бұны қазақ тілін басқа тілдерден оқшаулануға бағытталған, мемлекеттік қазақ тілінің қалыптасуына кедергі жасайтын кертартпа әрекет деп есептейміз», - дейді. Сондағы келтірген мысалдары: *проспект* (даңғыл), *телеграмма* (жеделхат), *аэропорт* (әуеайлақ), *ракета* (зымыран), *программа* (бағдарлама), *космос* (ғарыш), *фонтан* (бұрқақ, бұрқақсу), *гипотеза* (көкейкөз), *интуиция* (көземел), *логика* (қисын) – деген он сөз. Бұлардың ішіндегі *проспект*, *программа*, *космос*, *логика* дегендерді қазақшаға аударғандар, мақала иелері айтқандай, «кейбір қазақ тілі мамандары, қазақ газет-журналдарының қызметкерлері (?) мен журналистер» емес, Қазақстан Министрлер кабинеті жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясы. Ол терминдерді бекіткен де сол құқықты комиссия. Мұны философ жолдастардың білмеуі кешірімді-ақ делік, ал оны филолог жолдастардың білмеуі, әрине, өкінішті. Дегенмен, бұл жердегі әңгіме олардың мұны білу-білмеуінде емес, әңгіме жоғарыдағы терминдерді қазақшаға аударудың «зардабы» туралы мақала төлиелерінің айтқан ой қорытындылары жайында.

Олардың айтуынша (жазуынша) жоғарыдағы сөздерді қазақшаға аудару «қазақ тілін басқа тілдерден оқшаулайды» екен, «мемлекеттік қазақ тілінің қалыптасуына кедергі жасалынатын» көрінеді. Аудармашылар халықаралық сөздерді «ғылыми емес, түсініксіз сөздермен қазақшалапты». Қазақшалаған сөздердің «бар кінәсі – ол сөздердің қазақ тіліне орыс тілі арқылы енгендігінде» ғана екен. Қазақшалаушылардың бұл істері «кертартпа әрекет» болып табылыпты, т.с.с.

Қазақ тілінің қыр-сырын, қазіргі жайын жақсы білетін адамдардың өздері де байқап отырған болар, бұл пікірлердің бәрінің де аяғы жерге тимей, аспанда салбырап тұр. Жақын маңда олардың

ақиқат ауылына жуықтар түрі жоқ. Өйткені оның төлиелері басынан аяғына дейін жалған пайымдауларға ұрынған.

Ойымыз жүйелі болуы үшін жоғарыда келтірілген пікірлерге толығырақ тоқталғанымыз жөн болар.

Бірінші, халықаралық сөздер мен терминдерді қазақшаға аударсақ, қазақ тілі басқа тілдерден оқшауланады деу мүлде қате. Өйткені, әрбір жеке тіл (егер оның өз алдына жеке тіл екендігі рас болса), сөзсіз басқа тілдерден ерекше болады. Сондықтан да, ол басқа тілдерден оқшау тұрады. Оқшау тұрмаса, ол жеке тіл болып есептелінбейді де.

Екінші, халықаралық терминдерді қазақшаға аударсақ, олар қазақ тілінің мемлекеттік тіл болып қалыптасуына кедергі келтіреді деу де негізсіз. Қайта, керісінше, егер қазақ тілі жат жұрттық сөздердің тасқынына көміліп кетсе, шетел сөздерімен араласып, әбден қойыртпақтанса, ол өзінің мемлекеттік тіл қызметін ойдағыдай атқара алмайтындығы айдан анық.

Үшінші, «тілімізді жат жұрттық сөздердің (варваризмдердің) тасқынынан сақтайық, ол үшін халықаралық сөздердің бәрін болмаса да, біразын қазақшаға аударайық», - деу неге «кертартпа әрекет» болып табылатындығы бізге түсініксіз. Керісінше, шөптің басын сындырмай, тұяқ серіппей, бұрынғысынша: шет жұрттық сөздер тілімізді басса, баса берсін, бұған дейін қазақ тіліндегі терминдердің 70-80 пайызы орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа еуропа тілдерінен келген сөздер болса, енді оның саны одан да арта түссін деу, кешірерсіздер, кертартпалықтың нағыз өзі болып табылмай ма?

Төртінші, «интернационалдық сөздер ғылыми емес, түсініксіз сөздермен қазақшаланыпты» деген айыптың да реті жоқ. «Ғылыми, түсінікті сөздермен қазақшалау» деген не? «Ғылыми емес, түсініксіз сөздермен қазақшалау» деп нені айтамыз? Мақала төлиелері келтірген жоғарыдағы сөздердің әрі ғылыми, әрі түсінікті қазақша баламалары қайсы? Бар болса, оны авторлар неге келтірмеген? Қысқасы, тиянағы, тұрлауы жоқ, қисынсыз пікірге қойылар сұрақтар да қисапсыз көп болады екен.

Төлиелер одан әрі қарай былай деп жазады: «Бұл әрекетті («кертартпа әрекеттің» деп түсініңіз – Б.Қ.) қазақ тілінің мемлекеттік болашағына тигізетін мынандай үш зиянды әсері бар. Олар: 1) Бұл

әрекет қазақ тілінің сөздік қоры мен құрамын жұтаң күйге түсіреді; 2) Барлық интернационалдық сөздер мен терминдерді қазақшалау – орыс тілінде ғана сөйлейтін қазақ жастарының өз ана тілін меңгеруіне көмектеспейді, қайта оларды қазақ тілінен алшақтата түседі; 3) Бұл кертартпа әрекет Қазақстанның дүние жүзілік бірлестікке енуіне кедергі жасайды».

Міне, көріп отырсыздар, мақала төлиелерінің пікірлері осындай. Бұл пікірлермен ел санаса ма, санаспай ма, келісе ме, келіспей ме, онда олардың жұмыстары жоқ. Айттым – бітті, кестім – үзілді. Көнсең де осы, көнбесең де осы дейді. Онымен қоймай, «Тіл білімі ғылымымен азды-көпті таныс адамдар біздің бұл пікірлерімізді құптайды ғой деп ойлаймыз», - деп, қосып қояды.

Бесінші (жоғарыдағы реттілікті сақтағанымыз жөн болар), халықаралық сөздерді қазақшаға аудару – «қазақ тілінің сөздік қоры мен құрамын жұтаң күйге түсіреді» деу күлкілі нәрсе. Қазақшаға аударсақ, ол қазақша сөздер тілімізді неге жұтаң күйге түсіреді? Қайта, олар қазақ тілін байыта, нәрлендіре, әрлендіре түспей ме?

Алтыншы, халықаралық сөздерді қазақшалау – «орыс тілінде ғана сөйлейтін қазақтардың өз ана тілін меңгеруіне көмектеспейді, қайта оларды қазақ тілінен алшақтата түседі» деген пікір де миға қонып тұрған жоқ. Өйткені бұл пікір де шындықтың ауылынан аулақта жатыр.

Төлиелердің ойынша, қазақ тілін халықаралық сөздермен толықтырсақ (интернационалдық сөздерді қазақшаламай, сол күйінде алсақ), өз тілін білмейтін қазақтар ана тілін меңгереді екен, одан алшақтамайды екен.

Мұндай да сұмдық болады екен-ау. Олай етсек, олар өз тілінің несін үйренеді, неменесін үйретеді? «Өз тілі» дегеніміздің бәрі олардың онсыз да өздері білетін орыс және орыс тілі арқылы келген еуропа тілдерінің сөздері болып шықпай ма?

Жетінші, «бұл кертартпа әрекет (халықаралық сөздерді қазақшалау) Қазақстанның дүниежүзілік бірлестікке енуіне кедергі жасайды», - деу тіптен қате. Дүниежүзілік бірлестікке ену үшін немесе сол деңгейге көтерілу үшін, халықаралық сөздерді емес, экономикалық қатынастарды, экономиканың даму заңдылықтарын,

техниканы, технологияны білу керек екендігін әркім өзі зерделеуге тиісті ғой деп ойлаймыз.

Ал сөзде – заттың, ұғымның атауында тұрған ештеңе жоқ. Мәселе сол зат пен ұғымның мәнінде, мағынасында.

Айталық, компьютерді «компьютер» дегеннен немесе Қытайдағы, Түркиядағы қазақтар сияқты оны «білгесаяр» дегеннен компьютердің мән-мағынасы, жұмыс істеу тәртібі өзгеріп кете ме?! Жоқ, өзгермейді. Әңгіме сол компьютерді жасауда, онымен жұмыс істей білуде, оны тұрмысымызда қолдана алуға; атында емес.

Мақала төлиелері тағы да: «Орыс тіліндегі сөздердің үштен бірі басқа тілдерден ауысқан сөздер. Ал «а» әрпінен басталатын сөздердің 90 проценттен астамы шетелдік екен. Бұлардың бәрін орыстар өздерінің төл сөздері ретінде қолданып жүр. Олар одан пайдадан басқа зиян көріп отырған жоқ. Біз неге сөйтпейміз?!» - дейді.

Рас, орыс тіліндегі «а» әрпінен басталатын сөздердің 90 пайыздан астамы шетелдік екендігі ақиқат. Бірақ, мұның төлиелер көңіл аудармаған, көрмеген, көргісі келмеген екенші жағы бар. Ол – шет тілінен ауысқан сөздерді өз тілінің заңдылығына бейімдеу деген мәселе.

Бізден (қазақтан) басқа кез келген халық, оның ішінде орыстар да бар, шет тілден сөз алса, оны өз тілінің айтылу, жазылу заңдылығына бағындырып, бейімдеп алады. Оған әлгінде ғана мақала төлиелері сөз еткен орыс тілі сөздіктеріндегі «а» әрпінен басталатын 4-5 қана сөзді мысалға алалық: *агент* < лат. *agens // agentis*, *артист* < фр. *artiste*, *армия* < *armee*, *акция* < *action*, *аул*. < қаз. ауыл, т.б.

Бұл мысалдардан орыс тіліне шет тілдерінен сөз ауысқанда олардың қалай ауысқандығын оқырман көріп отырған болар. Ал қазақ тіліне бұл сөздер қалай ауысып жүр?

Оған бас ауыртып жүрген ешкім жоқ. Сол баяғы мәңгүттігімізге басып, өз тілімізді, өз тіліміздің заңдылығын аяққа басып, ондай сөздерді орыс тілінде қалай айтылып, қалай жазылса, біз де оларды солай айтып, солай жазып жүрміз. Мысал үшін, сол жоғарыдағы сөздердің өзін ғана алып көрелікші: *агент*, *артист*, *армия*, *акция*, т.б.

Дүниежүзілік деңгейге көтерілеміз десек, басқа халықтар сияқты өз тілі, өз мәдениеті бар өркениетті елдердің қатарына ілігеміз десек, біз ең алдымен, терминдерімізді ретке келтіріп, жоғарыдағы сияқты

сөздерді *агент, әртіс, әрмия, әксия* деп айтуымыз және осылай жазуымыз керек. Тіл мәдениеті дегеніміз осы. Әйтпесе, шетел сөздерін олардың өздерінде қалай айтылса, солай айтып, қалай жазылса, солай жазып, «қазақ тілі дегеніміз осы», «тіл мәдениеті дегеніміз осы» десек, ол қазақ тілін көгертетін жол емес, қайта, керісінше, көктей солдыратын жол. Өзіміздің қазақтық, тым болмаса түріктік жолмен емес, орыстық, еуропалық жолмен жүру – түптің түбінде жарға жығатын жол.

Біз де хабардармыз. Шет тілін оқытатын мұғалімдердің ішінде «Егер тілде интернационалдық сөздер неғұрлым көп болса, сол тілдің өкілдеріне шет тілін үйрету соғұрлым оңай болады» деген қағидасымақ бар. «Қағидасымақ» деп отырған себебіміз – бұл тезистің көңілге қона қоймайтындығы. Неге десеңіз, аталған тезис түбірінен қате.

Бір сәт ойланып көрелікші. Тіліміздің лексикалық құрамының көбі халықаралық сөздер болса (әдетте, халықаралық сөздердің көбі еуропа тілдерінің сөздері болады), әрине, бұл тілдің өкілдеріне ондай «шет тілін» үйрету оңай.

Бірақ бұл шет тілін үйрету ме, жоқ, әлде амалын тауып, бір тілге, айталық, халықаралық деп аталатын ортақ тілге көшірудің тәсілі ме?

Қысқасы, мақала төлиелері дұрыс айтқан: «Тіл тағдыры ойыншық емес». Сонымен қатар біз де айтқан болар едік: «Терминдер тағдыры да ойыншық емес», - деп. Тіліміздегі терминдерге ойлана, толғана, қазақ тілі тұрғысынан, ең болмаса бір рет қарағанымыз жөн сияқты.

Әр халықтың өздеріне ғана тән сөздері, терминдері болады. Сондықтан да, олар «орыс тілінің терминдері», «қазақ тілінің терминдері» деп, жеке-жеке аталынады. Барлық халықтарға ортақ термин деген болмайды. Бірақ барлық халықтарға ортақ ғылым, ұғым бар. Ол ұғым мен ғылымды игеру, дамыту әр халықтың өз тілінде, ана тілінің негізінде, өз терминдерін жасаудың нәтижесінде жүзеге асырылуға тиісті.

Бұған қарап, әрине, шет тілін білме, үйренбе деуден аулақпыз. Бір тіл білсең, бір адамсың, екі тіл білсең, екі адамсың... Ендеше, көп тіл білгеннің озатындығы ақиқат. Бірақ бұл «интернационалдық терминдер арқылы бір тілге көшу» деген сөз емес қой.

**Ана тілі
10 ақпан, 1995 ж.**

ТАҒЫ ДА ҒЫЛЫМИ ТЕРМИНДЕРДІ АУДАРУ ТУРАЛЫ

«Егемен Қазақстан» газетінің 1996 жылғы 2-көкектегі санында «Қалыптасқан ғылыми терминдер» деген мақала шықты. Авторлары – биолог Ж.Базарбаева мен филолог Г.Байтоғаева. Мақалада З.Жекебайқызы мен С.Сейсенбекқызының 1992 жылы «Рауан» баспасынан шыққан жалпы білім беретін орта мектептің тоғызыншы сыныбына арналған «Тәнтану» атты оқулығындағы қазақшаланған терминдер жайында сөз қозғалған екен.

Төлиелер оқулықтың атына байланысты: «Аталған оқулықты қолға алғанда бірден тосын көрінетіні – оның «Тәнтану» деген аты. Бұрыннан келе жатқан өте түсінікті (?), қазақтың ғылыми тіліне еніп кеткен және дамыған елдердің тіліне ортақ «анатомия» сөзін не үшін қазақшаға аударып, оның орнына маңызы көмескі (?), түсініксіз (?) «тәнтану» сөзін алғаны белгісіз. «Анатомия» деген термин ежелгі грек тілінен келе жатқан, жер жүзінің барлық елдерінің ғылыми тілінде бірдей мойындалған (?), тарихи кең мағыналы (?) сөз» - дейді.

Бұл пікірмен келісуге болмайды. Себебі, біріншіден, «анатомия» терминінің елдің бәріне «өте түсінікті» екендігі күмәнді. Түсінікті болса, анатомия сөзі биологтарға ғана түсінікті. Өйткені ол *анатоме* деген грек сөзінің орыстарға *анатомия* болып өзгеріспен енген түрі. Ал «Тәнтану» сөзіне келсек, ол өзін қазақпын деп білетін қарапайым халықтың бәріне түсінікті.

Екіншіден, төлиелердің «анатомия» сөзін «жер жүзінің барлық елдерінің ғылыми тілінде бірдей мойындалған» дегендерімен келісуге болмас. Ол сөз мойындалса, грек, латын тілдерінен нәр (сөз) алып, өздерінің сөз байлықтарын әжептәуір дамытып алған, әрі сол тілдермен туыстас, төркіндес әрі жалғасы болып келетін Еуропа тілдерінде ғана мойындалған.

Үшіншіден, «анатомия» сөз туралы «тарихи кең мағыналы» деген шындыққа сай келмейді. «Анатомия» сөзінің беретін мағынасы біреу ғана. Ол мағынаны мақала төлиелерінің өздері де: «Анатомия» дегеніміз – адам денесінің пішінін, құрылысы мен атқаратын қызметін, ортаға байланысты дамуын зерттейтін ғылым», - деп жазады. Егер осы анықтаманың алдында тұрған «анатомия» сөзінің

орнына «тәнтану» сөзін қойып оқысақ, онда бұл анықтама түсініксіз бола ма?! Көзі қарақты оқырманның «жоқ» дері анық.

Осы арада тағы бір айтарым: маған және мен сияқты қазақтың ғылыми төл терминдерін жасауды армандап, сол жолда тер төгіп жүрген адамдарға түсініксіз бір нәрсе бар. Ол – «тәнтану» сияқты бірлі-жарым қазақша терминдер жасала қалса, неге олар «түсініксіз», «қолдан жасалған», «маңызы көмескі», «жұрт қабылдамайтын» сөз болып шығады да, ал грек, латын, орыс сөздерін айтылуын да, жазылуын да ешбір өзгертпей қазақ тіліне Халел Досмұхамедұлының сөзімен айтқанда соламайымен қопара салсақ, ондайлар «өте түсінікті», «жұртқа мәлім», «тарихи кең мағыналы», «ел қабылдайтын» термин бола қалады?!

Блғи да шетке жүгіне, жүгіре бермей өзімізде бар сөздерді біртіндеп тілімізге кірістіре берсек несі ерсі?! Бұрынғысын қайдам, бүгін жарасым тапқан жақсы сөздерге жанашырлық көрсету парыз. Әрине дәл баламасы жоқ сөздер туралы әңгіме басқа. Ал, көзге де, көңілге де қонымдысынан үрке бермей, оларды жас ұрпаққа үйретсек, ұтпасақ ұтылмаймыз.

**Егемен Қазақстан,
15 мамыр, 1996 ж.**

ТЕРМИН СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

Термин десек, есімізге орыс тілінен және орыс тілі арқылы Еуропа тілдерінен келген сөздер түсетіндігі белгілі. Өйткені қазақ тіліндегі терминдердің көпшілігі солар. Олардың айтылуы да, жазылуы да орыс тілінде қалай болса, бізде де солай.

Олай болса, осы терминдердің біздегі жазылуы дұрыс па?

Дұрыс десек, бұл терминдер кімнің терминдері. Орыс тілінің терминдері ме, жоқ, қазақ тілінің терминдері ме?

«Біздегі терминдер қазақ тілінің терминдері емес, олар орыс тілінің терминдері. Егер ол терминдерді қазақ тілінің терминдері еткіміз келсе, оларды қазақыландыру керек», - десек, біздің кейбір қаламдас жолдастарымыз: «Ол орыс терминдері өз сөзіміздей қолданысқа айналып кеткен», «бұларды жат сөздердің қатарында қарауға болмайды», «ол терминдердің орфографиясын да қайтадан

жұлмаламауымыз керек», - дейді («Егемен Қазақстан» ақпанның 2-сі, 1995). Ал екінші бір ғалымдар: «Жаппай қазақыландыру басталды», «қолдан жасанды тұлға тудыру көбейді», «ғылыми терминдерді қазақша беру дегенді уағыздап жатқандар бар» деп, сары уайымға салынады («Егемен Қазақстан», желтоқсанның 1-і, 1994).

Ойымыз түсініктірек болуы үшін, әңгімені әріректен бастағанымыз орынды болар. Егер қазақ терминологиясының қазіргі жайын «екі-ақ сөзбен түсіндіру» керек болса, сол екі сөз ретінде біз «жасалыну» және «қабылдану» сөздерін таңдаған болар едік. Өйткені біздің әдеттегі сөздерімізді өмірдің өзі тудыратын болса, терминдер тумайды, олар жасалынады. Жасалыну (қолдың жасалыну), онда да ұлттық тіл негізінде жасалыну – терминдерге тән ең басты қасиет.

Ал біздің қазақ тіліндегі терминдер жасалынған ба? Жоқ, олар – жасалынбаған, тек қабылданған терминдер. Он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен» біз *қабылда* сөзінің мағынасын қарап көрдік. Оған «бір нәрсені өткізіп алу» деп анықтама беріліпті. Шындығында да, біздегі терминдер орыс тілінде қалай айтылып, қалай жазылып жүрсе, біз де оларды қылын қисайтпай, дәл сол күйінде «өткізіп алған» терминдер.

Қазақ тіліндегі ондай қабылданған (өткізіп алынған) терминдерді кірме сөздер немесе ауысқан сөздер дегендермен теңестіруге болмайды. Өйткені бір тілден екінші бір тілге сөз ауысу, сөз кіру үшін ол сөздер ең алдымен сол тілдің тілдік заңдылығына бағынып барып ауысуы (кіруі) керек. Мәселен, *бәтіңке* (ботинка), *бөкебай* (пуховой), *бөз* (бязь), *жәшік* (ящик), *кәмпит* (конфета), *пеш* (печь), *пұт* (пуд), *сот* (суд), *үйез* (уезд), *шалі* (шаль) сөздері сияқты. Бұлай етпеген жағдайда олар кірген, ауысқан сөздер болып есептелінбейді.

Егер тіліміздің лексикалық құрамында ешбір дыбыстық өзгерістерге түспеген сөздер (терминдер) жүрсе, олар – кірме (ауысқан) сөздер емес, варваризмдер. Көз жеткізу үшін, орыс сөздіктерінде варваризм дегенге қандай анықтама берілгеніне көңілдеріңізді аударып көрелік «Варваризм – слово из чужого языка, нарушающий чистоту речи» (С.И. Ожегова, «Словарь русского языка», Москва, 1973, 65-бет); «Варваризм – иноязычное слово, не до конца освоенное заимствующим языком» (Д.Э.Розенталь,

М.А.Теленкова «Словарь-справочник лингвистических терминов», Москва, 1976, 44-бет).

Қайталап айтамыз: Біздің қазақ тіліндегі терминдердің бәрі (бәрі болмаса да басым көпшілігі) – кірме сөздер емес, варваризмдер. Сондықтан да, біз қазақ тілінің өзінің терминдер жүйесін жасағымыз келсе, бұған дейін тілімізде тек орысша айтылып, орысша жазылып жүрген терминдердің көбін қазақыландыруымыз керек деп, ашықтан-ашық айтып жүрміз. Тек айтып қана қойған жоқпыз, олардың өзіміз білетін жолдарын да көрсеттік. Ол жолдар (әдістер) деп мыналарды айтуға болады.

1. Орысша терминдердің тіліміздегі қазақша баламаларын табу;
2. Оларды қазақ тіліне калька әдісімен сөзбе-сөз аудару;
3. Әлгі орысша немесе еуропаша терминдердің орнына қолдан қазақша термин жасау;
4. Шет тілден келген терминдерді қазақ тілінің дыбысталу заңдылығына бағындырып алу және оларды солай жазу, яғни оларды варваризм сөздерден кірме сөздерге айналдыру, т.б.

Біздің осы ойымызды теріске жорып, білместікке балап: «Жалған сөз жасауға, теріс термин табуға әуестенбеуіміз керек», - деп, ақыл айтушылар да, болмаса: «Ғылыми терминология мен кейбір саяси-әлеуметтік мазмұнды сөздердің халықаралық қордан алынғандарын қазақшалап, қайтадан жасаудың реті бар ма?», «Халықаралық тұлғалардың орнына жасанды сөздерді ұсынып, төл тұлғамен шектеліп қалғанымыз әлемдік білім-ғылымға араласуымызға салқынын тигізбей ме?», «Оларды аударып, не тұлғасын өзгертіп атағаннан ұтарымыз қанша?» - деп күдіктенушілер де табылып жүр.

Бірден жауабын айталық: олай етсек, яғни орысша терминдерді қазақыландырсақ, ұтпасақ – ұтылмаймыз. Ұтатын қарама-қарсы пікір айтып жүргендер емес, ұтатын – қазақ тілі. Өйткені бұл жердегі әңгіме қазақ тілінің тазалығы, қазақ тілінің мәдениеті, қазақ тілінің тілдік ерекшелігі, келешегі туралы болып отыр ғой. Егер бұрынғы сарынмен «үйреніп қалдық қой», «қалыптасып кетті ғой», деген кертартпалықпен жүре берсек, қазақ тілінің осы тұралағаны тұралаған. Қайтып оның басын көтеріп, өзіндің заңы бар тілдер қатарына қосылуы екіталай.

Осы жерде Рабиға Сыздықова апамыздың: «Күшік кезінде таланған, одан кейінгі ұрпақ та жалтаң болып, түбегейлі өзгерістерге бара алмай қалды», - деген сөзі ойға оралады («Егемен Қазақстан», желтоқсанның 1-і, 1994). Шындығында да, қазіргі біздің ғалымдарымыздың түбегейлі өзгерістер жасауға аяқтарын басқылары келмейтіндігі рас. Әйтпесе тілімізге баса-көктеп кіріп алып, «сайран салып» (еркінсіп) жүрген *кино, миллион, театр, билет, трамвай* деген сияқты жүз мыңға жуық варваризмдердің жазылуын (бұл сөздердің айтылуы онсыз да қазақша) қазақ тіліне жақындатып *кинө, милион, тиатыр, белет, тырамбай* деп жазсақ, дұрыс болар еді деген пікірде не оғаштық бар?!

Кейбір ғалымдар «Бұлан (*кино, миллион* дегендер) тілімізге әбден сіңісіп, тұрақтанып кеткен, оларды жат сөздердің қатарына қосуға болмайды», «*Кинө* деп жазсақ, сөзіміз қазақша болып кете ме?», «Осылайша бір сөздерді (?) екі түрлі (*кино/кинө*) жазудан не ұтамыз?» - деп бізге кейиді («Егемен Қазақстан», ақпанның 2-сі, 1995).

Біріншіден, бұлар тілімізге сіңісіп, тұрақтанып кетті деген пікір жалған. Оларды біз күшпен, зорлықпен тұрақтандырып жүрміз. Екіншіден, бұл сияқтылар – дыбысталуы жағынан қазақ тілінің заңдылығына сай келмейтін жат сөздер. Үшіншіден, ия, шындығында да *кино* деп емес, *кинө* деп жазсақ, ол сөз қазақша болады (Әлде *кино* деп жазсақ, қазақша болама?). Төртіншіден, бір сөзді екі түрлі жазуды ұсынып отырған жоқпыз, оны бір түрлі жазуды (*кинө* деп жазуды) ғана ұсынып отырмыз.

Бір сәт қана ойланып көрелікші. Егер тілімізде бұрын орысша қолданылып, орысша жазылып келген сөздердің көбін қазақыландырып, айталық: *әдіріс, агент, албөм, әктіп, әртіс, әтейіс, бұғалтыр, бұңкір, бүрсілез, біргәді, деректір, дибан, електір, жұрнал, кәбинет, кәбіл, кәнсерт, кәңгірес, кәрбит, кәрөл, кәстөм, кекіс, күпе, кілетке, кірем, ләгір, мебіл, метір, мүзей, міністір, нөл, парат, пәлте, пәрөл, пойыз, пырарап, реліс, састап, семент, сыған, сіліндір, ыспорт, інбестір, інженер* деп жазсақ, бұл сөздер ең алдымен қазақша айтылуына сай келген болар еді, оның үстіне қазақша дыбысталғандықтан олар біздің өз сөзімізге айналып, тілімізді шын мәнінде байыта, нәрлендіре, әрлендіре түсуге септігі тиген болар еді.

Біз мұндай ойды тіліміздегі *база, бар, бас, (муз.) кит* (балық), *зона, инерт* (газ), *машина, норма, опера, партия, парламент, парта, роман, сорт, сыр, талант, том, торт, тыл* деген сияқты дыбысталуы жағынан да, дыбыстық тіркесімі жағынан да қазақ сөздерімен бірдей келетін шетел сөздері туралы айтып отырған жоқпыз. Бұлар сияқты кірме сөздерді тілімізде өз тұлғасын сақтап қолдануға да, жазуға да әбден болады. Өйткені, бұл сөздер дыбысталуы жағынан да, құрамы жағынан да қазақ тіліне жат емес. Ал *кино, автор, театр* деген сияқты дыбысталуы жат сөздердің жайы мүлдем басқаша.

**Ана тілі,
1995, 7 қыркүйек, 7-б.**

ҚАЗАҚ СӨЗІНЕ (ТЕРМИНДЕРІНЕ) ҚАУІП ТӨНІП ТҮР!

1. Кәсіби терминдердің бәрін қазақшалаған дұрыс. Қазіргі орысша қолданып жүрген кәсіби терминдерді қазақшаламасак, онда ол қазақ тілінің емес, орыс тілінің терминдері болып қала береді. Демек, қолданатынымыз орыс тілінің термині екен. Сол арқылы орыс тілінің терминін дамытып жүрміз. Қазақ тілі айдалада қалып отыр. Дүние жүзінде 5 мыңдай тіл бар. Жалпы тілдердің қалыптасқан қағидасы бойынша әр тіл өз терминдерін өздері жасап алулары керек.

Терминнің екі жағы бар. Біріншісі – сыртқы тұлғасы, ол ұлттық болады. Екіншісі – ішкі мазмұны, бұл халықаралық болады.

2. Қазақ тілінде жазылған әсіресе, техника ғылымдарына байланысты оқулықтар жалпыға бірдей түсінікті емес. Өйткені, ондағы терминдердің көпшілігі орысша, халықаралық терминдер деп жүргеніміздің өзі - басқа тілдерден орыс тіліне, орыс тілінен бізге келген терминдер.

Бұл бір. Екіншіден, оқулықтарда бірлі-жарым қазақша терминдер кездесетін болса, оны соны жазған адамнан өзге ел түсінбейді. Үшіншіден, дәл сол терминді екінші бір маман басқа бір қазақша сөзбен береді.

3. Бұл олқылықты түзетудің тиімді жолдары мыналар:

а) қазақша терминдерді ең алдымен терминкомға бікіттіріп алу;

ә) бекітілген терминдерді газет-журналдар арқылы көпшілікке насихаттау;

б) барлық оқулықтарға жасқанбай, жалтақтамай ендіру;

г) сөздіктерге кіргізу.

Қысқасы, қазақ терминдерін қалыптастырғымыз келсе, жиі қолдануымыз керек. Сонда қалыптаспайтын термин болмайды.

**Ана тілі,
1998, 7 мамыр, 4-б.**

ТЕРМИНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Біз қазақ тіліндегі терминдердің бәрін мәдениетті терминдер деп айта аламыз ба?

Бұл сұраққа: «жоқ», болмаса «ия» деп жауап бере қою, әрине, оңай емес. Өйткені біздің қазақ тілінің терминдері деп жүргендеріміздің түгелге жуығы орыс тілінен және орыс тілі арқылы еуропа тілдерінен енген сөздер. Олардың орыс тілінен енгендеріне «советизмдер» деп, ал еуропа тілдерінен енгендеріне «интернационализмдер» деп, ат қойып, айдар тағып алғанбыз. Аспаннан аяқтарын салбыратып түскендей-ақ оларды мақтаймыз, мадақтаймыз, тіпті үстіне қылпық жуытпай, орыс тілінде қалай жазылса, қазақ тілінде де солай жазамыз. Сондықтан болу керек, егер қазіргі кезде: «Бұлар біздің тіліміздің заңдылығына сай алынбаған», - деген жаңа ой, тың пікір айта қалсақ, оған көп адамның илана қоймасы анық. Өйткені олар тамырын тереңге жіберіп, тілімізге сіңісіп те үлгерген.

Ескеретін нәрсе: бұл халықтан екінші халыққа сөз ауысқанда олар міндетті түрде дыбыстық өзгерістерге түседі. Дыбыстық өзгерістерге түспейтін сөз жоқ. Тіпті бір-бірімен туыс деп аталатын халықтардан ауысқан сөздердің өздерінде де азды-көпті дыбыстық өзгерістер болмай тұрмайды. Мысалға «өзіміздікі» деп мардымсып жүрген орыстың *пальто* сөзін алалық.

Оның түп төркіні – француздың *палетот* (paletot) сөзі. Ағылшын, неміс тілдерінде де бұл сөз осылай аталынады. Ол сөз албан, болгар, поляк тілдерінде – *палто* (palto), румын тілінде – *палтон* (palton), ал, орыс, украин, белорус және қазақ тілдерінде – *пальто*.

Орыс, украин, белорус тілдерінде бұл сөздің осылай аталынуы заңды. Өйткені олар – туыс тілдер. Ал бұлармен туыстығы жағынан үш қайнаса сорпасы сорпасы қосылмайтын қазақ тіліне не жорық?! Ең болмаса, бұл сөз қазақ тілінде жіңішкелік белгісізсіз – *пәлте* делінсе бір сәрі ғой (орыс тіліне бас ұру, табыну, бір сөзбен айтқанда – орыстану дегеніміздің бір көрінісі осы).

Бізде қазір терминдерді реттеу, термин жасау ғылымымен шындап айналысып жүрген ешкім жоқ. Анда-санда біреу бұрын қазақ тілінде орысша қолданылып жүрген сөздің орнына ауызекі сөйлеу тілінен, жергілікті сөздерден алынған немесе жаңадан жасалынған сөздердің біреуін балама етіп ұсына қалса (мысалы: *бигеш* – маятник, *қапсал* – кассета, *риян* – косметика деген сияқты), «жоқ, бұлар жасанды сөздер, олар тиісті ұғымдарды дәл бере алмайды», - дейді. Олай болса, әлгіндей орысша сөздердің орнына тілімізде бұрыннан бар, бірақ жиі қолданылмағандықтан, ұмытылып бара жатқан көне сөздердің біреуін ұсынып (мысалы: *әнжі* – тампон, *берне* – функция, *көйе* – халат, *қандыл* – люстра деген сияқты), «осы қалай болар екен»? десең, әлгі адамдар: «Жоқ, көне сөздер бүгінгі күнге лайық емес», - деп екінші жағына жалт береді. Сөйтеді де: «Қазақ тілі – кедей тіл. Термин жасауға оның лексикалық қоры жетпейді. Халықаралық терминдердің ішінде жоғарғыдай ұғымдарды білдіретін мынандай-мынандай грек, латын сөздері бар. Әлгі қазақша сөздердің орнына соларды алу керек», - деп ақыл айтқанып, өз жыртысымыздан гөрі өзгенің жыртысын жыртады.

Кейбір азаматтар: «Басқа тілден сөз алмасақ, біз тұйықталып қаламыз, тіліміз байымай қалады», - дегенді сылтау еткісі келеді («Егемен Қазақстан», 26 шілде, 1994).

Кім басқа тілдерден сөз алмайық деп отырған?! Алу керек. Көрші тілдерден сөз алу – тілімізді байытатын жолдардың бірі екендігі рас. Дүние жүзі халықтарының бәрі солай және солай істеп келе жатыр. Мәселе ол сөздерді қалай алу керектігінде ғана.

Әлгі азаматтар айтқандай «Шет тілінің сөздерін сол халықтың өзінде қалай айтылып, қалай жазылса, біз де оларды солай айтып, солай жазуымыз керек», - деу, біріншіден, ол сөз алу емес. Ол – шет тілі сөздерінің басып кіруі деген сөз. Олар ғылымда варваримдер деп аталынады. Екіншіден, ондай жолмен енген сөздер тілді байытпайды.

Қайта, керісінше, ондайлар тілді бүлдіреді, ластайды. Неге орыстар сан ғасыр бойы варваризмдермен күресіп келді?! Неге Ленин өзінің біраз мақалаларын осы мәселеге арнады?!

Ал біз болсақ, сол варваризмдерді «құшақ жайып, қарсы алалық», «олардың қылшығына қыл жуытпай (ешбір дыбысына қол тигізбей), сол күйінде алалық», - дейміз. Осымыз дұрыс па?

Әрине, дұрыс емес.

Бірде мен: «*Бухгалтер* деген сөздің қазақша баламасы табылмаса, оны *бұғалтыр* деп өзімізше дыбыстасақ та жетпей ме», - дедім. Соны естіген әріптестерімнің біреуі: «*Бухгалтер* – бух (buch) «кітап» және *халтан* (halten) «ұстау» деген неміс сөзі. Ол – халықаралық термин. Халықаралық терминді *бұғалтыр* деп қазақшаласақ, мұнымыз әлгі сөзді бұрмалағандық болып шығады. Сөзін бұрмалап, келеке еткеніміз үшін неміс халқынан ұят емес пе?» - дегені бар.

Жарайды-ақ, солай-ақ болсын делік. Бірлі-жарым сөздерін тіліміздің ішкі заңдылығына сай қазақша дыбыстағынымыз үшін біз еуропа халықтарынан ұялып-ақ қалалық. Ал біз үшін, біздердің бейшаралығымыз, білімсіздігіміз, намыссыздығымыз үшін, қазақ тілі үшін кім ұялады? Басқа тілдерден ауысқан сөздерді «сол халықтан ұят, өзгертпей алалық» деп жатқан қай халық бар?!

Біздің ойымыз айтады: тіл мәдениеттілігін сөз ету үшін, алдымен тіліміздің ішкі тазалығын, ұлттық негізін түзеп алуымыз керек. Өйткені, біздің тіліміз – орыстанып, еуропаланып кеткен тіл. Неге десеңіз, біздің әліпбиіміздің құрамында қазақ тіліне қажеті шамалы 10-12 әрпі жүр. Сөздік құрамымыздан «халықаралық терминдер» деген құрметті атақты иеленген еуропа тілдерінің 100 мыңнан аса сөздері ойып тұрып орын алған. Ол жат сөздер біздің тілдік ерекшелігімізге (үндестік заңына) бағынбай қолданылады. Сөз саптау үрдісімізді де қазақ тілінің қалыбынан шығып кеткен. Орысша ойланып, сөйлемдерімізді орысша құрамыз т.б.

Осы сияқтыларды ескере келіп, «қазақ тілін мұндай кінәраттардан аздап болса да арылтуымыз керек» деген ой айтсақ, бізге қарсы дау айтушылар да, тіпті жазғырушылар да табылып жүр. Сондағы олардың дәлелі: «Біздің тіл – дамыған, жетілген тіл. Ондағы сөздер айтылуы жағынан да, жазылуы жағынан да әбден қалыптасқан. Қалыптасқан сөздерге тиіспеу керек», - дейді.

Өзім қатты сыйлайтын, ғалым апамыз – Р.Сыздықова: «Бүгінгі күні қолданып отырған графикаға сәйкес бекітілген ресми емлені, тілдің заңдылығын өз бетінше бұзуға ешкімнің де хұқысы жоқ. Тіліміздегі орыс тілінен еніп, әбден орныққан ондаған кейбір сөздер, «самауыр», «кереует» т.б. осы сияқты сөздерден басқалары тіл заңдылығына сәйкес (қай тілдің заңдылығы екендігін бір құдайдың өзі білсін. – Б.Қ.), өзгертілмей, бұзылмай жазылуы керек», - дегенді айтыпты (Ана тілі, 18 тамыз, 1994, 6).

Рас, бекітілген ресми емлені өз бетінше бұзуға ешкімнің қақысы жоқ. Бірақ сол «бекітілген ресми емле» тіліміздің табиғи заңдылығына сай келмесе ше? Атамыз қазақ тіл заңдылығын сақтап, орыстың «самовар» сөзін – *самаурын* (самауыр емес), «кровать» сөзін – *кереует* десе, біз неге тіліміздің сол заңдылығын сақтап, «рельс» сөзін – *реліс*, «трактор» сөзін – *тірәктір*, «трамвай» сөзін – *тырамбай*, «принцип» сөзін – *пірінсіп*, «пленум» сөзін – *піленум*, «трап» сөзін – *тырап*, «матрос» сөзін – *матырос*, «такси» сөзін – *тәкси* деп неге қазақша айтпаймыз және оларды неге солай жазбаймыз! Араб-парсы тілдерінен енген *Мекке*, *ғұшыр*, *файда*, *кәззап* деген сөздерді *Меке*, *құшыр*, *пайда*, *кезен* деп, өзгертіп алғанымыз жоқ па! Әлде, тіл заңдылығы атамыз қазақ үшін бір түрлі де, ал оның ұрпағы – біздер үшін екінші түрлі ме?

Меніңше, талассыз мойындауға тиісті бірден-бір дұрыс жол – шет тілдерінен енген сөздерді тіл заңдылығына бағындырып алу. Егер олай еткен болсақ, қазір болмаса да, біраз уақыт өткеннен кейін тіл заңдылығына сәйкес өзгерген әлгіндей сөздердің жымы білінбей, әбден орнығып кетері сөзсіз.

Біз осыдан біраз уақыт бұрын «Қазақ тілі әліпбиінің құрамынан орыс тілінен ендірілген 12 әріпті алып тастап, орыс сөздері болсын, халықаралық сөздер болсын, бәрін де өзіміздің төл дыбыстарымызбен жазалық», - деген мазмұнда мақала жариялаған едік («Ана тілі», 5 мамыр, 1994). Сол пікіріміз ұнамаған болуы керек, біздің жақсы ағаларымыздың біреуі: «Алфавитімізден В мен Ф әріптерін алып тастаумен сауатты бола аламыз ба?» - деген кекесінді сұрақ қойып алады да: «Алфавит, Ева-Мария деген сөздерді *алпабит*, *Еба-Мәриә* дегеннен ол сөздер қазақшалана қояр ма екен?» - деп, әлгі ойын әрі қарай жалғастырады («Қазақ әдебиеті», 20 мамыр, 1994).

Сұрақ қойған ағаға біз де сұрақ қоялық: әліпбиімізден В, Ф әріптерін алып тастамағаннан қазақ халқы сауатты болып жүр ме?

Сауатты болсақ, біз орысшаға, орыс тілі арқылы енген сөздерді айту мен жазуға ғана сауаттымыз. Ал қазақ тіліне сауаттымыз деп айта алмаймыз. Мысалға сол ағамыз келтірген «Ева-Мария» мен «алфавит» сөздерін алалық. Христиан дініне кірген немесе шоқынған біреу болмаса Ева-Мария сөзін қазақ жиі қолдана бермейді. Қолдана қалған күнде де Мария сөзін есі дұрыс қазақ Мария деп емес, *Мәриә* деп айтады, солай жазады. «Алфавит» сөзі де дәл осы сияқты. Оны «алфавит» дегеннен гөрі «алпабит» десек, ол қазақшаға әлдеқайда жақындау (Бұл сөздің қазақша баламасы - *әліпби*). Өйткені бұл жердегі әңгіме орысша сауаттылықта емес, қазақша сауаттылықта болып отыр ғой.

Газетте жарияланған бір мақалада: «Орыс тіліндегі сөздердің үштен бірі басқа тілдерден ауысқан сөздер. Одан олар пайдадан басқа зиян көріп отырған жоқ. Бізге неге сөйтпейміз?» - депті. («Халық кеңесі», 5 шілде, 1994).

Мақала иелері өте дұрыс айтады. Орыс тілі лексикалық қорының біраз бөлігі шетелдік сөздер екендігі ақиқат. Бірақ олар көрмеген, көргісі келмеген оның екінші жағы бар. Бізден басқа халықтардың бәрі егер шет тілінен сөз алса, оны өз тілінің айтылу, жазылу заңдылығына бағындырып алады. Ал бізде ше?

Бізде керісінше. Өз тілімізді, өз тіліміздің заңдылығын аяққа басып, жоғарғыдай сөздерді орыс тілінде қалай айтылып, қалай жазылса, біз де оларды солай айтып, солай жазамыз. Сөйтеміз де: «Қазақ тілі дегеніміз осы»; «Тіл мәдениеті дегеніміз – осылардың орысша айтылуы мен жазылуын сақтау», - дейміз.

Бұл, әрине, қазақ тілін көгертетін жол емес, қайта, керісінше, оны көктей солдыратын жол. Өзіміздің қазақтық, тіпті болмаса түріктік, жолмен емес, орыстық, еуропалық жолмен жүріп, түптің түбінде жарға жығар жол.

Қысқасы, ұлттық сана-сезім мен ана тілі, ана тілінің тазалығы дегендер бір-бірімен тығыз байланысты. Егер ұлттық сана-сезім күшті дамыған елде, ана тілі де күшті дамиды. Болмаса керісінше: Ана тілі күшті дамымаған елде ұлттық сана-сезім де күшті дамымайды. Біз «ана тіліміз өз табиғатына сай күшті дамыған» деп қазірше айта

алмаймыз. Сондықтан, егер біз ана тіліміз дамысын десек, өзінің тілдік ерекшелігі сақталсын десек, алдымен ұлттық сана-сезімімізді оятып алған жөн. Тек оятып қана қоймай, оны өсіруге, дамытуға күш салғанымыз абзал. Өйткені қазақтың ұлттық сана-сезімі бұған дейін тұқыртылып, түншықтырылып келгені жұртқа аян.

Рас, қазіргі ұлттық сана-сезіміміз мүлде ұйқыда жатыр деу әділетсіздік болар. Бұрынғыға қарағанда қазір, сөз жоқ, аздап болса да ояну, ілгерілеу бар. Бірақ бұл әлі де жеткіліксіз. Жеткіліксіз болмаса, өз тілінің табиғилығына, тазалығына өзі қарсы шығушылар немесе өз тілінің бүлініп, ластанып кеткенін түсіне алмай, түсінгісі келмей «бізді интернационалдық сөздерден ажырата көрмеңдер» деп, мақала жазып, сөз сөйлеп жүргендер азайған болар еді ғой.

Егер әр тіл өзінің тілдік ерекшелігін, өзінің тілдік тазалығын өзі сақтауға тиісті болса, онда қазақ тілінің тілдік ерекшелігі мен оның тазалығын сақтауға кім міндетті болуға тиісті?

Әрине, қазақтардың өздері. Ендеше, ойланайық, ағайын.

**Тіл білімінің өзекті мәселелері.
Алматы, 1996. 12-20-бб.**

ТІЛ БІЛІМІ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ, ТҮСІНДІРМЕЛІ ЖӘНЕ ОҚУЛЫҚ СӨЗДІГІН ЖАСАУ ҰСТАНЫМДАРЫ

Біз қазір қазақ тіл білімі дамыды, оның жаңа салалары пайда бола бастады деп жүрміз. Солай екендігі рас та. Ендеше, қазақ тіл білімінің, оның жаңа салаларының пайда болуына, дамуына байланысты сол салаларға қатысты терминдердің де пайда болып, дамып келе жатқандығы ақиқат. Олай болса, біз жанасы бар, ескісі бар қазақ тіл білімінің осы терминдерімен студенттерді таныстыруымыз керек емес пе?! Оны былай қоя тұрғанда, егер студент белгілі бір тілді – мейлі ол қазақ тілі болсын, мейлі ол орыс немесе ағылшын тілі болсын – тыңғылықты меңгерсін десек, алдымен сол тілді, яғни пәнді білуге, меңгеруге алғышарт болып табылатын оның терминдерін жақсы біліп алуы керек қой. Олай болмаған жағдайда әлгі пәнді білу, меңгеру мүмкін емес екендігі өзінен өзі түсінікті.

Бұдан шығатын қорытынды біреу ғана. Ол: егер студент белгілі бір тілді, пәнді жақсы білсін, меңгерсін десек, бірінші кезекте сол тілге, пәнге тән терминдердің, тақырыптық, түсіндірмелі және оқулық сөздігін жасауымыз керек [5, 10, 11]. Бізде тіл білімі терминдерінің мұндай сөздігі әлі жасалынған жоқ. Тіпті тіл білімі терминдерінің тақырыптық, түсіндірмелі және оқулық сөздігін былай қойғанда, осы ғылымға тән терминдердің түсіндірмелі сөздігінің өзі әлі жөндеп қолға алынбай келеді.

Рас, осыдан 30 жыл бұрын І.Кеңесбаев пен Т.Жанұзақовтың авторлығымен шыққан «Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі» (1966) бар. Атынан-ақ көрініп тұрғандай, бұл сөздік «түсіндірмелі» де, «тақырыптық» та, «оқулық» та сөздік емес, ол «орысша-қазақша» сөздік. Оның үстіне, аталған сөздік, біріншіден, студенттерге емес, тіл мамандарына арналған. Сондықтан да, онда қазақша терминдерден гөрі орысша, ағылшынша, латынша т.б. терминдер көбірек алынып, олардың қай тілден ауысқандығы және этимологиялары тәптіштеліп көрсетілген. Екіншіден, ол сөздікті қазір дүкендерді былай қойғанда кітапханалардың өзінен де іздеп табу оңай шаруа емес.

Бұл мақалада біз тіл білімі терминдерінің жаңа типті тақырыптық, түсіндірмелі және оқулық сөздігін жасау мәселесін сөз етпекшіміз. Ең алдымен, тақырыптық, түсіндірмелі және оқулық сөздік дегеніміз не? – дегендерге жауап беріп алалық.

«Түсіндірмелі сөздік» деген, әрине, көпшілікке бұрыннан белгілі. Мұндағы белгісізі – «тақырыптық» және «оқулық» сөздік дегені. Егер бұған дейін тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі тек ғалымдар үшін, мамандар үшін, осы ғылымды терең игеру үшін жасалынатын болса, бұл жерде біз мұндай сөздікті жоғары оқу орындарының студенттері үшін арнайы жасауды әңгіме еткелі отырмыз. Яғни студенттер мұндай сөздікті оқулық ретінде, оқу құралы ретінде пайдалануы керек деген идеяны жүзеге асыру мәселесін қозғамақпыз.

Ол үшін алдағы жылдарға жоспарланып отырған бұл сөздік оқу құралының қызметін атқара алатындай болып, қолында осы сөздік бар студент белгілі бір тілден, тіл білімінен өткен сабақтарды әрі тез, әрі оңай игере алатындай болып жасалынуы шарт. Ендігі жерде біз осындай мақсаттағы сөздікті қалай жасау керек, оны жасау үшін

қандай ұстанымдар басшылыққа алынуы керек деген нақтылы мәселелерге тоқталайық.

Тіл білімі терминдерінің өзі қазірдің өзінде 7-8 мыңға жеткені белгілі. Қазақ тіл білімі терминдері, әрине, бұдан гөрі азырақ. Оның саны шамалы 3-4 мыңдай ғана [14]. Солай бола тұрса да, жобаланып отырған бұл оқулық сөздікте кем дегенде 2500-3000-дай қазақ тіл білімі терминдері қамтылатындығы анық. Өйткені, жоғарыда айтқанымыздай, бұл сөздікте жоғары оқу орындарына арналған барлық қазақша шыққан оқулықтар мен оқу құралдарында қамтылған терминдердің бәрі (түрпеттерімен/варианттарымен қоса) түгел қамтылуы тиіс. Себебі, әлгі оқулықтарды пайдаланушылардың бәрі онда кездестірген терминдерді осы сөздіктен іздейтіндігі айқын.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, оқулықтарда кездесетін терминдерді оқырман біз сөз етіп отырған сөздіктен таба алмаса, онда бұл сөздік өзінің алдына қойған міндетін атқара алмаған болып шығады.

Тағы да қайталап айталық: қазақ тіл білімі терминдері жайындағы бұл сөздік – әрі тақырыптық, әрі түсіндірмелі, әрі оқулық сөздік болуы керек. Сондықтан да, мұнда қазақ тіл білімінде қолданылып жүрген басты, негізгі терминдердің бәрі түгелге жуық алынуға тиісті.

Нақтырақ айтсақ, аталған оқулық сөздікке атау сөздерді (терминдерді) таңдау ұстанымдары мынандай:

1. Оған қазақ тіл білімінде жиі қолданылатын және кең тараған терминдерді алу;

2. Студенттерге қажетті терминдерді ғана қамту;

3. Жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарында кездесетін терминдерді – мейлі олар көне терминдер болсын, мейлі олар жаңа терминдер болсын, мейлі түрпетті терминдер болсын бәрібір – түгел алу;

4. Орыс тілінен, орыс тілі арқылы Еуропа тілдерінің бірінен енген кірме терминдердің бәрін емес, олардың ішінде қазақша баламасы жоқ, тілімізде сол күйінде баяғыдан бері қолданылып келе жатқан, сондықтан да, оқулықтарды жиі ұшырасып, әбден қалыптасып кеткендерін ғана алу, т.б. [4; 6].

Бір қараған кісіге «ең жиі және кең тараған терминдерді алу» деген мен «оқулықтарда кездесетін терминдерді түгел алу» деген

ұстанымдар бір-біріне қайшы келетін сияқты. Әрине, бұларды өзара ұштастыруға, байланыстыруға болады. «Ең жиі және кең тараған терминдерді қамту» ұстанымы қазақ тілі білімінде бар лингвистикалық терминдердің бәрін түгел қамтып, сөздіктің көлемін тым үлкейтіп жібермеу жағын ойластыру болса және ол «студенттерге керекті терминдерді ғана алу керек» деген ұстанымды іске асыру үшін керек болса, «оқулықтар мен оқу құралдарында кездесетін терминдерді түгел қамту» деген ұстаным сөздіктің оқулық сөздік міндетін атқару үшін қажет. Егер оқулықтарда кездесетін терминдерді түгел қамтымайтын болсақ, соның салдарынан студент одан іздеген терминдерін таппаса, онда сөздік шын мәніндегі сөздік болудан қалады. Өйткені студенттердің оқулықтар мен оқу құралдарында ұшырасытын терминдердің кейбіреулерінің мән-мағыналарын түсінбеген, білмеген жағдайда оларды сөздіктен іздейтіндігі ақиқат.

Құрлысы жағынан оқулық сөздікті үш түрге бөлуге болады. Оның біріншісі – әдеттегі сөздіктер сияқты атау (реестр) сөздерді жалпы әліпбилік (алфавиттік) тәртіппен орналасқан сөздік, екіншісі – әрі әліпбилік, әрі ұялы әдіспен орналасқан сөздік, үшіншісі – тақырыптық сөздік [2; 9; 11]. Бұл сөздік түрлерінің алдыңғы екі түрі көпшілікке түсінікті. Ал «тақырыптық сөздік» деп аталатын оның үшінші түріне келсек, ол да әліпбилік сөздік. Бірақ мұндай сөздікке кірген терминдер ең алдымен тақырып бойынша, айталық фонетика, лексика, морфология, синтаксис деген сияқты ірі тақырыптарға жіктелініп алынады да, содан кейін барып әр тақырыпқа тән терминдер іштей әліпбилік жүйеге түсіріледі.

Іштей әліпбилік жүйеге түсіру – екі түрлі жолмен жүзеге асады. Оның біріншісі – сол тақырыпқа қатысты терминдерді жалпы әліпбилік тәртіпке түсіру арқылы, екіншісі – әлгі тақырыпқа қатысты терминдерді әрі әліпбилік, әрі ұялы әдіспен орналастыру арқылы. Жоспарланып отырған оқулық сөздікте біз осы екінші жолды, яғни терминдерді әрі әліпбилік, әрі ұялы тәсілмен орналастыру жолын таңдап алып отырмыз. Оның себебі терминдерді әрі әліпбилік, әрі ұялы әдіспен орналастыру – сөздігіміздің негізгі мақсатына, яғни оның оқулық сөздік қызметін атқару мүддесіне сай келеді.

Терминдерді әрі әліпбилік, әрі ұялы әдіспен орналастыру дегеніміз не?

Мейлі жалаң терминдер болсын, мейлі күрделі не тіркесті терминдер болсын сөздікке атау сөз ретінде алынған терминдердің бәрі негізінен оған қатаң әліпбилік тәртіппен орналасады. Сонымен бірге, бұл сөздікке ұялы әліпбилік жүйе де кеңінен пайдаланылады.

«Ұялы әліпбилік жүйе» дегенді былай түсіну керек: Алдымен сөздікке туыстық (родовые) терминдер, яғни туыстық ұғымдарды білдіретін терминдер жалпы әліпбилік ретпен орналасады. Ал әлгі туыстық терминдерге қатысты түрлік (видовые) терминдер сол туыстық терминдердің әрқайсысынан кейін іле-шала, аздаған шегініс (отступ) жасалынып барып, азат жолдан, тағы да өзара әліпбилік ретпен ұя ішіне беріледі.

Мысал үшін морфология тақырыбына қатысты кейбір терминдердің әрі әліпбилік, әрі ұялы әдіспен орналасу ретін байқататын мынандай үлгіні көрсете кетелік:

ЕСІМДІК /местоимение/ - Ан.; Мыс.

ЕТІСТІК /глагол/ - Ан.; Мыс.

ЗАТ ЕСІМ /имя существительное/ - Ан.; Мыс.

Жалқы зат есімдер /собственные и.с./ - Ан.; Мыс.

Жалпы зат есімдер /нарицательные и.с./ - Ан.; Мыс.

Негізгі зат есімдер /основные и.с./ - Ан.; Мыс.

Туынды зат есімдер /производные и.с./ - Ан.; Мыс.

ЗАТ ЕСІМНІҢ СЕПТЕЛУІ /склонение имен существительных/ - Ан.; Мыс.

Жай септеу /обыкновенное или простое склонение/ - Ан.; Мыс.

Тәуелді септеу /притяжательное склонение/ - Ан.; Мыс.

САН ЕСІМ /имя числительное/ - Ан.; Мыс.

СЫН ЕСІМ /имя прилагательное/ - Ан.; Мыс.

Жалаң сын есімдер /простые и.п./ - Ан.; Мыс.

Күрделі сын есімдер /сложные и.п./ - Ан.; Мыс.

Қатыстық сын есімдер /относительное и.п./ - Ан.; Мыс.

Сапалық сын есімдер /качественные и.п./ - Ан.; Мыс.

СЫН ЕСІМНІҢ ШЫРАЙЛАРЫ /степени сравнения прилагательных/ - Ан.; Мыс.

Жай шырай /обыкновенная или положительная степень/ - Ан.; Мыс.

Күшейтпелі шырай /превосходная степень/ - Ан.; Мыс.

Салыстырмалы шырай /сравнительная степень/ - Ан.; Мыс.

Талғаулы шырай қ. Күшейтпелі шырай.

ҮСТЕУ /наречие/ - Ан.; Мыс.

ШЫЛАУ /союзы/ - Ан.; Мыс., т.б.

Бұлай ету – студенттерге іздеген терминдерін сөздіктен оңай тауып алу үшін және терминологиялық жүйеден олардың алатын орнын байқату үшін арнайы істелген шара. Өйткені, жоғары оқу орындарында да мектептердегі сияқты тілдік материалдар жоғарыда көрсетілген тақырыптар (фонетика, лексика, морфология т.б.) бойынша жіктелініп, бірінен кейін бірі кезектестіріліп оқытылады. Сондықтан да, студенттер фонетиканы оқыған кезде оған қатысты терминдерді оқулық сөздіктің фонетика тарауынан, лексикаға қатысты терминдерді оның лексика тарауынан іздейтін болады. Морфология, синтаксис терминдері де дәл солай: арнаулы тақырыптардың (тараулардың) ішінен іздестіріледі.

Оқулық сөздіктегі ең басты проблема – терминдерге анықтама беру мәселесі. Яғни сөздікке алынған әрбір терминге әрі қысқа, әрі түсінікті, сонымен бірге жан-жақты сипатталған анықтама беріліп, ол анықтамалар тілден алынған мысалдармен, көрнекілік жадығаттармен дәлелденуі керек. Анықтамалар тіл білімінің ең соңғы теориялық жетістіктеріне сүйелінеді және әрбір жеке терминнің мағынасы ғылыми тұрғыдан әрі дәл, әрі дұрыс ашылып көрсетіледі. Егер сөздікке алынған терминнің мағынасы біреу емес, бірнешеу болса, ол мағыналар абар цифры арқылы сараланады. Ал кейбір терминдердің берер мағыналары екіұшты немесе қайшылықты болып келсе, бұл мағыналар ғылымның қазіргі даму деңгейі тұрғысынан қарастырылады.

Мұны қалай түсіну керек?

Бұл – әлгі терминнің берер ұғымындағы қайшылықтар аталынып көрсетіліп, оның дұрыс деген бір-ақ мағынасына тоқталу керек деген сөз. Өйткені, студент әрі-сәрі жағдайда қалмай, әлгі ұғымдардың қайсысы дұрыс дегенге нақтылы жауап алуға тиісті.

Мәселен, қазірге дейінгі мектеп оқулықтарында болсын, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулықтарда болсын «қазақ тілінде екпін категориясы бар, ол сөздің соңғы буынына түседі» делініп келеді. Соңғы кездегі ғылыми зерттеулерге сүйенсек, «қазақ тілінде екпін категориясы жоқ» деген пікір айтыла бастады [13, 51]. Студент осы карама-қарсы екі түрлі пікірдің қайсысына сенеді?

Оқулық сөздік осындай даулы мәселелерге әрі ғылыми тұрғыдан, әрі дәлелді түрде нақтылы жауап беруге міндетті.

Басқа ғылым салаларындағы терминдер сияқты тіл білімі терминдерінің де бәрі бірдей емес. Олардың берер ұғымдары да, мағыналары да әртүрлі. Кейбір терминдер нақтылы ұғымды білдірсе, екінші бір терминдер жалпы (абстракты) ұғымдарды білдіреді. Осыған байланысты олардың беретін мағыналары да бірде нақтылы, бірде жалпылама болып келеді. Оқулық сөздік бұл айтылғандарды да, ажыратып, саралап көрсетуге тиісті.

Оқулық сөздік студенттердің пайдалануына және түсінуіне қолайлы болуы үшін, ондағы анықтамалардың құрылысы қарапайым, ал тілі жатық, әрі түсінікті болуы керек. Ол үшін әрбір терминге берілген анықтама, біріншіден, түсінікті тілмен жазылсын, екіншіден, сөйлемдер тым күрделі болып кетпесін, үшіншіден, онда пайдаланылатын терминдер студенттердің көпшілігіне белгілі терминдер болсын. Әлгі терминдердің кейбіреулері «көпшілікке белгілі» болмаған жағдайда олардың өзін, анықтамаларын (түсініктерін) студенттер осы сөздіктің өзінен іздеп тауып алатындай болсын. Бір сөзбен айтқанда, «анықтамада пайдаланылған терминдердің бәрі сөздіктің өз ішінен табылатын болсын» деген қағиданың қатаң сақталғаны мақұл.

Жасалынғалы отырған оқулық сөздіктің тағы бір ерекшелігі – оған атау сөз ретінде алынған әрбір терминнен кейін, жай жақша ішіне олардың орысша баламалары кіші әріптен басталып жазылып көрсетіледі. Бұлай еткен болсақ, біріншіден, әңгіме орыс тіліндегі қай термин туралы болып отырғандығы айқындалады. Екіншіден, сөздігіміз тек тақырыптық, түсіндірмелі және оқулық сөздіктің ғана емес, сонымен бірге, ол екі тілдік (қазақша-орысша) сөздіктің де қызметін атқарады.

Егер оқулық сөздіктің соңына осы сөздікте келтірілген орысша терминдердің әліпбилік көрсеткішін (алфавитный указатель) және олардың кездесетін беттерін көрсететін болсақ, бұл сөздік жоғарыда аталған төрт сөздіктің ғана емес (тақырыптық, түсіндірмелі, оқулық және қазақша-орысша сөздік), сонымен қатар, ол бесінші сөздіктің де (олардың үстіне орысша-қазақша сөздікті қосыңыз) қызметін атқаратын болды.

Ақыры орысша терминдердің әліпбилік көрсеткішін беретін болған соң, бұл сөздіктің соңына осы сөздікке алынған бүкіл қазақша терминдердің де беті көрсетілген әліпбилік көрсеткішін берген жөн ғой деп ойлаймыз. Бұлай ету сөзсіз қажет. Өйткені, сөздікке алынған терминдер әр тықырыпқа бөлініп кеткендіктен оларды бірден іздеп табу бірлі-жарым студенттерге болмаса, көпшілік студенттерге оңайға соқпайтындығы белгілі. Әліпбилік көрсеткіш оларды, міне, осы қиындықтан құтқарады. Керекті терминін – мейлі ол орысша болсын, мейлі қазақша болсын – сөздіктің соңындағы әліпбилік көрсеткіштен тауып алып, оның қай бетте екендігін білгеннен кейін әлгі терминдерді іздеп табу кімге болса да қиындық келтірмейтіндігі аян.

Сөйтіп, біз сөз етіп отырған сөздік (егер ол жасала қалса) 5 түрлі сөздіктің қызметін атқарады. Олардың ең бастылары – анықтамалық (білімдік) қызмет пен оқулық (танымдық) қызмет. Анықтамалық қызметті бұған дейін барлық терминологиялық сөздіктер атқарып келді және атқара береді де. Ал оқулық қызметті бұрын тек оқулықтар мен оқу құралдары ғана атқарып келсе, ендігі жерде біз ондай қызметті тақырыптық және түсіндірмелі терминологиялық сөздіктердің де атқарғанын қалаймыз. Ол үшін оқулық сөздік жоғары оқу орындарының студенттеріне арналып, соларға көмекші құралдардың бірі ретінде, онда да олардың ең бастысы ретінде арнайы жан-жақты ойластырылып жасалынғаны мақұл. Біз сөз етіп отырған тіл білімі терминдерінің оқулық сөздігі студенттерге қазақ тілін, қазақ тіл білімін оқып білудің, оны жете меңгерудің, игерудің құралы ретінде көп пайда келтіретіндігі сөзсіз.

Қорытындылай келе айтарымыз: оқулық сөздікке алынатын терминдерді таңдауда да, оларды сөздікке орналастыруда да, қала берді, алынған терминдерге анықтама берудің тәсілінде де бір-ақ мақсат көзделуі керек. Ол мақсат – аталған сөздіктің оқулық қызметін

(міндетін) атқаруында, студенттердің қажетіне асуында, білім алу ісіне жәрдемдесуінде.

Осы жағын ескере келіп, біз бұл жерде, біріншіден, оқулық сөздіктің көлемі тым үлкен болып кетпеуін, екіншіден, онда тек оқулықтар мен оқу құралдарында кездесетін терминдердің ғана қамтылуын, үшіншіден, сөздік шыққанда оның бағасының тым қымбат болып кетпеу жағын алдын-ала ойластырған жөн дегенді баса айтқымыз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вопросы учебной лексикографии. М., 1969.
2. Новиков Л.А. Учебные словари, их специфика и типы // РЯНШ, 1974, № 1, с.8-16.
3. Денисов П.Н. Очерки по русской лексикологии и учебной лексикографии. М., 1974.
4. Скопина М.А. Проблема отбора лексического материала в учебной лексикографии. Автореф. Дисс. Канд. Филол. Наук. М., 1975.
5. Головин Б.Н. Лингвистические термины и лингвистические идеи // ВЯ, 1976, 3.
6. Актуальные проблемы учебной лексикографии. М., 1977.
8. Проблемы учебной лексикографии и обучения лексике. М., 1978.
9. Теория и практика составления учебных словарей. М., 1978.
10. Зимин В.Н. Учебный толковый словарь нового типа // Переводная и учебная лексикография. М., 1979, с. 239-249.
11. Слюсарева Н.А., Страхова В.С., Макарова Г.Н. Об учебном тематическом словаре лингвистической терминологии // Переводная и учебная лексикография. М., 1979, с. 269-275.
12. Еремия Н.Л. Принципы построения системы учебных толковых словарей родного языка // Теория и практика современной лексикографии. Л., 1984, с. 165-176.
13. Джунисбеков А. Просодика слова в казахском языке. Алматы, 1987.
14. Кенесбаев С., Жанузаков Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. А., 1966.

**Қазақ тіл білімінің мәселелері.
Алматы, 1998, 11-21 бб.**

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТЕРМИНДЕРІ

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының «рухани көсемі» ғана емес, сонымен бірге ол қазақ тіл білімінің қайнар көзі, нәр алар алғашқы бастауы. Өзі жазып қалдырған 16 кітабының 12-сінің қазақ тіліне арналуы соның айғағы болса керек.

Ахаң деген – биік шың, шыңырау құз. Ол кісінің тұңғыығына бойлау, оның ойы жеткен жерге ой жеткізу – оңай бола қоймас. Дегенмен біз бұл жерде Ахаң тындырған істердің бірі – қазақ терминдерінің жасалуы жайында ой қозғамақпыз.

Қазақ терминдері қыр-сыры мол, дау-дамайы жетіп артылатын, қиыншылығы да жетерлік, күрделі құбылыс. Оның бәрін түгендеп жату, саралау бір мақаланың жүгіне сыймайды. Сондықтан мұнда Ахаңның «терминдер қалай жасалыну керек?» деген бір-ақ пікірінің ауқымынан шықпағанды жөн көрдік.

Өздеріңіз білесіздер: Ахаң өзі жасаған ғылыми атауларды біз құсап «термин» деп парасаттаған жоқ. Ол кісі терминді «пән сөзі» деген қарапайым сөзбен атаған. Шындығында да, терминдер – әрбір пәннің өздеріне ғана тән сөздер мен сөз тіркестері. Ол сөздер мен тіркестер тек сол пәннің ауқымында ғана пайдаланылады және сол пәннің мамандарына ғана түсінікті болады.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақша терминдерді жасаушы алғашқы адам. Ғұлама ғалым қазақ тіл білімінің қазіргі терминдерінің бәрін бір өзі жасады десек, артық айтқандық емес. Айталық, *зат есім, сын есім, бастауыш, баяндауыш, дыбыс, буын, жұрнақ, жалғау (көмектес септіктен басқа септіктердің бәрінің аты бар – Б.Қ.), жақ, шақ, рай, көсемше, есімше, етіс, қаратпа сөз, қыстырма сөз, жай сөйлем, құрмалас сөйлем ...* деген сияқты жүздеген-мыңдаған қазақша терминдер Ахаңның өз қаламынан туған туындылар. Бұл жердегі әңгіме Ахаң жасаған терминдердің бәрін санап шығуда емес. Әңгіме Ахаңның сол терминдерді қандай ұстанымдармен жасағандығы жайында болғалы отыр.

Мұның жауабы әзір: Ахаң пән сөздерін (терминдерді) тек ұлт тілі – қазақ тілі негізінде жасаған.

Ахаң өзінің «Тіл - құрал» (1914) деген кітабының алғы сөзінде: «Тіл - құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі

кезде сондай жат көрінер. Үйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезінде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң, жатырқау қалатын», - депті [1].

Ахаңның осы сөзін өзі жасаған қазақша терминдерге байланысты да айтуға болады. Өйткені Ахаң жасаған қазақша терминдердің де алғашқы кезде көп адамдарға жат көрінгендігі ақиқат. Қазір біраз уақыт өткеннен кейін біз үшін бұл терминдерден өткен етене жақын терминдер жоқ. Бұлардан біз ешқандай жасандылықты да, жаттықты да байқамаймыз.

Неге екенін қайдам, қазіргі кезде біреу-міреу Ахаң жолымен қазақша терминдер жасай қалса болды, бұлар «түсініксіз», «мағынасыз», «жарамсыз», «қайдағы бір құлақ естіп, көз көрмеген сөз» болып шыға келеді. Олардың, Ахаң айтқандай, «бірте-бірте бой үйренген соң» қалыптасып кететіндігіне ой жүгіртпейді.

Мен «Қазақ әдебиеті» газетінен Т.Беркімбаевтың «Бояушы, бояушы дегенге» деп аталатын мақаласын оқыдым [2]. Онда *рынок, секретарь, программа, класс, совет* сөздерінің газет-журнал беттерінде *нарық, хатшы, бағдарлама, сынып, кеңес* болып, қазақшаланып жүргендігі өзіне ұнамайтындығын жазады. Мақала иесінің бұл сөздерді заңды хұқық иесі – Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекітіп бергендігінде жұмысы жоқ, әлгі қазақша терминдердің бәрінің бетін шиедей қылып, етектей мақала жазады. «Қазақ әдебиеті» газеті оны өзінің екі бірдей бетін толтырып, даладай етіп басады.

Әдетте, «тілге құрмет – елге құрмет» деп ұрандатып жатамыз. Сонда деймін-ау, осы мақаланы қазақ тіліне деген құрмет деп ұғамыз ба, жоқ, әлде оны қазақ жазушыларының бас газеті – «Қазақ әдебиеті» әспеттеп басқаннан кейін, ондағы айтылған ойды қазақ жазушыларының пікірі деп ұғамыз ба?

Жақында «Ана тілі» апталығы «Қазақ сөзіне қауіп төніп тұр» деген жалпы тақырыппен бір топ мамандардың қазақ тілінің терминдері туралы пікірлерін жариялады [3]. Бұл пікірлермен таныса келсек, «кәсіби терминдердің бәрін бірдей қазақшалаған дұрыс па?» - деген сұраққа 15 адамның 13-і «дұрыс емес» деп жауап беріпті. Яғни онда «кәсіби терминдердің аударылмай, сол күйінде алынғаны жөн»

деген пікір айтылады. Ал «қазақшалағаны дұрыс» деп жауап берген адамның саны екеу-ақ.

Осыдан кейін «қазақ сөзіне қауіп төніп тұрған жоқ» деп, қалай айта аласың. Осы тұрғыдан «Ана тілі» апталығының қызметкерлері топтама пікірлерге дұрыс ат қойған. Газеттегі пікірлерге қарағанда, шындығында да, қазақ сөздеріне қауіп төніп тұрғаны рас екен. Бір қызығы, ол қауіпті төндіріп тұрған басқалар емес, өзіміздің қазағымыз болып шықты. Және де олар анау-мынау қазақтар емес, «оқыған», «білімді», «зиялы» деген аттары бар, профессор, доцент, доктор, кандидат деген «заттары» бар қазақтар.

Мені бір нәрсе қатты таңғалдырады. Ол – егер біреу бізден «Сіз кім үшін қызмет істеп жүрсіз?» - деп сұрай қалса, «қазақ халқы үшін» деп, бәріміздің бірдей таңдайларымыз тақ ете қалады. Олай болса, сол халқымызға шет тілі сөздері керек пе, жоқ өздерінің төл сөздері керек пе?! Жоғарғы 13 адамның жауабына қарағанда қазақ халқының қазақ сөздері емес, шетел сөздері керек сияқты.

Осы мәселе туралы Ахмет Байтұрсынұлы атамыз не деді екен? Енді соған келелік: «Өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала берсе, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөліктеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жібереді» [4, 413].

«Қазақ әдебиеті» газетінің биылғы жылғы (1998) 17-18-інші нөмірлерінде Ахаңа байланысты «Адамның диқаншысы» деген мақала жарияланды. Мақала иелері – саясаттану ғылымының докторы Қырымбек Көшербаев, экономика ғылымының докторы, профессор Ерлан Арын, ақын Есенбай Дүйсенбай. Мазмұнды да, мәнді жақсы мақала.

Рас, бұл жердегі әңгіме мақаланың мазмұны жайында емес. Ол әншейін жол-жөнекей ойға түскен соң, айтыла салынған нәрсе. Әңгіме – осы мақалада Ахаңның қазақ терминдеріне байланысты пікірлерін төлиелердің (авторлардың) толық, әрі жан-жақты келтіргендіктерінде.

Ахаң былай депті: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін,

ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек» [5].

Бұдан артық қалай айтсын!

Қайран Ахаң халқын егемендікке жеткіземін деп, қазақ тілін қайтсем таза сақтаймын деп, маңдай терін төге жүріп, елі халқы үшін мойнына мойынтұрық іліп, «жер жыртты», оған азаттықтың дәнін септі, өссін деп суын суғарды, арам шөбін жұлды. Алайда оның жемісін Ахаң жегізбестер жегізбеді. Опасыз отаршылдық кетпені енді ғана көктеп келе жатқан жас өскінді отап тастады, көктей солдырды. Еңбегі – еш, тұзы – сор деген осы шығар. Бірақ оған амал бар ма?!

Кеңес үкіметі тұсында халықаралық терминдер деген «кұрметті» атаққа ие болып үлгерген, қазіргі кезде тілімізде сендей соғылысып жүрген *альтернатив, коллектив, информация, паспорт, элеватор, экскаватор, цифр* деген сияқты жүздеген, мыңдаған сөздердің жазылуы, болмаса олардың айтылуы туралы бұл күнде сөз бола қалса болды, біздегі өзін білімді санайтын, бірақ тілден мүлде сауатсыз азаматтардың көпшілігі: «Ойбай, интернационализм сөздерге тиіспендер. Оларды қазақшалау, өзгертіп жазу деген не пәле?! Интернационализмдер – «тілге жеңіл», «мағынасы түсінікті», «құлаққа әбден сіңісті» болып кеткен сөзде», - деп, өре түрегеледі. Егер бұл пікірге қарсы пікір айтқан бірлі-жарым адам табыла қалса, олар «жалған патриоттар» (өздері шын патриоттай-ақ – Б.Қ.) болып шыға келеді [2].

Жарайды-ақ, бірлі-жарым жолдастарға *совет* сөзіне – *кеңес, класс* сөзіне – *сынып, паспорт* сөзіне – *төлқұжат* деген қазақша балама іздеп тапқанымыз ұнамасын-ақ делік. Ендеше, бұл сияқты сөздерді С.Мырзабековтың «Ана тілі дегеніміз – бабалар тілі емес пе?» деген мақаласында [5] атап көрсетілгендей, *сәбет, кіләс, гәзет, көңкүріс, кәмійтет, ректір* деп айталық және осылай деп жазалық дегеніне келіскеніміз жөн шығар.

Меніңше, Т.Беркімбаев сияқтыларға бұл ұсыныс та ұнамайды. Өйткені ондайларға керегі – терминдердің қазақша баламалары емес, орысшалары ғой.

«Егер бір халық өзіне жат идеялар мен бөтен әдет-ғұрыптардың ықпалына түсіп, оларды өз ұлтының ерекшелігіне райлас өзгертіп, игеріп, бойына сіңіруге күші жетпесе, онда ол халық саяси өмір сүре алмайды. Өзіндік даралығы жоқ, қуыс кеуде адамдар қандай болса, ұлттық белгісі, бет-бейнесі жоқ халық та сондай», - депті, орыстың атақты әдебиет сыншысы В.Г.Белинский [5].

Күні бүгінге дейін бұл пікірді дұрыс емес деген ешкім болған жоқ. Әсіресе француз тіліне жаппай ден қойған ХҮІІІ ғасырдағы орыс халқы үшін дұрыс болып табылған бұл пікір орыс тіліне әуестенген ХХ ғасырдағы қазақ халқы үшін неге дұрыс болып табылмайды?! Жоқ, әлде В.Г.Белинский қазаққа арнап әдейі айтпағаннан кейін бұл сөздің құны болмай қала ма?!

Шындығында да, қазақ тілінің дыбысталуына, дыбыстық тіркесіміне жат *автомат, артист, актер, лагерь, принцип, театр, гастроль, сервис, спорт, факультет, электр, реформа, миллион* деген сияқты сөздерді өз ұлтымыздың тілдік ерекшелігіне бағындырып, *аптамат, әртіс, әктөр, ләгір, пірінсіп, тыйатыр, гәстрөл, сербіз, ыспорт, пәкүлтет, електір, репорма, мілійөн*, - деп, өзгертіп алсақ, өз тіліміздің төл заңдылығына сәйкес келмес пе еді?! Араб, парсыдан келген осылар тәріздес *аһн, халал, харам, хал, ходже* сөздері қазақ тіліне кіргеннен кейін, олар *ән, адал, арам, әл, қожә* болып сіңісіп кеткен жоқ па?! Ендеше, біраз уақыт өткеннен кейін әлгі аталған орысша сөздердің де араб, парсы сөздері құсап жат болмай, сіңісіп кетері сөзсіз.

Жоғарыда аталған «Адамның диқаншысы» атты мақаланың төлиелері (авторлары) былай дейді: «Аяулы арыстарымыздың аруағынан қорықпай, қазір де кейбір «оқу өтіп кеткендердің» қайдағы бір абстрактылы «дүниежүзілік стандарт» дегенді желеу етіп, халықтық болмыстан қайнап шықпаған жат қағидалары қазақ жанына қабыстыруға үйірсектігін, бөгде тілдегі сөздерді орысша қалай жазылса, солай қаз-қалпында алмадың деп, ана тілінен атау іздеген қазақты сыпыра күстаналауын «ғалымдық» дейміз бе, әлде...» [5].

Мақала төлиелері мәдениетті адамдар екен. «Ғалымдық дейміз бе?» дегеннен кейінгі өзінен-өзі ауызға түсіп тұрған «әлде залымдық дейміз бе?!» деген сөзді жазбай, тастап кетіпті. Тастамау керек еді. Ондайлар бәрібір мәдениеттілікті, сыпайылықты түсінбейді. Түсінсе,

бір кезде қазақ тілін жою мақсатында зорлап ендірген, күшпен таңылған, дыбысталуы да, жазылуы да жат *конгресс, съезд, конференция, бюро, секретарь, география, геометрия, философия* деген сияқты сөздерді «осылай айталық, осылай жазалық» деп, жанын салып қорғар ма еді?!

Бір елді бір ел отарлап қоймайды екен, бір тілді екінші бір тіл отарлайды екен. Біздің тіліміз – отарланып кеткен тіл. Оны отарлаушы – жоғарыда көрсетілгендей орысша қалай айтылып, қалай жазылса, қазақша да солай айтылып, солай жазылып жүрген сөздер. Мұндай сөздерді орыс тілі білімінде «басқыншы сөздер» (варваризмдер) деп атайды.

Бұл жерде біз орыс тілінен заңды түрде енген *бөкебай, бөтелке, кереует, кампит, самаурын, жәшік* деген сияқты кірме сөздер туралы айтып отырғанымыз жоқ. Біздің әңгіме етіп отырғанымыз - өңі де, түсі де, тұрпаты да мүлде бөлек *альтернатив, информация, программа...* деген сияқты басқыншы сөздер жайында болып отыр.

Қай тіл болсын, басқа бір тілден сөз алса, оны өз тілінің заңдылығына бағындырып барып, дыбыстық өзгерістерге түсіріп барып алады. Өз тілінің заңдылығына бағындырып алмаса, түркі тілдерінен енген орыс тіліндегі **кислый** (*қышқыл*), **кусок** (*кесек*), **тупой** (*топас*), **толстый** (*толып кету*), **жир** (*шыр бітпеген*), **пустой** (*бос*), **чемодан** (*шабадан//шамадан*), **сундук** (*сандық*), **тень, темно** (*түн*), **край** (*қыр*), **алый** (*ал қызыл*), **бурый** (*бурыл*), **серый** (*сұр*), **копать** (*қопару*), **топтать** (*таптау*), **тлеть** (*түлеу*), **таскать** (*тасу*), **искать** (*іздеу*), **жечь** (*жану*), **сев** (*себу*), **бурить** (*бұрғылау*), **ткать** (*тоқу*) т.б. сөздері қайдан шыққан?!

«Өзге жұрт шет тілінен келген сөздерді өз тілінің заңдылығына бағындырып алады екен. Біз де солай етелік. Болмаса оның орнына басқа бір балама сөз іздеп табалық» десең, «Жоқ, халықаралық терминдер барлық тілде еш өзгеріссіз алынады. Оның үстіне тілімізде халықаралық терминдер неғұрлым көп болса, балаларымызға шет тілін үйрету соғырлым жеңіл болады», - деп, өзеуреп шыға келетіндер көп.

Қарсыластарымыз айтқан бұл екі пікірдің екеуі де – жаңсақ пікірлер.

Ең алдымен «халықаралық терминдер барлық тілде еш өзгеріссіз алынады» деген ой дұрыс емес. Халықаралық терминдер деп жүргендеріміз кімнің сөзі? Гректің сөзі ме, латынның сөзі ме? Жоқ, ағылшын мен немістердің бірінікі ме? Егер грек пен латын сөздерінің бірі десек, онда мысалға гректің *kinema* сөзін алалық. Бұл сөзді ағылшын, француз, италяндықтар *kinema* деп айтады және оны осылай жазады (олардың бұлай атауы заңды – Б.Қ.). Ал орыстар мен немістер оны *кино* деп өзгертіп алған. Латынның *socialis* сөзін ағылшындар мен орыстар – *socialism*, француздар – *socialisme*, немістер – *sozialismus* деп өзгертіп қолданады. Француздың *passeport* сөзін ағылшындар – *passport*, орыстар – *паспорт*, немістер – *pass* деп, өздерінше өзгерістермен қабылдаған [6] т.б. Бір топ тілдерге ортақтығына қарағанда, *kinema*, *socialism*, *passeport* сөздері – халықаралық терминдер. Олай болса, жоғарыда аталған тілдер бұл халықаралық терминдерді неге өзгеріссіз алмады?!

«Халықаралық терминдер тілімізде неғұрлым көп болса, оқушылар мен студенттерге шет тілін үйрету соғырлым оңай болады» деген екінші пікір де мүлде қате. Егер халықаралық терминдерге шет тілін үйрету әдісі тұрғысынан қарасақ, онда шет тілін оңай, жақсы үйретудің ең жеңіл жолы – өз ана тілінді мүлдем тастап, сол үйретпек болып отырған шет тіліне біржолата көше салу (орыс тілін солай үйреніп жүрген жоқпыз ба!). Сонда шет тілін үйрену оңай болмақ түгілі, тіпті оны үйренудің, үйретудің қажеті де болмай қалады. Несін үйренесің, ол да өзіңнің ана тілің болады да шығады.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. А., 1992. 142-б.
2. Қазақ әдебиеті. 1998. 13 қаңтар.
3. Ана тілі. 1998. 7 мамыр.
4. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. А., 1998. 413-б.
5. Қазақ әдебиеті. 1998. 8 мамыр.
6. Словарь иностранных слов. М., 1988.

Ұлттық рухтың ұлы тіні.
Алматы, 1999. 409-416 бб.

ТЕРМИНЖАСАМ ТУРАЛЫ КЕЙБІР ОЙЛАР

Әдетте терминдер қайдан шығады? Оның екі-ақ көзі бар. Біріншісі – ұлттық төл сөздеріміз, екіншісі – кірме сөздер.

Ұлттық төл сөздеріміздің терминге айналуы - әрі күрделі, әрі ұзақ әңгіме. Біз бұл мәселені өз алдына бөлек сөз еткенді жөн деп білеміз. Ал, бұл жерде басқа халықтардың сөздерін терминге айналдыруға байланысты кейбір ойларымызды ортаға салмақшымыз.

Бірден айталық: біздің бұған дейінгі орыс тілінен термин алуымыз ешбір ақылға сыймайды. Осы күнге дейін терминдер орыс тілінде қалай айтылып, қалай жазылса, бізде де олар солай айтылып, солай жазылып келеді. Шындығына жүгінсек, мұндай терминдер біздің тіліміздің терминдері емес. Олар – мүлде басқа тілдің (орыс тілінің) терминдері. Фонетикалық заң сақталса, сол тілдің фонетикалық заңдары сақталады. Тіл лексикалық жағынан байыса, сол тілдің лексикалық құрамы байиды. Ал қазақ тілі сол баяғы шет қақпай күйінде, жетім бұрышта қалып қояды.

Бұлай ету – әрине қиянат. Ұлт тіліне қиянат. Қиянат қана емес, ол – ұлт тілін бүлдіру. Оның өсуіне, дамуына кедергі жасау. Басқа халықтар кімнен болса да қандай бір сөз алмасын, оны өз тілінің дыбыстау заңдылығына, грамматикалық құрылысына бағындырып, соған сәйкестендіріп барып алады. Ал біз ше?!

Біз болсақ, баяғы өзіміздің мәңгүттігімізге басып жүрміз. «Қазақ тілін тоқтатып, орыс тіліне көшіру керек» деп шешкен шовинистік «ағаларымыздың» бірі латын, грек сөздерін өздері өзгертіп, өз тілдерінің заңдылықтарына сәйкестендіріп алғаннан кейін, енді «бұл сөздерді өзгертуге болмайды, оларды сол күйінде алу керек, сол күйінде жазу керек. Өйткені олар – халықаралық сөздер. Халықаралық сөздерді аударуға, өзгертуге болмайды» деген жымсықы пікірді біздер үшін, біз сияқты тәуелді халықтар үшін саналы түрде, арнайы айтқан және жазған болуы керек. Біз болсақ, өзімізше ойлаудан, өзімізше толғанудан қалған әдетімізге басып, жоғарыдағы жалған пікірді «ләббай, тақсыр» де қағып алдық та, одан күні бүгінге дейін арылмай, ылғи қайталаумен келеміз.

Жасалған термин терминологиялық жүйенің толыққанды мүшесі болуы үшін, ол терминнен бірінші кезекте туынды сөздер, түрлі

тіркестер жасалына алатындай болуы керек. Мысалға, «процент» сөзінің қазақшалану тарихына көңіл аударалық. Ол сөзді қазақшалау қажет деп табылған кезде біреу оны – *саншама*, екінші біреу – *жүздеуік*, үшінші адам – *пайыз* деп аталық деген үш түрлі ұсыныс айтылды.

Осылардың қайсысы толыққанды термин бола алады?

Мамандардың көпшілігі «осы сыңарлардың қайсысы «процент» сөзінің мағынасын дәл бере алса, оған сол балама бола алады» деген талап қойды да, *саншама* – санды шамалап білдіру, *жүздеуік* – санды жүз санының мөлшерінде есептетіп шығару деген мағына береді. Ал *пайыз* сөзіне мұндай мағына жоқ. Сондықтан «процент» сөзіне *саншама* сөзі мен *жүздеуік* сөздерінің біреуі балама бола алады» деген қорытынды шығарды.

Саншама, *жүздеуік* сөздері өздерінің берер мағынасы жағынан «процент» сөзінің мәніне жақын келетіндігі рас. Мұны тіл білімінде уәжді (мотивті) сөзжасам деп атайды. Ал *пайыз* сөзі – уәжсіз (мотивсіз) сөзжасам арқылы жасалған. Жаңа сөздердің уәж негізінде жасалуы – сөзжасам теориясының бірінші ғана талабы. Оған (сөзжасамға) қойылатын тағы бір талап бар. Ол – «жаңа сөз әрі қысқа, әрі нұсқа болсын» деген талап.

«Қысқа» болсын деген талап, әрине, түсінікті. Өмірде үнемділікке, ықшамдылыққа, не жетсін. Осы тұрғыдан *пайыз* сөзінің уәжсіз болса да, *жүздеуік*, *саншама* сөздеріне қарағанда, қысқа екендігі дәлелдеуді керек етпейді. Ол – небәрі бес дыбыстан тұратын түбір сөз. *Жүздеуік* (жүз+де+у+ік), *саншама* (сан+шама) сөздері болса, бұлар – бірнеше морфемалардан тұратын күрделі құрамды сөздер.

Ал термин нұсқа болсын деген талапты осы жерде аздап болса да түсіндіре кеткен абзал болар.

Біз «нұсқалықты» әлгі терминдердің сөз жасаушылық, тіркесімдік мүмкіндіктерінен іздестіргенді дұрыс деп білеміз. Егер, *пайыз* сөзінен *пайызды*, *пайызсыз*, *пайыздық* деген сияқты туынды сөздер жасалып, олардан «тапсырма 100 пайыз орындалды», «5 пайыздық заем», «пайыздық қатынас» деген сияқты тіркесімдер пайда болса және оларды түсіну үшін онша қиынға соқпайтын болса, *жүздеуік* (жүздеуікті, жүздеуіксіз, жүздеуіктік), *саншама* (саншамалы,

саншамасыз, саншамалық) сөзерінен жасалған «тапсырма 100 жүздеуік (саншама) орындалды», «5 жүздеуікті (саншамалы) заем» деген сияқтыларды түсіну қиынырақ.

Әрине, жобалап болса да бір нәрсені аңғаруға болады. Бірақ ол өте күңгірт және түсінуге ауыр. Өйткені, «тапсырма 100 саншама орындалды» дегеннен «тапсырма орындалды ма?», жоқ «саншама орындалды ма?» деп ойланып қалатынымыз анық.

«Объект», «субъект» сөздерінің қазақша баламалары да дәл осындай. Біреулер объект сөзінің орнына – *зерзат* (зер салатын, зейін тоқтататын зат) сөзін, субъект сөзінің орнына – *нақзат* (нақты зат, заттың өзі д.м.) сөзін ұсынса, екінші бір адамдар объект сөзіне – *нысан* сөзін (Кейбіреулер жаңылып, бұл сөздің орнына «нысана» сөзін қолданып жүр. Меніңше, бұл қате түсінік. Қазақ «нысана» деп мылтықпен, садақпен көздейтін затты – прицел, мишень айтады), субъект сөзіне – *нысан* сөзін ұсынады. Алдыңғы атаулардың құрамы уәжді (мән-мағыналары түсінікті) терминдер де, соңғы атаулар уәжсіз (мән-мағыналары түсініксіз) терминдер.

Көп жерде уәжді атаулардан гөрі уәжсіз атаулардың тезірек сіңісіп кететіндіктері анық. Өйткені терминдердің сыртқы тұрпатында тұрған ешқандай мән-мағына жоқ, мән-мағына олардың ішкі мазмұнында. Егер әлгі *объект*, *субъект* сөздерінің мән-мағыналарын *зерзат*, *нақзат* сияқты уәжді сөздер көбірек береді демей-ақ, ол мән-мағыналарды *нысан*, *нысан* деген уәжсіз сөздерге телісек, көп ұзамай-ақ әлгі мағыналардың дәл осылай қалыптасып кететіндіктері ақиқат. Оның үстіне «зерттеу зерзаты» дегеннен гөрі – «*зерттеу нысаны*» деген әлдеқайда жатығырақ емес пе?!

Нысан, *нысан* сөздерін біздің уәжсіз (мағынасы жоқ) сөздер деп отырғанымыз шартты нәрсе. Әйтпесе, бұл сөздер тілімізде ешқандай мән-мағына атқармайды емес. *Нысана* сөзінің *нысан* сөзінің орнына қолданылып кетіп жүргендігінің өзі бір нәрсені аңғартқандай. Оның үстіне орыс тіліндегі объект, субъект сөздері сияқты *нысан*, *нысан* сөздері де өздерінің мағыналары жағынан ғана емес, сонымен бірге сыртқы пішіндері (формалары) жағынан да бір-бірімен антонимдік жұп құрай алатындығын ескергеніміз жөн.

Осыдан біраз жылдар бұрын газет-журнал беттерінде авторды – *төлие*, аэропортты – *әуеайлақ*, аэровокзалды – *әуежай*, логиканы –

қисын, мәрді – *әмір*, компьютерді – *білгесаяр* деп қазақшалайық деген ұсыныстар болды. Бұлар дұрыс ұсыныстар еді. Бірақ қазір, кәне, осы сөздерді осылай қазақша қолданып жүргендігіміз?! Оған кім кедергі жасады?!

Ешкім де! Баяғы өзіміздің қанымызға тән салғырттығымыз, жайбасарлығымыз бен бүгежектігіміз!

Жоғарыдағылардың ішіндегі «мэр» сөзі өзіміздің *әмір* деген сөзіміз болатын. Солай бола тұрса да, оның орнына *мэр* (қала мэрі) деген орысша сөзді қолданып келеміз. Тіпті «мэр» сөзінің *әмір* сөзінен шыққандығын да еске алып жатпаймыз.

Әуеайлақ сөзінің құрамындағы «айлақ» морфемасы Кәспи жағалауындағы қазақтардың тілінде – «теңіз, көл, өзен жағасындағы кеме тоқтайтын жер» дегенді білдіреді. Тілімізде орыстың осы мағыналас «аэропорт» сөзін қолданғанша, оның орнына қазағымыздың *айлақ* сөзін іске жаратып, «әуеайлақ» десек, мұнымыз әлдеқайда дұрыс болмас па еді?!

Қисын сөзі де өзіміздің төл сөзіміз. Оны терминком «логика» сөзінің баламасы ретінде баяғыда-ақ бекітіп берген. Соған қарамастан, әлі күнге дейін *қисын* сөзінің орнына «логика» сөзін қолданып келеміз.

Кейбір тілші ғалымдарымыздың пікіріне құлақ қойсақ, өз сөздерімізден жасалған терминдерден гөрі, бөтен тілдерден алынған терминдер әлдеқайда қолайлырақ болатын сияқты. Оларға «неге олай»? деген сұрақ қойсаңыз, «егер өз сөздерімізден жасалған терминдердің мағынасы жалпыхалықтық сөздердің мағынасымен шатасып кетіп жатса, шет тілдерінен енген терминдерде мұндай шатасулар болмайды», - деп жауап береді.

Бұл пікірді қолдай қою қиын. Өйткені, біріншіден, әр мағынаға жеке-жеке сөз іздесек, тіліміздегі мағыналарды белгілеуге сөзіміз жетпей қалуы мүмкін. Екіншіден, дүние жүзіндегі тіл атаулыға тән көп мағыналық дегенді де ескерген жөн.

Рас, Еуропа ғалымдары (оның ішінде орыс ғалымдары да бар) қарапайым және терминдік мағыналарды жеке-жеке сөздермен белгілеуге талпынады. Ағылшын тілінің лексикалық қорындағы сөздердің саны бір миллионға жетіп отырғаны соның дәлелі. Егерде ол сөздердің бәрі сол халықтың өз сөздері болса, бұл, әрине, жақсы.

Ал олардың бір жартысы өз халқынікі, екінші жартысы басқа халықтардың сөздері болса, оның үстіне басқа халықтардың сөздері олардың өздерінде қалай жазылса, бізде де солай жазылып жүрсе, мұны «жақсы» деуге болмайды. Өйткені, бұл – ұлттық тілді ластайды, бүлдіреді, құртады. Оны өз арнасына шығарып жібереді, өз табиғатынан алыстатады.

Осы тұрғыдан қазақ тіліндегі *қызмет* және *функция* сөздерінің орнына (мейлі, олар әдеттегі жалпыхалықтық мағынасын білдірсін, мейлі терминдік мағынасын білдірсін – бәрібір) бір-ақ сөзді, яғни «қызмет» сөзін пайдалануға әбден болады. Ал терминдік мағынаны жеке сөзбен білгілеу керек деп тапқан болсақ, онда ол мағынаны латынның *функция* сөзімен емес, Елдес Омаров ағамыз жасаған, жасанды сөз, есесіне – нағыз қазақша, «*берне*» сөзімен белгілеу әлдеқайда дұрыс.

Термин жасауда бұл сияқты мағыналарды шатастырмаудың ең оңай тәсілі бар. Ол – кірме сөздерді (терминдерді) өз тіліміздің заңдылығына бағындырып барып, яғни оларды дыбыстық өзгерістерге түсіріп барып алу. Айталық, француз тілінің *тайм*, *теннис*, *крем* сөздері мен ағылшын тілінің *бульдозер* сөзі қазақ тіліне дәл осы жерде көрсетілген формада алмай (ондай жағдайда олар кірме сөздер емес, варваризмдер болып табылады), тіліміздің заңдылығына бағынып, *тайым*, *теніс*, *кірем*, *бүлдөзір/бүлдезір* болып, өзгертіліп барып алынса, онда бұлардың мағыналары ешқандай сөзбен шатастырылмаған болар еді және олар тіліміздің лексикалық қорын шын мәнінде байытар еді. Сонымен қатар, бұл сияқты кірме сөздер әрі бір мағыналы, әрі экспрессиядан аулақ сөздер болған болар еді. Сөйтіп, олар нағыз терминдік қызмет атқарар еді.

Қазақша термин жасаудың тағы бір жолы бар. Ол – көне түркі тілінің байлығын пайдалану. Бірақ біз оны күні бүгінге дейін қазақ тіл білімінде бірде-бір рет қолданып көргеніміз жоқ.

Еуропа халықтары жаңа термин жасауда өлі тіл болып есептелетін грек, латын тілдерінің материалдарын кеңінен пайдаланып келді, қазір де пайдаланып жүр. Біз болсақ, көне түркі тіліне ешбір қатысымыз жоқтай-ақ, оны ойлап та, жолай да қоймаймыз.

Ақиқатына жүгінсек, біздер – қазақтар жаңа сөз, жаңа термин жасауда көне түркі тілі мен қазіргі түркі тілдерінің материалдарын,

қала берді өзіміздің кәсіби сөздеріміз бен жергілікті тіл ерекшеліктерімізді (диалектілерімізді) тілімізді байытудың жолы ретінде молынан пайдалануымыз керек. Жаңа термин жасауда біздерге туыстығы жағынан еш қатысы жоқ, тілдік құрылысымыз жағынан да үш қайнаса сорпасы қосылмайтын латын, грек сөздерін пайдаланғаннан гөрі, өзіміздің арғы тегіміз болып табылатын және ана тіліміздің қайнар көзі, бастауы болып есептелінетін көне түркі тілі мен кәсіби сөздеріміздің, жергілікті ерекшеліктеріміздің байлығын пайдалану әлдеқайда дұрыс және жөн болған болар еді.

Орыс халқы грек, латын және көне славян тілдерінің байлығын ешкімнен қорықпай-ақ молынан пайдаланып жүр ғой. Оларға бұлардың қалай деген ешкім жоқ. Біз болсақ, біреу ұрысардай, біреу жазғырардай жан-жағымызға жалтақтаймыз. Өзіміздің тұнып тұрған құнды да құнарлы, бай да берекелі қазынамызға шеңгелімізді кеңінен салудың орнына, оған жақындаудан, одан бірдеме алудан тайсақтаймыз. Өзіміздің кейбір қандастарымыз «көне түркі сөздері мен жергілікті сөздер жаңа ғылыми ұғымдарға атау бола алмайды» дегенді сылтауратады.

Атау болғанда қандай, тек оларды өздеріміз атау жасай алмай жүрміз.

**Ана тілі,
1999, 22 қаңтар, №3.**

ҚАЗАҚ ТІЛІ ТЕРМИНДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Термин сөздер – аяғын аспаннан салбыратып түскен, «қасиетті», «құдіретті» сөздер емес. Олардың әдеттегі халықтық сөздерден еш айырмашылықтары жоқ. Жалғыз-ақ айырмашылығы бар, ол - әлгі термин сөздердің арнайы, ерекше мағынада, яғни білгілі бір ғылыми ұғымды білдіретіндігі және терминдердің тек белгілі бір ғылыми терминдер жүйесінде ғана термин бола алатындығында.

Мысалға «жер» сөзін алып көрелік.

Егер бұл сөзді халық тіліндегідей «жерге түсті», «жер басты», «жерде отыр» деген сияқты айтылыстардағы мағыналарда қолдансақ, онда ол – халықтық сөз, яғни термин емес. Ал осы сөзді («жер» сөзін)

– «Күнді айналып жүретін, шар тәрізді, тіршілік көзі бар планета», - деген ұғымда қолдансақ, онда ол – термин. «Жер» сөзі термин ретінде физикалық география немесе геология ғылымдарында қолданылады.

Халық тіліндегі «жер» сөзінің мағынасы біреу емес, бірнешеу. Олар: 1) Жер шарының үстінгі қабаты, сыртқы қыртысы; құрлық (Мыс.: Ұшақ *жерге* түсті); 2) Бір елдің меншікті территориясы (Қазақстанның *жері*); 3) Ел, жұрт, ауыл; мекен (Өскен *жерім* – Алматы); 4) Жай, орын (Жол бойында қонатын *жер* табылады); 5) ауыс. Уақыт, кез, мезгіл, мезет (Айтатын *жерде* үндемей қалу – ұят), т.б. /1: 4, 90-91/.

Ал осы «жер» сөзі термин ретінде қолданылса, онда ол тек бір-ақ мағынада жұмсалынған болар еді. Өйткені терминге бір мағыналық тән. Терминдердің көбінесе ғылыми еңбектерде, терминологиялық сөздіктерде ғана қолданылатындығы сондықтан. Терминнің мағынасын мамандар ғана түсінеді.

Кейбір тілші ғалымдар: «Терминдер де көп мағыналы бола алады», - дегенді айтады /2: 19/. Бұл пікір дұрыс емес. Өйткені бір ғылым саласындағы терминдерде тек бір-ақ мағына болады. Ол – сол нақтылы бір мағынасымен ғана термин. Есесіне бір терминнің әртүрлі ғылым саласында ұшыраса беруі мүмкін.

Мысалыға орыс тіліндегі «ассимиляция» терминін алалық.

«Ассимиляция» латынның *assimilatio* деген сөзі. Оның мағынасы – «өзіне бейімдеу, ұқсату» дегенді білдіреді. Бұл сөз этнография ғылымында да, тіл білімі (немесе тілтаным) ғылымында да, биология ғылымында да кеңінен қолданылады. Бұлардың білдіретін мағыналары да әр басқа.

Айталық, тіл біліміндегі «ассимиляция» термині – «бір дыбыстың екінші дыбысқа тигізетін ықпалы, әсері» дегенді білдірсе, этнография ғылымындағы «ассимиляция» термині – «бір халықтың екінші халыққа сіңісіп кетуі» дегенді аңғартады /3: 1, 382/. Ал биология ғылымында «ассимиляция» термині – «басқа заттарды өз денесіне сіңіріп алуды» білдіреді /4: 48/.

Бұларды бір терминнің («ассимиляция» сөзінің) үш түрлі мағынасы деп ұқпау керек. Олар – жеке-жеке терминдер, яғни омоним сөздер. Жеке-жеке сөздер (омонимдер) болғандықтан бұлардың лексика-семантикалық тіркестері де әртүрлі.

Егер алдыңғы терминнің «прогрессивті ассимиляция», «регрессивті ассимиляция» деген сияқты тіркестері болса, «екі халықтың бір-біріне сіңісіп кетуі» деген мағынадағы екінші терминнің «ерікті (табиғи) ассимиляция», «еріксіз (еріктен тыс, зорлықты) ассимиляция» деген тіркестері бар.

Сыртқы тұлғалары жағынан болмаса, ішкі мағыналары жағынан «ассимиляция» сөзі мен «ықпал», «сіңісу», «сіңіру» сөздерінің ешқандай айырмашылықтары жоқ. Ендеше «халықаралық» терминдерді аударуға болмайды» дегенді қойып, жоғарғы үш «ассимиляцияның бірін – *ықпал*, екіншісін – *сіңісу*, үшіншісін – *сіңіру* деп аударып алсақ, онда «әр ұлт өз тілінің терминдерін ұлттық негізде өздері жасап алу» деген сол болған болар еді. Өйткені терминология дегеннің өзі – лексиканың саналы түрде реттелініп, жүйеленіп тұратын өзгермелі саласы.

Нағыз терминдер көп мағыналылықтан аулақ болатыны сияқты, олар әр уақыт экспрессивтіктен, эмоционалдықтан да ада болады. Себебі, олар – ғылыми ұғымдардың атаулары. Ғылым болса, ол дәлдікті, нақтылықты сүйеді. Ал жалпы халықтық сөздер көп мағыналылықтан, экспрессивтіктен, эмоционалдықтан қашпайды. Термин мен термин емес сөздердің бір-бірінен басты айырмашылықтары да осында. Басқаша айтсақ, олардың айырмашылықтары – жалпы халықтық сөздердің бейтараптығы мен терминдердің ғылыми ұғымдарды білдіретіндігі.

Термин сөздердің термин емес сөздерге ауысуы өте сирек кездесетін құбылыс (Мыс., *компьютер*, *аккумулятор*, *термометр*, т.б.). Ал бұған керісінше, термин емес сөздердің термин сөздерге ауысуы жиі байқалатын нәрсе. Оған тілімізде мысалдар көп. Айталық, *түбір* (корень), *жұрнақ* (суффикс), *кіріс*, *шығыс*, *жапырақ* т.б.

Қазақ тілінде «жапырақ» сөзі қазір жалпыхалықтық сөз ретінде де, термин сөз ретінде де қолданылады. Ол сөздің жалпыхалықтық мағынасы – «өсімдіктің өзі жалпақ, өзі жасыл түсті мүшесі» дегенді, ал терминдік мағынасы – «жоғары сатыдағы өсімдіктердің (төменгі сатыдағы өсімдіктердің емес) бойындағы фотосинтез процесі жүретін, өзіне көмірқышқыл газын сіңіріп алып, оттегін бөліп шығаратын вегативті мүшесі» дегенді білдіреді.

Бұл екі мағынаны шатастыруға да болады, шатастырмауға да болады. Шатастыруға болатын себебі – екеуі де, сайып келгенде, «өсімдіктің бір мүшесі» деген жалпы ұғымды білдіреді. Шатастыруға болмайтын себебі – бұл термин және термин емес екі сөздің мән-мағыналары екі түрлі. Бірі (халықтық сөз) жалпылай алғанда тар, таяз мағынада, екіншісі (термин сөз) ғылыми ұғымды білдіретін кең, терең мағынада қолданылады.

Бұл сияқты» екі жақты» сөздер ертеде халықтық қарапайым сөздер болған. Кейіннен ғылымның дамуына, зерттелінуіне, оның қазақша сөйленуіне байланысты олар өздерінің халықтық мағынасының үстіне басқаша ғылыми мағына (ұғым) үстеп, терминдердің қатарына өтті; терминдік жүк арқалайтын болды. Бұл біздің тілімізде ғана емес, басқа халықтардың тілінде болып тұратын құбылыс.

Терминдерге экспрессия, эмоция тән емес дедік. Бұл – шындық. Осы қағиданы теріске шығарғысы келген кейбіреулер анатомия ғылымындағы *тілшік* (язычок), *қалташық*, *айналышық* деген сияқты, техникадағы *жүрекше*, *жұдырықша*, *құлақша* деген сияқты терминдерді мысалға келтіріп, «бұлар **-шық/-шік**, **-ша/-ше** кішірейткіш жұрнақтары арқылы жасалып тұр. Кішірейткіш жұрнақтар түбірге экспрессивтік, эмоциялық мән үстейтіндігі белгілі. Олай болса, бұл мысалдар жоғарғы пікірге қайшы келмей ме?» - деген сұрақ қойғысы келеді /5/.

Жауап берейін: Қайшы келмейді. Өйткені *тілшік*, *жұдырықша* деген терминдердің құрамындағы **-шік**, **-ша** кішірейткіш жұрнақтары әлгі сөздер жалпыхалықтық сөздерден терминдік сөздерге қалай ауысты, солай олар өздерінің кішірейткіштік мәнінен айырылып қалады. Басқаша айтсақ, **-шік**, **-ша**, қосымшалары өздерінің экспрессивтік (кішірейткіштік) мәнін түбір сөздерге қосылып, туынды сөз жасаған кезінде, яғни екінші номинация кезінде ғана анық, айқын атқарып, ал ол туынды сөздер бір тілдік жүйеден (халықтық тілден: кіші тіл, кіші жұдырық) екінші тілдік жүйеге (терминологияға) ауысқан кезінде олар өздерінің экспрессивтік мәнін жоғалтып алады. Сөйтеді де, **-шік**, **-ша** қосымшалары туынды сөздің жалпы дыбыстық құрамымен астасып, сіңісіп кетеді. Соның нәтижесінде қосымша өзінің морфологиялық қызметінен айырылып, түбірге қосылып кетеді

де, нақтылы бір ғылыми ұғымның атауын ғана білдіреді. Біз *тілшілік* (анат.) деп – көмейдің үстінгі жағындағы өсіндіні, ал *жұдырықша* (техн.) деп – техниканың белгілі бір ғана бөлшегін ғана ұғамыз.

Бұл жерде жалпыхалықтық *жұдырық*, *тіл* сөздерін *жұрықша*, *тілшілік* деген термин сөздермен салыстыруға келмейтінін, егер салыстыру керек болса, *жұдырық*, *тіл* деген жалпыхалықтық сөздерді «кішірек жұдырық», «кішірек тіл» деген мағынадағы *жұдырықша*, *тілшілік* деп аталатын жалпыхалықтық (экспрессивтік) сөздермен салыстырып, олардың бірінің «кәдімгі жұдырық», «кәдімгі тіл» екендіктерін, екіншілерінің – «кішкене келген жұдырық», «кішкене келген тіл» екендіктерін зерделеуге болатындығын айта кетпеске болмайды. Бұл соңғы сөздер: «*жұдырықша* – кішірек келген жұдырық, *тілшілік* – кішірек келген тіл» кішірейткіш жұрнақтар арқылы жасалған экспрессивті сөздер. Ал ғылыми мәндегі *жұдырықша*, *тілшілік* сөздері – экспрессивті сөздер емес. Олар – белгілі бір ғылым саласына қатысты нақтылы заттың, нақтылы ұғымның атаулары болып табылатын, біртұтас морфемалы терминдер. Ол терминдердің туындылығы әлгі сөздер терминге айналып кеткеннен кейін мүлде ұмытылған.

Жалпыхалықтық сөздің терминге айналуы оның лексикалық мағынасын ғана өзгертіп қоймайды [Мыс.: *тілшілік* (жалпыхалықтық сөз) – кішірек тіл; *тілшілік* (анат. термин) – көмейдің үстінгі жағындағы өсінді], сонымен бірге, ол (термин) сөзінің лексика-грамматикалық, синтаксистік мағыналарын да өзгертеді. Мәселен, жалпыхалықтық *тілшілік* сөзі «мынауың тіл емес, тілшілік қой» деген тәрізді тіркесімде айтылып, кішірейткіш мәнде жұмсалынатын болса, термин мәніндегі тілшілік сөзі: «Ң фонемасы тілшіліктің төмен түсіп, ауыз жолын кептеп тұрғандықтан, фонетикалық ауа мұрыннан шығады» /6: 252/ деген тәрізді мәтінде ұшырасып білгілі бір анатомиялық мүшенің атауы ретінде жұмсалынады.

Орыс тіл білімінде бір ғана ұғымды білдіретін «лингвистика» дегеннен басқа «языкознание» және «языковедение» деген екі түрлі термин бар екендігі белгілі. Берер мағыналары жағынан бұлардың бір-бірінен ешқандай айырмашылықтары жоқ. Солай бола тұрса да, орыс ғалымдары бұл соңғы екі терминді саралауға тырысады. Осы тұрғыда белгілі ғалым А.А.Реформатский былай депті:

«...Совершенно казалось бы равноценные термины *языкознание* и *языковедение* все таки – не равноценны; второй из них удобно окружен параллельными терминами: *языковедческий, языковед, языковедные вопросы* и т.п., тогда как первый не имеет такого окружения» /7: 113/.

«Термин бір-ақ түрпетті (вариантты) болуы керек» деген талапқа қарамастан орыс тілінің жоғарғы екі терминін біздің қазақ ғалымдары бірін – *тіл білімі* (языкознание), екіншісін – *тілтаным* (языковедение) деп аударып алып жүр; осылай қолданылады да. Егер бұларға А.А.Реформатскийдың талғам-талабы тұрғысынан қарасақ, қазақтың *тіл білімі* деген терминіне қарағанда *тілтаным* деген термині әлде қайда қолайлырақ екендігін жоққа шығаруға болмайды. Өйткені *тілтаным* терминінен *тілтаным+дық, тілтаным+шы* деген сияқты туынды сөздер жасалынса, *тіл білімі* терминінен мұндай туынды сөздер (тіл білім+дік, тіл білімі+ші) жасалынбайды.

Сондықтан болар, біз *языковедь* деген терминнің қазақша баламасын «тіл білімі» «тілтаным» түбірлерінен емес, «тіл» (язык) түбірінен шығарып, *тіл+ші* деп айтып та, жазып та жүрміз. Бұл сөз «корреспондент» деген сөздің баламасы – *тілші* деген сөзбен жарыса қолданылып (омонимдік қатар түзеп), аздаған қолайсыздық туғызады (Бұл соңғы талап, яғни «терминнің сөз жасам қабілеті» деген талап – терминге қойылатын төртінші талап болып есептелінеді – Б.Қ.).

Неге екенін қайдам, осы күнде кейбір мамандар: «Терминдер халықаралық болады. Оларды аудармай сол күйінде алу керек», - деген жаңсақ ереже тауып алды да, сол пікірлерінен қайтпауға тырысады. Шетел сөздерін сол күйінде алу, сол күйінде қолдану – қазақ тілін жетілдіру, дамыту емес, оны құрту екендігін олар түсінгісі келмейді, түсінбейді. Мұндай пікірдегі адамдар бірлі-жарым болса бір сәрі ғой, бірақ олардың саны бұл күнде аз болмай тұр.

«Қазақ тілі – мемлекеттік тіл болады. Өз еркіміз өзімізде, егемендігіміз қолымызда болып отырған қазіргі заманда өзге де ерікті елдер сияқты өз тіліміздің төл терминдерін өзіміз жасап алайық» - десең, әлгі жаңсақ «теориямен» қаруланған «оқымыстылар» ер тоқымын бауырына алып, жатып кеп тулайды. Ел жиналған жерге барып, өз ойын дәлелдеген болып сөз сөйлейді; газет-журналдарға мақала жазады.

Қарапайым көпшілік халық қайдан білсін, ғылым докторы немесе ғылым кандидаты деген атағы бар біреулер «қазақша сөздер термин бола алмайды, тек латынша, грекше немесе ағылшынша, орысша сөздер ғана термин болады», - деп, білгішсініп жатса, оған, әрине, халық сенеді. Сөйтеді де, қазақша термин жасауды қояды. Орыс тілінде қанша термин бар, соның бәрін бөтелке қабылдаушы (приемщик) секілді даяр күйінде қабылдай береді. Нәтижесінде қазақ тілін дамыту орнына орыс тілін дамытып, әлгі жаппай қабылданған орысша терминдер мерезшөп (повилика) шырмауығы секілді тілімізді бүтіндей шырмап алып, оның қорегін де, нәрін де – бәрін де сора бастайды. Сөйтеді де, айдың, күннің аманында жайнап, жайқалып тұрған тілімізді біртіндеп солдырып, аздырып тынады. Ақыры одан қай күні айрылып қалғанымызды өзіміз де сезбей қаламыз.

Мен бұл сөздерді жайдан-жай айтып отырған жоқпын. Кейбір терминшілер: «Ғылыми терминдер көпшілік халықтарға ортақ болса, ол ғылымда меңгеру оңайға түседі. Халықаралық ғылыми конференцияларда ғалымдар бірін-бірі жақсы түсінеді», - деген уәж айтады.

Рас, тіл білімінде терминдердің халықаралылығы деген мәселе бар. Бірақ бұл мәселелеге тоқталмас бұрын, алдымен «терминнің халықаралығы оның сыртқы тұлғасында ма, жоқ, ішкі мазмұнында ма?» - деген мәселенің басын ашып алғанымыз жөн.

Бірден дұрыс жауабын айталық: Терминдердің халықаралығы (интернационалдығы) – олардың сыртқы тұлғаларында емес, ішкі мазмұндарында. Яғни терминдер ішкі мазмұны, мағынасы, мәні жағынан халықаралық болады да, ал сыртқы тұлғасы жағынан олар – ұлттық болады. Әр ұлттың сөздері өздерінің тұлғалары, құрылымы, грамматикалық құрылысы жағынан ерекшеленеді. Әсіресе ұлттық сөздердің ең басты белгісі – ондағы дыбыстардың тіркесімінен анық байқалады.

Өздеріңіз ойлап көріңіздерші, *кровать* сөзі қазақша ма, жоқ, *кереует* сөзі қазақша ма? Әрине, *кереует* сөзі қазақша, ал *кровать* сөзі қазақша емес. Өйткені орыстың *кровать* сөзінің басында, екі дауыссыз дыбыс (кр) қатар тұр. Бұл – қазақ тіліне жат құблыс. Сондай-ақ, ол сөзде (*кровать*) жіңішке дыбыстар (к, ть) мен жуан дыбыстар (о, а) араласып келген. Бұл да қазақ тіліне жат. Ең

ақырында *кровать* сөзінде қазақ тілінде жоқ **в, ть** дыбыстары кездеседі.

Ал *кереует* сөзі – қазақша. Онда қазақ тіліне тән заңдылықтардың бәрі, атап айтқанда, бір сөзде өңкей жуан, не өңкей жіңішке дыбыстардың бірыңғай келуі (үндестік заңы) немес сөз ішінде бір дауыссыз дыбыс пен дауысты дыбыстың алмасып отыруы деген сияқты заңдылықтардың бәрі түгел сақталған.

Болмаса *жад* (память) терминін алыңыз. Бұл қазақ сөзі делінгенімен бұл қазақша емес. Қазақ тілінде сөздер **б, д, г, ғ** дыбыстарына аяқталмайды. Ал аяқтала қалса олар **п, т, к, қ** қатандарына ауысып кетеді. Мысалы: баб<баптар, завод<зауыт, т.б. Сондықтан арабтың *жад* сөзіне **ы** қысаңын қосып (жад+ы) айтсақ қана немесе сөз соңындағы **д** дыбысын түсіріп, оның орнына **т** дыбысын қойып айтсақ қана ол қазақша болады. *Жады* сөзін түрлендіріп көрелік: *жады+лар* (жад+тар емес), *жады+ның* (жад+тың емес, *жады+сы* (жад+ы емес), т.б.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: Тіліміздегі орысша терминдердің бәрін қазақшаламаған күннің өзінде олардың біразын жоғарыда айтқанымыздай өз тіліміздің заңдылығына бағындырып, мәселен, авторды – *аптыр*, алфавитті – *алпабит*, адресі – *әдіріс*, паспортты – *паспырт*, осьті – *өс* деуімізге болар ма еді?!

Әрине, болар еді. Бірақ оған біздің білімпаздығымыз, ұстанымпаздығымыз (принципшілдігіміз), әрі беріден кейін ұлттық намысымыз жетіспейді.

Егер біраз терминдерді жоғарыда айтқандай өзгерткен болсақ, біріншіден, тіліміздің өз заңдылығын сақтай отырып, оны басқа тілдердің сөздерімен (терминдерімен) байыта, толықтыра түскен болар едік. Екіншіден, халықаралық терминдерден де іргемізді аулақ салмай, оларды да өз пайдамызға жаратқан болар едік. Үшіншіден, ұлттық тіліміздің өзіндік ерекшелігі мен өзіне тән жүйелілігін жоғалтпаған болар едік. Төртіншіден, халықаралық терминдердің халықаралықтық қасиетін сақтаған болар едік.

Міне, біздің терминге байланысты ұғым-түсінігіміз, ойтүйгендеріміздің кейбіреулері осындай.

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 том. А., 1974 – 1986.
2. Немченко В.Н. Полисемия научных терминов и ее отражение в терминологическом словаре // Термин в языке и речи. Горький. 1984. С. 16–23.
3. Қазақ Совет энциклопедиясы. 1-12 том. А., 1972 – 1978.
4. Мұсақұлов Т. Орысша-қазақша түсіндірмелі биологиялық сөздік. 1-том. А., 1959.
5. Егемен Қазақстан. 12.10.1993.
6. Кеңесбаев І., Мұсабаев F. Қазіргі қазақ тілі. А., 1962.
7. Реформатский А.А. Введение в языкознание. М., 1967.

**Қазақ тілі: фонетика, лексика, грамматика.
Алматы, 1999. 58-64 бб.**

ҚАЗАҚ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАСАЛУЫ ЖАЙЫНДА

Терминология – ғылым тілінің жөн арқасы [1: 3]. Терминсіз ешбір ғылым оқытылмайды да, үйретілмейді де. Өйткені термин дегеніміз – үйренбекші болып отырған ғылымымыздың негізгі ұғым-түсініктерін, мән-мағыналарын бойына жинақтаған сөздер мен сөз тіркестері. Дүние жүзіндегі барлық тілдер сияқты қазіргі қазақ тілінде де термин сөздер мен термин тіркестер көптеп ұшырасады. Олардың жасалуына, қолданылуына мән беріп, көңіл аударып отырғандығымыз сондықтан.

Егер ақиқатына жүгінер болсақ, қазіргі қазақ тіліндегі терминдерді: 1) қазақ тілінің төл терминдері (20-30%) және 2) орыс тілінен тікелей енген терминдер (70-80%) деп, екіге бөліп қарастыруға тура келер еді. Теориялық және ғылыми тұрғыдан әрбір ұлттық тілдің өз терминдері болуы қажет. Олай болса, орыс тілінің 70-80 пайыздай терминдерін «біздің терминдеріміз» деп, оларды өзімізге тели қоюымыздың немесе басқа бір тілдің тіл байлығына «біздің тіл байлығымыз» деп, орта жолдан жармаса кетуіміздің жөні қалай болар екен?!

Мен «басқа бір тілдің байлығы» деп қазақ тілінде қазіргі кезде жиі қолданылып жүрген *автомат, актив, бакалавр, кабель, конус, магистр, спектр, цифр* деген сияқты орыс тілі арқылы енген толып

жатқан түрі бөтен, шетелдік сөздерді айтып отырмын. Мұндай сөздер тіліміде өте көп (академик Ә.Қайдаровтың айтуынша жүз мыңдай – Б.Қ.) және олар қазақ тілінде жоғарыда көрсетілгендей орысша айтылып, орысша жазылып жүр.

«Неге олай?» деген сұрақты қоя қалсаң, «қазақ сөздері термин бола алмайды» деген жауапты естисің. Мен бұл пікірге қосыла алмаймын. Тілде термин болмайтын, термин бола алмайтын сөздер жоқ. Керек десең, үстеу сөздер де термин бола алады (Мыс.: *жай, баяу, ақырын, тез*, т.б. – музыка терминдері). Мәселе оларды өзіміздің термин жасамай, жасай алмай жүргендігімізде.

Бұл айтылған ойды дәлелдейтін мәнбілер тілде жеткілікті. Мысалға университеттер мен институттарда қызмет істейтін адамдардың мейлі орысы болсын, мейлі қазағы болсын – бәріне жақсы таныс, бәріне түсінікті, әрі мағыналары да жағымды *декан* және *семинар* деген сөздерді алып көрелік. Бұларды термин емес деп ешкім айта алмайды. *Декан, семинар* – термин сөздер. Олардың біріншісі – гректің (*dekanus* – десятник) «ондық» дегенін, ал екіншісі – латынның (*seminarium* – рассадник) «көшет» дегенін білдіреді [2: 150, 448]. Әрі қарапайым, әрі жалпыхалықтық *ондық* сөзімен *көшет* сөздері педагогикалық терминге қалай айналып кетті?

Оның сыры белгілі: Біріншіден, еуропа халқы ол сөздерді терминге айналдыра білді. Екіншіден, әлгі сөздер өздерінің алғашқы, тура мағыналарында емес, кейіннен қосылған ауыс, келтірінді мағыналарында қолданыла-қолданыла келіп, ақыры сол келтірінді мағыналар өзінен өзі ғылыми, терминдік (тура) мағыналарға айналды.

Рас, жоғарыда айтылған *автомат, бакалавр* ... деген сияқтылардың бәрі орыс сөздері емес. Олардың біразы латын, грек тілдерінің, кейбіреулері ағылшын, француз, неміс тілдерінің сөздері. Қалай болған күнде де, бұл сөздер – орыс тілінің заңдылығына сай азды-көпті өзгерістерге түсіп барып қабылданған сөздер.

Біз «халықаралық терминдер» деп аталынып жүрген бұл сияқты сөздердің қазақ тіліне енуіне қарсы емеспіз. Енсін. Бірақ біз ондай сөздердің орыс тіліндегідей қазақ тілінің заңдылықтарына бағынып барып енгенін қалаймыз. Дәлірек айтсақ, жоғарыдағы сөздердің *абтамаат, әктіп, бақалабыр, кәбіл, көнүс, мәгістір, іспектр, сипыр* түрінде қабылданғанын жөн көреміз.

«Ағылшындар «Париж» деп жазып, «Лондон» деп оқиды ғой. Біз де тіліміз үйреніп кеткен орыс сөздерін (орыс тілі арқылы енген сөздерді) сол күйінде жаза берелік. Ал олардың айтылуын өзгертіп жатсақ, ешкім ұрса қоймас», - дейтін ғалымдарымыз да табылып жүр.

Бұлай ойлау, «оқу өтіп кеткендіктен» басқа ешнәрсе емес. Өйткені жазылу (орфография) мен айтылу (орфоэпия) – бір-бірімен тығыз байланысты, әрі олар ажырамас бірлікте алып қарастырылатын нәрселер. Сондықтан болар, ғылыми ортада: «Ең оңай, ең жеңіл тіл – сол тіл, егер оның айтылуы мен жазылуы бір-біріне сай келіп жатса» дейтін қағида баяғыда-ақ мойындалған. Бұлай болған жағдайда, шындығында да, ондай тілді оқыту да, үйрету де, оңай болған болар еді. Тіпті мұндайда тіл білімінің орфография, орфоэпия деп аталатын тарауларын оқытудың қажеті де болмай қалады.

Ең дұрысы – басқа тілден алмақшы болған сөздерді (терминдерді) өз тіліміздің заңдылықтарына бағындырып барып алу. Басқаша айтсақ, оларды қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сай түрлі өзгерістерге түсіріп барып, тілімізге ендіру. Бұлай ететін, яғни шет тілінен кірген сөздерді өз тіліміздің заңдылығына бағындырып барып алуды теориялық қағида деп білетін бір біздер ғана емеспіз. Өзін-өзі сыйлайтын, өзін басқа халықтармен тең дәрежеде ұстайтын, «өз тіліміз, өз мәдениетіміз бар, жеке халықпыз» деп есептейтін басқа халықтардың бәрі де солай істейді.

Осы ойымыздың дұрыстығына дәлел ретінде орыс тіліндегі *верстак*, *верстать*, *напильник*, *пилишь* сөздерін келтіруге болады. Бұл сөздердің неміс тіліндегі *Werkstatt* және *Nadfil* сөздерінен жасалынғандығын орыс ғалымдарының өздері ешкімнен жасырмай-ақ айтып та, жазып та жүр [3: 117].

Орыс тілінен тағы бір мысал келтірейін. Гректің *konos* деген сөзін орыстар өз тілінің заңдылығына сәйкестендіріп, *конус* деп аздаған өзгеріс жасап алды. Біз болсақ орыстың *конус* сөзін қазақ тілінің заңдылығына сай өзгертіп, *көнүс* немесе *көніс* деп алудың орнына, оны орыс тілінде қалай айтылып, қалай жазылып жүрсе, ешбір өзгеріссіз *конус* деп айтып, *конус* деп жазып жүрміз. Неге?!

Мүмкін кейбіреулер қазақ тіл біліміне зорлықпен қалыптастырылған жалған ережесымақты қайталап: «*Конус* деген

грек сөзі. Ол – халықаралық (интернационалдық) термин. Халықаралық терминдерді өзгертуге болмайды», - дейтін шығар.

Солай-ақ болсын делік. Ендеше, халықаралық сөз болып табылатын гректің *konos* сөзін орыстар неге *конос* демей, *конус* деп өзгертіп алды?! Әлде олар бұл ережені білмей ме?! Білсе, қазақ тіліне тараған жоғарыдағы «заңдылық» орыс тіліне таралмай ма?! Таралатын болса, орыстарға керексіз болып шыққан бұл «заңдылық» («халықаралық сөздерді өзгертуге болмайды» деген заңдылық) қазақ тілі үшін неге осыншалықты құнды, осыншалықты мәнді, мағыналы болып шыға келді?!

Мәселенің бәрі осы «шыға келгендікте» жатыр (Бұл - өз алдына бөлек сөз етілетін, өте үлкен, әрі күрделі мәселе – Б.Қ.).

Кейбір тілші ғалымдарымыздың пікіріне ден қойсақ. «Орыс тіліндегі біраз сөздердің екі түрлі мағынасы болады екен. Оның бір мағынасы жалпыхалықтық мәнде жиі қолданылады да, екінші мағынасы терминдік мәнде жиі қолданылады. Мұндай жағдайда әлгі сөздің жалпыхалықтық мағынасын қазақшаға аударып, ал терминдік мағынасын аудармай, сол орыс тіліндегі қалпында алғанымыз жөн», - дейді (4: 281).

Егер бұл ойды дұрыс деп тапсақ, орыс тіліндегі *функция* сөзінің жалпыхалықтық (термин емес) мағынасын – «қызмет» деп, ал оның терминдік екінші мағынасын – «функция» деп алуымыз керек сияқты.

Бұл пікірмен де келісе қою қиын. Өйткені, біріншіден, әр мағынаға жеке-жеке балама (сөз) іздесек, сөз (термин) мағыналарын белгілеуге тіліміздің сөздік қоры жетпей қалуы мүмкін. Екіншіден, дүние жүзіндегі тіл атаулының бәріне тән көп мағыналық дегенді жоққа шығарған боламыз.

Бұларды былай қоя тұрғанда, *қызмет*, *функция* сөздерінің тіліміздегі қолданысы жоғарыда айтылған ойды дәлелдеп жүрген жоқ. «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде» [5] бұл сөздерге былайшы анықтама беріліпті:

Қызмет – 1. Еңбек ету аясындағы жұмыс, кәсіп (*қызметке* кетті, *қызмет* істейді, т.б.). 2. Бір нәрсенің мәні, маңызы, орны (мемлекеттік *қызмет*, бүйректің *қызметі*, т.б.)

Функция – 1. Бір нәрсенің қызметі, рөлі, маңызы (судың *функциясы*, организмнің *функциясы*). 2. Қызмет бабына байланысты

жүктелген міндет, атқаруға тиісті істердің аумағы (Директор өз *функциясын* жақсы атқарып жүр).

Тоқ етерін айтсақ, сөздіктегі *қызмет*, *функция* сөздері бір-ақ ұғымды білдіріп тұр. Ол ұғымның (сөздердің) екі мағынасы бар. Бірі – «жұмыс, кәсіп, міндет» дегенді, екіншісі – «бір нәрсенің мәні, маңызы, атқаратын рөлі» дегенді білдіреді. Олай болса, қазақ тіліндегі *қызмет* және *функция* сөздерінің орнына (мейлі олар әдеттегі жалпы халықтық мағынаны білдірсін, мейлі терминдік мағынаны білдірсін – бәрібір) бір-ақ сөзді, атап айтқанда «қызмет» сөзін ғана қолдануға әбден болады.

Егер «әрбір ұлт тілінің өз терминдері болуы керек» деген дүние жүзі тілдеріне ортақ қағиданы дұрыс деп мойындайтын болсақ, онда «біздің терминдеріміз» деп қазіргі кезде малданып жүрген қазақ тіліндегі барлық терминдердің 70-80 пайызы «біздің терминдеріміз» болмай шығады. Өйткені олардың айтылуы да, жазылуы да қазақша емес – орысша. Орыс тілінде қалай айтылып, қалай жазылып жүрсе де, ол терминдер қазақ тілінде де солай айтылып, солай жазылып жүр. Егер бұл келешекте де осылай жалғаса берсе, шетел сөздері мен терминдері тілімізде біртіндеп көбейіп, олар тіліміздің ұлттық (тілдік) ерекшелігін жегі құрттай жеп, біртіндеп құртып бітеді. Сөйтіп, қазақ тілі жеке тіл болудан қалады.

Мұндай келеңсіз жағдайды болдырмас үшін, мен мынадай үш түрлі ұсыныс айтқанды жөн деп білемін.

1. Тіліміздегі терминдер көбейсін, дамысын. Бірақ олар қазақ тілінің өз заңдылығы негізінде жасалынып, дамитын болсын. Нақтырақ айтсақ, қазақ тілінің терминдері қазақша жасалынсын.

Мейлі ол халықаралық терминдер болсын, мейлі орыс сөздері болсын – бәрібір, тілде бар терминдерді қазақшалаудың жолдары көп. Олар: 1) Шетел, орыс сөздерінің қазақ тіліндегі баламаларын табу. Мыс.: таможня – *кеден*, надзор – *қадағалау*, солдат – *сарбаз*, т.б. 2) Қазақша баламасы болмаған жағдайда әлгі сөз қазақшаға сөзбе-сөз аударылатын болсын. Мыс.: учеб+ник – *оқу+лық*, руко+пись – *қол+жазба*, три+угольник – *үш+бұрыш*, т.б.

2. Орысша, шетелше терминдердің қазақша баламасы болмаған немесе олар қазақшаға аударылмаған, аударуға болмаған жағдайда

әлгі терминдердің орнына жаңадан қазақша терминдер жасалатын болсын.

Қазақша термин жасаудың жолдары мол: 1) Орысша терминдердің баламасы ретінде қолдан қазақша сөз жасау. Мыс.: *мәтін* – текст, *сорғы* – насос, *пайыз* – процент, *мәнбі* – факті, т.б. 2) Бұрыннан бар түбір сөзді жаңа мағынада қолдану. Мыс.: *жұрнақ* – суффикс, *түбір* – корень (слова), *дабыл* – сигнал, т.б. 3) Бұрыннан бар түбір сөзге қосымша қосу арқылы жаңа сөз тудыру. Мыс.: *ұш+ақ* – самолет, *жап+қыш* – заслонка, *сап+та+л* – становись, т.б. 4) екі сөзді біріктіру арқылы жаңа термин жасау. Мыс.: *ел+таңба* – герб, *газ+қағар* – противагаз, *оқ+жатар* – магазин (ружей), т.б. 5) Екі сөзді тіркестіру арқылы күрделі (жаңа) термин туғызу. Мыс.: *ұйқы безі* – поджелудочная железа, *бөлшек сан* – дробное число, *шала өткізгіш* – полупроводник, т.б.

3. Егер шет тілінен тікелей термин алуға тура келген жағдайда ол сөз (термин) қазақ тілінің заңдылығына бағынып, дыбыстық құрамы өзгеріп барып қолданылатын болсын. Мыс.: артист – *әртіс*, лагерь – *ләгір*, директор – *деректір*, рельс – *реліс*, термин – термін, т.б.

Міне, осылай етсек қана қазақ тілінің төл терминдері жасалынып, олар дұрыс қалыптасады. Қазақ тілі өзіне тән ұлттық табиғатын сақтайды (жоғалтпайды). Сонда ғана қазақ тілі ғылым тілі ретінде жұмсалына алады. Сонда ғана қазақ тілі мемлекеттік тіл қызметін атқара алады.

Әдебиеттер:

1. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. А., 1993.
2. Словарь иностранных слов. М., 1988.
3. Реформатский А.А. Введение в языкознание. М., 1967.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А., 1966.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А., 1-10 том, 1974-1986.

**Құдайберген Жұбанов және қазақ тіл білімі.
Алматы, 1999. 227-233 бб.**

ҚАЗАҚ ТЕРМИНДЕРІН ЖАСАУ МЕН РЕТТЕУДІҢ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әдетте біз тілдің жаны оның сөйлеуінде деп жатамыз. Ол рас. Кез келген тілдің жаны – сөйленуінде. Сөйленілетін тіл, қолданысқа түскен тіл – тірі тіл. Ал сөйленілмейтін тіл, өмірде қолданылмайтын тіл – өлі тіл. Мемлекеттік тіл деп парасаттап жүрген қазақ тіліміз жөнінде сәл ғана ой жүгіртіп көрелікші. Ол от басы, ошақ қасында ғана сөйленіледі. Қазақ тілі мәселесіне арналған осындай мәжілістерде ғана сөйленіледі. Басқа жердің бәрінде сөйленетін тіл – орыс тілі. Ендеше, қазақ тілін тірі тіл дегеннен гөрі шала-жансар тіл деген шындыққа әлдеқайда жақын келеді.

Шала-жансарлықтың тағы бір дәлелі – қазақ тілінің ғылыми терминдері. Оның 70-80 пайызы орысша, тек 20-30 пайызы ғана қазақша. Академик Ә.Қайдаровтың мәліметі бойынша қазақ тіліндегі орысша айтылып, орысша жазылып жүрген халықаралық терминдердің саны жүз мың екен.

«Неге бұлай» десең, кейбір ғалымсымақтар: «қазақ тілі – кедей тіл», «қазақ тілінің байлығы термин жасауға жетпейді» деп дәлелдегісі келеді. Бұлай деушілер, біріншіден, қазақ тілін жақсы білмейтіндер, екіншіден, олар қазақша термин жасап көрмегендер. Қазақ тілін жақсы білмесе, қазақ тілінде термин жасап көрмесе, қазақ тілінің бай-кедей екендігін қайдан біледі?! Оның үстіне тіл бай болу үшін, даму үшін ол тіл тиісті дәрежеде қолданысқа түсуі керек қой. Өзіміз қолданбай жүріп, «бұл тіл – кедей» деуіміз біліктілікке жатпайды.

Тіліміздегі әдеттегі сөздерден терминдердің айырмашылығы – әдеттегі сөздерді халық жасайды, ал терминдерді мамандар жасайды. Мәселе сол терминдерді жасаушы мамандардың кім екендігінде. Яғни ол ұят тілінен нәр алған, өз халқын сүйетін, оның намысын қорғайтын, жоғын жоқтайтын, әдебиетін оқып, тіліне тұшынатын адам болса, ол ғылыми терминдерді ұлттық тіл негізінде жасайды. Ал ол орысша оқып, орысша тәрбиеленсе, орыс тілінің сөздеріне тұшынып өссе, ол адам қазақ терминдерін орысша жасайды. Себебі оның білетіні, түсінетіні, жанына жағатыны – орыс сөздері. Қазіргі кездегі мамандардың басым көпшілігі орысша оқып, орысша білім

алғандар, орысша тәрбиеленгендер екендігі біз айтпасақ та түсінікті шығар.

Тіл – жүйелі құбылыс. Ондағы тілдік бірліктердің бәрінде жүйе бар. Ұлттық тілдің бір саласы болып табылатын терминдерде де жүйеліліктің болуы міндетті. Бірақ қазақ тілінде кездесетін *адель, гексаэдр, дециль, изоклина, орт, репер, секанс, терм* тәріздес жүздеген, мыңдаған терминдерде жүйе бар деп айту қиын. Өйткені бұл терминдерде қазақ тіліне тән дыбыстық, үндестік заңдылықтардың біреуі де жоқ. Сондықтан да бұл сияқты сөздер тіліміздің дыбыстық, құрылымдық сипатын бұзады, ұлттық тілін үзеді. Сөйтіп оның табиғи тегін өзгертеді. Нәтижесінде қазақ тілінің ұлттық тіл ретінде өзінен-өзі құрып кетуіне әкеліп соғады.

Бұл терминдердегі жүйелілікке нұқсан келтіріп тұрған нәрсе – бөтен тілдің бөтен сөздерді, бөтен дыбыстары, бөтен дыбыстардың бөтен тіркесімдері. «Бөтен сөзбен былғанса сөз сарасы» деп, Абай атамыз айтқандай бөтен дыбыстар мен бөтен сөздер тілімізге енсе, олар сөзімізді, «сөз сарасын» ғана бұзып қоймайды, сонымен бірге тілімізді де, оның құрылымы мен жүйесін де, әуезділігі мен үндестігін де бұзады. Өйткені тіл біртұтас бүтін дүние.

Тіл – жанды құбылыс. Сондықтан оның құрамына енген бөтен дыбыс, бөтен сөз – бөтен дене (антитела) тәрізді. Бөтен дене сау денеге түссе, оны ауруға ұшыратады. Біздің қазақ тілі – осындай кеселге ұшыраған тіл. Өзіміздің санасыздығымыздың, сауатсыздығымыздың кесірінен кездескен бұл дерттен қалайда құтылуымыз керек. Ол үшін, әрине, көп күш, көп уақыт қажет. Әсіресе керегі – бірлік, бір ауыздылық, түсіністік. Мен қазақ зиялыларының ішінен мұндай түсіністікті көре алмай жүрмін: аққу – көкке, шаян – суға тартады, ал арба орнында тұр.

Газет-журнал беттерінің бірінде объекті дегенді – *нысан*, субъекті дегенді – *пысан* деп айталық деген пікір жазылды (Мен бұл туралы бұрын бір рет айтқанмын). Шындығында да, қазақ тілінде *объект, субъект* деп, тілімізді бұрап жүргенше, бұл екі ұғымды бір-біріне ұқсас *нысан, пысан* сөздерімен атасақ және тілімізде оларды солай қолдансақ, біраз уақыт өткеннен кейін әлгі сөздер өзіміздің төл сөздеріміздей болып, жарасымын тауып кеткен болар еді. Амал не, білгіштер: «*Нысан, пысан* сөздер *объект, субъект* дегендердің

мәнін бере алмайды», - деп, сәуегейлік айтып, алдыңғы пікірге қарсы мақала жариялады. Соның салдарынан көпшілік қазір *нысан* деген сөзді «объект» сөзінің баламасы ретінде қолданғанымен «субъект» сөзі сол *субъект* күйінде қалды. Міне, пікір сәйкессіздігінің, ала ауыздықтың кесірі. Яғни терминдерімізде жүйе әр уақыт сақталына бермейді.

Жүйе бар жерде тілді үйрену де оңай, оны еске сақтау да оңай. Егер «объектіні» - *нысан* («нысана» емес) дегеннен кейін, сол ұғыммен бірге жүретін «субъект» ұғымын әлгі *нысан* сөзімен пішіндес *нысан* сөзімен атағанда, біріншіден, оларды еске сақтау да, жаттау да оңай болар еді. Екіншіден, бірі – қазақша, екіншісі – орысша болып жүрген жүйесіздіктен құтылған болар едік. Үшіншіден, тіліміздегі жүз мың басқыншы (варваризм) сөздер екі сөзге болса да кеміген болар еді.

«Ең қиын тіл – жүйесіз тіл, ең оңай тіл – жүйелі тіл» дейтін қағида, міне, осындайдан туса керек.

Рас, қазақша жасалған терминдердің өз ішінде де жүйесіздік болуы мүмкін. Ол тілдің табиғатынан болған жүйесіздік емес, әлгі терминдерді жасаушы мамандардың шалағайлығынан немес білімсіздігінен болған жүйесіздік.

Шындығын айталық: біз – еліктегіш халықпыз. Жақсыға еліктесек, жақсы ғой, әрине. Бірақ бұл жердегі әңгіме: жақсы ма, жаман ба, керек пе, керек емес пе, оған қарап жатпай, әйтеуір өзгенікі болса болды, соған еліктей беретіндігімізде болып отыр. Мысал келтірейін.

Бұрын *келісім* дейтін едік, *шарт* дейтін едік, кеңес өкіметі тұсында оны орыстың *договор* сөзімен алмастыра қойдық. Қазір оның орнына латынның *контракт* сөзін қолданып жүрміз. Өзіміздің *бастық*, *басқарушы*, *басқарма*, *төраға* деген сөздеріміз тұрғанда бұған дейін орыстарға еліктеп, ол ұғымды *председатель*, *управляющий* сөздерімен атайтын едік. Ал қазір бұл сөздердің орнына ағылшынның *менеджмент* сөзін қолданатын болдық. Дәл осылар тәрізді өзіміздің *делдал* сөзіміз алдымен орыстың «посреднигіне», содан кейін немістің «маклеріне» кейіннен ағылшынның «брокеріне» ауысты. Бұл аз болғандай олармен қазіргі кезде *дилер* сөзі (бұл да ағылшын сөз) қосқабаттасып, жарыса қолданылып жүр.

Бұл терминдердің қайсысы жеңсе де әйтеуір қазақтың *делдал* сөзі жеңбейтініне көзім жететін сияқты. Өйткені бұл секілді терминдерді көбірек қолданатындар «оқыған», «білімді» азаматтар ғой. Оларға ұлт, ұлт тілі, халық намысы дегендер мәнді емес. Саудасы жүріп, сатушы мен сатып алушылардың арасын жалғасытуршы адам табылса болды. Ол *дилер* ме, *маклер* ме, *брокер* ме – бәрібір, әйтеуір қазақтың «аузы сасық» *делдал* сөзі болмаса болғаны.

Кез келген тілдің сөздеріне, терминдеріне екі сипат (белгі) тән екендігі бешенеден белгілі. Оның біріншісі – тұлғалық сипат, екіншісі – мағыналық сипат. Тұлғалық сипат – ұлттық, ал мағыналық сипат халықаралық (интернационалдық). Бұл не деген сөз?

Ұлттық сипат болып табылатын тұлғалық белгі дегеніміз – әрбір сөздің сол ұлтқа тән сыртқы тұрпаты, дыбыстық құрылымы, сөздегі дыбыстардың тіркесімділік заңдылығы т.б.

Мысал үшін қазақтың *ұжым* сөзі мен осы сөздің баламасы болып табылатын орыстың *коллектив* сөзін салыстырып көрелік. *Ұжым* сөзінің дыбысталуына, ондағы дауысты-дауыссыз дыбыстардың тіркесімінде қазақ халқына, қазақ тіліне тән сипаттар бар: сөздегі барлық дауыстылар – жуан дауыстылар, онда жіңішке дауыстылар жоқ (үндестік заңы). *Ұжым* сөзіндегі дыбыстардың орналасуы да қазақ тілі үшін заңды. Онда бір дауысты, бір дауыссыз дыбыстар алмасып келген (Қазақ тілінің түбір сөздерінде негізінен екі дауысты дыбыс немесе екі дауыссыз дыбыс қатар тұрмайды). Ал *коллектив* сөзінде орыс халқына, орыс тіліне тән сипаттар бар: «К» - жіңішке дыбыс, ол «О» жуан дыбысымен көрші тұр; *коллектив* сөзінде «лл», «кт» сияқты дауыссыз дыбыстар тіркесіп келген; сөз «в» дыбысына аяқталған (қазақ тілінде сөз ешқашан **б, в, ғ, д** дыбыстарына аяқталмайды) т.б.

Бұлар біз салыстырып отырған сөздердің тұлғалық ерекшеліктері, яғни әр ұлттың өзіне тән белгілері. Ал бұл сөздердің мағыналық сипаттары екі тілде де бірдей: *ұжым/коллектив* – ортақ жұмыстары, мақсат-мүдделері бойынша біріккен адамдар тобы; белгілі бір мекеме, кәсіпорын, ұйым мүшелері (Қазақ, орыс тілдерінің түсіндірме сөздіктерінен).

Сөздердің тұлғалық сипаты – ұлттық, ал олардың мағыналық сипаты – халықаралық деп отырғандығымыздың мәні, міне, осында

жатыр. Олай болса, әрбір ұлттық терминологиясында да бұл екі сипат сақталынуы керек. Өйткені термин дегеніміз де – сол ұлттың, сол тілдің сөзі, сол тілдің сөз тіркестері; бір сөзбен айтқанда – ұлттық тілдің бірліктері.

Осы тұрғыдан алып қарағанда біздің арғы тегі жағынан әлде гректік, әлде латындық болып табылатын, сыртқы тұрпаты жағынан бірде ағылшындық, бірде италияндық, бірде орыстық болып келетін «халықаралық терминдер» деп жүрген терминдеріміз – өзімізді-өзіміз алдау. Олар ешқашан қазақ тілінің терминдері бола алмайды. Қазақ тілінің терминдері болу үшін, ол халықаралық терминдер бірінші кезекте сыртқы тұлғасын, яғни дыбысталуын қазақшаға өзгертуі қажет.

Мысалыға, *автомат* халықаралық терминін алалық. Бұл – гректің *automatos* деген сөзі. Орыстар ол сөзді *automatos* деп алмай, өз тілінің заңдылығына бағындырып, *автомат* деп өзгертіп алады. Біз болсақ оны орыс тілінде қалай айтылса, солай айтып, сол тілде қалай жазылса, солай жазып, *автомат* деп сыртқы тұлғасын өзгертпей алып жүрміз.

Неге? Орыс терминшілері оны неге өзгертті? Біз неге өзгертпей жүрміз? Сұраққа жауап жоқ.

Жалпы тілдік теория (назария) тұрғысынан біз ол сөздің ішкі мазмұнын (мағынасын) сақтап, ал сыртқы тұлғасын *автомат* деп емес, *аптамат* деп, өз тіліміздің дыбыстау заңдылығына сәйкес өзгертіп алғанымызда ол сөз, сөз жоқ, қазақ тілінің термині болған болар еді. Олай етпегендіктен *автомат* сөзі қазақтың термині емес, орыс тілінің термині болып қала береді.

Орыстың *автомат* терминін қазақша *аптамат* деп алалық деген менің бұл пікіріме кей біреулер: «Қазіргі қазақ тілі – оқымаған, сауатсыз ата-бабаларымыздың тілі емес. Ол – европалық өркениетке аяқ басқан, оқыған, білімді («білімді» дегенді орыс тілін білетіндер деп ұғыңыз – Б.Қ.) қазақтардың тілі. Ендіше, халықаралық терминдерді орыс тілінде қалай болса, біз де солай қабылдауымыз керек», - деп жауап бергісі келеді, солай деп те жүр.

Мұндайларға не айтуға болады?

Кейде еш нәрсе айтқың да келмейді. Өйткені бір нәрсе деп айтқаннан өзгеріс болса, қазақ терминдерін жасауға бетбұрыс

болатын уақыт жетті. Біраз ғалымдар, мамандар, кейбір зерделі азаматтар «қазақ терминдерін қазақша жасалық» деген пікірді айтудай-ақ айтып жүр, жазудай-ақ жазып жүр. Бірақ одан ешқандай нәтиже шығып жүрген жоқ. Өйткені орыс оқуы өтіп кеткендер бұған қарсыласудай-ақ қарсыласып келеді. Олардың саны біздің қоғамда көп екендігін ескерсек және олардың көпшілігі биліктің төңірегінде жүргенін ескерсек, жақын арада өзгеріс бола қояды дегенге сенгің де келмейді.

Орысша жазылып, орысша айтылып жүрген терминдерді әспеттеп «халықаралық терминдер» деп атауымыз – қазақ тілінің қамы емес, ол – бізге терминін берген тілдің қамы. Айналып келгенде сол тілдің сөздерін қолдану, сол тілдің сөздерін дамыту, өсіру, өркендету деген сөз. Сол арқылы қазақ тілін дамытпау, аздыру, азғындату. Нәтижесінде оны біржолата құрту, тамырына балта шабу деген сөз. Себебі *автомат* сөзінде мағыналық, ұғымдық сипат болғанымен онда тұлғалық (ұлтық) сипат жоқ.

Әдетте біз «тіл өзгереді, өзгерді» деп жатамыз. Тілдің өзгеретіндігі рас. Бірақ ол өзгеріс екі түрлі болатындығын әр уақыт ескере бермейміз. Ол өзгерістің бірі – тілді дамытатын өзгеріс, екіншісі тілді тығырыққа тірейтін өзгеріс. Тілдің ішкі заңы бойынша біртіндеп болатын сандық, сапалық өзгеріс – тілдің өмір сүру заңдылығы. Ол тілді дамытады. Ал тілдің ішкі заңына қайшы келетін сапасыз, жүйесіз өзгеру – тілді кедейлендіреді, аздырады. Бір сөзбен айтқанда ол тілді құртады.

Қазақ терминдерінің кеңес өкіметі тұсындағы өзгерісі – тілді дамытатын жол болмады, оны аздыратын, тоздыратын жол болды. Марқұм Ахмет Байтұрсынұлы атамыз мұны алдын-ала сезіп, «сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп ескерткен екен. Осы бір жалғыз ауыз сөзде үлкен ой, терең сыр жатқанын біздің мұқалған санамыз қорыта алса жарар еді.

Тіл – халықтық болғанымен, ол жеке адамның ой мен санасына, оның адами әрекетіне тәуелсіз емес. Олай болса, тілді, әсіресе оның терминологиясынан саналы түрде бағыттап отыруға болады. Олай етпей, оны еркіне жіберсек, ол бей-берекет күй кешуі мүмкін. Себебі тілдің бай-кедей болуы немесе таза-бұлғанған болуы оның тұтынушыларына байланысты. Тұтынушылары шын мәнінде сауатты

болса, олар өз тілін жете меңгерген болса, онда тілі де жүйелі дамыған болады. Ал тұтынушылары будан немесе адасқан болса, оның тілі де шатасқан, будан болып шыға келеді.

Терминдері реттеп, жүйелеп отыру сөзсіз қажет. Қажет қана емес, ол – міндетті түрде істелініп тұруға тиісті іс. В.И. Лениннің өзі бастап орыс тілін жат сөздерден тазартуы, Ф.Миттеранның басшылығымен француз зиялыларының француз тілін ағылшын сөздерінен тазартуға әрекеттеніп жүргендері (француз тілінде 3500 ағылшын сөзі бар екен), міне, сол тазартудың қажеттілігін сезгендіктен болған нәрсе. Егер ондай мақсатты істер болмаса, яғни тілді жат сөздерден дүркін-дүркін тазартып отырмаса, тілдің кірленіп, бұлғанып кетуі ғажап емес.

**Терминология: теория және тәжірибе.
Астана, 2001. 41-47 бб.**

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ

Қазақ тілі заң жүзінде мемлекеттік тіл болып қабылданғалы бергі уақыт аралығында, әрине, аз жұмыс істелінген жоқ. Алғашқы кезде қазақ тілін үйрететін мұғалімдер жетіспейтін. Қазір ондай мұғалімдердің саны жетерлік. Ол кезде мемлекеттік тілді оқытатын оқулықтар мен оқу құралдары да бағдарламалар да аз болатын. Қазір, құдайға шүкір, олардың саны да, түрлері де көбейді. Ең бастысы, ана тілімізге – мемлекеттік тілге деген ілтипат, құрмет артып келеді.

Дегенмен мұның бәрі әлі де аздық етеді. Тіліміздің биік мәртебесін қағаз жүзінде жариялау бар да, оны осынау тарихи жаңа сапада баянды ету – және бар. Бұл екеуі бір нәрсе емес. Осы тұрғыдан мемлекеттік тіл қазіргі күнге өзінің болмыс-бітіміне лайық «өз деңгейінде дамып отыр» деп айта алмаймыз. Қоғамдық-саяси жұмыстар мен мемлекеттік істер, үлкенді-кішілі жиындар, ғылыми конференциялар мен семинарлардың көпшілігі әлі де негізінен орыс тілінде өтеді. Халықаралық келіссөздер де орыс тілінде жүргізіледі. Оқу-ағарту, білім беру жүйесінде де орыс тілінің рөлі басымдау.

Басқару аппараттарында, министрліктерде істейтін шенеуніктердің біразы мемлекеттік бұл мәселені шындап қолға алмай отыр. Олар қазақ тілін өздері үйренбейді, оны қоластындағы басқа

қызметкерлерінен де талап етпейді. «Мемлекеттік тілді үйрену керек» деп, ауыздары жай ғана айтады, ал қолдарымен еш нәрсе істемейді.

Мұны тәптіштеп айтып отырған себебіміз: несін жасырамыз, үлкеніміз бар, кішіміз бар, біздің өз ұлдарымыз бен қыздарымыздың біразы өз халқының тілінде сөйлемейді, өз халқының мәдениетін, әдебиетін, салт-дәстүрін сақтай бермейді.

Мемлекеттік тілдің келелі мәселелерінің бірі – терминология проблемасы. Бұл проблеманы бүгінгі күнгі өмір талабының өзі туғызып отыр. Өйткені мемлекеттік тіл мен терминология мәселесі – бір-бірімен тығыз байланыста, бірлікте шешілетін нәрсе.

Терминология мәселесінің маңыздылығы, біріншіден, бүгінгі күннің терминологиясын дұрыс жасаумен, оның реттілігімен, тұрақтылығымен, екіншіден, мемлекеттік тілдің ертеңгі күй-жайы мен болашағын қанағаттандыра алатын ахуалымен өлшенуге тиісті.

Олай болса, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамытудың ең басты жолы – оның ғылыми терминдерін жасау, оларды ретке келтіру, жүйеге түсіру және оны қолданысқа ендіру.

Бұл сияқты игілікті істі жүзеге асыратын ұйым – Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы болуға тиісті еді. Бірақ, амал не, бұл Комиссия Қазақстан егемендік алғалы бері бұрынғы қарқынан айырылып, бүгіжектеп қалды. Неге?

Оған жауап бермес бұрын алдымен Қазақстанда мемлекеттік терминология комиссиясы сонау 1933 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқанын айта кететініміз жөн болар. Осы уақыт аралығында ол аз шаруа бітірген жоқ. Тіліміздегі осы күнгі қалыптасқан орысша терминдер мен қазақша терминдердің бәрін сол терминком бекітіп берген десек, мұнымыз артық айтқандық емес.

Алайда терминком істейтін жұмыс қазір де бастан асады. Әсіресе еліміз өз егемендігін алып, дербес мемлекет болып отырған, қазақ тілін – мемлекеттік тіл деп жариялаған қазіргі кезеңде мемтерминкомның рөлі бұрынғыдан да арта түсері сөзсіз.

Көпшілікке белгілі, көп уақытқа дейін қазақ тіліндегі термин жасау ісінде негізінен екі түрлі бағыт ұсталынып келеді. Оның біріншісі, яғни бастысы – даяр тұрған орыс тілі терминдері мен халықаралық терминдерді тікелей қабылдау, екіншісі – қазақ тілінің

өз қорын кәдеге жарату.

Жасыратыны жоқ, қазақ тілі терминдерін жасауда бұл екі ұстанымның біріншісі ылғи басым түсіп келді де, «қазақ тілінің сөздік қорын сарқа пайдалану» деген екінші ұстаным жай әншейін ұран үшін айтала салынатын. Соның нәтижесі болуы керек, мәртебелі ғалымдарымыздың айтуынша, қазақ тіліндегі терминдердің 70-80 пайызы орыс тілі арқылы келген, орыс тілінің заңына бағынған халықаралық сөздер құрайтын болып шықты. Бұл, әрине, қазақ тіліне деген сол кездегі солақай саясаттың салдары екендігін көпшілік қауым түсінетін болар.

Қазір қазақ тілінің ұлттық терминдеріне деген саясат басқаша болуы керек. Егер терминдеріміздің 70-80 пайызы тұрпаты жағынан да, айтылуы-жазылуы жағынан да бұрынғыдай бөтен, жат сөздер болып келсе, онда қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуы екіталай.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл болуы үшін терминдеріміздің құрамы сандық қатынасы жағынан жоғарғыға керісінше болуды талап етеді. Яғни тіліміздегі терминдердің 70-80 пайызы қазақтың төл сөздері болуы керек те, қалған 20-30 пайызы халықаралық сөздер болуына болады. Бұл 20-30 пайыз бөтен сөздер тіліміздің құрылысын, бірегейлігін бұза алмайды. Ал бұрынғысынша болған жағдайда тіліміздің тілдік құрамы мен құрылысына нұқсан келетіндігі сөзсіз. Тіліміз шұбарланып, қалыптасқан өзіндік ерекшелігінен, ежелден бері келе жатқан байырғы дәстүрінен, дыбысталу сипатынан айрылып қалары хақ.

Қазақ тілінің терминдерін жасаудың жаңа ұстанымы жоқ емес, әрине, бар. Бірақ олар тиянақты, тұжырымды емес; бір ізге келмеген. Бір ғалым бір ұстанымды ұсынады, екіншісі екінші түрлі ұстанымды жақтайды. Сөйтеді де, әрқайсысы өзінің пікірін қорғауға, дәлелдеуге тырысады. Нәтижесінде мемлекеттік тілдің терминологиясы ақсап жатады. Терминшілеріміз ендігі жерде бұлай «ары тарт та бері тартпен» жүре беруге болмайтындығын түсінуге тиісті ғой деп ойлаймын.

Сондықтан болар, газет-журнал беттерінде болсын, жиындарда болсын «қазақ терминологиясы жасалған жоқ», «қазақ терминологиясы қалыптаспай жүр» деген сөздерді біз жиі айтамыз. Ал сол «жасалмаған», «қалыптаспаған» терминдерді жасап жүрген,

калыптастырып жүрген ғалымдарды, неге екенін қайдам, сирек ұшыратымыз. Қайта, керісінше, оны сол бұрынғы орысша күйінде қалдыруға тырысып жүргендердің саны көптеу.

Бізді әсіресе ойландыратын нәрсе – қазақ терминдерінің көбі орыс тілі арқылы келген, орысша жазылып жүрген шет ел сөздерінен тұратындығы. Қазақ тілін – мемлекеттік тіл деп жариялап алып, оның терминдерінің 70-80 пайызы латын, грек, орыс және еуропа тілдерінен келген жат сөздер болса, онда мұндай тілді мемлекеттік тілі деп марапаттаудың қажеті шамалы.

Жақында бір қазақ өкілі қазақ тілінен қазақша докторлық диссертация қорғады. Сол диссертацияның бір сөйлемін оқып берейін: «Экзистенциональді пресуппозиция авербальді түрде байымдауға қатысады». Не түсіндіңіздер? Маман мен де түсінген жоқпын. Екінші бір диссертациядан тағы бір мысал келтіре кетейін: «Сөздің мағыналық құрамында сигнификативтік және денотативтік мағыналарынан басқа коннотативтік мағыналары да болуы мүмкін».

Міне, басқа ғылымдарды былай қоя тұрғанда қазақ тіл білімі терминдерінің қазіргі күй-жайы осындай. Соңғы сөйлемдегі түсініксіз сөздерді шет тілінің сөздіктерінен қарап едік, денотат (лат.) дегенді – «заттық» деп, сигнификат (лат) дегенді – «сезімдік» деп аударуға болады екен. Ендіше жоғарыдағы сөйлемді: «Сөздің мағыналық құрамында ұғымдық және заттық мағыналарынан басқа сезімдік мағыналары да болуы мүмкін» десе, қазақша болып шықпас па еді?!

«Мегаполис» газетінде Михаил Сытник: «Қазақтардың ғылыми термин жасауы мынандай: бір орыс сөзін алады да, оған 2-3 әріптен тұратын қазақша қосымша қоса салады» деп жазды. Біразымыз оған ашуландық. Меніңше ашуланбауымыз керек, қайта намыстануымыз керек. Өйткені солай ететініміз рас қой.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл болғаннан кейін оның барлық терминдері болмаса да, 70-80 пайыз терминдерінің қазақша болғаны жөн, – деген пікірді біз шын мәнінде қолдаймыз және мақұлдаймыз. Алайда ол қазақша терминдер жеңіл қолды болмай, ғалымдарымыздың ойлануынан, толғануынан туған, лингвистикалық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да жан-жақты тексерілген нағыз қазақ тілінің ғылыми терминдері болуын талап еткеніміз жөн болар.

Әрине, ғылыми терминдерді жасау оңай дүние емес. Ол үшін

термин жасаушы, біріншіден, белгілі бір ғылымды жақсы меңгерген ғалым болуы керек. Екіншіден, ол адам ұлттық тілдің қыр-сырын, сыр-сипатын, нормаларын жақсы білуі қажет. Үшіншіден, ол термин жасау жолында көп жыл еңбек етіп, тер төгуі тәжірибе жинақтауы тиіс. Басқаша айтсақ, әлгі кісі терминнің не екенін жақсы біліп, терминші ретінде мамандануы керек. Бізде қалай?

Бізде «ерінбегеннің бәрі етікші» демекші, ерінбегеннің бәрі терминші болып, алды бір, арты екі-үштен сөздік шығарып тастады. Сондай сөздіктерге көз жүгіртіп көріңіздерші, олардың төлиелерінің (авторларының) біразы терминге, сөздік жасауға, тіпті тіл біліміне ешқандай қатысы жоқ, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, үш ұйықтаса термин түсіне де кірмейтін адамдар. Сондықтан болар, әлгі сөздіктердегі термин деп берілген сөздердің көбі термин емес, әдеттегі қарапайым сөздер болып шығады. Термин жасау, терминологиялық сөздіктер шығару еріккеннің ермегі болмаса, бұл не?!

Терминдерді жасау, оларды қалыптастыру – мемлекеттік іс. Оған қалай болса, солай, жүрдім-бардым қарауға болмайды. Кейбір қарындастарымыз: «Терминком мына терминдерді былай деп қабылдап жіберіпті. Ол маған ұнамайды. Сондықтан мен оны қолданбаймын», – дегенді жиі айтады.

Сонда қалай болғаны?! Жеке адамдарға ұнамаған екен деп, терминком бекіткен терминдерді әркім әрқалай қолдана берсе, онда терминкомның терминкомдық күдіреті қайда қалады?!

Біздіңше, бұлай ойлайтын адамдар қатты қателеседі. Терминком бар екен, ол белгілі бір терминдерді бекіткен екен, ендеше баршамыздың сол шешімге бағынғанымыз жөн. Өйткені терминкомның құрамында терминдердің қыр-сырын, оның ерекшелігін жақсы білетін, белді-белді мамандар отыр. Олар жүз ойланып, мың толғанып барып, кейде тіпті қызыл кеңірдек болып, таласып-тартысып жүріп бір шешімге келеді. Ендіше, «мен оны қолданбаймын» деу – бері айтқанда қазақ тіліне жаны ашымағандық, ары айтқанда – сыңаржақтық.

Өйткені терминком орысша терминдерді қазақша жасап беру арқылы бізді бірізділікке жетелейді. Басқа өркениетті халықтарда терминді мемтерминком бекіткен екен, басқалар оған дауласып,

дамайласып жатпайды. Бірден оны жүзеге асыруға кіріседі. Ал бізде керісінше: Алдымен ұсынысы өтпеген бір ғалымсымақ бекітілген терминдерге қарсы мақала жазады. Басқалар «ол жөн емес қой» деудің орнына, «бұл болмаса күл болсын» дегендей, бой таласып үндемей қала береді.

Ал қарапайым халық болса, әлгілердің қайсысынікі дұрыс екенін білмей, дал болып екі ортада қалады. Сөйтеді де, әлгі терминді баяғысынша орысша қолданып, жайбарақат жүре береді. Сөйтіп Абай атамыз айтқандай «баяғы жартас – бір жартас, қаңқ етер түкті байқамас» болып шыға келеді.

Осы жерде айтылуға тиісті тағы бір мәселе бар. Ол – жаңа терминдерді өалыптастырудағы ақпарат құралдарының рөлі.

Ақиқатына жүгінсек жаңа жасалған қазақша терминдер мен жана сөзжасам үлгілерін кәдеге жаратып, қалыптастыратын да, оларды былықтырып, бей-берекетке түсіретіндер де – ақпарат құралдары: газет-журналдар, радио және теледидар хабарлары, т.б. Әсіресе біздегі оқулықтар мен ғылыми еңбектердегі терминдердің қолданысы тіптен сын көтермейді.

Әдетте теориялық тұрғыдан терминдер «бір тұлғалы, бір мағыналы» болады деп жатамыз. Бұған керісінше, терминдердің нағыз көптұлғалылығы мен көпмағыналылығын біз осы оқулықтар мен ғылыми еңбектерден табамыз. Мұндай ала-құлалықтар жоғарыда айтылғандай терминком дұрыс бекітпеген терминдер төгерегінде болса бір сәрі ғой. Жоқ, ондайлар терминком дұрыс бекіткен терминдер жөнінде де солай болып жатады. Мәселен, *семья* дегенді терминком *отбасы* деп бекітті. Ал қазақ тілі оқулықтарында оны (*семья* деген ұғымды) *жанұя* деп береді.

Қысқасы, егеменді елдің өз мемлекеттік тілінің болуы заңды нәрсе. Ол үшін мемлекеттік істердің бәрі мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс. Ғылымның да сол мемлекеттік тілде дамығандығы абзал. Олай болса, ғылыми терминдердің өзі де мемлекеттік тілдің негізінде жасалғандығы дұрыс болып табылады. Сонда ғана қоғамдық өмірдің сан-алуан саласынан саналы түрде, еріксіз шеттетіліп, қолданылу аясы от басы, ошақ қасынан аспай қалған ана тілімізді толыққанды мемлекеттік тіл ете аламыз. Сонда ғана оны (қазақ тілін) қоғамдық өмірдің күллі салаларында еркін пайдаланатын, кемелденген, сан

салалы стильдік тармақтарда кеңінен қолданылатын шын мәніндегі мемлекеттік тілге айналдыра аламыз.

**Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері.
Астана, 2002. 28-35 бб.**

ҚАЗАҚ ТЕРМИНДЕРІНЕ ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАЖЕТ!
(Мемтерминкомға ашық хат)

Құрметті Мемлекеттік комиссия мүшелері! ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссияның Бюллетенін «Терминологиялық хабаршы» деген атпен шығарған екенсіздер (Астана, 2002 жыл, маусым), оның 1-ші нөмері біздің қолымызға тиді. Өйту керек, бүйту керек деген көп сөзден гөрі бір іс тындырыпсыздар. Сіздерге көп рахмет!

Бюллетеннің құрылтайшысы – ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі екен. Басталған іс енді аяқсыз қалмас деп, оған да қуандық. Аталған «Терминологиялық хабаршы» (бюллетень) біз үшін шын мәнінде терминге, терминологияға деген жылы лептің хабыршысындай көрінді. Оған сол «Хабаршының» мазмұны дәлел бола алады. Онда ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссияның нормативтік-құқықтық құжаттар (Терминком мүшелерінің қызметтік нұсқаулары, комиссия шешімдері, бекітілген терминдер т.б.), қазақ терминологиясының жай-күйі мен болшағы туралы мақалалар аударма тәжірибелері беріліпті.

Мамандар үшін мұндағы маңызды материалдар – ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құл-мұхаммедтің «Терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру жайы туралы» ойлары мен Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің басқарма бастығы, филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Құрманбайұлының «Қазіргі қазақ терминологиясының міндеттері» атты мақаласы.

Министр өз сөзін «Мемлекеттік тілдің қолдану аясын мейлінше кеңейту үшін, оның жан-жақты дамуына қажетті алғышарттарды туғызу үшін, бірінші кезекте жүйесіздікке ұрынған терминдерімізді

реттеп алуымыз керек» деп бастап, терминология мәселесіне жаңаша көзқарас пен жаңаша серпінді қимылдың қажет екендігін, терминжасам мен термин сөздерді қолданысқа ендіру үдерісін (процесін) бей-берекеттікке жібермеу керектігін айтады.

Ш.Құрманбайұлы болса, бүгінгі қазақ терминологиясының көптеген мәселелерін ғылыми тұрғыдан шешудің қажеттілігін тілге тиек ете отырып, кеңестік дәуірде қалыптасқан терминологияға жаңаша қарау керектігін, бұған дейін негізінен батыс еуропа мен орыс тілдерінен өзгеріссіз қабылданып келген терминдерімізді ендігі жерде ұлт тілі негізінде қалыптастыру қажет екендігін сөз етеді. Өзге тілдерден енген терминдер өзі кірген тілдің заңдылықтарына бағынуға тиіс, - дейді ол. Мұндай пікірлер көпшіліктің көкейінен шығатындығы даусыз. Абай атамыз айтқандай, «сөз түзелді» енді ісімізде оңға басатын шығар.

Бюллетеннің алғашқы нөмерінің шығуын пайдалана отырып, өзімнің қазақ терминдеріне, терминтанымға байланысты көптен бері ойымда жүрген 4-5 пікірім бар еді, соларды сіздермен бөлісем деп едім.

Оның біріншісі – Мемтерминкомның жаңа терминдерді бекітуіне байланысты.

Терминкомның жаңа құрамының терминдерді бекітуі, бұрын бұрыс бекітілген терминдерді қайта қарап, екінші рет бекітуі, сондай-ақ *мерейтой/мүшелтой* деген сияқты жарыспалы сөздердің біреуін ғана қалдыруы құптарлық іс. Бірақ артық етемін деп тыртық етіп алмау жағын ойластырған жөн сияқты. Мәселен, Мемтерминком 2002 жылғы 19 наурыздағы мәжілісінде бекіткен терминдердің қатарында бұрын *әкім* деп бекіткен терминді *әкімші* деп, *әкімиятты – әкімдік*» деп түзепті». Сонда халық «*әкімдікке* барамыз», «*әкімшімен* кездестім» деп сөйлей ме? Оның үстіне тілімізде баяғыдан бері келе жатқан *әкім* сөзін жоғалтып алдық. *Әкім* сөзі дихан деген сияқты «адам», «кісі» деген ұғымды қоса білдіреді. *Диқанды – диқаншы* демейміз ғой.

Дәл сол сияқты, Терминкомның қазақша *дәрісхана* деп қалыптасып кеткен сөзді кері шегініп, *аудитория* деп бекітіп беруі де көкейге қонып тұрған жоқ. Терминком мүшелерінің сондағы дәлелі аудитория тек «дәріс беретін орын» емес, «жиналған қауым»,

көпшілік» деген де ұғымды береді, - дейді. «Жиналған қауымды» орысша *аудитория* демей, Терминком мүшелерінің өздері айтып тұрғандай қазақша *қауым, көпшілік* деп, ол аз болса *әлеумет, қалайық, жамағат* деген сөздердің бірімен атасақ, басымыз ауырмас.

Екіншісі: Терминком *акт, аудитория, кредит, лицензия* деген сияқты батыс еуропаша, орысша сөздерді (терминдерді) бекітіп берумен әуестенбей, тек олардың қазақша баламаларын ғана бекітіп отырса деген тілегіміз бар. Өйткені әлгіндей сөздердің көбі тілімізде онсыз да сол орысша күйінде қолданылып жүр. Оның үстіне «өзі де қашайын деп тұрған қоянға тәйт деген соң не сор» демекші, орысша терминдердің қазақша баламаларын қолдануға келгенде жекегейлері кейін тартып тұратын орысжандыларға ол сөздердің орысша сыңарын бекітіп берсек, олардың аспаннан іздегені жерден табылары хақ.

Сондай-ақ Мемтерминкомның 2002 жылы 20 мамырдағы мәжілісінде «истец» сөзі *талапкер* болып бекітіліпті. *Талапкер* сөзін халық қазір *абитуриент* сөзінің қазақша баламасы ретінде қолданып жүр. Тәп-тәуір қалыптасып қалған жүйені бұзып, ол сөзді енді «истец» сөзінің орнына қолдансақ, сөз мағыналарының шатасуы дегеніміз осы емес пе?! Одан гөрі «истец» *қуынушы* деп аударсақ, әрі бір сөз (талапкер) екі түрлі ұғымда (абитуриент, истец) қолданылмаған болар еді, әрі бір түбірден тараған сөздер жеке-жеке тұлғаланған болар еді. Мәселен, «иск» - *қуыну*, «истец» - *қуынушы*, «исковая давность» - *қуыну мерзімі*, «исковое заявление» - *қуыну арызы* т.б.

Шынтуайтына келсек, термин жасау, термин бекіту – ұлт мүддесіне сай болуы керек. Терминнің жасалуы, қызметі ғылыми мұратынан туындауға тиісті. Көпшіліктің айтуына қиын, түсінбейтін шетел сөздері кімге керек? Ұлттық терминдер ұлт тілінің негізінде жасалса, ол сол тілдің ұлттық тілін дамытады, ұлт өкілдерінің дүние танымын кеңейтеді.

Үшінші ой – синоним терминдерді аударуға байланысты.

Мамандар «жарыспалы терминдердің ара жігін ажыратып, олардың әрқайсысына жеке-жеке терминдік мағына жүктеу керек» дегенді айтады. Пікір дұрыс. Ол ойға біз де қосыламыз. Бірақ ол әр уақыт сәтті бола бермейтіндігін естеп шығармауымыз керек.

Айталық, «расход» сөзін - *шығыс*, «убыток» сөзін - *шығын* делік. Ал «затраты», «издержки» дегендерді қайда қоямыз?

Орысша шыққан терминологиялық сөздіктерге қарап отырсақ, бірі – орыс, екіншісі – шетел сөздері немесе екі сыңары да шетел сөздері болып келетін *лингвистика / языкознание, ртуть / гидраргириум, взгонка / сублимация* деген сияқты жарыспалы терминдерді кездестіруге болады. Сонда осындайлардың әрқайсысына жеке-жеке қазақша балама іздеп, әуре бола береміз бе?

Біздіңше, мұндай мағыналас терминдерге бір ғана қазақша балама тауып (мәселен лингвистика – *тіл білімі*, языкознание – *тіл білімі*, ртуть – *сынап*, гидраргириум – *сынап* деген сияқты), соларды ғана бекітіп беріп отыру керек деп ойлаймыз.

Төртіншісі. Жоғарыда айтқандай біз әдетте шетел сөздерінің бәріне қазақша балама табуға (қазақша термин жасауға) тырысамыз. Ата-бабамыз жасап кеткен кірме сөздерді қабылдау тәсіліне көңіл аудармаймыз. Олар «самовар» дегенді – *самаурын*, «пуховый» дегенді – *бөкебай*, «бутылка» дегенді – *бөтелке* деп өзгертіп алған жоқ па?! Біз неге осы тәсілді қолданып, «акт» дегенді – *әкті*, «паспорт» дегенді – *паспырт*, «артист» дегенді – *әртіс*, «лагерь» дегенді – *ләгір*, «термин» дегенді – *термін* деп қазақ тілінің дыбыстау заңдылығы бойынша қабылдамаймыз. Бұлай қабылдасақ, меніңше, біріншіден, шетел сөздерін өзімізге жақындатамыз (барлық кірме сөздер солай), екіншіден, кез келген терминге қазақша балама іздеп, әуре болмаймыз.

Осы жерде айта кететін нәрсе: Бюллетеннің 1-ші нөмеріндегі мақалалардың бірінде «шофер» дегенді – *жолашы*, *тізгінші* деген сөздердің бірімен атаса деген ой қылаң беріп қалады. Олай деп жасанды сөз жасамай-ақ «шоферді» – *шопыр* деп, қазақтың қарапайым сөзімен атасақ та жетіп жатқан жоқ па?!

Бесінші. Терминком шынымен термин жасаумен айналысатын болса, бізді *құқық* (право) деп аталатын терминнен құтқара көрсе екен деген тілек айтқымыз келеді. Өйткені ол сөздің айтылуы өте қиын, естілуі де құлаққа түрпідей тиеді. Жас баланы «құқық (құбыжық) келеді» деп қорқытып тұрған сияқты бір нәрсе. Ауыл ақсақалдары ол сөзді өзгертіп, *қақы* (сенің олай деуге қандай *қақың* бар?!) деп бекерден-бекер айтып жүрмеген сияқты.

Алтыншысы. «Хабаршы» тек Терминкомның шешімдері мен бекіткен терминдерінің тізімін ғана емес, оған қоса талас тудырып жүрген терминдерге қатысты мамандардың пікірталастары мен пікірсайыстарын да беріп отырса.

Мүмкін Терминком аударылуы қиын белгілі бір орысша, латынша терминдердің қазақша баламасына бәйгі жариялап отырар. Қалай да термин бекітілмес бұрын халық талқысынан өткені абзал болар еді.

Сәлеммен: филол. ғылым. докторы,
профессор Байынқол Қалиұлы.

**Терминологиялық Хабаршы,
Астана 2002. №2, 24-27 бб.**

ҚАЗАҚША ТЕРМИН ЖАСАУ МЕН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БАҚ-тың РӨЛІ

Тілдің заман талабымен бірге аттап, бірге адымдап отыратын саласы оның терминологиясы. Қазақ терминологиясы – өзекті мәселелердің бірі. Ұлт терминдерін жасау, оның теориялық және практикалық мәселелері, шетел терминдерін аудару-аудармау ісі, терминдердің уәжділігі мен түсініктілігі, терминге қатысты тілдік, ұлттық, әлеуметтік, ғылыми мүдделер, терминдерге қойылатын талаптар, терминдер арқылы тіліміздің баюы, даму жолдары – бәрі-бәрі түбегейлі шешуді талап етеді.

Бұл мақалада біз бір-ақ мәселеге, атап айтқанда қазақша термин жасау ісіне ғана баса көңіл аудармақпыз. Өйткені термин жасау – бірінші кезекте, шығармашылық іс, екінші кезекте ол ғылыми мәселе. Сондықтан да ғылыми терминдерге «қолдануға қолайлы, түсінуге жеңіл, уәжді, жүйелі болуы шарт» деген талап қойылады. Сонда ғана терминдер халық түсіне алатын, халық игілігіне жарайтын тілдік бірліктер болып табылады. Ондай терминдер халқымыздың рухани байлығын молайтады, тілімізді байытады.

Терминдердің ең басты қызметі – ғылыми ұғымды білдіру, сол арқылы ғылымды дамыту дейтін болсақ, бұған дейін бізге түсіндіріліп келгеніндей, термин – мамандарға, ғалымдарға ғана қажетті шартты таңба емес, ол – халықтың ақыл-ойы, санасы, ұлттық рухани

казынасы. Ендеше, терминдер шетел сөздерін қабылдай салу арқылы емес, халық тілі негізінде жасалуға тиісті.

Осы жерде біздің қазақша терминдер деген мен қазақ терминдері дегендердің айырмашылықтары бар екендіктерін ескерте кеткіміз келеді. Қазақ терминдері деп – бұған дейін және қазіргі күндері қолданылып жүрген орысшасы бар, ағылшыншасы бар, қазақшасы бар – барлық терминдердің жиынтығын айтамыз. Ал қазақша терминдер дегеніміз – солардың ішіндегі тек қазақша жасалғандары ғана. Төмендегі әңгіме осы соңғы топ төңірегінде болмақшы.

Несін жасырамыз, кеңестік саясаттың салдарынан одақтық, республикалық терминком құрылып, терминдерді одақ бойынша стандарттау орталығы (институт) ұйымдастырылып, ұлт тілінде термин жасауға тиым алынған кездер болды. «Қазақ тілінде ғылыми ұғымдарды білдіретін сөздер жоқ», «ғылыми ұғымдарды латын, грек сөздерімен беру керек», «оларды аударуға болмайды» деген жалған қағидасымақтар ұсынылады. Мұндай пікірлерді билеушілер ғана айтса түсінікті ғой. Ең жаманы оған өзіміздің ішімізден шыққан «оқығандар» қосылып, «қазақ сөздері термин жасауға жарамайды», «халықаралық терминдерді аударуға болмайды», «термин аударылса, оның түсінігі, мағынасы бұрмаланады», «термин шетел сөздері болса, халықтардың жақындасуы тездейді» деп ұрандатты. Соның нәтижесінде тіліміздегі терминдердің 70-80 пайызы шетел сөздері болып шыға келді.

Егер цифрмен айтар болсақ, тіліміздегі шетел терминдерінің саны жүз мың сөз екен. Бұл жүз мың сөз, сөз жоқ, тіліміздің құрылымы мен ерекшелігіне қайшы келіп, сөздік қорымызды шұбарлады. Терминдердің көбі көпшілікке түсініксіз болып, ғылым халықтан алыстатылды. Оның бірден-бір себебі – қазақ тілінде термин жасау ісінің ұлттық негізінде қол үзгендігі еді.

Терминдер – «ғылыми ұғымның атауы» деген қағида негізінен дұрыс. Бірақ бұл – тар шеңбердегі ұғым. Термин ғылыми ұғымның атауы болумен бірге, ол ұлттық сананың, ұлттық ойдың нәтижесі болуға тиісті. Сөйтіп, оның қоғамның ішкі-сыртқы сұранысын, рухани талаптарын, мұқтажын толық қанағаттандырғаны абзал. Ол үшін, тағы да қайталап айтамыз, термин ұлт тілінің негізінде жасалуы керек.

Қазақша термин жасау үшін не керек?

Қазақша термин жасау үшін бір-ақ нәрсе керек. Ол – қазақ тілін дамытуға, жетілдіруге деген ақ ниет пен шынайы намыс қана. Ниет пен намыс болса, бәрі де болады. Біз зардап шексек, сол ниет пен намыстың жоқтығынан ғана залал көріп жүрміз.

Қазақша термин жасау үшін, біріншіден, «мынау халықаралық термин, оны аударуға қазақшалауға болмайды» деген теріс пиғылды доғару керек. Ондай заң еш жерде жазылмаған. Оны шығарып жүргендер – белгілі бір себептермен қазақша термин жасағысы, жасатқысы келмей жүргендер ғана. Екіншіден, «халықаралық терминдер әбден қалыптасып кеткен, қалыптасқан терминдерді бұзбай-ақ қоялық» деген көлгірсіген сөзге тиым салған жөн. Күшпен, зорлықпен қалыптастырылған терминдерді күшпен, зорлықпен ғана жоюға болады. Үшіншіден, «уақыты болсын», «толғағы жетсін», «пісуі келсін» деп ырғалып-жырғалып жүргенді қойып, қазақша термин жасауға үлкеніміз бар, кішіміз бар, қызметкерлеріміз бар, қызметкер еместеріміз ба – бәріміздің бірден бел шешіп кірісіп кеткеніміз абзал.

Мен басқа бір мақаламда «француздың *палетот* сөзін орыстар – *пальто*, румындар – *палтон* деп өзгертіп алыпты. Орыс тіліне бас ұрып, ол сөзді *пальто* дегенше, тіліміздің заңдылығына сай – *палте* деп алсақ дұрыс болар еді» деп жазған едім. Осы жерде сол ойымды тағы да қайталағым келіп тұр. Сондағы мақсатым – «шет жұрттық сөздерді қабылдаудың осындай да жолы бар» дегенді баса айту. Жалғыз *палте* сөзін ғана емес, осы тектес кірме сөздердің көпшілігін қазақ тілінің заңдылығы бойынша айтып, оларды айтылуы бойынша жазсақ, ең дұрысы сол болған болар еді.

Өкінішке орай, қазірше ешкім олай істеп жүрген жоқ. Керісінше, түркі тілдерінің *тауар*, *шамадан* сөздерін орыстар біздерден алып, оларды *товар*, *чемодан* деп өзгертіп қабылдағандарында жұмыстары жоқ, біздің зиялыларымыз: «бұлар орыс тілінен енген сөздер» - деп, білімдарлық танытып, оларды «товар, чемодан» оқулықтармен сөздіктерге сол күйінде ендіріп жіберген. Егер білімді, саналы, ұлтжанды болсақ, сөйтер ме едік?!

Тіл – халықтық болғанымен ол жеке адамға, жеке адамның ойы мен санасына, оның адами әректіне тәуелсіз емес. Олай болса, тілді,

әсіресе оның терминологиясын саналы түрде бағыттап отыруға болады. Олай етпей, оны еркіне жіберсек, ол бей-берекет күй кешуі мүмкін. Себебі тілдің бай-кедей болуы немесе таза-былғанған болуы оның тұтынушыларына байланысты. Тұтынушылары шын мәнінде сауатты, білімді болса, олар өз тілін жете меңгерген болса, онда оның тілі де жүйелі, дамыған болады. Ал тұтынушылар бұдан немес адасқан болса, оның тілі де шатасқан бұдан болып шыға келеді.

Қазақ терминшілерінің бір жаман әдеті бар. Ол – өздерінің төл сөздерінен өздері безіп, қазақша термин жасауға мойындарының жар бермейтіндігінде. Олар өздеріне түсінікті төл сөздерден термин жасағаннан гөрі халыққа түсініксіз шетел сөздерінен термин жасағанды, термин жасағанды емес, даяр терминді сол күйінде, Алматының көшесіндегі бөтелке қабылдаушылар секілді соламайымен қабылдай салғанды қолайлы көреді де тұрады. «Неге олай?» - деп, сұрай қалсаң, «қазақ сөздері орыс терминдерінің мағынасы дәл бермейді», - деп жауап береді. Дұрысын айтсақ, бұл қазақша термин жасатпаудың сылтауы ғана.

Шындығында, гәп мағынаны дәл берген-бермегенде емес, гәп төл сөздерімізді менсінбеуде, оларды олқы тұтуда, қомсынуда. Баяғы «қолда бардың кәдірі жоқ», «ауылдағының аузы сасық» дегеннің кері. Өзіңді өзекке теуіп, жатты төрге шығаруды әдетке айналдырған. Бодандықтың сарқыншағы.

Бұл мәселенің басқа бір қыры бар. Ол – өз тіліміздің қыр-сырын өзіміздің жете білмейтіндігімізде, оның мән-мағынасы, күшін, әлеуеттілігін түсіне алмайтындығымызда. Ал шетел сөздерінің мәнді-мағыналы, жақсы болып тұрған себебі ол сөздерді көпшілігіміздің жақсы білетіндігімізде, жақсы түсінетіндігімізде және жиі пайдаланатынымызда болып тұр.

Мұндай кемшіліктерді бетке айтып, шындықты дәлелдей бастасаң олар ішкі пиғылын жасыру үшін: «халықаралық терминдер аударылмайды», деп екінші жағына жалт береді. Неге аударылмасын? Аударылғанда қандай! Мысалы: *индикатив* дегеннің орысшасы – *изъявительное* (наклонение), қазақшасы – *ашық рай*; *локатив* дегеннің орысшасы – *местный падеж*, қазақшасы – *жаттыс септік*; *сигнификат* дегеннің орысшасы – *обозначаемое*, қазақшасы – *таңбаланушы*; *гомогенный* дегеннің орысшасы – *однородный*,

қазақшасы – *біртекті/біркелкі*, - деп, тағы да дәлелдей бастайсың. Қарсыласымыз енді бастапқы пікірін өзгерте қойып: «Халықаралық терминдерді аударуға болмайды. Сондай заң бар», - деп үшінші жағына жантая кетеді. Бірақ ол заң қашан шықты, кім шығарды, кім үшін шығарды? – деген сұрақтарға берер жауабы жоқ. Оған әйтеуір қазақша терминдер жасалынбаса болғаны. Сылтау дегеннің оншақтысын ойлап табудан ұялмайды.

Айтқан сылтауларымен келтірген дәлелдеріне тиянақты пікір айтып, қазақша термин жасаудың дұрыс екендігін теориялық тұрғыдан да, тәжірибелік тұрғыдан да дәлелдеп берсең, қазақша терминнің жаулары сонда да берілмей: «Орысша терминдер тілімізге әбден қалыптасып кеткен. Қалыптасқан орысша терминдерді қазақшаға ауыстыру және олардың қазақша баламасын жасау – әдеби тілді бұлдіру болып табылады», - деп, төртінші жағына қисаяды.

Ұлттық терминдер сол ұлттың өкілдеріне түсінікті, қолданушыларына ыңғайлы болу керектігіне ешкім таласа қоймас деп ойлаймын. Егер мен сіздерден: *антье, гелокоид, дит, изоэдр, квантиль, моноид, нат, подера, ранг* (бәрі де математика терминдері) деген терминдерді білеміздер ме? – деп сұраған болсам, сіздер, әрине, егер мамандықтарыңыз математика болмаса бірден жауап бере қоймаған болар едіңіздер. Ал *азайғыш, көпжақ, нөл, нөмір, сұлба, сызба, теңдік, үшбұрыш, шама* (бұлар да математика терминдері) дегендерді ше? – деп сұрай қалсам, оған оң жауап қайтаратындықтарыңызға күмәнім жоқ. Бар гәп терминдердің түсінікті-түсініксіздігінде. Егер терминдер қазақша жасалған болса, онда олар түсінікті болған болар еді. Олай болса, термин жасаған екенбіз, оның қазақша болу жағын, халыққа түсінікті болу жағын көбірек ескергендігіміз жөн болар еді.

Термин жасау дегенді көптеген адамдар орыс тіліндегі терминдерді қазақшаға аудару деп түсінеді. Бұл – қате түсінік. Оның қате болатын себебі: аудару – термин жасаудың бір ғана тәсілі. Термин жасаудың аударудан басқа да толып жатқан амалдары бар. Солардың бірі – жаңадан сөз жасау (Ол туралы біз бұған дейінгі мақалаларымыздың бірінде жан-жақты айтқан болатынбыз).

Біз қызығы: термин жасаушылардың көпшілігі – термин жасап, бастарын ауыртқысы келмейді. Ал алда-жалда термин жасай қалса, әбден жауыр болған тәсіл – баяғы уәжді (мотивті) тәсілмен: не түбірге жұрнақ жалғау арқылы термин жасайды (туынды сөз), не екі түбірді бір-біріне қосу, біріктіру арқылы термин жасайды (біріккен сөз) немесе екі сөзді тіркестіру арқылы термин жасайды (тіркесті сөз).

Термин жасаудың тиісті тәселдерінің бірі – уәжсіз тәсілмен термин жасау. Мұны көпшілік терминшілер біле де бермеуі мүмкін. Сондықтан болар, кейбіреулер уәжсіз тәсілмен термин жасай қалса (мәселен, *мәнбі* – факт, *ләтір* – парафин, *тініке* – никель, *ысырат* – траектория т.б. деген сияқты), олардың төбе шаштары тік тұрып, «мынау не деген сұмдық», «қазақта ондай сөздер жоқ» деген сөздерді желеу етіп, жаңа терминдерді қалыптастырып жіберудің орнына оны жөргегінде жатқанда-ақ тұншықтырып құртады.

Осы жерде айтар кетер мәселе: термин әуелі жасалынады, содан кейін барып ол қолданысқа түседі. Жасалынған термин айтуға жеңіл, тілдік заңдылықтарға сай келіп, көпшіліктің көңілінен шығып жатса, термин сол тілде қабылданып кетеді. Олай болмаған жағдайда термин тілге қабылданбай, тек төлиелік сөз болып қалып қояды (Мұндайлардың кейбіреулері төлиенің беделімен сөздіктерге еніп кетуі де ғажап емес. Бірақ сөздікке енген – тілге енеді деген сөз емес).

Біздің осы жерде айтып тұрған әңгімеміздің түп негізі бір-ақ нәрсеге келіп тіркеледі. Ол – қазақша термин жасау мәселесі. Шындығына жүгінсек, біз қазақша термин жасап жүргеніміз жоқ. Жасасақ та, оны қалыптастыруға күш салмаймыз. «Қазақ тілінің терминологиялық сөздіктеріне», «Қазақ тілінің орфографиялық сөздіктеріне» қарап көріңіздерші, олар орысша немесе еуропалық терминдерден аяқ алып жүргісіз. Ол аз болғандай, осыдан біраз уақыт бұрын Қазақстан Респубикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік терминологиялық комиссиясы «қазақшаға аударуға болмайды» деген ишарамен *акт*, *акция*, *аудитория*, *абсолют*, *аванс*, *банкрот*, *банк*, *бюджет*, *депозит*, *кредит*, *инвестиция*, *лицензия*, *лизинг*, *операция*, *сертификат*, *фильм* деген сияқты біраз шет жұрттық сөздерді осы жерде көрсетілгендей етіп бекітіп беріпті.

Жарайды-ақ, бұларды солай бекітіп берді делік. Ал, бекітілмеген атауларды (терминдерді) қалай пайдаланып жүрміз?

«Капуста» деген орыс сөзінің өз тілімізде *қырыққабат* деген қазақша аты бола тұрса да, оны күнделікті тұрмыста да, оқулықтар мен сөздіктерде де «капуста» деп қолданамыз. Орысша «памидор» сөзінің *қызамық, алжұмыр* деген бір емес, екі бірдей қазақша аты бола тұра оны да «памидор» деп атаймыз, солай деп жазамыз.

Мемлекеттік тілге деген қамқорлық қайда? Ұлтжандылық қайда? Өз сөздеріміз тұрғанда басқа тіл сөздерін неге соламайымен, ешбір өзгеріссіз ала береміз? Қысқасы, қойылар сұрақ көп. Бірақ оған жауап іздеп, бастарын қатырып жүрген қазақ жоқ.

Біздің оймызша, әр ұлт өз терминдерін өздері жасап алулары керек. Жасағанда да біреудің даяр терминдерін сол күйінде ала салмай, оны өз тіліміздің негізінде жасауымыз қажет.

Ұлттық тіл негізінде термин жасау – мәселенің бір жағы ғана. Оның екінші жағы бар. Ол – жасалған сол ұлттық терминдерді қолданысқа түсіру, қалыптастыру. Сөйтіп оны бойға сіңіру.

Бұл ретте БАҚ пен сөздіктердің, оқулықтар мен оқу құралдарының рөлі зор екендігін баса айтқымыз келеді. Егер шындығын айтар болсақ, жаңадан жасалған қазақша терминдердің ары қарай қалыптасып кетуі де, болмаса бордай тозып, құрып кетуі де БАҚ-тың қолында. Өйткені халықтың қолына алып күнделікті оқитына да, жаңалық күтері де – БАҚ. Халықтың білім-тәрбие, үлгі-өнеге алары да – БАҚ. Егер БАҚ қазақша терминдерді (сөздерді) қолданса, халық сол қазақша терминдерді жаттап алады. Ал ол орысша терминдерді қолданса, халықтың аузы сол орысша терминдерді айтуға икемделеді.

Осы жылдың (2003) 18 шілдесіндегі нөмерінде «Егемен Қазақстан» газеті «Омбудсмен – біз үшін жаңа ұғым» деген тақырыпта мақала жариялады. Газет атып отырған *омбудсмен* сөзі – «адам құқықтары жөніндегі уәкіл» дегенді білдіреді. Ол – швед сөзі. Оны ағылшын, латын тілдерінде «медиатор» (посредник) деп айтады. Бір ғана ұғымды Еуропа тілдері өздерінше атаған екен, қазақтар да оны өз тілінде «дақа» деген уәжсіз сөзбен атауларына әбден болар еді ғой. Егер бұл уәжсіз сөз ұнамаса, әлгі ұғымды «арагер», «жәрдемгер» деген уәжді сөздердің бірімен атасын. Қалай да өз тілімізде сөз жасап, соны қалыптастырып жібергенге не жетсін.

«Жас алаш» газетінің 124 нөмірінде (16 қазан, 2003 жыл, 2-бет) «қарапайым мұғалім ұсынған дисконттық жүйенің дүбірі» деген тақырыпта мақала басылды. Осындағы *дисконт* деген – ағылшын тілінде «жеңілдік» деген сөз екен. Өздерін «ұлтымыздың патриоттарымыз» деп жүрген газет ұжымы *дисконт* сөзінің орына «оңайлық» немесе «жеңілдік» сөздерінің бірін қолданса, ол сөз қазақша қалыптасып кеткен болар еді.

БАҚ-та кездесетін мұндай сөздер жетіп артыларлық. Мәселе, ондай мысалдарды көптен келтіруде емес, жаңа ұғымға ат беруші қазақ зиялыларының ұстанымсыздықтарында (ойсыздығы немесе намыссыздығы десем де болар еді) болып отыр.

Қорыта келе айтарымыз: біріншіден, халқаралық термин шапанын жамылып жүрген орысша терминдерді (орыс тілі арқылы келген еуропа терминдерін) аударма немесе оның орнына «қазақша термин жасамай, сол күйінде алу керек» деген пікір қазақ тілінің терминдерін байыту емес, қайта керісінше мемлекеттік тіл болып табылатын – қазақ тілінің басына су құю деген сөз; мемлекеттік тілді жанбай жатып сөндіру деген сөз. Екіншіден, термин шын мәнінде – ғылыми ойдың жаршысы, ғылыми сананың көрінісі. Егер тіл мен ой бірлікте дейтін дүниауи (материалистік) қағиданы теріс демейтін болсақ, терминдердің қазақша жасалуы ойымызды да өсіреді, тіліміз бен ғылымымызды да дамытады. Ал шетел терминдері болса, олар шетел тілін, соған сәйкес шетел ғылымын дамытады.

Осы мәселе қазақ азаматтарының есінде болса екен.

**Қазақ терминологиясы және
бұқаралық ақпарат құралдары,
Астана, 2003. 33-41 бб.**

ЕКІ ТІЛДІ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕР КЕРЕК ПЕ?

Сөз жоқ, керек. Керек қана емес, терминологиялық сөздіктерді көптеп шығару – қазіргі заманғы зиялы қауымның бірден-бір міндеті десек, мұнымыз артық айтқандық емес. Өйткені еліміз егемендік алып, тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып отырған қазіргі кезеңде терминологиялық сөздіктер жасау – енді ғана еңсесін көтеріп келе

жатқан мемлекеттік тілді қолдау, оның бойына қан жүгірту деген сөз. Өйткені жан-жақты дамуға, өркендеуге бет алып отырған жас мемлекет үшін ұлттық терминдердің қолданылмайтын жері жоқ.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Білім және ғылым министрлігі мен Энергетика, индустрия және сауда министрліктерінің қолдауымен «Рауан» баспасы шығарған 31 томдық салалық ғылыми терминдердің сөздіктер сериясын құптап, мұндай сөздіктердің сапалы шығуына өз тілектестігімізді білдірген болар едік. Сол тілектестігіміздің белгісі ретінде біз осы жерде аталған сөздіктерде және бұған дейін жарық көрген терминологиялық сөздіктерде кездесетін кейбір кемшіліктерді көрсетіп тұр «келешек терминологиялық сөздіктер мұндай олқылықтардан ада болса екен» деген ақ ниетімізді айтқымыз келеді.

Ол кемшіліктер мыналар:

1. Терминологиялық сөздіктерге термин емес сөздер көптеп еніп, олардың көлемін шектен тыс үлкейтіп жүр. Мәселен, «Жалпы техникалық терминдер сөздігінен» біз *углерод, хвоя, член, юбилей, словарь, пожар, задача, интерес, степень, условие* деген тәрізді жүздеген сөздерді кездестірдік. Бұл сөздердің техника ғылымына ешқандай қатысы жоқ.

Немесе «Іс жүргізу терминдері» деген сөздікпен *бинокль, бюст, время, гравюра, добыча, завастовка, капитуляция, кружок, культура, мятеж, народ, наука, обратно, общество, разведка, свет, таможня, шило* деген сияқты сөздерді ұшыратсаңыз, сіз оған таңғалмай-ақ қойыңыз. Өйткені қазір біз термин сөздер мен термин емес сөздерді бір-бірінен ажыратып қарастыруды қойғанбыз. Біздің терминологиялық сөздік деп жүргендеріміздің әдеттегі аударма сөздіктерден ешқандай айырмашылықтары жоқ. Оның бірден-бір себебі терминологиялық сөздіктерді сөздік жасаудан хабары жоқ, сөздік теориясымен қаруланбаған адамдар жасайтын болды.

2. Орысша-қазақша терминологиялық сөздіктердің қазақша жағы көбінесе бірі – орысша, екіншісі – қазақша болып кеткен, 2 немесе 3 сыңардан тұрады. Мыс.: анализ – *анализ, талдау*; аргумент – *аргумент, дәлел*; адвокат – *адвокат, қоғаушы*; анархия – *анархия, басыесіздік, бейбастақтық*; график – *график, кесте* т.б.

Мұны қалай түсінуге болады? Аударсаң да болады, аудармасаң да болады? – деген сөз бе, жоқ әлде, аударғың келсе – қазақшасын ал, аударғың келмесе – орысшасын ал, - деген сөз бе?! Біздіңше, бұлай оқырманды әрі-сәрі күйде қалдыруға болмайды. Мұндайда екінің бірі: не аудар, не біржолата аударма.

3. Терминологиялық сөздіктерді жасаушылар қазір орысша терминді қазақшаға аударғанда оның кейбіреулерінің екі, кейде үш түрлі қазақша сыңарын бірдей беруді әдетке айналдырып алған. Мыс.: аппарат – *құрылым, аспап, құрал*; апелляция – *шағым, жүгіну*; выступ – *дөңес, шығыңқы*; разрыв – *үзілу, үздік, үзіліс*; тип – *тұрпат, үлгі*; шаг – *адым, қадым*, т.б. Бұлай ету, әрине, дұрыс емес. Өйткені термин – бір сыңарлылығымен, бір мағыналылығымен термин.

4. Бір орысша терминді әр терминологиялық сөздік әр түрлі сөзбен аударатын да жағдайлар жоқ емес. Мәселен, **блок** термині бір терминологиялық сөздікте – *блок*, екіншісінде – *бірікпе*, үшіншісінде – *жиынтық*, төртіншісінде – *кесек*, бесіншісінде – *шығыршық* деп аударылған. **Добавка** термині де дәл сондай. Ол бір сөздікте – *қоспа*, екіншісінде – *қосымша*, үшіншісінде – *үстеме*. **Сборка** термині *жанама, құрастыру, құрам, жинау, жинақтау, жинақ* сөздерімен аударылыпты.

5. Бұл айтылғанға керісінше, яғни бірнеше орысша термин қазақшаға аударылғанда бір ғана қазақ сөзімен берілетін сөздіктерді де жиі кездестіруге болады. Мыс.: сбережение – *жинақ*, сборник – *жинақ*, свод – *жинақ*, график – *кесте*, расписание – *кесте*, таблица – *кесте*; внедрение – *енгізу*, ввод – *енгізу*, вгонка – *енгізу*; обрез – *қиық*, срез – *қиық* т.б. Біздіңше, мағыналыс терминдерді өздері сияқты мағыналас синоним өздермен аударған жөн

6. Ең соңында айтарымыз: Бұрын терминком бекіткен қазақша терминдердің қазір жаңадан шығып жатқан терминологиялық сөздіктерде өзгертілмей, сол бекітілген күйінде алынғаны жөн болар еді. Бұлай деп отырған себебіміз – ондайлардың кейбіреулері кейінгі шыққан сөздіктерде қайтадан орысшаға айналып кетіп жатқанын байқамау мүмкін емес. Мыс.: *арбитр, бартер, демагогия, зонд, информация, концепция позиция, программа, стереотип, схема* т.б.

Қысқасы, терминологиялық сөздіктер қажет. Олдарың шыққанына қуанбасақ қайғырмаймыз. Жалғыз-ақ тілек – біз

сөздіктердің ғылыми теорияға негізделіп, әрі жүйелі, әрі сапалы болып шыққанын қалар едік.

**Терминологиялық Хабаршы,
Астана, 2003, №4 (6), 26-27 бб.**

ҚАЗАҚ ТЕРМИНДЕРІ: КЕШЕ, БҮГІН ЖӘНЕ ЕРТЕҢ

Термин дегеніміз – сайып келгенде, әдеттегі сөз бен әдеттегі сөз тіркестері. Айырмашылықтары: әдеттегі сөз – қарапайым ұғымның атауы, ал термин – ғылыми ұғымның атауы. Мәселен, *күн* деген сөз – әрі сөз, әрі термин. Айталық, *күн шықты, күн көтерілді, күн батты* десек, мұндағы *күн* сөзі – қарапайым сөз. Өйткені ол аспан денесінің атауын ғана білдіріп тұр. Егер *Күн* дегенді: «Ең үлкен, ең басты ғаламшар (планета). Ол жерден 333 мың есе үлкен. Күннің қызуы 25-30 млн. градусқа жетеді. Күн барлық басқа ғаламшарларға жылу және жарық береді. Жер бетіндегі тіршілік Күнге тәуелді», – деп түсінсек және солай деп ұқсақ, онда *күн* сөзінің термин болғаны. Яғни термин сөздің астарында сипаттап айтып беруге, тәптіштеп түсіндіруге болатын шынайы ұғым, ғылыми түсінік жатады. Термин туралы сөз ететіндердің көпшілігі терминнің осы ерекшелігін біле бермейді. Соған қарамастан термин туралы мақала жазып, осындай жиындарда термин жайында сөз сөйлейтіндерін қайтерсіз.

Ондайлардан «термин дегеніміз не?» деп, сұрай қалсаңыз, қазақ тіліне енген орыс сөздерін мысалға келтіреді. Олар үшін термин – тілімізге енген орыс сөздері. «Қазақ сөздері де термин бола алады» десең, сенбейді. Сенбегенді былай қойып, «қазақ сөздері термин бола алмайды» деп, өзіңмен сөз таластырады.

Екінші бір топ адамдар бар. Олар термин деп – мейлі орыс сөзі болсын, мейлі қазақ сөзі болсын, әтеуір тілімізде соңғы кездері пайда болған жаңа сөздердің (неологизмдердің) бәрін термин деп атайды.

Термин дегенді осылай түсінудің өз заңдылығы бар сияқты. Өйткені Кеңес өкіметі кезіндегі жаңа сөздердің бәрі: *колхоз, совхоз, партия, ячейка, комсомол, пионер, социализм, коммунизм*, – деген сияқты орыс сөздер болып келген жоқ па?! Қазіргі кезде пайда болып жүрген *конгресс холл, миллениум, консорциум, менеджмент*

деген сияқты сөздерде жат жұрттық, дәлірек айтсақ, ағылшынша сөздер болып тұр. Бұл сөздердің бәрінің арғы тегі – латын, грек сөздері екендіктерін өздеріңіз, оқырман қауым, жақсы білесіздер.

Халықаралық (интернационалдық) терминдер деп жүргендеріміз де – шығу тегі жағынан латын, грек сөздері. Ол сөздердің халықаралық термин деп танылуы үшін сөзге қойылатын шарттар қандай? Нендей өлшемдермен латын, грек, ағылшын сөздерін халықаралық терминдер деп танымыз. Неге тек латын, грек, ағылшын, орыс сөздері ғана дүние жүзі халықтарына ортақ сөз (термин) болуға тиісті? Халықаралық терминдердің ішінде Азия, Африка немесе шығыс халықтарының (олардың ішінде түркі тілдері де бар) неге ең болмаса бір-екі сөзі жоқ?

Жарайды-ақ, халықаралық терминдердің шығу тегі еуропалық-ақ сөз болсын делік. Бірақ ол сөздердің дыбысталуын өзгертіп, мәселен, *акти* (акт), *биліарт* (билльард), *балзәм* (бальзам), *сүрпиріз* (сюрприз) деген сияқты, өз тіліміздің дыбыстау заңдылығына орай ыңғайлауымызға неге болмайды? Бұл – түптеп келгенде, құрылымы-құрылысы, шығу тегі мүлде бөлек, турасын айтсақ, үндестік заңына негізделген жалғамалы (аглютинативті) тілдерге жасалған зорлық емес пе? Түпкі мақсаттары – еуропалық емес тілдердің тамырына балта шауып, оларды жер бетінен кұрту болып тұрған жоқ па?

Қысқасы, қойылар сұрақ көп. Ол сұрақтарды шешуге күш салып жүрген, ойланып-толғанып, бас қатырып жүрген қазақ ғалымдарын, қазақ жастарын сирек кездестіреміз.

Осы жерде менің «қазақ тілінің дыбыстау заңдылығы дегеніміз не?» деген сұраққа тоқтала кетік келіп тұр. Бұл – әншейін айтыла салынған сөз емес. Оның түп негізі қазақ тілінің үндестік заңында жатыр. Егер тоқ етерін айтар болсақ, қазақ тілін тіл етіп тұрған – сол үндестік заңы. Үндестік заңы бойынша бір сөзде не өңшең жуан дауыстылар, не өңшең жіңішке дауыстылар тұруы керек. Ол заң бойынша түбір сөзде екі дауысты дыбыс, екі дауыссыз дыбыс қатар тұрмайды (Ескерте кететін нәрсе: қазақ тілінде екі дауыссыз қатар тұратын бір ғана жағдай бар. Ол – *бұлт*, *қант*, *жент* деген сияқты бір буынды үнділер мен қатаңдардың қатар тұруы). Үндестік заңы бойынша ұяңдардан кейін – ұяңдар, қатаңдардан кейін – қатаңдар тұруы шарт. Осы талаптар сақталмаған сөздердің бәрін қазақ сөздері

деу қиын. Дыбыстардың ондай «заңсыз» тіркесімінен құралған сөздер тіліміздің бірегей құрылымын бұзады; қазақтың бәрін ақын атандарып жүрген әуезділік жойылады. Сөйтіп, қазақ тілі – тіл болудан қалады.

Өкініштісі сол: Кеңес өкіметі билік құрған 70-80 жыл бойы журналшы Ісләм Жарлығапов ағамыз жасаған *аялдама*, *балмұздақ*, *оқырман*, *көрермен*, *тоңазытқыш*, *саяжай* деген сияқты 10-15 сөзден басқабір де бір қазақ сөзі жасалмапты. Есесіне осы уақыт аралығында қазақ тіліне жүз мың орыс және орыс тілі арқылы енген үндіеуропа тілдерінің сөздері ауысыпты. Ол сөздердің бәрінің айтылуы да, жазылуы да – орысша. Үндестік заңы деген оларда атымен жоқ. Неге? Әлде сөз жасайтын қазақ жоқ па? Болмаса мамандар жетіспей ме? (Тағыда «неге» деген сұрақ қоюға мәжбүрміз!).

Болғанда қандай! Сол 70-80 жыл ішінде тек қазақ тілі мамандығы бойынша ғана 60-қа жуық докторлық, 600-ге жуық кандидаттық диссертация қоғалыпты.

Жарайды. Реторикалық сұрақ қйғанды доғара тұрайын да, мәселеге тікелей көшейін.

Қазақша термин жасау үшін не істеу керек?

Қазақша термин жасау үшін бір-ақ нәрсе керек. Ол – қазақ тілін дамытуға, жетілдіруге деген ақ ниет пен шынайы намыс қана. Ниет пен намыс болса, бәрі де болады. Біз қорлық көрсек, сол ниет пен намыстың жоқтығынан ғана қорлық көріп жүрміз.

Қазақша термин жасау үшін, біріншіден, «мынау халықаралық термин, оны аударуға, қазақшалауға болмайды» дегенді доғару керек. Ондай заң еш жерде жазылмаған. Оны шығарып жүргендер – белгілі бір себептермен қазақша термин жасағысы, жасатқысы келмей жүргендер ғана. Екіншіден, «халықаралық терминдер әдбен қалыптасып кеткен, қалыптасқан терминдерді бұзбай-ақ қоялық» деген көлгірсіген сөзге тиым салған жөн. Күшпен қалыптастырған сөздерді күшпен жоюға болады. Жаңа үй салу үшін, мықты болса да, ескі үйді бүлдезірмен итеріп тастап жүрген жоқпыз ба?! Үшіншіден, «уақыты болсын», «толғағы жетсін», «пісуі келіссін» деп, ырғалып-жырғалып жүргенді қойып, қазақша термин жасауға үлкеніміз бар, кішіміз бар, қызметкерлеріміз бар, қызметкер еместеріміз бар – бәріміз бірден бел шешіп кірісіп кетуіміз керек.

Тілші мамандарымыз сөз (термин) жасаудың толып жатқан тәсілдерін баяғыда-ақ айқындап, нақтылап берген. Егер сөз жасаудың сол 4-5 түрлі тәсілімен қазақша термин жасалмаса, жасай алмасақ, онда басқа тілдерден ауысқан сөздердің (терминдердің) дыбысталуын үндестік заңына бағындырып ала беруімізге болады.

Ешқандай жоғары оқу орындарын бітірмеген, кандидат, доктор деген атақ-дәрежелері жоқ ата-бабаларымыз орыстың бревносын – *бөрене*, конькиін – *кәңки*, керосинін – *кірәсін*, мохын – *мук* деп алған еді ғой. Орыс халқы да түркі тілдерінен ауысқан *қара* сөзін – карий (глаз), *қыр* сөзін – край, *лай* сөзін – иль, *бүркіт* сөзін – беркут, *батыр* сөзін – богатир деп алды. Олар күні бүгінге дейін біздің қаншалықты ренжігенімізге қарамастан, «тіліміздің заңдылығы солай» дегенді сылтау етіп, Олжасымызды – *Алжас*, Оспанымызды – *Аспан*, Омарымызды – *Амар*, Отан партиясы дегенді – *Атан* партиясы деп айтып, бетбақтырмай жүргендерін өздеріңіз көріп жүрсіздер.

Осы тұрғыдан мен: «Қашанға дейін орыс сөздерін орысша қолдана береміз! Келіңіздер: альманах дегенді – *жыржинақ*, билльярдты – *шаройын*, кабельді – *сымжелі*, конвертті – *хатқалта*, факторды – *мәнбір* деп аталық», – деушілерді қолдаймын. Өйткені бұл сөздердің естілуі құлаққа әзірше жағымды бола тұрмаса да, олардың жасалуы – қазақша. Бұл қазақша баламалар алда-жалда ұнай қоймаса, онда орыс сөздерінің дыбысталуын (айтылуын) өзгертіп, *алманақ*, *билиәрт*, *кәбіл*, *кәніберт*, *пәктір* деп қазақшалап айтатын болайық. Тілімізге жат сөздерді, жат сөздердегі жат дыбыстар тіркесімін бұзбай қолданамыз деп, тілімізді бұрап, сол арқылы анамыздың ақ сүтімен бірге бойымызға сіңген ана тіліміздің құрылым-құрылысын, заңдылығын бұзғанша, осылай ауызекі сөйлеу тіліндегідей айту әлде қайда ұтымдырақ. Халқымыздың ардақты ұлдарының бірі – Халел Досмұхамедұлы ағамыз: «Тілге кірген жат сөздер сіңу үшін, тілге «өзілік» болу үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек. Бүйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян келтіреді» (Аламан, 1991, 92-б.), – деген жоқ па еді?!

Мен басқа бір мақаламда «француздың *палетот* сөзін орыстар – *пальто*, румындар – *палтон* деп, өзгертіп алыпты. Орыс тіліне бас ұрып, ол сөзді *пальто* дегенше тіліміздің заңдылығына сай – *пәлте*

деп алсақ, дұрыс болар еді» деп жазған едім. Осы жерде сол ойымды тағы да қайталағым келіп тұр. Сондағы мақсатым – «шет жұрттық сөздерді қабылдаудың осындай да жолы бар» дегенді баса айту. Жалғыз *пальто* сөзін ғана емес, осы типтес кірме сөздердің көпшілігін қазақ тілінің заңдылығы бойынша айтып, оларды сол күйінде жазсақ, ең дұрысы сол болған болар еді.

Өкінішке орай, қазірше ешкім олай істеп жүрген жоқ. Керісінше, түркі тілдерінің *тауар*, *шабадан* сөздерін орыстар біздерден алып, оларды *товарь*, *чемодан* деп өзгертіп қабылдағандарында жұмыстары жоқ, біздің оқыған, білікті деп есептелетін азаматтарымыз: «қазақ сөздері ғылыми ұғымның мәнін дәл бере алмайды» – деп, білгіштік танытқан да, оларды (товарь, чемодан) оқулықтар мен сөздіктерге сол күйінде ендіріп жіберген.

Көз жеткізгілеріңіз келе ме? Онда 1-сыныптың «Әліппе» оқулығы мен «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігіне» (3-басылымы) қарауларыңызға болады.

Қазір, құдайға шүкір, бірлі-жарым болса да, қазақша термин (сөз) жасаушылардың саны күннен күнге өсіп келеді. Ондайларды қуана қарсы алып, келешекке үмітпен қарайсың. Әрине, қазақша жасалған жаңа сөздердің ішінде тәуірлері де бар, сәтсіздері де ұшырасады. Мәселен, *тәнтану* (анатомия), *жаһандану* (глобализация), *саңлақ* (чемпион), *ұстаным* (принцип), *үрдіс* (тенденция), *зымыран* (ракета), *көзқаман* (нигилист), *лаңкес* (террорист) дегендерді нашар сөздер деуге болмайды.

Ал вакансия дегенді – *нежұмыс*, шофер дегенді – *жолшы* немесе *тізгіңші*, режим дегенді – *уәжіб*, услуга дегенді – *ісмет* делік деушілердің пікірлерімен келісе қою қиын. Өйткені бұл сөздер – тым жасанды сөздер.

Мемтерминком выслуга дегенді – *бейнет*, заслуга дегенді – *зейнет*, заслуженный дегенді – *зейнетті* деп аударуды ұсынады (Терминологиялық хабаршы, 2002 ж. №2). Сонда «заслуженный пенсионер» дегенді *зейнетті зейнеткер* деп жұмбақтаймыз ба? Себебі бұған дейін пенсия дегенді – *зейнетақы*, пенсионер дегенді – *зейнеткер* деп келген жоқ па едік?!

Қысқасы, тағы да қайталап айтамын, халықаралық термин атағын жамылып жүрген «орысша терминдерді аудармай, сол күйінде алу»

деген пікір қазақ тілінің терминдерін байыту емес, қайта керісінше, мемлекеттік тіл болып табылатын – қазақ тілінің басына су құю деген сөз; мемлекеттік тілді жанбай жатып сөндіру (өшіру) деген сөз.

Бұдан басқа қорытынды шығару мүмкін емес. Өйткені теориялық тұрғыдан алғанда әр халық өз терминдерін өздері жасап алулары керек. Ол терминдерді өзіміз жасамай біреудің даяр тұрған терминдерін соламайымен қабылдай берсек, біз қазақ тілін емес, өзіміз терминдерін қабылдап отырған тілдерді, атап айтсақ, орыс, ағылшын тілдерін дамытқан, сол тілдердің терминдерін жетілдірген болып табыламыз.

Қорытайық: Егер қазақ тіліндегі ғылыми терминдердің барлық санын 100 пайыз деп алсақ, кешеге дейін оның 20%-ы ғана қазақша, 80%-ы орысша болып келген еді. Егемендігіміздің арқасында бүгінгі күндері қазақша терминдердің саны 40%-ға жуықтап қалды. Келешекте (егер егемендігіміз аман-есен болса) олардың саны 60%-дан асады деп үміттеніп отырмыз.

Ол үшін біздің бәрімізге шығармашылық бейнет, қажымас қайрат, ерінбес аңбек қажет. Айтпақшы, жоғарыда айтылған ақ ниет пен ұлттық намысты да естен шығармаған жөн.

Қазақ және орыс тілдерін жанаша оқытудың проблемалары. Алматы, 2003. 9-12 бб.

СӨЗЖАСАМДЫҚ ТЕРМИНДЕР ЖӨНІНДЕ

Сөзжасамды дұрыс түсіну үшін онда қолданылып жүрген терминдерді саралап, даралап бір-бірінен мағыналық айырмашылықтарын, ұғымдарын ажырата білген жөн сияқты. Сөзжасам теориясында мағыналарын, ұғымдарын ажырата қарауға, бірінен-бірін бөліп қарастыруға тұрарлық терминдер жетерлік. Олар: *сөзжасам, сөзжасамдық ұя, сөзжасамадық тізбек, сөзжасамдық саты, сөзжасамдық тарам, сөзжасамдық жұп, түбір сөз, туынды сөз, түбір негіз, туынды негіз, уәж сөз, уәжді сөз, уәжсіз сөз* т.б. [1, 2].

Бұл жерде біз аталған терминдердің бәріне емес, олардың тек мағыналары шатастырылып жүрген *түбір, түпкі түбір, негізгі түбір,*

негіз, түп негіз, түбір негіз деген сияқты бірлі-жарымдарына ғана тоқталмақпыз. Ол үшін *біл>білім>білімді>білімділік* деген сөзжасамдық тізбекті нысан етіп алалалық.

Осы сөзжасамдық тізбектегі сөздердің бәрі – түбір, бәрі – сөз. Айырмашылықтары: *біл* – түпкі түбір, қалғандары – туынды түбірлер; *біл* – түбір сөз (исходное слово или производящее слово), қалғандары – туынды сөздер (производные слова).

«Біл» түпкі түбірін – *негізгі түбір* деушілер жоқ емес. Егер оны «негізгі түбір» деп атасақ, «негізгі емес түбір» де бар екен ғой деген ой келеді (Тілімізде мұндай түбір жоқ). Осындай шатасулар болмас үшін, «біл» деген сияқты түбірлерді – *түпкі түбір* деп атағанымыз жөн. Өйткені түпкі түбірлер туынды түбірлерді туғызуға негіз болады.

Ескерте кететін нәрсе: туынды түбірлерді туғызатын тек түпкі түбірлер ғана емес, туынды түбірлердің өздері де әр түрлі туынды түбірлер туғыза алады. Сондықтан, тіл білімінде туынды түбірлерді туғызушы түбірлердің бәрін (түпкі түбірді де, туынды түбірлерді де – *негіз* (основа) деп атау қалыптасқан. Осы тұрғыдан жоғарыдағы «біл» сөзін – *негіз, негіз сөз* деп те атай береміз. Негіз болғанда, ол – түбір негіз. «Біл» түбір негізінен жасалған *білім, білімді, білімділік* сөздері – туынды негіздер.

Жоғарыда айттық, бір буынды түбір сөздер бұрын түпкі түбір деп аталынатын еді. Кейінгі кезде ол *түп негіз* деп аталынып жүр [2: 36, 102]. Егер *түпкі түбір* мен *түп негіз* терминдерінің арасында ұғымдық, мағыналық тұрғыдан айырмашылық болса бірсәрі. Ал олардың арасында ешқандай айырмашылық болмаса, түпкі түбірді *түп негіз* деген жаңа терминмен ауыстырудың қажеті шамалы. Біздіңше, оны бұрынғыдай *түпкі түбір* деп атағанымыз орынды.

Біз, әрине, *түбір* (корень) мен *негіз* (основа) терминдерін ұғымдық тұрғыдан ажырата қарастыру жағындамыз. Әңгіме сөзжасамға байланысты терминдер жөнінде болғандықтан бұл жерге «негіз» сөзін араластырудың қажеті жоқ деп есептейміз. Өйткені негіз термині әдетте сөздердің түрлену формаларына ғана байланысты аталынатын термин.

Тілімізде *түбір, түпкі (негізгі) түбір, туынды түбір* деген терминдер де қолданылады. Олардың ішіндегі «түбір» сөзі – түпкі түбірлер мен туынды түбірлерге ортақ жалпы термин. Солай дей

тұрағынымызбен, *түбір* десек көп жағдайда есімізге *түпкі түбір* түседі. Ал *туынды түбір* десек, сол түпкі түбірден жасалынған жаңа түбірді ойға аламыз. Бұл жерде ешқандай шатасу, шатастыру жоқ.

Шатастырудың басы мектепте оқитын оқушыларға *түбір*, *түпкі түбір*, *туынды түбір* деп саналарына сіңіріп аламыз да, олар студент болғаннан кейін дәл сол ұғымды білдіру үшін оларға «түп негіз» терминін ұстанамыз. Міне, шатасу, шатастырудың басы қайда жатыр!.

Түпкі түбірді *негізгі түбір* деп атау да онша жарасып тұрған жоқ. Неге десеңіз, біріншіден, негізгі түбір деген терминді естіген сайын адамда «негізгі емес түбірдің де болғаны ғой» деген ассоциация пайда болады. Екіншіден, туынды түбірлердің өздері де реті келгенде негізгі, басты түбір бола алады.

Кейбір ғалымдар: «... Оны *негізгі түбір* деп отырған себебіміз – олар мағыналы сөздер және өзінен басқа туындылардың жасалуына негіз бола алады» – деген уәж айтады [2: 108]. Жарайды-ақ, негізгі түбір «мағыналы-ақ» болсын, ол басқа түбірлердің негіз-ақ болсын. Бірақ түпкі түбірлерде мағына жоқ деп кім айта алады? Немесе түпкі түбірден туынды түбір жасалмай ма?

Жасалғанда қандай!

Қазақ тіл білімінде *туынды түбір* термині мен *туынды сөз* терминдері де шатастырылып жүр. Бұларды бірінің орнына екіншісін қолдануға болмайды. Өйткені *туынды сөз* терминінің мағынасы *туынды түбір* терминінің мағынасына қарағанда кеңірек. Бұл тұрғыдан *туынды сөздердің* бәрін емес, олардың бір тобын ғана *туынды түбір* деп атауымызға болады [1: 33; 2: 125].

Оның үстіне *туынды сөз* ұғымы тек түбірді ғана қамтымайды, оған түбір мен сол түбірге қосылған сөз түрлендіруші қосымшалар да ене алады. Олай болса, *туынды сөз* ұғымы кемінде 3 морфеманың қосындысын қамтиды деп білгеніміз жөн. Олар: түпкі түбір, жұрнақ және жалғау. Ал *туынды түбір* болу үшін бірінші кезекте түпкі түбірге сөзжасамдық жұрнақ жалғануы шарт. Н.Оралбаева, К.Құрманалиев сияқты ғалымдарымыздың айтуларына, «сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған барлық сөз түрлері де (біріккен сөздер, қос сөздер, күрделі сөздер) туынды сөздердің қатарына жатады» [1: 33-34; 2: 125].

Қазақ тіл білімінде уәждемелік (мотивациялық) теориясы

тұрғысынан тілдегі өздерді уәжсіз (мотивсіз) сөздер, уәжді (мотивті) сөздер деп, екіге бөлу дәстүрге айналған (*Уәж* дегенді – *негіз* деп атаушылар да жоқ емес). Уәжсіз сөздер – түпкі түбірлер, уәжді сөздер – туынды түбірлер. Ал *уәж сөз* деген терминнің ұғымына жоғарғылардың екеі де, яғни *уәжсіз сөз* де, *уәжді сөз* де кіреді. Өйткені туынды сөз (яғни туынды түбір) жасауда олардың екеуі де уәж бола алады.

Әдетте түпкі түбір уәжсіз болады. Сөзжасамдық сатының ең соңғы сатысындағы туынды түбір – уәжді сөз. Себебі ол сөзжасамға қатыспай, сатыны аяқтап тұрады. Ал осы екі аралықтағы (яғни түпкі түбір мен ең соңғы уәжді сөздің аралығындағы) туынды түбірлер – уәжді түбірлер. Бұлай болатын себебі олар келесі сатыдағы туынды түбірлерге уәж бола алады.

Бұл – сайып келгенде, уәж (уәждеуші) сөз уәжді (уәжделуші) сөзбен мағыналық жағынан байланысты деген сөз. Өйткені уәжді сөз уәж сөзден жасалады. Бірақ бұл айтылғандардан екеуінің мағыналары тең (бір-біріне барабар) деген ұғым шықпауға тиісті. Олардың әрқайсысының өз мағыналары бар.

Оймызды мысал арқылы нақтылай түссек, жоғарғы сөзжасамдық тізбектегі *уәжсіз сөз* – «біл», уәжді сөздер – «білім», «білімді», «білімділік». *Уәж сөзге* келетін болсақ, көрсетілген сөзжасамдық тізбектің ең соңында тұрған «білімділік» сөзінен басқаларының бәрі *уәж сөзге* жатады. Өйткені «білден», – *білім*, «білімнен» – *білімді*, «білімдіден» – *білімділік* туынды түбірлері (сөздері) жасалынған. «Білімділік» сөзінің уәж сөз болмайтын себебі – одан ешқандай туынды сөз жасалып тұрған жоқ. Сондықтан да, «білімділік» – *уәж сөз* емес ол тек *уәжді сөз*.

Ескерте кетелік: кейбір ғалымдар бұл соңғы үш терминді күрделендіріп, уәж дегенді – *уәждеме*, уәжді дегенді – *уәждемелі*, уәжсіз дегенді – *уәждемесіз* деп атап жүр [2: 37-38].

Дұрысы – терминнің әрі қысқа, әрі түсінікті және бірізді (жүйелі) болғаны. Олай болса, бұл үшеуін *уәж сөз*, *уәжді сөз*, *уәжсіз сөз* деп атап, зерттеу еңбектерде олардың осы қысқа сыңарларын пайдаланғанымыз жөн.

Егер түбір сөздер де, туынды сөздер де *негіз* (основа) бола алатын болса, онда уәж сөздерді де, уәжсіз сөздерді де негіз деп ұғып, оларды

уәж негіз, уәжді негіз, уәжсіз негіз – деп атауымызға неге болмасын? Біздің ойымызша, бұлай атауға әбден болады.

Сөзжасамға байланысты қолданылып жүрген терминдер жөнінде айтқанда «лексика-семантикалық тәсіл» деген терминге де тоқталмай кетуге болмайды. Біріншіден, бұл қазақша термин емес. Оны қазақшаласақ, «лексика» – сөз, «семантика» – мағына болып аударылады. Бұл қазақша сөздерді өзара тіркестіретін болсақ, «мағыналы сөз тәсілі» болып шығады. Көрсетілген қазақша тіркесімде ешқандай мән-мағына жоқ екендігі аян. Өйткені сөз болған екен, онда мағынаның болуы міндетті. Мағынасы болмаса, ол – сөз емес (Көмекші сөз екең көмекші сөздердің өздерінде де грамматикалық мағына болады).

Ендіше, «лексика-семантикалық тәсіл» деген бір тәсіл емес, ол – қосақтауға болмайтын, әрқайсысы жеке-жеке екі тәсіл. Яғни аталған тәсіл лексикалық тәсіл мен мағыналық (семантикалық) тәсілдердің механикалық қосындысынан тұрады.

«Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы» атты оқулықтар мен ғылыми еңбектерде осы тәсілге байланысты мысал ретінде алынып жүрген *жеті, тоқсан, күш, қуат, жұрнақ, жалғау* деген сөздер лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалып тұрған жоқ. Олар – тек семантикалық тәсілмен, яғни мағыналарының өзгеруі арқылы ғана жасалған сөздер. Сондықтан мұндайларды лексика-семантикалық тәсіл демей, тек *мағыналық* (семантикалық) *тәсіл* арқылы жасалған сөздер деп білуіміз керек.

Неге десеңіз: *жеті* сөзінің тұлғасы («жеті») өзгермей-ақ, оның о бастағы «алтыдан кейінгі сан» (семь) деген сандық мағынасы ғана өзгеріп, дамып, «жеті күннің жиынтығы», «бір апта» деген мағына беру арқылы жаңа мағыналы жаңа сөз жасалған. Қайталап айтамыз, мұндайларды лексика-семантикалық тәсіл дегеннен гөрі *мағыналық* (семантикалық) *тәсіл* деген дәлірек. Өйткені онда лексикалық өзгеріс жоқ, тек мағыналық қана өзгеріс бар.

Ал *лексикалық тәсіл* дегенге басқа тілдердің бірінен ауысып келіп, дыбысталуын қазақ тілінің заңдылығына сәйкес өзгерткен кірме сөздерді жатқызуға болады. Мыс.: *бөкебай* (ор. пуховый), *жәшік* (ор. ящик), *кебін* (ар.кафанун), *несие* (ар.насианун), *күмбез* (п.гумбэд), *кілт* (п.келид) т.б.

Бұлар қазақ тілі үшін жаңадан жасалынға жаңа сөздер бола ала ма?

Әрине, олар өз кезінде жаңа сөздер болды. Ендіше, бұл сияқты сөздерді лексикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер деп атағанымыз дұрыс.

Олай болса, лексика-семантикалық тәсіл деген екіге бөліп, бірін – лексикалық тәсіл, екіншісін – мағыналық (семантикалық) тәсіл деп, саралай қарастырғанымыз оңды болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – А., 1989.
2. Құрманалиев К. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя проблемаларының ғылыми-теориялық негіздері. – А., 2002.

Тіл әлемі. 1 том. 2005. 2-56 бб.

ТІЛ БІЛІМІ ТЕРМИНДЕРІН БІРІЗДЕНДІРУ

Меніңше, әңгіме қазақша терминдер жөнінде болуға тиіс болғандықтан алдымен дыбысталуы қазақша емес *термин* сөзін *термін* деп, қазақшалап алғанымыз жөн және бұдан былайғы жерде бәріміз де солай қолданғанымыз абзал. Өйткені қазақша *термін* деп түп-түзу айтылатын сөзді аяқ жағына барғанда –**мин** деп, сөзді имите саламыз. Оның қазақи құлаққа жат естіліп тұрғандығы көзге ұрып тұр. Бірақ оған көңіл аударып жатқан бізге жоқ. Сөйтеміз де, қазақша терминдерді ретке келтірейік, жүйелейік деп ұрандатамыз.

Ірге тасы сонау 1910 жылғы Ахмет Байтұрсынұлының алғашқы еңбектерінен бастау алған қазақша термин жасау мәселесі, содан бері 95 жыл өтсе де, әлі күнге дейін жөнге түспей, жолға қойылмай, келе жатқандығы ешкімге жасырын емес. Оған себеп – біздің қазақи мінез-құлқымыз. Біздердің «мынау дұрыс емес», «мынаны былай қолдануға болмайды» деген тәрізді тек сезімге ғана сүйеніп, оп-оңай атыла салынатын жеңіл сөзге жанымыз құмар. Ал «сол жақсы термін қайсысы», «оны қалай іздеп табуға болады», «қайтсек әлгі термін қазақ халқына дұрыс қызмет атқарады» деген сияқты санаға салмақ түсіретін, ізденуге, ойлануға мәжбүр ететін ауырлау мәселеге

келгенде оған жанымызды қинамай, керекті терміндерді еуропа немесе орыс тілдерінің бірінен ала салуды дұрыс көреміз де тұрамыз.

Орыс тіліндегі терміндерді соламайымен қабылдай салудың басы 1935 жылғы профессор Қ.Жұбанов ұсынған «Қазақ әдеби тілі терминологиясының принциптерінен» басталады [1: 283-285]. Оған 1949 жылы жарық көрген С.Бәйішевтің «Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері» деген мақаласа келіп қосылды [2]. Содан бері қарай біз қазақша термін жасауды мүлде қойғанбыз. Тек орыс тіліндегі даяр тұрған терміндерді ғана қабылдап келдік. Бұл – әрине, саясат. Саясаттың біраз бөлігі сұрқия болатынын өздеріңізде білесіздер. Сондықтан мен соған тоқталып, уақыттарыңызды алмай-ақ қояйын.

Бұл жердегі негізгі әңгіме егемендік алғаннан кейінгі кезеңде жасалған немесе жасалуға тиісті терміндер жайында болмақшы. Егемендіктен кейін 10-15 жылдай уақыт өтсе де, «қазақша терміндер бір жүйеге түсті» деп айтуға ауыз бармайды. Оның себебі жасалған қазақша терміндерден гөрі қолданыста жүрген орысша терміндердің саны көп. Бұл пікір мен сөз еткелі тұрған тіл білімі саласына да қатысты.

Шындықты мойындайықшы, термін мәселесіне басқа ғалымдардың бәрінен жақын тұрған ғылым – тіл білімі емес пе?! Сол тіл білімі терминдерінің көбі әлі күнге дейін орысша немесе еуропаша қолданылып жүр. Айтуға ұят. Алайда ақиқат солай.

Тілшілердің, яғни біздердің абыройымызды жауып жүрген 1910-15 жылдардың өзінде-ақ жасап кеткен Ахмет Байтұрсынұлы атамыздың қазақша терміндері. Одан бергі уақыт аралығындағы жасалған қазақша терміндердің жайы мәз емес. Олар арық ат, ауру сиыр секілді ілмиіп тұрады. Тұрпатына қарасаң, олардың не орысша, не қазақша екенін біле алмай дал боласың. Мысал керек пе? Мысал жеткілікті: *апеллятив есімдер, пассив мүшелер, валенттілік, диахрондық, нормативті грамматика, флективті тіл, компаративизм, эмоционалдық сөз* т.б.

Кез келген ғылым салаларының терміндері дамысын, жетілсін десек, сол ғылым саласындағы терміндерді тұрақты түрде зерттеп, оның артық-кем тұстарын саралап ескісін қолданудан шығарып

тастап, жаңасын жасап жүретін кемінде 2-3 ғалымның болуы шарт деп ойлаймын.

Қазақ тіл білімінің терміндерін Ахмет Байтұрсынұлы атамыздан кейін, кеңестік кезеңде Т.Жанұзақов ағамыз зерттеді. Академик І.Кеңесбаевпен бірігіп, ол зерттеу еңбекті жеке сөздік етіп, 1966 жылы бастырып та шығарды [3].

Ол кездің термін жасау ұстанымы өздеріңізге белгілі: *аббревиатура – аббревиатура, аббревиация – аббревиация, аблаут – аблаут, аблатив – аблатив, абсолютные синонимы – абсолюттік синонимдер, агглютинативные – агглютинативті, абстарктная лексика – абстрактты лексика* деп кете береді.

Мен бұл жерде шып-шырғасын шығармай әлгі сөздіктегі әліпби тәртібі бойынша қатар тұрған алғашқы біраз терміндерді әдейі беріп отырмын. Осылардың қаншасы қазақша? Мен **-тық/-тік, -ты/-ты** деген екі қазақша жұрнақтан басқа еш нәрсе көріп тұрған жоқпын, көрмейсіздер де.

Әрине, «аталған сөздікте бірде-бір қазақша термін жоқ» деуден аулақпын. Онда *ана тілі, анықтауыш, атау септік, ауызекі тіл, ашық буын, ашық рай* деген сияқты біраз қазақша терміндер ұшырасады. Бірақ олардың көбі – жоғарыда аты аталған Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терміндер. Менің қазақ тілі білімі терміндерін жасаумен, термін теориясын негіздеумен тұрақты түрде ешкім айналысып отырған жоқ деп отырған себебім сондықтан.

Осы жерде сіздердің бәріңіз болмаса да кейбіреулеріңіз: – Неге зерттелмеді дейсіз? Тіл білімі терміндері жөнінде кандидаттық диссертация қорғаған адамдар бар ғой! – деп, менімен дауласуларыңыз мүмкін. Дауласуларыңыз орынды. Қазақ тіл білімі терміндеріне байланысты бір емес, екі емес, бақандай 3 адам кандидаттық диссертация қорғады. Бірақ олар тіл білімінің қазақша терміндерін жетілдіру үшін, қазақ термін жасау теориясын негіздеу үшін қорғаған жоқ, олар кандидаттық дәреже алу үшін ғана қорғады.

Рас, соңғы кезде филология ғылымының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің тіл білімі терміндерін қазақшалау жөнінде берлі-жарым мақалаларын оқып жүрміз. Бірақ ол кісі термін мәселесімен тұрақты түрде айналысып жүрген жоқ. Екіншіден, Ә.Жүнісбек тек фонетикаға қатысты терміндерді ғана сөз етіп жүр.

Бұл жерде мен Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен, кейіннен мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған, конкурстан жеңіп шыққан, 31 томнан тұратын «Қазақша-орысша және орысша-қазақша терминологиялық сөздіктің» әдебиет пен лингвистика саласына арналған 27-томы туралы сөз етпей-ақ қояйын деп тұрмын. Бұл сөздік жөнінде бірнеше сыни мақала жарияланды. Өзім де оған белсене айналысқан адамдардың бірімін. Бірақ, амал не, ерік бізде ғана болмаған соң, қолдан келгені сол ғана болды.

Егер ол сөздікке бірауыз сөзбен баға берер болсам, егемендік алғанымызға сол кездің өзінде-ақ 9 жыл өтседағы біз кеңестік жүйенің сүрлеуінен шыға алмадық. Оның үстіне бас редакция төрағасының да, сөздіктің ғылыми жетекшісінің де, редакция алқасының біраз мүшелерінің де ауыздары бұрынғыша, яғни кеңестік оқымыстыларша қисайды.

Сөйтіп, сөздік басылып шықты. Ешкімнің ештеңесі кеткен жоқ. Тек қазақ тіл білімі терминдерінің көпшілігі сол бұрынғы орысша қалпында қала берді. Ал қазақшаланған терминдердің бразының сапасы қайта қарастыруды қажет етеді. Мәселен, ол сөздікте «историческая» деген – *тарихи* деп, «историзм» деген – *тарихаят сөздер* деп аударылыпты. «Абзац деген термін бір жерде – *азат жол* (13 б), екінші жерде – *жаңа жол* (52-б.) деп, екі рет берілген. «Языкознание» деген – *тіл білімі*, «языковедение» – *тілтану* (125-б.), «лингвистическая» – *тілтанымдық* (127-б.) деп сараланыпты. *Тілтаным* деген терминнің өзі сөздікте жоқ.

Бұған дейінгі тәжірибемізде *тіл білімі* – лингвистика, *тілтаным* – языкознание деп аударылып келген болатын. Аталған сөздікте жанасу да, қабысу да «примыкания» термінінің баламасы ретінде берілген. Онда *үндестік* – «созвучие, гармония» деп, ал *үндесім* – сингармонизм» деп аударылған.

Осылардың қайсысы дұрыс?

Бас қатыру дегеніміз – осы.

Рас, бұл сөздікте жөні дұрыс, жібі түзу біраз қазақша терминдердің өмірге келгендігін жоққа шығара алмаймыз. Мәселен, ондағы *аталым* – орфоэпия, *жазылым* – орфография, *жасалым* – артикуляция, *естілім* – перцепция, *сөзтұлға* – словоформа,

тұлғажасам – формаобразование, *сөзжасам* – словообразование, *нысан* – объект, *нысан* – субъект, *аңдатпа* – аннотация, *сызық* – тире, *сызықша* – дефис деген сияқты терміндерді осы күйінде қабылдауға болады.

Есесіне, жоғарыда айттық сөздікте *агенс*, *адъектив*, *акустика*, *акцент*, *аллафон*, *анлаут*, *антоним*, *арго*, *артикуль*, *архетип*, *архисема*, *аспект*, *атрибут* деген сияқты толып жатқан тілі білімі терміндері (мұндай терміндердің жалпы саны 300-ден асады) сол бұрынғы күйінде, яғни орысша жазылып, орысша айтылған күйінде қалған.

Қазақша термін жасауға неге болмасын, болады. Біз бұған дейін «адвербиализация» дегенде – *адвербиалдану*, «адъективизация» дегенді – *адъективтену*, «вербализация» дегенді – *вербалдану*, «конъюнктивизация» дегенді – *конъюнктивтену*, «прономинализация» дегенді – *прономиналдану*, «субстанция» дегенді – *субстантивтену* деп, орыс тіліндегі – *изация/ация* жұрнақтарын қазақшалап, *-тану/тену*, *-дану/дену* тұлғаларымен беріп келген болатынбыз. Бұларды «адвербиалдану», «адъективтену» ... деп тілімізді бұрап жатқанша, оларды өз атымен атап, неге қазақша *үстеулену* (адвербиализация), *сынәсімдеу* (адъективизация), *етістіктену* (вербализация), *шылаулану* (конъюнктивизация), *есімдіктену* (прономинализация), *затәсімдену* (субстантивация) деген терміндермен атамаймыз?! Көрсетілген сөздердің (терміндердің) бәрі де ғылыми ұғымдардың атауын дәл беріп тұрған жоқ па?!

Дәл осылар сияқты «дифтонг» дегенді – *қосдыбыс*, «трифтонг дегенді – *үшдыбыс*, «диктант» дегенді – *жатжазу* деп алуымызға әбден болады.

Мен 2004 ж. қазақ тілінің фонетикасын мен лексикасын қамтыған «Қазіргі қазақ тілі» деп аталатын ерекшелік бір оқулық жазып бастырдым. Ол оқулықтың ерекшелігі мынада: Біріншіден, тіл заңдылықтарын ащыішекше шұбалтпай, энциклопедиялық сөздіктердегі секілді мәселенің тек тоқ етерін ғана айтып, мысалдар келтіріп отырдым. Екіншіден, бұрын еуропаша, орысша қолданылып келген терміндердің басым көпшілігін қазақша терміндермен ауыстырдым.

Бұл ісім үшін менің талай адамның сынына ұшырайтыным анық. Соған қарамастан оқулықта «фонетика» дегенді мен – *дыбыстаным*, морфология – *тұлғатаным*, синтаксис – *тіркестаным*, фраза – *түйдек*, фразеология – *түйдектаным*, лексика – *сөз*, лексикология – *сөзтаным*, сингармонизм – *дауыстылар мен дауыстылардың үндестігі*, аккомодация – *дауыстылар мен дауыссыздардың үндестігі*, ассимиляция – *дауыссыздар мен дауыссыздардың үндестігі*, конбинаторные изменения – *ықпалды өзгерістер*, спонтанные изменения – *ықпалсыз өзгерістер*, вариант – *түрпен* деп шынайы түрде қазақшаланғанды жөн көрдім.

Менің оқулықты жазу кезіндегі қазақша термін жасау әрекетім әсіресе қазақ тіл білімінің лексикология (сөзтаным) саласында басымдау болды. Мысал келтірейін:

метафора – бейнелеу
метонимия – аталмастыру
синекдоха – меңзеу
актив.слова – жүрдек сөздер
пассив. слова – сырдақ сөздер
эксперсивн.слова – пейілдік сөздер
эмоциональн.слова – сезімдік сөздер
антоним – қарсымәндес сөздер
омофон – айтылымдас сөздер
омограф – жазылымдас сөздер
синоним – мәндес сөздер
омоним – тұлғалас сөздер
эвфемизм – сыпайы сөздер
дисфемизм – тұрпайы сөздер
табу–тергеу сөздер
плеоназм – жұптас сөздер
перифраз – сипаттама сөздер
калька – көшірме сөздер
этнографизм – елтаным сөздер
окказионализм – бірқолданылатын сөздер т.б.

Әрине, мен жазған қазақ тілінің фонетикасы мен лексика саласында қазақшаланбаған терміндер жоқ десем, мұным шықдыққа сәйкес келмеген болар еді. Ол оқулықта *фонема, грамматика, стиль, стилистика, протеза, эпентаза, эпитеза, редукция, синкопа, метатеза* деген сияқты біраз терміндер сол бұрынғы қалпында қалды. Бүйректен сирақ шығарып, бірден бәрін қазақшалап жібергенім жөн болмас деп ойладым. Оның үстіне келешек жас ғалымдарға да еңбектенетін, ойланатын нысан қалдыруымыз керек қой.

Термін жасау мәселесіне келгенде терміндік тұлғаттар (форманттар) жөнінде ойланбасқа болмайды. Бұл туралы филология ғылымының докторы Ш.Құрманбайұлы өзінің «Қазақ лексикасының терминденуі» деген еңбегінде жақсы айтқан [6: 44-45]. Орыс тіл білімінде мұндай терміндік тұлғаттар мол. Сол тұлғаттар арқылы олар кез келген термінді оп-оңай жасай береді. Ал бізде ондай тұлғаттар жоқ. Қалыптаспаған. Қалыптасырмағанбыз (Қазақша термін жасамасақ, ол қалай қалыптасады – Б.Қ.). Сөйтеміз де, қазақша термін жасау қиын деп сылтауратымыз.

«Қиын» деп қоя салмай іздестіре білсек, қазақ тілінен де терміндік тұлғаттар (форманттар) табылатыны анық. Айталық, жоғарыда сөз болған 31 томдық терминологиялық сөздіктің 27 томында «форма» деген – *тұлға*, «формант» деген – *тұлғат* деп алыныпты. Осылай қалыптастырып жіберуге неге болмасын, болады.

Мен бір мақаламда «факт» дегенді *мәнбі*, «фактор» дегенді – *мәнбір* деп айталық деген ұсыныс айтқан болатынмын. Бұл жерде – **р** жұрнағы тұлғаттық қызмет атқарып тұр. Ахмет Байтұрсынұлы ақсақалымыз дәлелдеп бергеніндей **-шы** тұлғаты - «адам, кісі» деген ұғым берсе (тіл+ші), **-ыш** тұлғаты – «зат, нәрсе» деген ұғым беретіндігі (*бастау+ыш*) қазақ тіл білімінде мойындалған нәрсе.

Кейінгі кездерде тілші ғалымдар жиірек қолданып жүргенін *естілім*, *сөзжасам* дегендердегі **-м/ым/ім** қосымшалары мен *жасам* – образование, *таным* – -логия (*сөзтаным* – лексикология), *тану* – изация/ация (*заттану* – субстантивация) деген сияқты біраз сөздер де термін жасайтын тұлғаттық қызметтер атқарып жүр. Мұндай тұлғаттарды батыл да, байыпты түрде қолданғанымыз (пайдаланғанымыз) жөн. Тек олар орыс тіл біліміндегідей жүйелі және біртектес болуы керек.

Шынтуайтына келсек, мен осы жерде «мынадай орысша терміндерді мынандай қазақша терміндермен алмастырыуымыз керек» деген ұсыныс жасап тұрмын. Бұл ұсынысым, «әдеттегідей, біреулерге ұнауы, екіншілерге ұнамауы мүмкін. Білемін, қазірше ұнайтындардан гөрі ұнайтындардың саны көп болып шыға келеді. Өйткені Қазақстандағы қазақ ғалымдары мен қазақ зиялыларының көпшілігі орысша оқып, орысша жазуға дағдыланып кеткендер. Олар қазақша терміндерден гөрі орысша терміндерге іш тартып тұрады.

Қорыта келе айтпағым: қазақша терміндерді жасауға, оларды көпшіліктің қолдануына ұсынуға болады. Бірақ сол ұсынған терміндердің дұрыс-бұрыстығын саралап, олардың дұрысын қолдануға болатындығын, бұрысын неге қолдануға болмайтындығын түсіндіріп, дәлелдеп беретін мамандардың саны тым аз. Сондықтан да, терміндерді әркім өз білгендері бойынша қолдана береді. Аққу көкке, шортан суға тартты деген осы. Бұдан зиян шегетін – тағы да қазақша терміндер, қазақ термінтаным; дәлірек айтсақ мемлекеттік тіл болып табылатын – қазақ тілі.

Әдебиеттер:

1. *Жубанов К.* Исследования по казахскому языку. А., 1966.
2. Терминология сөздігі. А., 1949. I. кітап
3. *Кеңесбаев І., Жанұзақов Т.* Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. А., 1966.
4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Әдебиет және лингвистика. «Рауан» баспасы. А., 2000.
5. *Б.Қалиұлы.* Қазіргі қазақ тілі. Фонетика. Лексикология. А., 2004.
6. *Ш.Құрманбайұлы.* Қазақ лексикасының терминденуі. А., 1998.

Терминологиялық хабаршы.

Астана. 2006. №2 (16). 14-20 бб.

«ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ОРАЛЫМ» ТЕРМИНІ ЖӨНІНДЕ

Шындығын айтсақ, бұл мақаланың жазылуына себеп – Ж.Дәркенбаеваның ҚазҰУУ-дың Хабаршысында жариялаған «Қазақ тіліндегі фразеологиялық оралымдар» атты мақаласы болды [1]. Зерттеуші онда тақырыбы айтып тұрғандай-ақ, қазақ тілінде фразеологиялық оралымдар бар деп дәлелдейді, мысалдар келтіреді.

Біз бұл жерде Ж.Дәркенбаева жазған мақаланың мазмұны туралы емес, сонда қолданылған «фразеологиялық оралым» деген терминге, оның дұрыс-бұрыстығы, нысанды дәл берген-бермегендігі жайында ғана сөз етпекшіміз.

Қазақ тілінде фразеологиялық оралым бар, ол тіршілігіміздің назарына іліккен» деген ойды дәлелдеу үшін зерттеуші қазақ

тілшілері академик І.Кеңесбаев пен Қаз ССР ҒА-ның корреспондент-мүшесі К.Ахановтардың еңбектерінен үзінді келтіреді. Рас, акад.І.Кеңесбаев өзінің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінің» соңында берген (қосқан) «Қазақ тілінің фразеологизмдері туралы» деген мақаласында біз сөз еткелі отырған «фразеологиялық оралым» терминін қолданған.

Бірақ біз мынаны ескертуге тиістіміз:

Ол кісі (І.Кеңесбаев) фразеологиялық оралым жөнінде өзі зерттеу жүргізбеген адам. Мақаласында З.Г.Ураксиннің [2] осы мәселеге қатысты пікіріне сілтеме жасап, сол кісінің бір қанатты, көп қанатты оралымдар туралы айтқандарын келтірген, соған сілтеме жасаған [3: 620-621].

Ал К.Аханов болса, біз әңгіме етіп отырған фразеологиялық оралым туралы ешқашан сөз еткен емес. Ол кісі «фразеологиялық оралым» терминін фразеологизм ішіне кіретін сөздердің тізбегі, жиынтығы жөнінде, яғни фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тұтыстық деген мағынада қолданған [4: 166].

Фразеологиялық оралым деп Ж.Дәркенбаева нені айтып отыр?

Зерттеушінің өзіне сөз берелік: «Фразеологиялық бірлік дегеніміз – фразеологизмдердің алдынан немесе соңынан келген сөздермен мағыналық және синтаксистік байланысқа түсуі» [1: 5]. «Фразеологиялық оралым дегеніміз – фразеологизмдердің қоршаған ортасы» [1: 11].

Сонымен, *фразеологиялық оралым* дегеніміз не болды? Фразеологизмдердің алдынан немесе соңынан келген сөздермен ғана лексика-грамматикалық байланысқа түсу ме, жоқ, оның (фразеологизмдердің) қоршаған ортасы ма? Мүмкін фразеологиялық оралым деп – фразеологизм мен оны екі жағынан бірдей қоршап тұрған сөздердің тұтастай бірлігін айтатын шығармыз. Мақала иесінің зерттеуінде бұл мәселелердің басы анық, айқын ашылмаған.

Зерттеуші *фразеологиялық оралым* дегенді екі жақты түсінеді. Бірі – фразеологизмдердің көршілес (алдындағы немесе соңындағы) сөздермен мағыналық және синтаксистік тіркесімге түсуі, екіншісі – фразеологизмдердің қоршаған ортасы, яғни оның екі жағындағы сөздермен байланысқа түсуі.

Бұлай бастары бірікпейтін екі бөлек нәрсенің басын қосуға болмайды. Екіншісі: фразеологиялық оралым деп – не көршілес тілдік бірліктердің синтаксистік байланысын, не фразеологизмнің қоршаған ортасын айтуға болады. Онда да егер оны «фразеологиялық оралым» деп айтуға болатын болса ғана.

Қайталап айтамыз: Ізденушіге зерттеу нысаны етіп осы екі түрлі пікірдің біреуін ғана алғаны жөн еді. Өйткені фразеологизмдердің алдындағы немесе соңындағы сөздермен лексика-грамматикалық байланысқа түсуі – синтаксистік байланыс, яғни тіркесім деп аталады. Ал оның (фразеологизмнің) екі жағындағы сөздермен бірдей қарым-қатынасқа түсуі – қоршаған орта болып шығады. Бұлар – бірімен-бірін қосып, бірлікте алып қарастыруға болмайтын бөлек-бөлек ұғымдар.

Ойымыз оқырманға түсінікті болу үшін алдымен мына бір мәселені нақтылап аламыз. Ол – Ж.Дәркенбаева өз зерттеуіне нысан етіп отырған фразеологизмдердің өз оралымның құрамына кіре ме, кірмей ме? – деген мәселе.

Қойылған сұраққа зерттеушінің өзі: «Фразеологизм және онымен оралымға түсетін сөздер оралым мүшесі болады», – деп жауап береді [1: 5]. Бұл – сайып келгенде, фразеологизм мен оралымға түсетін сөздер бір бүтін нәрсе деген сөз. Алайда, автордың талдауы үстінде фразеологизм – бір бөлек, оралым – екінші бөлек нәрсе болып шыққан. Оны Ж.Дәркенбаеваның мына пікірлерінен (үзінділерден) көруге болады: «Фразеологизмдердің мәнін ашуға қатысты орта – оралым» [1: 10], «Фразеологизмдердің көп мағыналыққа ие болуы оның оралымына байланысты [1: 11] т.б.

Бұл үзінділердің мазмұнына қарағанда ізденушінің оралым деп отырғаны – фразеологизмдер мен олардың айналасындағы басқа сөздер ғана. Мұндай ойды, әрине, құптауға болмайды. Өйткені «оралым» десе қазақ «бір нәрсені жан-жағынан қоршап алу, орау» деп ұғады. Біз де зерттеушінің «фразеологиялық оралым» деген терминін «басқа сөздермен оралып (қоршалып) тұрған фразеологизмдер» деп ұқтық.

Шындығында да, «оралым» деп айту үшін бір нәрсе, айталық, фразеологизм екінші бір нәрсемен (басқа сөздермен, яки тілдік бірліктермен) оралып тұруы керек қой (газетке оралған кітапты көз

алдыңызға елестетіңіз – Б.Қ.). Сонда ол тұтастай алғанда орам (зерттеушінің терминімен айтсақ – оралым) болып шығады.

Ойланып көрелікші: фразеологиялық оралым болуы үшін, бірінші кезекте, фразеологизм екі жағынан басқа сөздермен қоршалып тұруы шарт; екінші кезекте, фразеологизм мен оны қоршап тұрған сөздердің (дәлірек айтқанда – тілдік элементтердің) бірлігі, тұтастығы, яғни олардың лексикалық, мағыналық және грамматикалық (синтаксистік) байланысы болуы қажет. Осы екі қасиет бірдей болса ғана ол фразеологиялық оралым бола алады. Ондай қоршау, ондай бірлік, тұтастық болмаған жағдайда оралым (орам) жөнінде әңгіме етудің өзі артық.

Неге екенін қайдам, ізденуші кей тұста оралым деп – фразеологизмнің не алдындағы, не соңындағы сөздермен мағыналық, синтаксистік байланысқа түсуін ғана айтады. Яғни қазақ тіліндегі фразеологизмдердің мәтін ішінде екі жақты ғана (алдынан да, соңынан да) емес, тек бір жақты ғана (не алдынан, не соңынан) байланысқа түсетіндігін мойындайды.

Бұл – Ж.Дәркенбаева сөз етіп отырған тілдік мәнбірлер (фактілер) – «фразеологиялық оралым» бола алмайтындығының дәлелі. Ол фразеологиялық оралым болар еді, егер мәтіндегі фразеологизм оң жағындағы сөзбен де, сол жағындағы сөзбен де бірдей, бір мезгілде байланысқа түсіп, үшеуі (оң жағындағы сөзбен сол жағындағы сөз және фразеологизм) бір тұтас тілдік бірлік құраса ғана. Алайда, зерттеуші келтірген мысалдардан біз ондай байланыстар мен тұтастықтарды көре алмай отырмыз. Зерттеуші келтірген мәтіндердің көбінде фразеологизмдер сөйлемнің не басында, не аяғында келген. Басында келсе, соңында тұрған тілдік элементтермен байланысады; соңында келсе, алдында тұрған тілдік элементтермен байланысады.

Рас, бірлі-жарым жерлерде екі жағынан бірдей басқа сөздердің қоршауында тұрған фразеологизмдер кездеседі. Мыс.: Осы күннің *ығайы мен сығайы* жиналған екен.

Мысал Ж.Дәркенбаеваның мақаласынан алынды. Мұндағы *ығай мен сығай* деген фразеологизм «осы күннің» және «жиналған екен» деген сөздердің қоршауында тұр. Бірақ, біз айтқандай, бұл үшеуі (яғни алдыңғы сөз, фразеологизм және соңғы сөз) бір бүтін тілдік бірлік құрап тұрған жоқ. Оған дәлел: Көрсетілген сөйлемде екі түрлі

байланыс (тіркес) бар. Бірі – *осы күннің // ығайы мен сығайы* (матасу), екіншісі – *ығайы мен сығайы // жиналған екен* (қиысу).

Өз жұмысында Ж.Дәркенбаева келтірген «Кұдайға шүкір, ауылдағы бір шөп *желке азаяды*, «Көк жүзін кілегей *қысыр бұлт шарбылады*» деген мысалдарда да дәл осындай: *ауылдағы//бір шөп желке және бір шөп желке//азаяды; кілегей//қысыр бұлт және қысыр бұлт//шарбылады*.

Ал зерттеушінің «Олардың совхозында *тепсе темір үзетін* жігіттер көп екен», «Бұйраққа *сіреу қар түсті*» деген мысалдарында фразеологизмдер сөйлемнің ортасында тұрғанымен, олар біржақты ғана байланысқан. Нақтырақ айтсақ, *тепсе темір үзетін, сіреу қар* деген фразеологизмдер тек өздерінен соң тұрған *жігіттер, түсті* деген сөздермен ғана лексика-грамматикалық байланысқа түскен. Бұл фразеологизмдердің өздерінің алдында тұрған сөздермен ешқандай байланыстары жоқ.

Осы жерде фразеологизмдермен тек жеке сөздер ғана байланысқа түсе ме? – деген сұрақ тууы мүмкін. Оған да жауап бере кетелік.

Фразеологизмдермен тек жеке сөздер ғана тіркеспейді, сонымен бірге фразеологизмдердің өздері де бір-бірімен тіркеске түсе алады. Мыс.: Қас қағым сәтте еңбектеген сары уыз жас пен еңкейген сары ауыз кәрінің шыбын жандары шығып кете жаздады (Ауызекі сөйлеу тілінен).

Көрсетілген сөйлемде 6 фразеологизм бар: *қас қағым сәтте, еңбектеген жас, сары уыз, еңкейген кәрі, сары ауыз, шыбын жаны шығу*. Бұлардың бәрі де бір-бірімен лексика-грамматикалық байланыста тұр. Олардың қайсысын алмаңыз, бәрібір ол не алдында тұрған, не соңында тұрған фразеологизммен синтаксистік байланысқа түседі. Ескертетін нәрсе: бұл фразеологизмдер бір ғана тірек фразеологизмді орап тұр» деп айта алмаймыз.

Осы жағынан алғанда фразеологизмдердің бір-бірімен тіркесуі әдеттегі сөйлем ішіндегі сөздердің тіркесуінен ешқандай айырмашылықтары жоқ. Сөздер бір-бірімен қабыса байланысса, фразеологизмдер де бір-бірімен қабыса байланысады. Олар (сөздер) бір-бірімен меңгеріле байланысса, фразеологизмдер де бір-бірімен меңгеріле байланысады, т.с.с.

Мұның себебі – біріншіден, фразеологизмдер де әдеттегі сөздер сияқты өз алдарына жеке тілдік бірлік бола алады, екіншіден, фразеологизмдер де жеке сөздер сияқты зат есімді фразеологизмдер, сын есімді фразеологизмдер, етістікті фразеологизмдер т.б. болып, сөз таптарына бөлінеді. Мыс.: *қас пен көздің арасында* – үстеу, *төбе шашы тік тұрды* – етістік т.б.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: Фразеологизм сөйлемнің ортасында тұрса, яғни оның оң жағында да сол жағында басқа сөздер келсе, ол оралып тұрғандық емес. «Оралу» үшін фразеологизм екі жақты байланысқа түсіп, бір бүтін тілдік бірлік құрауы шарт. Тілімізде кездесетін фразеологизмдердің бәрі тек біржақты ғана байланысады. Яғни олар не өзінің алдындағы, не соңындағы тілдік бірліктермен (сөздермен) мағыналық, лексика-грамматикалық қарым-қатынасқа түседі. Ендіше, мұндай құбылысты фразеологиялық оралым деп емес, фразеологизмнің мәтіндегі орны немесе фразеологизмнің қоршаған ортасы (фразеологическое окружение), ағылшынша айтсақ – дестрибуциясы деп атаған жөн.

Әдебиеттер:

1. *Дәркенбаева Ж.* Қазақ тіліндегі фразеологиялық оралымдар//ҚазҰУ Хабаршысы. Филол.сер., 2005, 6.
2. *Ураксин З.Г.* Фразеология башкирского языка. М., 1975.
3. *Кеңесбаев І.* Қазақ тілінің фразеологизмдері туралы//Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. А., 1977.
4. *Аханов К.* Тіл білімінің негіздері. А., 1993.

Терминологиялық хабаршы
2006. №3. 12-15 бб.

ЖЕТІ РЕТ ӨЛШЕП, БІР РЕТ КЕСЕЙІК

Терминкомның мәжілісі әрбір 2-3 айда бір өтіп тұрады. Онда бекітілуге әзірленген терминдерді терминком мүшелерімен ақылдаса отырып, кейде қызу айтыс-тартысқа түсіп барып бекітеді. Ондайда дау тудырған сөз дауысқа салумен шешіледі.

Жалпы алғанда, терминком аз жұмыс істеп жүрген жоқ. Жоғарыда атылғандай, терминком жинақталған терминдерді бекітіп беруден

басқа терминология мәселелеріне арналған ғылыми-теориялық, практикалық конференциялар, семинарлар өткізіп, олардың жинақтарын бастырып шығарады.

ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені болып табылатын «Терминологиялық хабаршының» жылына 4 нөмірі шығарылатыны белгілі. Онда мемтерминкомның ресми құжаттары, терминком бекіткен терминдер, бекітілуге ұсынылған терминдердің тізімі және терминнің теориялық, практикалық мәселелері жөніндегі мақалалар, сондай-ақ, мамандардың әртүрлі ұсыныстары мен пікірлері басылады.

Бір өкініштісі, терминком бекіткен терминдер, олар шығарған сөздіктер таралымының аздығынан халықтың қолына жетпей жатады. Сондықтан болар, халықтың көпшілігі терминком бекіткен терминдерді бекіткен күйінде емес, өз білермендіктерімен қолданады. Мәселен, терминкомның 2006 жылғы бір отырысында бұрын *журнал* деп орысша қолданылып жүрген сөзді қазақша *жұрнал* деп дұрыс бекітіп берді. Бірақ халық мұны білмегендіктен, ол сөзді әлі күнге дейін бұрынғысынша *журнал* немесе *жорнал* деп қолданып жүр.

Терминкомның бір осал тұсы – кейбір орысша терминдерді сол орысша күйінде бекітіп беретіндігі. Бұлай етуге болмайды ғой. Менің ойымша, Қазақстан Республикасы Терминкомының міндеті – халық бұған дейін орысша қолданып келген терминдердің қазақша баламаларын тауып, сол қазақша баламаларды бекітіп беру емес пе?! Орысша терминдерді халық терминком бекітпесе де орысша қолданып жүр.

Терминком кейде бір орысша терминге екі балама бекітіп береді. Оның бірі – орысша, екіншісі – қазақша балама. Әрине, мұндай жағдайда халық оның өзіне жақсы таныс орысшасына жармасады да, қазақша сыңары сол күйінде қалып қояды.

Терминкомның үшінші бір олқы тұсы – екі сөзден құралған бір орысша терминнің бір сыңарын қазақшалап, екінші сыңарын сол орысша күйінде қалдырады. Бұл тәсілді де құптауға болмайтын сияқты.

Айтқан пікірлеріміз дәлелді болуы үшін, терминкомның 2006 жылғы 29 қыркүйекте бекіткен терминдерін мысалға келтірейін. Бұл мәжілісте терминком небәрі 19 терминді бекітіпті. Оның екеуі

орысша. Мыс.: *цифра – цифр, имидж – имидж*. Үшеуі екі баламадан тұрады. Мыс.: *авзац – абзац, ежсе; интеграция – интеграция, кірігу; модернизация – модернизация, жаңғыру*. Алтауы екіжақты. Яғни екі сыңардан тұратын бір терминнің бір жартысы (сыңары) – орысша, екінші жартысы – қазақша. Мыс.: *валютный контроль – валюталық бақылау, кредитный портфель – кредит қоржыны*, т.б. Ал қалған сегіз термин қазақша бекітілген (Қараңыз: Терминологиялық Хабаршы, №3, 2006).

Бұл – әрине, басқа тілдерден, айталық, латын, грек, орыс тілдерінен термин алуға болмайды деген сөз емес, болады. Дүние жүзі халықтарының бәрі көрші тілдерден сөз алады. Мәселе ол сөзді қалай алуда. Басқа халықтар қай тілден сөз алса да, оны өз халқының тіліне жақындатып, өз тілінің дыбыстау заңдарына сәйкестендіріп алады.

Бізде бұл дәстүр қалыптаспаған. Осы тұрғыдан алғанда жоғарыдағы «кредит» сөзін – *кредит* деп, «цифр» сөзін – *сыйпыр* деп алуға болатын еді ғой.

Осы жерде «халықаралық (интернационалдық) терминдерді қазақшаға аударуға болмайды» деген қағидасымақтың тиянағы, тұрағы, табанының бедері жоқ пікір екендігін айтқым келеді. Олар аяғын аспаннан салбыратып түскен не қылған құдіретті сөз? Оны неге аударуға болмайды? Бұл заңды шығарған кім? Ол заң қай жерде жазылыпты?

Қысқасы, ойланатын нәрселер көп. Оның бәрін тізіп жатпай, ойымды қысқа қайыра болсам, қазақша термин жасауда, оны бекітіп беруде әрқайсымыз жүз ойланып, мың толғанғанымыз абзал. Қазақ мұндайда «жеті рет өлшем, бір рет кес» дейді. Сонда ғана біз «халыққа қызмет еттік» деп, аузымызды толтырып айта аламыз.

**«50 де 50»,
2007, №7 (24), 23 ақпан, 4-б.**

СІЗ ТЕРМИН ДЕГЕННІҢ НЕ ЕКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?! **(Профессор Тәуекел Жаңақұлов мырзаға ашық хат)**

Мен бір мақаламда «терминнің не екенін білмей-ақ біраз адамдар термин жөнінде мақала жаза беретін болды» дегенді айтқан едім. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің профессоры Тәуекел Жаңақұловтың «Терминдегі псевдопатриотизм туралы» деген мақаласы («Ана тілі», 18 және 20 қазан, 2007 ж.) сол ойымды тағы да дәлелдей түсті.

Т.Жаңақұлов мырзаның мамандығының кім екендігін білмеймін, тіл туралы пікірлерінің үстіртін, таяз әрі жаңсақ екендіктеріне қарағанда оның әйтеуір қазақ тіл білімінің профессоры емес екендігі анық. Мейлі ғой, жазсын. Бірақ профессор деген атағы болған соң, нені жазса да біліп жазғаны жөн емес пе еді?!

«Ана тілі» газетінің бақандай екі нөмерінің (№42, 43) толық 3 бетін алып жатқан көлемді мақаланың айтпақ ойы біреу-ақ. Ол – кеңестік дәуірде қазақ тіліне енген латын, грек, орыс терминдерін (сөздерін) қазақшаға аударуға болмайды. Оларды тілімізге тек сол күйінде алу керек. Ал кімде-кім әлгі терминдерді қазақшаға аударып қалса, ол – «псевдопатриот», «педант», «мемлекеттік тілге тежеу салушы», «мемлекеттік тіл қауіпсіздігіне тигізетін зияны орасан адам». Олар – «тілімізге зақым келтірушілер», «мемлекеттік тілдің қанат жаюына кедергі жасаушылар», «артық қыламын деп тыртық қылып жатқандар», «ғылым мен технологияның дамуын тежеушілер», «мемлекеттік тілдің дамуына бөлінген қаржыдан қарпып қалушылар» (бәрі де Т.Жаңақұловтың өз сөздері), - дей келіп, оған мысал ретінде *лаборант, салют, душ, микрорайон, паспорт, процент, класс, абитурант, участок, архив, музей, пианино, стюардесса* т.б. сөздерінің қазақша баламаларын келтіреді.

Біріншіден, бұлар – терминдер емес; әдеттегі зат атаулары (қарапайым сөздер). Профессор мырзаның түсінігі бойынша, әйтеуір шет тілінің сөз болса болды, олардың бәрін ол кісі термин деп ұғады. Екіншіден, жоғарғы сөздердің қазақша баламалары – *зертханашы, отшашу, себезгі, шағынаудан, төлқұжат, пайыз, сынып, талапкер, телім/учаске, мұрағат, мұражай, күйсандық, аспансерік*, - дегендердің жоғарғы орысша сыңарлардан не кемшілігі бар? Бәрі де

қазақ сөздері, бәрі де өзіндік мән-мағыналарға ие.

Сөзді профессор мырзаның өзіне берелік:

«Әлемдік тіл тарихында псевдопатриоттар терминдерді оңды-солды тәржімелеуге тырысады, бірақ әлемдік тілдік прогресті жақтаушылар ондайларға тосқауыл қойып, тілді оқшауланудан сақтап отырған» (№42, 6-б).

Байқап отырған боларсыздар, Т.Жаңақұлов орысша терминдерді (Еуропа тілдерінен ауысқан сөздердің бәрі бізге орыс тілі арқылы келгендіктен мен оларды қысқартып, «орысша терминдер» деген бір-ақ атаумен атап отырмын – Б.Қ.) қазақшаға аударғандардың бәрін «псевдопатриоттар» деп, ал оларды аудармай, сол күйінде қолданғандарды - «әлемдік тілдік прогресті (Бұл тағы қандай прогрес? – Б.Қ.) жақтаушылар» деп атапты. «Әлемдік тілдік прогресті жақтаушылардың» ішінде өзім де бармын деп есептейтін болуы керек, ол өзін үндіеуропа терминдерін (сөздерін) қазақшаға аударушыларға «тосқауыл қойып, тілді (қазақ тілін) оқшаулаудан сақтап отырған» ұлт патриоты ретінде танытады.

Т.Жаңақұловтың ойлауынша, «терминдердің алғашқы табиғатына қол сұқпай, өзгертпей пайдалану керек» екен. Оларды қазақшаға аударсақ, біз «ұлт дамуының ең соңғы көшінен орын алады» екенбіз. Мақала иесінің логикасына сүйенсек, қазақ ұлтының дамуы, өркендеуі тек бір-ақ нәрсеге, атап айтқанда, бұған дейін орысша айтылып, орысша жазылып келген терминдерді қазақшаға аудармауға ғана байланысты екен. Егер оларды қазақшаға аударсақ, ұлтымыз дамымай қалады екен де, ал қазақшаға аудармасақ, дамып кететін көрінеміз.

Одан ары қарай Т.Жаңақұлов: «Терминдерді қазақшаға аударсақ, түсініксіздік туады. Мемлекеттік тілдің мәртебесіне нұқсан келеді», - деп жазады (№42, 6). Айталық, «брокер» сөзін *делдал* деп қазақшаға аудардык делік. Осы аудармадан кімге түсініксіздік туды? Орыс тілділерге ме, жоқ, қазақ тілділерге ме?

Бұл сұраққа Т.Жаңақұловтың жауабы даяр. Оның ойынша, *делдал* деген аударманы орыстар мен «асфальтта туғандар» (Ол кісінің «асфальтта туғандар» дегенін өз ана тілін білмейтін қазақтар деп ұғыңыз – Б.Қ.) түсінбейді.

Олай болса, Жаңақұлов мырза айтып отырған мемлекеттік тіл

орыс тілі ме, жоқ, қазақ тілі ме? Мемлекеттік тіл – орыс тілі емес, қазақ тілі болса, онда нұқсан осы екі тілдің қайсысына келіп тұр? Мемлекеттік тілдің мәртебесіне кімдер нұқсан келтіріп жүр?

Біздің ойымызша, мемлекеттік тілдің мәртебесіне нұқсан келтіріп жүргендер – қазақ тілін (мемлекеттік тілді) білмейтін, *делдал* деген сияқты аударма сөздерді қолданбайтын, түсінбейтін, Ресейден кіндігіміз ажырап кетеді деп қорқатын Т.Жаңақұлов сияқтылар.

Профессор мырзаның айтуынша, Қазақстанда тұратын басқа этнос өкілдерінің мемлекеттік тілде сөйлеуге, оны үйренуге ынтасы бар екен. Бар бәле – терминдердің қазақшаланып жатқандығында көрінеді. Егер қазақ тілінің құрамында орысша терминдер көп болса, оны үйрену оңайлайды екен. Басқа этностар мен асфальтта туғандардың мемлекеттік тілді үйренбей жүргендігі – ондағы орыс сөздерінің азайып бара жатқандығында екен.

Жаңақұлов мырза! Бір сәт ойланып көріңізші. «Орысша терминдері көп тілді үйрену оңай» болатын болса, қазақ тіліндегі сөздердің бәрін орысшаға айналдырып жіберсек қайтеді?! Сонда басқа ұлт өкілдері мен сіз айтқан «асфальтта туғандар» мемлекеттік тілді тіптен тез үйреніп алатын болады.

Бұл ұсынысқа, әрине, сіздің қатты қуанатындығыңызды білеміз. Бірақ өзіңіз айтқандай, олай еткен жағдайда, яғни қазақ тілі сөздерінің бәрін үндіуропа сөздерімен ауыстырып жіберген жағдайда басқа этнос өкілдері қазақ тілінің несін үйренеді?!

Шынтуайтқа келгенде, сізге керегі қазақ тілінің түкке жарамай қалғандығы ғой деп ойлаймын. Олай болмаса, «терминдерді қазақшаға аударуға болмайды» деп көлгірсімей-ақ, бірден «қазақ тілін тастап, орыс тіліне көшейік» деп, ашығын жазуыңыз керек еді.

Осы жерде Жаңақұл мырза үшін бір мәліметті келтіре кетейін.

1967-68 жылдары қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігін жасау қарсаңында ҚазССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты қазақ тілінде қанша сөз қолданыста жүргендігін анықтау мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы Есептеу орталығының «Минск-32» деген машинасының көмегімен қазақша жазылған барлық мәтіндерді (көркем әдебиеттер, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектер т.б.) ықтимал теориясы әдісімен жазғызып, олардағы сөздерді есептетіп көрген еді.

Білесіздер ме, сол кезеңде қазақ тілінде қанша сөз қолданылғандығын?

160 мың сөз қолданылыпты. Өкініштісі сол: 160 мың сөзден тұратын қазақ тілі лексикалық құрамының 60 мыңы ғана қазақша екен де, қалған 100 мыңы орысша немесе орыс тілі арқылы келген үндіеуропа сөздері екен. Т.Жаңақұловтың «қазақшаға аударуға болмайды» деп, қызғыштай қорғап отырғаны – айтылуы да, жазылуы да орысша сол 100 мың сөз.

Сәл ғана ой жүгіртіп көрелікші. 100 мың сөз көп пе, 60 мың сөз көп пе? 100 мың сөздің бәрі орысша болса, оның несі қазақ тілі, несі мемлекеттік тіл?! Т.Жаңақұлов болса осы жүз мың сөзді «өзгертпей, сол күйінде қолданайық» дейді.

Профессор мырзаның ойлау жүйесі де қызық. Ол кісі былай деп жазады: «Мақсат – мемлекеттік тілді басқа этностардың үйренуін жеңілдетуге тырысуымыз қажет. Ол үшін *Новель сыйлығының иегері* демей, «*Новель сыйлығының лауреаты*» деп айтсақ, ол басқа этностарға («Басқа этнос» деп сіз кімді айтып отырсыз, профессор мырза? Қазақстанда тұратын өзбектер мен ұйғырларды ма, жоқ болмаса, орыстарды ма? – Б.Қ.) бірден түсініктірек және ойға қонымдырақ болады. Өйткені бұл сөздерді басқа ұлт өкілдері мен асфальтта туғандарға жаттаудың қажеті жоқ (Ал бұл сөздерді нағыз қазақтар жаттаса жаттай берсін дейсіз ғой – Б.Қ.). Өйткені «Новель», «лауреат» сөздері оларға жақсы таныс. Орыс тілділер уақыты мен қабілетін тек *сыйлық/сыйлығы* деген сөзді жаттап, біліп алуға жұмсайды. Осыдан барып олардың мемлекеттік тілді білуі жеңілденеді, едәуір құлшыныс пайда болады» (№43, 6).

Осы жерде Т.Жаңақұловтың «ақылына» тағы бір ақыл қосып жіберейін.

Ақыр «мемлекеттік тілді білуді жеңілдетіп, құлшыныс туғызғымыз» келген екен, келіңіз, Жаңақұлов мырза, жеке қалған *сыйлық* сөзін де латынның «премия» (praemium) сөзімен ауыстыра қоялық. Бұл сөз де «басқа ұлт өкілдері мен асфальтта туғандарға» жақсы таныс. Олар уақыты мен қабілетін «*сыйлық* деген қазақ сөзін жаттап, біліп алуға жұмсап», әуре болмайды, мемлекеттік тілді дамытуға қажетті алтын уақыттарын қор қылмайды. Қалай қарайсыз?!

Т.Жаңақұлов бұдан бұрын айтқан ойын тағы да қайталап:

«Мемлекеттік тілдің тағдыры ұлт тағдыры деп есептесек (шіркін-ай, десеңші – Б.Қ.), оны басқа этностардың жедел игеруіне көмек ретінде терминдерді қазақшаға тәржімелемей, сол күйінде қалдырып, сөздік қорымызды байытуымыз қажет» (№43, 7), – деп жазыпты. Сөйтеді де: «орыс және ағылшын тілдерінен енген терминдерді жатсынбай қабылдағанмыз орынды», - деп, ақылгөйсиді.

Көрдiңiздер ме, терминдердi қазақшаға тәржімелемей, сол күйінде қалдырсақ, «басқа этностарға көмек болады» екен және «сөздік қорымыз байиды» екен.

Бұл да Т.Жаңақұлов мырзаның қулықтарының бірі. Өйткені түп негізі, құрылым-құрылысы мүлде бөлек қопарылмалы (флективті) тілдердің (лат., грек., ағыл., орыс т.б.) сөздерін тілімізге сол қалпында алатын болсақ, ол жалғамалы (аглютинативті) тілдердің қатарына жататын, үндестік заңына негізделген қазақ тілін ешқашан байытпайды. Қайта керісінше, ол сөздер қазақ тілінің өзегіне түскен құрт болып табылады. Оның өшуіне, өлуіне, бұзылуына алғышарт жасайды. Мұны Т.Жаңақұлов мырза жақсы біледі. Сондықтан да оны жасырудың жымысқы амалын ойластырып отыр.

Одан әрі қарай Жаңақұлов: «Совет дәуірінде терминдер туралы проблема жоқ еді. Ол кезде терминкомсыз-ақ Қазақстанның ғылымы мен экономикасы жаман дамыған жоқ болатын. Ал қазір тәуелсіздік алғаннан кейін мемретинком тілімізді қолдан күрделендіріп жібергенінің куәсіміз» - дейді (№42, 6).

Оқырмандардың өздері де біліп, сезіп отырған болар, Т.Жаңақұловтың айтуынша, совет дәуірінде («кеңес» сөзін қолданғысы келмейді – Б.Қ.) мемтерминком жоқ еді. Сондықтан термин туралы проблема да жоқ болатын. Тәуелсіздік алғаннан кейін мемтерминком тілімізді қолдан күрделендіріп жіберген көрінеді.

Мұнысы шылғи өтірік. Шамасы Жаңақұловтың терминкомнан ешқандай хабары жоқ болу керек. Білмесеңіз, профессор мырза, айтайын, тыңдаңыз.

Мемлекеттік терминология комиссиясы (мемтерминком) ССРО-да 1933 жылы, ар ҚазССР-нда 1935 жылы құралған. Жоғарыда айтылған, орысша айтылып, орысша жазылып жүрген 100 мың сөзді сол терминком бекітіп берген.

Мұндай жағдайда термин туралы қайдан проблема болсын.

Өйткені ол кезде қазақша термин жасауға рұқсат жоқ болатын. Сөздікшілер үш сөзді ғана, атап айтқанда «совет» сөзін – *кеңес*, «революция» сөзін – *төңкеріс*, «конфискация» сөзін – *тәркілеу* деп қазақшаға аударғаны үшін, 1948 ж. жаңадан шыққан екі томдық орысша-қазақша аударма сөздік түгелдей туралып, отқа өртелген. Ол сөздікті жасаған адамдардың біразы кудаланып, жер аударылған. Осыдан кейін қазақша термин жасап көріңіз!

«Тәуелсіздік алғаннан кейін мемтерминком тілімізді қолдан күрделендіріп жіберді» деген ойын дәлелдеу үшін Т.Жаңақұлов: «Мемтерминком балконды – *қылтима*, валеологияны – *салауаттылық*, душты – *шаптырма*, насосты – *алсор*, хирургті – *оташы*, ядроны – *қыздық* деп аударып берді» деп, терминкомға жала жабады. Мұнысы да шылғи өтірік. Бұл сөздерді терминком ешқашан аударған да, бекіткен де емес. Өйткені терминком аудармамен айналыспайды.

Менің үстелімнің үстінде 2004 ж. шыққан «Мемтерминком бекіткен терминдер мен атаулар сөздігі» жатыр. Ол сөздіктен сіз өзіңіз мысал ретінде алған *балкон*, *валеология*, *душ*, *хирург* сөздерінің қазақша баламаларын таба алмайсыз. Тапсаңыз да, олардың баламалары сіз айтқаннан мүлде басқаша екендігіне көзіңіз жетеді. Мыс.: насос – *сорғы*, ядро – *ядро* т.б.

Қайталап айтамыз, сіз келтірген мысалдардың көпшілігі терминком бекіткен терминдер емес. Олар - өзіңіз «терминдердің еркін халыққа беру керек» деп отырған халық өкілдерінің ойласу ретінде ұсынған сөздері. Ол кісілерге рахмет. Заманауи шарадан шет қалмай, өз пікірлерін білдірді, ойға ой қосты. Ал әлгі сөздерді бекіту/бекітпеу мемтерминкомның ісі. Ойластыру мақсатында халық ұсынған балама сөздерді жиып-теріп алып, «мемтерминком бекіткен терминдер» деп, елді шатастыруға болмайды.

Т.Жаңақұлов мырза одан ары қарай: «Меніңше, принципалды түрде терминдердің еркін өмір сүруіне жол ашу керек», «Терминдер сол қалпында қала бергені дұрыс болмақ. Былайша айтқанда, таңдауды халықтың өзі жасайды», - деп білгішсінеді.

Сонда деймін-ау, жоғарыда айтылған жүз мың үндіеуропа, славян сөздерін халықтың өзі таңдап алды ма екен?

Бұл туралы Жаңақұлов мырза тіс жармайды. Олай ететін жөні де

бар. Біріншіден, ол кісі терминдердің бұрынғы және кейінгі жағдайларын білмейді. Екіншіден, білсе де оны айтқысы келмейді. Айтса, өзінің арам пиғылының арты ашылып қалатындығын сезеді.

Қыза-қыза келіп, профессор жолдас: «XXI ғасырдың ширек мезгілі Қазақстанның ғасыры болмақ... Біз бір ғасырлық жолды 10-15 жылдың бедерінде өтуіміз керек. Оның негізгі тетіктерінің бірі – әлемдік тілдік бәсекелестікке төтеп бере алатын аударылмаған терминдермен байытылған мемлекеттік тілімізді елімізді мекендеген барлық этностар тез арада меңгеріп, қарым-қатынас жасауы керек. Бұл біздің оларға қолайлы жағдай жасағандығымыздың белгісі болмақ», - деп, бұрын айтқандарын тағы бір қайталап шығады.

Бұл үзіндіні оқырмандардың қалай түсінгенін білмеймін, ал менің ұққаным «елімізді мекендеген барлық этностар мемлекеттік тілді тез арада меңгеру» үшін, оны «аударылмаған терминдермен байытып» беруіміз керек екен. «Бұл біздің оларға қолайлы жағдай жасағандығымыздың белгісі болады» екен.

Басқаша айтқанда, тілімізде қаптап жүрген шетел терминдерін (терминдердің 70-80 пайызы аударылмаған латын, грек, славян сөздері екендігін естеріңізге сала кетейін – Б.Қ.) қазақшаға аудармасақ, біз «бір ғасырлық жолды 10-15 жылдың бедерінде өтіп шығады» екенбіз; «әлемдік тілдік бәсекелестікке төтеп бере алады» екенбіз; «мемлекеттік тілді үйренемін деушілерге қолайлы жағдай туғызады» екенбіз. Ал латын, грек, славян сөздерін қазақшаға аударсақ, бұл - «жаһандану жағдайында термин мәселесін тұмшалау» екен; «еліміздегі прогрестің аяғына тұсау салу» екен. Сондықтан, «терминдерді аудармай, сол күйінде сөздік қорымызға ендіруіміз қажет» екен.

Т.Жаңақұлов одан әрі тереңдей түсіп: «Егер мемтерминком Елбасының мемлекеттік тілдің бауырын жазуға маңызы бар терминдер туралы ескертулерін іс-жүзіне асырмаса, бұны саботаж деп баға беретіндігіне әзір болуы керек», - деп, президентіміздің мемтеринкомға қандай баға, қандай жаза қолдан керектігінде айтып береді.

Сондай-ақ, ол: «Жалпы тіл, оның ішінде термин мәселесінде солтүстік көршіден (яғни орыстардан) іргемізді алып қашуымыздың пайдасы шамалы» деп жарамсықтануды да ұмытпайды. Мұнысы –

бұған дейін бірнеше рет қайталаған «орыс тілінен келген сөздерді сол күйінде алайық» деген сөзінің қитұрқы нұсқасы. Бұл ойын ол «орыс тілі қолданыстағы терминдермен оралымға тез келеді», - деп, тұздықтаған болады.

Т.Жаңақұлов: «Бүгінде өз калоритін сақтаған, сөйтіп сөздік қорымызды байытқан терминдер аз емес» дей келіп, оларға мысал ретінде *ОБСЕ, ЗАГС, ДНК, РНК, парламент, сенат, спикер, департамент, конгресс, интерактив, кластер* деген сияқты шетел сөздері келтіреді.

Сөйтеді де: «Мұндай терминдерді аударып нендей береке табамыз. Біз өзімізді өзіміз тұмшаламай, мемлекеттік тілімізді тежемей, әлемдік ықпалды тілдердің сөздік қорына ОБСЕ деп жазып және айтып енуіміз ұтымды болар», - деп көсемсиді.

Үзіндідегі біз астын сызған «әлемдік ықпалы тілдердің сөздік қорына ОБСЕ деп айтып және жазып енуіміз» деген тіркесті профессордың өзі болмаса, біз оны түсінбедік. «ОБСЕ деп айтып және жазып, басқа бір тілдің сөздік қорына» қалай еруге болады?!

Профессор мырза! Біреудің сөздік қорына «еніп» әуре болмай-ақ қойыңыз. Егер сіз алатын болсаңыз, олар әлгі өздерді сізге тегіннен-тегін бере салады. Тіпті алғаныңыз үшін сізге рақмет айтады. Өйткені олардың түпкі мақсаты, ойы, саясаты - өз сөздерін басқа халықтарға кеңінен тарату. Сөйтіп, басқа тілдерді жойып, өз тілдерін ғана қалдыру.

Т.Жаңақұлов терминдерді аударуға болмайтындығына дәлел ретінде Е.Жұбановтың: «Атомды – *бөлінбейтін* деп аудардық. Ол бөлініп кетті. Бөлінген бөлшектеріне не деп ат қоямыз? Немесе «текстіні» *мәтін* деп аудардық, ал *текстолог, текстология, контексттерді* қайда қоямыз? Мысалы, *контекстіні* «конмәтін» дейміз бе?» - деген пікірін келтіріпті.

Біріншіден, «атомды ешкім *бөлінбейтін* деп аударған жоқ (Жоғарыда аталған сөздікке қараңыз – Б.Қ.). Екіншіден, «текст» сөзін *мәтін* деп алғаннан (мақала иесінің сөзімен айтсақ, «аударғаннан») кейін сол түбірден тараған туынды сөздерді неге аударуға болмайды?

Болғанда қандай! Мәселен, «текстолог» дегенді *мәтінгер/мәтіншіі*, «текстологияны» - *мәтінтаным* деп аударсақ, ешкімнің ешнәрсесі қисая қоймайды. Есесіне қазақ тіліне жаңадан 2-3

қазақ сөзі келіп қосылады. Ал, «контекст» сөзіне келетін болсақ, ол сөзге тіпті қазақ тілінен балама іздеп әуре болудың да қажеті шамалы. Неге десеңіз, біріншіден, *мәтін* (текст) сөзі тұрғанда «контекст» сөзінің түкті де қажеті жоқ. Өйткені олар - бірін-бірі қайталап тұрған жарыспалы сөздер. «Текст» сөзі де, «контекст» сөзі де латын тілінде «байланысқан сөздер» деген ұғымды береді. Сонда *текст, контекст* дегендерді - «сөздердің мағыналары айқындалатын орын – мәтін» деп ұғуға әбден болады. Зерттеушілердің «сөздердің мәтініндегі (контекстегі) мағанасы» деген тіркесімді жиі қолданатын себебі сондықтан.

Екіншіден, *контекст* сөзін сөздік қорымызға алған (ендірген) күннің өзінде де ол ешқашан қазақ сөзі бола алмайды. Өйткені онда үндестік заңы жоқ: Сөз құрамындағы К – жіңішке, О – жуан дыбыс. Қазақ тілінде жіңішке дыбыс пен жуан дыбыс ешқашан қатар тұрмайды. Сондай-ақ, қазақ тілінде түбір сөздердің соңында үш дауыссыз дыбыс қатар келмейді. *Контекст* сөзінің соңында «КСТ» деген үш дауыссыз қатар тұр («шетел сөздері қазақ тілінің діңіне түскен құрт» дегенді айтқанда біз осындайларды еске алып отырмыз – Б.Қ.).

Т.Жаңақұловтың атағы бір «жаңалығы» (Өкпелеп қалып жүрмесін, «теориясы» дейікші – Б.Қ.) – «терминдерді қай халық жасаса, ол сол халықтың сөзімен аталуы керек» дейді.

Жарайды-ақ, сіздің айтқандарыңызбен келістік делік. Егер «терминдерді (сөздерді) қай халық жасаса, ол сол халықтың сөзімен аталатын болса», онда сіз қазақтың *киіз үй, шаңырақ, кереге, уық, туырлық, саба, мес* сөздерін сол ағылшындар мен орыстарға дәл осы жерде көрсетілгендей тұлғада алғызып көріңізші?!

Өз ойын дәлелдеу үшін профессор мырза мысалға «клетка», «спутник» сөздерін келтіреді: «Клетка құбылысын ағылшын микроскопшысы (мұндай да мамандық болады екен?) Р.Гук 1665 ж. ашқан. Оны орта жолдан бұрып алып, *жасуша* деп атауға құқымыз жоқ», - дейді ол.

Егер қазақ халқында өз сөздерін (терминдерін) өздері жасап алуға құқығы жоқ болса, онда оларда басқалай қандай құқық қалады?

Білгішсіз ғой Т.Жаңақұлов мырза, мүмкін сіз оны айтып жіберерсіз?

Ол одан ары қарай: «Ғылымдағы атаудың авторы оны зерттеп, ашқан ғалым немесе ел болып саналады. Мысалы, орыстар 1959 ж. жердің серігі ретінде спутникті орбитаға шығарды. Нәтижесінде бүкіл әлем *спутник* терминін мойындады», - дейді (№43, 6).

Мойындаса, кеңес өкіметінің құрамындағы отар елдер ғана мойындады; онда да амалсыздан ғана. Басқа елдердің көпшілігі оны мойындай қойған жоқ (қазақ «спутник» сөзін – *жерсерігі* деп атаған – Б.Қ.) Мысалға қытай, жапон, кәріс, иран, ирак т.б. тілдеріне қараңыз. Сіз мысал үшін келтіріп отырған *спутник* сөзі ағылшын тілінде – *satellite, sputnik*; француз тілінде – *satellite, spoutnik*; неміс тілінде – *Satellit, Trabant* деп қолданылады.

Көріп отырсыздар ағылшындар мен француздар болмаса, неміс тілінде *спутник* сөзі жоқ. Алдыңғы екі тіл сөзді тек қосымша атау ретінде ғана пайдаланады.

«Латын, грек орыс сөздерін қазақшалайық» деушілер туралы Т.Жаңақұлов: «Толық мағынасын бермейтін, әрі жаттауға қиын аударылған сөздерді үйретудің қажеттілігін алға тартып, психологиялық қысымға алу», - деп жазды (№43, 6). Сөйтеді де, оған *бәсеке* (конурация), *шеру* (демонстрация) деген сияқты сөздерді мысалға келтіреді.

Өздеріңізде байқаған боларсыздар, профессор мырзаның айтуынша, *бәсеке, шеру* десек, олар терминнің толық мағынасын бермейді; басқа этностар мен қазақ тілін білмейтіндердің жаттауына қиындық келтіреді; сөйтіп оларды «психологиялық қысымға алады» екенбіз. Ал *бәсеке, шеру* деген қазақша сөздердің орнына *конурация, демонстрация* деген сияқты шетел сөздерін қолдансақ, онда «мағынасы толық», «жаттауға оңай» болып шыға келеді екен; әрі орыс тілдерді «психологиялық қысымға алмайды» екенбіз.

Бұл жерде Т.Жаңақұлов жолдастың басқа этностар мен асфальтта туғандардың жыртысын жыртып отырғандығы белгілі. Ал қазақ халқының жыртысын кім жартады?!

Жаңақұлов ұлт тілі жанашырларының: «Егер терминнің қазақша баламасы болмаса (жасалмаса) оларды қазақша айтылуы, дыбысталуы бойынша алайық», - деген ұсыныстарына да қарсы. Ол: «Орыс халқы халықаралық терминдерді өз тіліне аударып бейімдемей, сол күйінен өзгертпей енгізуге арланбайды, намыстанбайды», – деп көлгірсиді.

Мұнысы да өтірік.

Орыс халқы латын, грек сөздерін де, басқа халық сөздерін де өз сөздерімен ауыстырып қолданады. Ал олардың ішінде аударуға келмейтіндері болса, ондайларды орыс тілінің дыбыстық заңдылықтарына сәйкес өзгертіп алады. Алысқа бармай-ақ, қазақ тілінің *бүркіт* сөзін – «беркут», *қамысын* – «камыш», *ылайын* – «ил», *бұрғылау* сөзін – «бурит» деп алғандарын айтпаған күннің өзінде өзіңіз осында сөз еткен латынның *praemium* сөзін орыс тілінде «премия» деп, ағылшынша *laureatus* сөзін – «лауреат» деп, немістің *kutser* сөзін – «кучер» деп алғандықтарын айтсақ та жеткілікті болар деп ойлаймыз. Тіл-тілде мұндай мәнбілер (фактілер) өте көп.

Т.Жаңақұлов терминдерді қазақшаға аударуға ғана емес, оларды қазақ тілінің заңдылығына сай бейімдеп алуға да қарсы. Ата-бабаларымыздың *шенеунік* деп айтқанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, ол оны «чиновник деп айтуымыз керек», - деп жарамсақтанады.

Кеңес үкіметі Ч әрпін қазақ тіліне зорлап ендіргеніне жарты ғасыр өткенімен хабарсыз Т.Жаңақұлов: «Орфографиялық тұрғыдан Ч әрпі бізде жоқ болса, кириллицаға әліпбиіміздің де бейімделу вариантын да қарастыру қажет сияқты», - деп ақылгөйсиді. Сөйтеді де: «Қазіргі өркениеттелген адамды («Өркениеттелген адам» дегені тағы қандай адам? Ол қазақ тілін білетін адам ба, жоқ, білмейтін адам ба? – Б.Қ.) 17-18 ғасырлардағы сауатсыз ата-аналарымызбен теңестіріп, мөнөт деп айтқызу көпе-көрнеу қиянаттық десе де болады», - деп езеурейді.

Біріншіден, 17-18 ғасырлардағы – адамдар біздерге «ата-ана» бола алмайды. Олар біздің – ата-бабаларымыз (Профессор мырза соны да білмей ме?!). Екіншіден, Т.Жаңақұловқа оларды «сауатсыз» деп тіл тигізуге кім құқық берді?! Біздің ата-бабаларымыз сауатсыз емес. Олар көне түрікше, арабша, парсыша хат таныған. Дүниенің төрт бұршынан хабардар болып отырған. Меккені, Мәдинаны қалай тауып баруды білген.

Қазақ тілінің сөздері мен оның грамматикалық қағидаларын жасағандар да – сол ата-бабаларымыз. Олар сауатсыз болса, бүкіл бір халықтың тілін, ділін, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін қалыптастырып кетер ме еді?!

Үшіншіден, атамыз қазақ орыстың «минута» сөзін (Т.Жаңақұлов

мырза оны білместіктен «минут» деп көрсетіпті – Б.Қ.) ешқашан мәнөт деп айтқан емес, айтпайды да. Атаса, оны *минұт* немесе *мүйнет* деп атайды. Елді үркіту үшін «мәнөт» сөзін Жаңақұловтың өзі ойлап тапқан болуы керек.

Жарайды-ақ, «сауатсыз болғандықтан» ата-бабаларымыз орыстың «минута» сөзін мәнөт деп айтты делік. Қалай болған күнде де, олар қазақ тіліне бір жаңа сөз қосты ғой. Ал «сауатты» Т.Жаңақұлов жолдас өзі өз болып қазақ тіліне қазақша бір сөз қосты ма екен? Жоқ, қосқан жоқ. Қоса да алмайды. Егер қосқан болса, ол баяғыда-ақ көк езуленіп, «мен қазақ тіліне мынандай қазақша сөз қостым» деп, өзінің всевдопартиот емес, нағыз патриот екегдігін дәлелдеп баққан болар еді.

Профессордың білгішсінүінше, орыс диаспорасының ұйымы – «Единствоны» бізге «Бірлік» деп айтуға болмайтын көрінеді. Олай деп айтсақ, «мұның мәнін басқа этностың өкілі түгілі негізі қазақ біз де түсіне алмайды» екенбіз. «Мұндай қолдан күрделендірілген сөздер мемлекеттік тіліміздің көсегесін көгертеді деп айту қиын» екен. Ал оны «Единство» деп айтсақ, мемлекеттік тіліміздің көсегесі көгеріп шыға келеді екен (Мұнай да сорақылық болады екен – Б.Қ.).

Мақала иесі бұдан да тереңдеп: «Елімізде (?) қолданыстан шығып, анахронизмге айналған сөздерді пайдаланып, өзімізді және басқа ұлт өкілдерінің басын қатырып шатыстырудамыз. Біздің мақсат – кез келген терминдер араласқан мемлекеттік тілде материалдарды басқа ұлттың өкілдерінің қызғышылығын тудыратындай етіп еркін сөйлеу дәрежесіне жеткізу болып табылады», - деп жазады.

Бұл үзіндіде кемінде екі түрлі кемшілік бар. Біріншісі – «анахронизм» сөзінің дұрыс қолданылмағандығы (Анахронизм – *anachronismos* деген грек сөзі. Мағынасы – «бір заманда болған оқиғаны қателесіп, екінші бір заманға апару» дегенді білдереді – Б.Қ.). «Қолданыстан шығып» дегеніне қарағанда Т.Жаңақұлов *анахронизм* дегенді *архаизм* (көнерген сөз) терминімен шатастырып алған болу керек. Әйтпесе бұл сөздің көрсетілген мәтінде қолданылатын жөні жоқ.

Екінші кемшілік – «кез келген терминдер араласқан мемлекеттік тіл» деген ұғымның түсініксіздігі. Егер онда «кез келген терминдер араласып жүрсе», ол қалай мемлекеттік тіл бола алады? Қай елдің

мемлекеттік тілі болады?

Жарайды-ақ, «кез келген терминдер араласқан мемлекеттік тіл» болды делік. Алайда оны «материалдарды басқа ұлттың өкілдерінің қызығушылығын тудыратындай етіп еркін сөйлеу дәрежесіне» қалай жеткіземіз?

Мүлде түсініксіз. Мүмкін профессор мырза келесі бір мақаласында оларды бізге ацтып берер.

Т.Жаңақұлов: «Титулды ұлт (қазақ ұлты – Б.Қ.) әлі де болса ұлт болып қалыптаспаған» деген де пікір айтыпты (№42, 6). Тарихшы ғалымдар «қазақ халқының ұлт болып қалыптасықанына, мемлекет құрғанына бөлен ғасыр өтті» деп жазып жүр. Сонда олардың бұл жайды білмегені ме, жоқ, әлде жаңылғандары ма? Кімдікі дұрыс? Жаңақұлов айтқандай, қазақ халқы әлі де ұлт болып қалыптаспаса, онда біз «егемендік алдық», «жеке ел болдық», «өз алдына мемлекетпіз» деп несіне мәз болып жүрміз?! Бәрі де өтірік болды ғой?!

Т.Жаңақұлов өзінің жаңсақ пікірлерін шындай ғып айтып қана қоймайды екен, сонымен бірге, ол арасына өтірікті де қосып жібереді екен. Мысалы, ол былай деп жазады: «*Миграция* термині 3-4 мағынаны қамтиды: 1) адамдардың, 2) жануарлардың, 3) геологиялық элементтердің судың, желдің, 4) капиталдың және т.б. (Мұндай болса, ол 4 мағына емес, 6 мағына болды ғой – Б.Қ.). Ал біз болсақ, осыншама ауқымы кең терминнің аясын тарылтып, адамдардың орын ауыстырып көшуіне ғана қолданып отырмыз», - дейді (42, 7).

Жаңақұлов орыс тілін, сөз мағыналарын С.И.Ожеговтан артық білмейтін шығар. Біз С.И.Ожегов сөздігіне қарап едік, онда *миграция* сөзінің «переселение, перемещение» деген бір-ақ мағынасын беріпті (1990, 353). Сонда Т.Жаңақұлов мырза жоғарғы мағыналарды қайдан алып отыр?

Ең жаманы осындай пікірлердің бәрін Т.Жаңақұлов халық атынан айтады; президенттің атын жамылып отырып баяндайды. Сол арқылы өзінің жымысқа пиғылын жүзеге асырғысы келеді. Бір ғана мақалада «Елбасы» деген сөзді 17 рет қайталағанына қарағанда Жаңақұлов өзінің арам ойын біреудің тасасына тығылып тұрып жүзеге асыруды баяғыда-ақ меңгеріп алған тәрізді.

Көп соза бермей (олсыз дасозылып кетті) ойымызды қорытайық.

1. Т.Жаңақұлов мырзаның қорытындысы:

Латын, грек, орыс тілдерінен алынып, Еуропа тілдерінің бәріне сіңісті болып кеткен терминдерді қозғаудың (яғни қазақшаға аударудың) қажеті жоқ. Оларды аударсақ, онда 1) түсініксіздік туады, 2) ұлт дамымай қалады, 3) мемлекеттік тілдің мәртебесіне нұқсан келеді, 4) әлемдік тілдік прогрестен қалып қоямыз, 5) қазақ тілі оқшауланып қалады, 6) солтүстік көшімізден (Ресейден) іргеміз алыстап кетеді (кіндігіміз ажырап қалады), 7) мемлекеттік тілді үйренгісі келетін басқа этнос өкілдері мен асфальтта туғандар қазақ тілін үйренбей қояды т.б.

2. Біздің қорытындымыз:

1) Кеңестік теріс саясаттың салдарынан қазақ тіліне зорлықпен ендірілген, орыс тілінде қалай айтылса, бізге де солай айтқызып, жазғызып жүрген 100 мың сөздің аударуға келгендерін қазақшаға аударайық; аударуға келмегендерінің орнына қазақша жаңа сөз жасалық.

2) Тіпті болмаса басқа халықтар құсап, оларды (халықаралық терминдерді) өз тіліміздің дыбыстау заңдылықтарына бағындырып, қолданалық. Мәселен, латынның *terminus* деген сөзін орыстар *термин* деп өзгертіп алды ғой. Осы сөзді қазақ тілінің дыбыстау заңдылығына сәйкес *термін* деп айтсақ және солай жазсақ, ол қазақ сөзі болып шығады.

Қалайда қазақ тілінде қолданылып келген, тегі бөтін 100 мың сөздің бәрін болмаса да көпшілігін қазақшалауымыз қажет.

3) Кеңес үкіметі өмір сүрген 70-80 жыл ішінде ендіріліп үлгерген 100 мың сөздің бәрін бірден жаппай аудару керек дегенді ешкім, ешқашан айтқан емес; айтпайды да. Өйткені ол біртіндеп істелетін, байыппен сарапталатын іс.

4) Латын, грек тілдерінен енген терминдерді қазақшалайық: аударылатындарын аударайық, аударылмайтындарының орнына қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерінің бірімен қазақша жаңа сөз жасалық деушілер – Т.Жаңақұлов айтқандай псевдопатриоттар емес, нағыз патриоттар; олар ұлт тілінің жанашырлары мен қамқоршылары.

5) Егер терминдерді қазақша жасасақ, қазақ тілінің сөздік құрамы шын мәнінде байи түседі.

Т.Жаңақұловтың бір ғана дұрыс жері бар. Ол – оның «қазақ тілі

тар жол, тайғақ кешу процесін бастан кешіруде» деген сөзі. Олай болса, дәл осындай тар жол, тайғақ кешу кезінде қазақ тілінің жолын кесіп, оған кедергі жасап жүргендер кімдер?

Олар – ұлттық намысы жоқ, орыстың оқуы мен үгіт-насихаты өтіп кеткен Т.Жаңақұлов, Ж.Доспанбетов секілді өзіміздің қансыз қандастарымыз.

Сөз бен терминнің ара жігін ажырата алмайтын, термин дегеннің не екенінен хабары жоқ, оны былай қойғанда, өз ойын қазақ тілінде дұрыстап, түсінікті тілде жеткізе елмайтын адамдардың тілден, термин мәселесінен алысырақ жүргені абзал. Халық «қолың көтере алмайтын шоқпарды тақымыңа қыстырма» , «батпайтын жерге тұмсығыңды тықпа» демеуші ме еді?!

Сәлеммен: Байынқол Қалиұлы
ҚР Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі
(Мақала баспада жатыр)

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Қазақтың төл терминологиясы қашан жасалады?	5
Термин және терминком жайында бірер ой	9
Шет тілі терминдерін қалай қабылдап жүрміз?	14
«Жанұя» емес, «отбасы»	18
Біздің де қосар пікіріміз бар	23
Жат сөздер жағадан ала бермесін	25
Термин және тіл мәдениеті	33
Терминді тілге тиек етсек	37
Термин тағдыры да ойыншық емес!	42
Тағы да ғылыми терминдерді аудару туралы	47
Термин сөздердің жазылуы	48
Қазақ сөзіне (терминдеріне) қауіп төніп тұр!	52
Терминология және тіл мәдениеті	53
Тіл білімі терминдерінің тақырыптық, түсіндірмелі және оқулық сөздігін жасау ұстанымдары	59
Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ терминдері	67
Терминжасам туралы кейбір ойлар	74
Қазақ тілі терминдері және оларға қойылатын талаптар	79
Қазақ терминдерінің жасалуы жайында	87
Қазақ терминдерін жасау мен реттеудің және оны қалыптастырудың кейбір мәселелері	93
Мемлекеттік тіл және оның терминологиясы	99
Қазақ терминдеріне қамқорлық қажет	105
Қазақша термин жасау мен қалыптастырудағы БАҚ-тың рөлі	109
Екі тілдік терминологиялық сөздіктер керек пе?	116
Қазақ терминдері: кеше, бүгін және ертең	119
Сөзжасамдық терминдер жөнінде	124
Тіл білімі терминдерін біріздендіру	130
«Фразеологиялық оралым» термині жөнінде	136
Жеті рет өлшеп, бір рет кесейік	141
Сіз термин дегеннің не екенін білесіз бе?	144

Ғылыми басылым

Байынқол Қалиұлы

Қазақ терминтанымның өзекті мәселелері
(Мақалалар жинағы)

Компьютерге терген – *Қалиева Раушан Байынқолқызы*

Басылымға 30.05.08 ж. қол қойылды. Пішімі 60 x 84. 1/16.
Офсеттік басылым. Көлемі 10 баспа табақ. Таралымы 500 дана.
«Әлішер» баспасында басылды.